

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
КІТАПХАНА**

**2021 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН
БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ
АТАУЛЫ ДАТАЛАР КҮНТІЗБЕГІ**

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ҰСЫНЫС КӨРСЕТКІШІ

АЛМАТЫ 2020

Құрастырушы: **Иманбекова К.Ж.**

Редактор: **Насырова А.А.**

2021 жылға арналған білім беру саласындағы атаулы даталар күнтізбегі: библиографиялық ұсыныс көрсеткіші /құраст. К.Ж.Иманбекова; ред. А.Ә.Насырова; РҒПК. - Алматы, 2020. – 276 б.

Күнтізбекте Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласындағы тарихи және ресми құжаттары, мемлекет және қоғам қайраткерлері туралы деректер, ағартушылардың, педагогтардың, ғалымдардың, білім беру саласы қызметкерлерінің, білім тарихын зерттеушілердің, оқулықтар мен оқу құралдары авторларының атаулы даталары жайлы мәліметтер берілген.

Күнтізбек үш бөлімнен тұрады: бірінші бөлімде – білім беру саласындағы әр айдың даталар күнтізбегі; екінші бөлімде айы мен күні белгісіз даталар; үшінші бөлімде бірінші, екінші бөлімдегі – жұлдызша (*) арқылы белгіленген әрбір датаға қысқаша анықтама мен әдебиеттер тізімі берілген. Күнтізбектің соңында аталған есімдердің алфавиттік көрсеткіші, сонымен қатар авторлардың, редакторлардың және құрастырушылардың алфавиттік көрсеткіші берілген.

Күнтізбек оқытушыларға, студенттерге, оқушыларға, ағарту саласы кітапханаларының қызметкерлеріне және көпшілік қауымға арналған.

Күнтізбек қазақ және орыс тілдерінде жеке басылым болып шығады.

Осы күнтізбек туралы пікірлеріңізді мына мекен-жайға жазуға болады: 050010 Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 21/25. Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхана. Тел./факс 291-69-11.

© Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхана, 2020

**2021 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН БІЛІМ БЕРУ
САЛАСЫНДАҒЫ АТАУЛЫ ДАТАЛАР
КҮНТІЗБЕГІ**

Қаңтар

- 1 қаңтар** Жаңа жыл*
- 1 қаңтар** Ұйғыртанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор **Мұратбек Кәрімұлы Хамраевтың** туғанына **85 жыл** (1.01.1936-14.02.1983).*
- 2 қаңтар** Қазақ ақыны, педагогика ғылымдарының кандидаты **Әдібай Табылдиевтың** туғанына **95 жыл** (2.01.1926).*
- 7 қаңтар** **Рождество күні.**
- 7 қаңтар** Ресей Федерациясының Батыры, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының ұшқыш-ғарышкері, «Халық қаһарманы» **Талғат Амангелдіұлы Мұсабаевтың** туғанына **70 жыл** (7.01.1951)
- 12 қаңтар** Швейцариялық педагог-демократ, бастауыш оқытудың дидактикалық негізін салушылардың бірі **Иоганн Генрих Песталлоцидің** туғанына **275 жыл** (12.01.1746-17.02.1827)
- 13 қаңтар** Мұхтар Әуезов атындағы Академиялық Мемлекеттік драма театрының құрылғанына **95 жыл** (13.01.1926).
- 24 қаңтар** **Халықаралық білім күні.** Бұл күн тарихта алғаш рет 2019 жыл 24 қаңтарда атап өтілді. Мереке БҰҰ-ның Бас ассамблеясының 2018 жылғы 3 желтоқсандағы қарарымен жарияланған болып, онда Нигерия делегациясы Брюссельде өткен Ғаламдық білім беру конференциясында осы күнді атап өту жайлы бастама көтерді және оны конференцияға қатысушы 58 мемлекет қолдады. Бұл конференцияда адамдарға өмір бойы білім алуға мүмкіндік беретін барлық деңгейде инклюзивті және тең сапалы білім беру шараларын қабылдаудың маңыздылығы айтылған .
Қаңтар айының үшінші жексенбісі – Халықаралық қар күні. Бұл күннің мақсаты техникалық ойындарға әуес балаларды таза ауадағы қармен ойнауға тарту, қысқы спорт түрлеріне бейімдеу.

Ақпан

- 1 ақпан** Тарих ғылымдарының докторы, Абай атындағы педагогикалық институттың кафедра меңгерушісі болған **Валентин Яковлевич Басиннің** туғанына **100 жыл** (1.02.1921-1985). *Ол туралы орыс тіліндегі күнтізбектен қараңыз.*
- 7 ақпан** Биология ғылымдарының кандидаты, көптеген оқулықтардың авторы **Борис Васильевич Мухановтың** туғанына **100 жыл** (7.02.1921). *Ол туралы орыс тіліндегі күнтізбектен қараңыз.*

- 7 ақпан** «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына **20 жыл** (2001 ж. 7 ақпан № 550) //Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағы. - 2001. – № 7.
- 9 ақпан** Өзбек халқының ұлы ақыны, ойшыл, мемлекет қайраткері **Әлішер Науаидің** туғанына **580 жыл** (9.02.1441-3.01.1501).
- 15 ақпан** **Интернационалист жауынгерлерді еске алу күні.** 1989 жылы 15 ақпанда Ауғанстаннан Кеңес әскерінің ең соңғы бөлімшесі қайтарылды. Осы оқиғаға байланысты 15 ақпан Интернационалист жауынгерлерді еске алу күні деп жарияланды.
- (16)28 ақпан** Қазақ поэзиясының алыбы, ақын, ұлы жыршы **Жамбыл Жабаеттың** туғанына **175 жыл** (1846-1945).*
- 17 ақпан** **Дүниежүзілік мейірім күні.** Бұл күні дүниежүзілік ұйымдар адамдарды бір біріне мейірімді, қайырымды болуға шақырады.
- 19 ақпан** Азамат соғысының ардагері, белгілі ғалым-педагог **Шарафи Есмұханбетұлы Әлжановтың** туғанына **120 жыл** (19.02.1901-1938).*
- 21 ақпан** **Халықаралық ана тілі күні.** 1999 жылдың 17 қарашасында ЮНЕСКО-ның Бас конференциясында жарияланды. 2000 жылдың ақпанынан бастап тілдік және мәдени алуандылыққа, көптілділікке қолдау білдіру үшін жыл сайын атап өтіледі.
- Ақпан айының бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз Интернет күні.** Бұл күн 2004 жылы Еврокомиссияның ұсынысы бойынша бекітілген. Бұл күннің мақсаты мемлекет, бизнес және қоғамның балалар мен жасөспірімдерді Интернет желісінде қауіпсіздік қағидаларын сақтап, интернет-этика мен заңға қарсы болып табылатын мәліметтерден сақтандыру болып табылады.

Наурыз

- 1 наурыз** **Алғыс айту күні.** Президент жарлығымен белгіленген Алғыс айту күнін 2016 ж. 1 наурызда барша Қазақстан халқы тұңғыш рет мерекеледі. Бұл күн ұлт пен ұлысты жақындастыратын мереке ретінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 ж. 31 қазандағы № 689 қаулысымен бекітілген //ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы. – 2017. - № 53. – 343-қ.
- 1 наурыз** Техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ғылым академиясының және Халықаралық инженерлік академияның академигі, **Өмірбек Арысланұлы Жолдасбековтың** туғанына **90 жыл** (1.03.1931-23.07.1999).*

- 3 наурыз** Педагог, педагогика ғылымдарының докторы, профессор **Күләш Құнантайқызы Құнантаеваның** туғанына **90 жыл** (3.03.1931).*
- 3 наурыз** **Дүниежүзілік жазушы күні.** Дүниежүзілік жазушы күні Халықаралық Пен-клубтың 48-ші конгресінің шешімі негізінде атап өтіледі. Клуб 1921 жылы құрылған. Ұйымның атауы ағылшынның poets - ақындар, essayists - очеркшілер, novelists - романшылар сөздерінің бастапқы әріптерінен құрылған. Сонымен қатар «pen» сөзі ағылшын тілінен аударғанда «қаламсап» деген мағынаны береді. Ұйым атауы ағылшындық жазушы Кэтрин Эми Доусон-Скоттқа тиесілі. ПЕН-клубтың алғашқы президенті - Джон Голсуорси. 1923 жылы Лондонда ПЕН-клубтың алғашқы халықаралық конгресі өтті. Сол уақытта ПЕН-орталық әлемнің 11 елінде бар болатын. Ал қазір дүниенің 130 елінде, соның ішінде Қазақстанда да бар. ПЕН-клуб - халықаралық жазушылар бірлестігі, оның Хартиясында «әр елдің ішіндегі және барлық елдер арасындағы ақпарат бостандығы принциптерін қорғауға жақтасу» деп көрсетілген.
- 5 наурыз** Педагогика ғылымдарының докторы **Мәулен Әбдікәрімұлы Құдайқұловтың** туғанына **90 жыл** (5.03.1931).*
- 8 наурыз** **Халықаралық әйелдер күні.***
- 8 наурыз** Педагог-әдіскер, педагогика ғылымдарының кандидаты, Социалистік Еңбек Ері **Рафиқа Бекенқызы Нұртазинаның** туғанына **100 жыл** (8.03.1921- 2.04.2013).*
- 9 наурыз** Филология ғылымдарының докторы **Жамалбек Болатовтың** туғанына **90 жыл** (9.03.1931-6.08.1978)*.
- 15 наурыз** **Дүниежүзілік тұтынушыларды қорғау күні.** 1983 жылдан бері 15 наурызда халықаралық күнтізбекке енгізілген.
- 21 наурыз** **Дүниежүзілік поэзия күні.** ЮНЕСКО Бас конференциясының 1999 жылдың 30-ыншы сессиясында 21 наурызда Дүниежүзілік поэзия күнін атап өту туралы шешім қабылданды. Дүниежүзілік Поэзия күні тұңғыш рет ЮНЕСКО-ның штаб-пәтері орналасқан Парижде атап өтілді. «Поэзия, - делінген ЮНЕСКО шешімінде, - қазіргі заманғы адамның өткір де терең рухани мәселелеріне жауап бере алады. Бірақ бұл үшін оған қоғам назарын мүмкіндігінше кеңірек аударту қажет. Сонымен қатар Дүниежүзілік Поэзия күні қазіргі ақындардың шығармалары оқырмандарына, негізінен солардың күшімен, жол тауып жатқан шағын баспалардың, тебіреніске толы сырлы сөзбен мәңгілік дәстүрді қайта тірілтіп жүрген әдеби клубтардың өздерін кеңінен танытуына мүмкіндік беруі тиіс». Бұл күні бұқаралық ақпарат құралдарында поэзияның шын мәніндегі қазіргі заманғы,

адамдар ашық қабылдай алар өнер ретіндегі жағымды кейпін қалыптастыруға қызмет етуі қажет.

21 наурыз **Халықаралық қуыршақтар театры күні.** 2000 жылы Халықаралық қуыршақтар театрының одағы Халықаралық қуыршақ театрының күнін атап өту туралы ұсыныс жасады. 2003 жылғы бүкіл әлемнің қуыршақтар фестивалі осы дәстүрді енгізді. Содан бері қуыршақ театрының барлық кәсіпқойлары мен жанкүйерлері 21 наурызда Халықаралық қуыршақтар театры күнін атап өтуде.

22 наурыз **Наурыз мейрамы.***

21 наурыз **Көктемгі демалыс (21 наурыз- 4 сәуір)***

22 наурыз **Дүниежүзілік су күні.** 1992-ші жылы Бразилияның Рио-де-Жанейро қаласында өткен БҰҰ-ның қоршаған ортаны қорғау және дамыту жөніндегі конференциясында 22-ші наурыз – «Дүниежүзілік су қорлары» күні деп жарияланды.

Бас Ассамблеяның 1992-ші жылғы желтоқсанның 22-сіндегі 47/193 қарарымен жарияланған Дүниежүзілік су қорлары күні – таза ауыз сумен қамтамасыз етуде қолға алынып отырған нақты күш-жігер және кездесіп отырған қиыншылықтар мен олардан арылуға бастайтын шешімдер оңды нәтижелерге жетуге жәрдемін тигізетінін баршаның есіне салудың баға жетпес мүмкіндігі.

24-30 наурыз **Балалар мен жасөспірімдер кітабы апталығы.** Бұл мереке жыл сайын оқушылардың көктемгі демалыс күндерінде өткізіледі. Бұл мерекенің тарихы былай басталған. Ұлы Отан соғысының жүріп жатқан кезі, күн суық, азық-түлік тапшы, карточкамен берілетін. Осындай 1943 жылдың суық, сұрғылт көктемнің бір күнінде Одақтар үйінің суық залына балалар жазушылары мен ақындары Мәскеудің оқушы балаларын жинап балалар кітаптары туралы кездесу өткізді. Осылай алғаш рет балалар кітабы апталығы пайда болды. Қазір бұл мереке жыл сайын «Балалар мен жасөспірімдер кітаптарының апталығы» мерекесі дәстүрлі түрде аталып өтіледі. Бұл мерекенің мақсаты - кітап оқуды жас ұрпақтың қызықты да тиімді демалыс уақытына айналдыру, балалардың, жасөспірімдердің рухани дамуына жағдай жасау.

25 наурыз Қоғам және мемлекет қайраткері, Алаш қозғалысының жетекшісі, публицист, ғалым, аудармашы **Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхановтың** туғанына **155 жыл** (25.03.1866-1937).

27 наурыз **Халықаралық театр күні.** 1961 жылы Халықаралық театр институтының IX конгресінде 27 наурызда Халықаралық театр күні деп тойлау бекітілді.

30 наурыз **Жерді қорғау күні.** Бұл күнді жер шарының «жасылдар» қозғалысы белгілеген.

Сәуір

- 1 сәуір** **Халықаралық құстар күні.** 1906 жылы 1 сәуірде құстарды қорғау туралы халықаралық конвенцияға қол қойылды. Сол себепті осы күн – Халықаралық құстар күні деп аталып өтіледі.
- 2 сәуір** **Халықаралық балалар кітабы күні.***
- 2 сәуір** Тарихшы, педагог, музыка зерттеуші, Қазақстан Республикасы өнеріне еңбек сіңірген қайраткер **Юрий Петрович Аравиннің** туғанына **80 жыл** (2.04.1941)
- 7 сәуір** **Дүниежүзілік денсаулық сақтау күні*.**
- 10(23) сәуір** Психолог, педагог, педагогика ғылымдарының докторы **Леонид Владимирович Занковтың** туғанына **120 жыл** (10(23).04.1901-1977).
- 12 сәуір** **Дүниежүзілік ғарышкерлік күні.***
- 12 сәуір** **60 жыл** бұрын Байқоңыр ғарыш аймағынан тұңғыш рет ғарышқа ұшқыш-космонавт Ю.Гагарин ұшты (12.04.1961).
- 12 сәуір** **Ғылым қызметкерлері күні.** Бұл мереке 2011 жылы 22 қазандағы Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы бойынша тағайындалды. 12 сәуірде Қазақстанның көрнекті ғалымы, академик, Қазақстан ғылым академиясының алғашқы президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаев дүниеге келген. Сол себепті осы күн мереке ретінде атап өтіледі. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 ж. 31 қазандағы № 689 қаулысымен бекітілген //ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы. – 2017. - № 53. – 343-қ.
- 14 сәуір** Әдебиет сыншысы, ғалым-жазушы, педагог, филология ғылымдарының докторы, профессор **Белгібай Шалабаевтың** туғанына **110 жыл** (14.04.1911-1990).*
- 15 сәуір** **Халықаралық мәдениет күні.** 1935 жылы көркем және ғылыми мекемелер мен тарихи ескерткіштерді қорғауға арналған халықаралық Рерих Пактісі деп аталатын келісімге қол қойылған. 1998 жылдан бастап 15 сәуір Халықаралық мәдениет күні деп аталынып келеді.
- 18 сәуір** **Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні.** Жыл сайын әлем қауымдастығы 18 сәуірде Халықаралық тарихи ескерткіштерді және тарихи орындарды қорғау күнін атап өтеді. 1982 жылы ЮНЕСКО жанынан құрылған Халықаралық ескерткіштер мен көрнекті орындарды қорғау мәселелері жөніндегі кеңес ассамблеясы осы күнді бекіткен болатын. Басты мақсат – жас ұрпақты тарихи құндылықтарымызбен таныстыру, тарихи ескерткіштеріміз – мәдени мұраларымызды қастерлеп сақтауға, құрметтеуге шақыру.

- 20 сәуір** Педагог, орыс-қазақ мектептерін ұйымдастырушылардың бірі, Ы.Алтынсариннің шәкірті **Әбуғали Балғымбаевтың** туғанына **155 жыл** (20.04.1866-28.01.1942).*
- 22 сәуір** **Халықаралық Жер-Ана күні.** Бұл күнді жариялау туралы қарарды БҰҰ Бас Ассамблеясы 2009 ж. сәуірдің 22-сінде бірауыздан мақұлдады. Қарарды мақұлдағандардың қатарында Қазақстан да бар. Жер-Ана күнін жариялау планетамыздың және оның экологиялық жүйесінің бізді өмірмен қамтамасыз етіп отырғанын түсінгенімізді паш етіп, сондай-ақ 1992 жылғы Рио-де-Жанейрода өткен қоршаған орта және оны дамыту Конференциясында қабылданған міндеттерді бекіте түсті. Бұл күн 2010 ж. бастап атап өтіледі.
- 23 сәуір** **Бүкіләлемдік кітап және авторлық құқық күні.** Бұл күнді атап өтуге себепті нәрсе – 23 сәуірдің қаламгер қауымына көп байланысты болғандығынан. 1616 жылдың 23 сәуірінде әлемді мойындатқан классик қаламгерлер Сервантес, Шекспир, Инка Гарсиласо де ла Вега дүниеден өтті. Бұл күн – сонымен қатар әлемге танымал авторлар Морис Дрюон, Х.Лакснесс, Владимир Набоков, Мануэль Мехиа Вальехоның туған және өмірден қайтқан күндері. Сондықтан әлемнің кітапсүйер қауымы 23 сәуірді Кітап және авторлық құқық күні ретінде атап өтеді.
1995 жылы Парижде ЮНЕСКО-ның Бас конференциясы Бүкіләлемдік кітап және авторлық құқық күнін атап өтуді белгілеген.
- 24 сәуір** **Жастар ынтымақтастығының халықаралық күні.** Демократиялық жастар дүниежүзілік федерациясының шешімімен жыл сайын 24 сәуір күні аталып өтеді. Тұңғыш рет мереке 1957 жылы өткізілді. Бұл дата мемлекеттік органдардың, қоғамның және бұқаралық ақпарат құралдарының назарын жастар проблемасына аударту үшін тағы бір себеп болып табылады. Аталмыш датадан бөлек, ғаламшар жастарына арналған бірнеше мереке бар, олар - 12 тамыз күні атап өтілетін Халықаралық жастар күні және 10 қараша - Дүниежүзілік жастар күні.
- 27 сәуір** Ресейдің I Мемлекеттік Думасының құрылғанына **115 жыл** (1906 ж. 27 сәуір). Ресейдің I және II Мемлекеттік Думаларына (1907 ж. 20 ақпан) 12 қазақ депутат қатысқан //Озғанбаев Ө. Ресей Мемлекеттік Думасы және Қазақстан (1905-1917жж.). - Алматы, 1999. –461 б.
- 28 сәуір** **Дүниежүзілік еңбекті қорғау күні.** 1999 АҚШ пен Канада еңбекшілер кәсіподағының ұйымдастыруымен қаза болған жұмысшыларды еске алу күні өткізіледі. Содан бері осындай шаралар барлық елдерде өткізіліп келеді. Ресми түрде

Дүниежүзілік еңбекті қорғау күні Халықаралық еңбек ұйымының тағайындауы бойынша 2003 жылдың 28 сәуірінен бастап аталып өтіледі.

29 сәуір Халықаралық би күні. 1982 жылдан бастап ЮНЕСКО-ның шешімімен тарихқа «заманауи балеттің негізін қалаушы» ретінде енген, хореографиялық өнердің реформаторы және теоретигі, балетмейстер Жан-Жорж Новердің туған күнінде атап өтіледі.

29 сәуір Педагог, фольклоршы, музыка танушы, қоғам қайраткері, профессор Ахмет Қуанұлы Жұбановтың туғанына **115 жыл** (29.04.1906-1968).*

29 сәуір Физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Төлеген Әбдісағиұлы Қожамқұловтың туғанына **75 жыл** (29.4.1946)*

Мамыр

1 мамыр Қазақстан халқының бірлігі күні.*

1 мамыр Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының ашылғанына **75 жыл** (1.05.1946). Академияның бірінші президенті ғалым Қ.И.Сәтбаев болды: 1942-1952; 1955-1964.

1 мамыр Қазақ тілі маманы, педагог, филология ғылымдарының кандидаты Сейіл Сарықұлұлы Жиенбаевтың туғанына **125 жыл** (1.05.1896 -5.05.1945).*

1 мамыр Физика-математика ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының академигі Орынбек Ахметбекұлы Жәутіковтің туғанына **110 жыл** (1.05.1911-15.05.1989).*

3 мамыр Дүниежүзілік баспасөз күні. БҰҰ бас Ассамблеясының 1993 жылғы 21 желтоқсандағы шешімімен бұл дата - Дүниежүзілік баспасөз бостандығы күні ретінде атап өтіледі.

3 мамыр Күн күні. Күн энергиясы халықаралық қоғамының Еуропалық бөлімі жаңартылған энергия көзін пайдалану мүмкіндігіне назар аудару үшін 1994 жылдан бастап жыл сайын Күн күнін ұйымдастырып келеді. Энтузиастар мен кәсіпқой мамандар, қоғамдық ұйымдар мен бүкіл еуропаның фирмалары бұл күні әр түрлі мерекелік шаралар ұйымдастырады және күн энергиясын пайдалану мүмкіндігі туралы демонстрация өткізеді

4 мамыр Дүниежүзілік СПИД құрбандарын еске алу күні.

5 мамыр Педагогика ғылымдарының кандидаты, әдіскер Бувихан Алахунованың туғанына **90 жыл** (5.05.1931-16.03.2013).*

7 мамыр Отан қорғаушылар күні.*

7 мамыр Үнді елінің жазушысы, педагог, қоғам қайраткері, пәлсапашы Рабиндранат Тагордың туғанына **160 жыл** (7.05.1861-1941)

- 8 мамыр** **Дүниежүзілік Қызыл Жарты Ай мен Қызыл Крест күні.** Қызыл Крест қозғалысы 1863 жылы жарақат алғандарға көмек көрсету бойынша Халықаралық Комиссия құрылған кезде пайда болды. Алғашқы кезде оның қызметі соғыста зардап шеккен әскерлерді емдеуге жұмсалған. 1864 жылы 22 тамызда Швейцарияда Жан Анри Дюнанның ұсынысы бойынша ұрыс алаңында жарақат алғандардың өмірін жақсарту бойынша конвенцияға қол қойылды. Конвенцияда дәрігерлер мен медқызметкерлердің ерекше әмбебап белгісі болу керектігі көрсетілді. Оның символы ретінде ақ фондағы қызыл крест белгісі таңдалды. Қызыл крест осылай пайда болды. 1906 жылы Осман империясында мұсылман елдеріндегі Қызыл Кресттің баламасы ретінде Қызыл Жарты ай қайырымдылық ұйымы пайда болды. Қызыл крест және Қызыл жарты ай ұйымдарының басында Женевадағы штаб-пәтері бар Халықаралық Комитет тұрды.
- 9 мамыр** **Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күні.***
- 12 мамыр** **Ата-аналардың жалпыұлттық жиналысы күні.** 2017 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігі 12 мамырда алғаш рет ата-аналардың жалпыұлттық жиналысы күнін жариялады. Осыдан бастап еліміздің барлық қалалары мен ауылдарында бір мезгілде ата-аналар жиналысы өткізілетін болады //Алматы ақшамы. – 2017. – 16 мамыр
- 15 мамыр** **Халықаралық отбасы күні.***
- 18 мамыр** **Халықаралық мұражайлар (музейлер) күні.** 1977 жылы Халықаралық музейлер Кеңесінің 11-конференциясында 18 мамыр «Халықаралық музей күні» болып белгіленді. 2002 ж. мамыр айынан бастап «Қазақстан музейлері» журналы шыға бастады. Бұл күні мұражайлар келушілерге тегін қызмет көрсетеді.
- 18 мамыр** Ақын, қоғам қайраткері, Қазақ КСР мемлекеттік сыйлығының лауреаты **Олжас Сүлейменовтің туғанына 85 жыл** (18.05.1936).
- 20 мамыр** Филология ғылымдарының кандидаты, профессор, неміс тілі оқулықтарының авторы **Мұхтар Ғалиұлы Арыновтың туғанына 85 жыл** (20.05.1936-10.09.1995).*
- 21 мамыр** **Мәдениет және өнер қызметкерлерінің күні.** ҚР Үкіметінің 2013 ж. 22 қараша № 698 Жарлығы бойынша, бұл күн жыл сайын 21 мамыр күні аталып өтіледі.
- 23 мамыр** Филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан білім беру ісінің үздігі, Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің ректоры (1992-1997), **Әділ Құрманжанұлы Ахметовтың туғанына 80 жыл** (23.5.1941)*.
- 24 мамыр** **Славян жазбасы, ағарту және мәдениет күні.***
- 25 мамыр** **Соңғы қоңырау.***

- 27 мамыр** Педагогика ғылымдарының докторы, профессор **Григорий Абрамович Умановтың** туғанына **90 жыл** (27.05.1931).*
- 30 мамыр** Педагогика ғылымдарының докторы, профессор **Асқарбек Қабыкенұлы Құсайыновтың** туғанына **70 жыл** (30.05.1951).*
- 31 мамыр** **Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні.***

Маусым

- 1 маусым** **Халықаралық балаларды қорғау күні.***
- 2 маусым** Филология ғылымдарының докторы, қазақ мектебіне арналған орыс тілінің стилистикасы туралы еңбектердің авторы **Бениамин Семенович Мучниктің** туғанына **85 жыл** (2.06.1936).
- 2 маусым** Қазақ КСР Халық комиссарлар Кеңесінің 1926 ж. 2 маусымдағы қаулысы бойынша Қазақ халық ағарту институты Қазақ жоғары педагогикалық институты болып өзгертілді (2.06.1926).
- 4 маусым** **Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері күні***
- 5 маусым** **Дүниежүзілік тіршілік өрісін қорғау күні-Экологтар күні.***
- 9 маусым** Тарих ғылымдарының докторы, Жоғары мектеп академиясының академигі, Қазақ білім академиясының президенті **Өмірзақ Озғанбаевтың** туғанына **80 жыл** (9.06.1941).*
- 9 маусым** **Халықаралық мұрағаттар күні.** 1948 жылы ЮНЕСКО-ның шешімімен Халықаралық мұрағаттар кеңесі құрылған. Осы кеңестің 60 жылдығына орай, 2007 жылы алғаш рет осы күн аталып өтті. Содан бері 9 маусым Халықаралық мұрағаттар күні деп белгіленді.
- 15 маусым** Педагогика ғылымдарының докторы, профессор **Хасен Қуандықұлы Арғыновтың** туғанына **95 жыл** (15.06.1926 – 24.11.1990).*
- 18 маусым** Филология ғылымдарының докторы, түрколог **Ғұбайдолла Айдаровтың** туғанына **100 жыл** (18.06.1921-2001).*
- 22 маусым** Тарих ғылымдарының докторы, профессор, көп жылдар Өскемен педагогикалық институтында оқытушы болған **Николай Владимирович Алексеенконың** туғанына **90 жыл** (22.06.1931-19.05.2009). *Ол туралы орыс тіліндегі күнтізбекті қараңыз.*
- 23 маусым** **Халықаралық Олимпиада күні.** 1948 жылдың қаңтар айында Санкт-Морицте өткен Халықаралық олимпиада комитетінің 48-ші сессиясы кезінде олимпиада күнін жыл сайын 23 маусым күні мерекелеуді шешті. 1967 жылы Халықаралық олимпиада комитеті 23 маусымды - Халықаралық Олимпиада күні деп жариялады.

- 23 маусым** **Мемлекеттік қызметші күні.** 2002 жылдың 20 желтоқсанында Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 23 маусымды БҰҰ-ның мемлекеттік қызметкері күні деп жариялау қарарын қабылдап, оған мүше әр мемлекетті де осыған байланысты бір күнді белгілеуге шақырды. Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы Жарлығымен 23 маусым Қазақстан мемлекеттік қызметші күні болып белгіленді.
- 26 маусым** Педагог, қоғам қайраткері, Қазақ КСР Оқу министрі (1974-1987) **Қожахмет Балахметұлы Балахметовтың** туғанына **95 жыл** (26.06.1926).*
- 26 маусым** **Халықаралық нашақорлыққа қарсы күрес күні.** Бұл күнді 1987 жылы 26 маусым күні БҰҰ Бас Ассамблеясы бекіткен. **Маусым айының үшінші жексенбісі – медицина қызметкері күні.** КСРО кезінен бастап осы мейрам медицина қызметкерлері күні деп атап өтілетін. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 ж. 31 қазандағы № 689 қаулысы бойынша бұл күн медицина қызметкері күні деп аталатын болды //ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы. – 2017. - № 53. – 343-қ.
- Маусым айының үшінші жексенбісі – Халықаралық әкелер күні.** Халықаралық әкелер күнін әлемнің 52 елі маусымның үшінші жексенбісінде атап өтеді. Жалпы әкелер күні XX ғасырдың басынан бері аталып келе жатыр. Бұл күні отбасылық кештер әке мен балаға арналады, сонымен бірге ұрпақтың құрметі ретінде жасы үлкен ер адамдарға құрмет көрсетіліп, еске алу кештері ұйымдастырылады. Алғаш рет Әке күні 1910 жылы 19 маусымда АҚШ –та өткізілді. 2010 жылы бұл мерекеге 100 жыл толды.
- Маусым айының соңғы жексенбісі – Байланыс және ақпарат қызметкерлері күні.** 2011 жылдың қазанында еліміздегі кәсіби және басқа да мерекелер тізімінің жаңа редакциясына сәйкес, 28 маусым - Байланыс және ақпарат құралдары қызметкерлері күні болып аталып келді. 2017 ж. шыққан № 689 Үкімет қаулысы бойынша бұл күн енді Байланыс және ақпарат қызметкерлері күні деп аталатын болды //ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы. – 2017. – 53. – 343-қ.
- Маусым айының аяғы – мектеп бітірушілер кеші.***

Шілде

- 4 шілде** РСФСР Оқу министрлігінің қабылдаған «Балалар бақшасы тәрбиешісіне арналған» Уставына **85 жыл** (4.07.1936).
- 6 шілде** **Астана күні.***
- 6 шілде** «**Жас ұлан**» ұйымының құрылған күні.*

- 15 шілде** Алаш қайраткері, ғалым, жазушы, журналист, педагог **Қошмұхамбет (Қошке) Дүйсебайұлы Кемеңгеровтың** туғанына **125 жыл**(15.07.1896 - 21.11.1937).*
- 27 шілде** Қазақтың тұңғыш ғарышкері, Қазақстан Республикасының ұшқыш-ғарышкері, техника ғылымдарының докторы, профессор, Кеңес Одағының Батыры, Қазақстан Республикасының «Халық Қаһарманы» **Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіровтің** туғанына **75 жыл** (27.07.1946).
- 31 шілде** Қазақстандық жазушы **Иван Петрович Шуховтың** туғанына **115 жыл** (31.07.1906-30.04.1977).
- Тамыз**
- 1 тамыз** Халықаралық балаларды сауықтыру лагері күні.*
- 1 тамыз** **1 тамыз – 30 қыркүйек аралығында «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы***
- 7 тамыз** Ғалым-әдіскер, мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесіне арналған еңбектердің авторы, филология ғылымдарының кандидаты, «Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген мұғалімі» **Бәшен Баймұратованың** туғанына **95 жыл** (7.08.1926).*
- 12 тамыз** **Халықаралық жастар күні.** 1999 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы Жастар істері жөніндегі министрлердің Дүниежүзілік конференциясының тамыздың 12-сін Халықаралық жастар күні деп жариялау туралы ұсынысын қолдады. 2000 жылдан бастап бұл күн әртүрлі елдерде мерзімді түрде атап өтілуде. Мақсаты – әлемдегі жастардың жетістіктерін атау, жастардың қоғамды нығайту, жергілікті қауымдастықтарды дамыту ісіне қатысуға ынталандыру, жастардың арасындағы ерікті қызметті насихаттау. Ең алғаш Жастар күні 2000 жылы тойланды.
- 13 тамыз** Тіл білімі маманы, филология ғылымдарының докторы, белгілі қоғам қайраткері, қазақ тілінің күрескері **Асылы Әлиқызы Османованың** туғанына **80 жыл** (13.8.1941)*.
- 18 тамыз** Тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі **Мәмбет Құлжабайұлы Қойгелдиевтің** туғанына **75 жыл** (18.08.1946)
- 29 тамыз** **Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы іс-қимыл күні***
- 30 тамыз** **Қазақстан Республикасының Конституция күні.***
- 31 тамыз** Филология ғылымдарының докторы, әдебиет зерттеушісі, аудармашы, профессор **Евгения Васильевна Лизунованың** туғанына **95 жыл** (31.08.1926-1993).*Ол туралы орыс тіліндегі күнтізбектен қараңыз.*
- Тамыз айының ортасы – «Жол ашар» акциясы***
- Тамыз айының ортасы – Тамыз мәслихаты.***
- Тамыз айының үшінші жексенбісі – Спорт күні.***

Қыркүйек

- 1 қыркүйек** Білім күні.*
- 5 қыркүйек** Қазақстан халқы тілдері күні*. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 ж. 31 қазандағы № 689 қаулысымен бекітілген мерекелік күндердің тізбесі бойынша, бұл мереке енді 5 қыркүйекте өтеді //ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы. – 2017. - № 53. – 343-қ
- 5 қыркүйек** Тарих ғылымдарының докторы, профессор **Ғазиз Әбішұлы Әбішевтің** туғанына **105 жыл** (5.09.1916-8.10.1982).*
- 5 қыркүйек** Бүкілодақтық коммунистік большевиктер партиясы Орталық Комитетінің «**Бастауыш және орта мектеп туралы**» қаулысының қабылданғанына **90 жыл** (1931).
- 8 қыркүйек** **Халықаралық сауаттандыру күні**. Тегеранда 1965 жылдың қыркүйегінде өткен «Білім министрлерінің Бүкіләлемдік сауатсыздықты жою жөніндегі конференциясының» ұсынысы бойынша ЮНЕСКО 1966 жылдан бастап Халықаралық сауаттандыру күнін өткізуді жариялады. 8 қыркүйек - осы конференцияның салтанатты ашылған күні. Бұл күн ЮНЕСКО іс-қимылының басты салаларының бірі болып табылатын сауаттандыру жөніндегі қоғам күш-жігерін жандандыруға шақырады.
- 14 қыркүйек** Филология ғылымдарының докторы, профессор **Фатима Машанбекқызы Мұсабекованың** туғанына **95 жыл** (14.09.1926-4.04.1988).*
- 16 қыркүйек** Алматы шет тілдері институтының (қазіргі Абылай хан атындағы Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің) құрылғанына **80 жыл** (16.09.1941).
- 21 қыркүйек** Дүниежүзілік бейбітшілік күні.*
- 27 қыркүйек** Дүниежүзілік туризм күні.*
- Қыркүйектің екінші жексенбісі – отбасы күні**. 1993 жылы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясымен бекітілген 15 мамырда аталып өтетін Халықаралық отбасы күні бар. Ал қыркүйектің екінші жексенбісінде аталып өтетін отбасы күні Қазақстан Республикасының мерекелік күні. Ол ҚР Үкіметінің 2017 ж. 31 қазандағы № 689 қаулысымен бекітілген //ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы. – 2017. - № 53. – 343-қ.
- Қыркүйектің үшінші жексенбісі - Ана күні** деп белгіленді. Бұл мереке әр елде әр уақытта тойланады. Бұл күн 2012 жылдан бастап, Президент Н.Назарбаевтың Жарлығымен қыркүйектің үшінші жексенбісі күні тойланатын болды. Бұл күні тек аналарды құттықтайды.

Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні. ҚР Үкіметінің 2013 ж. 22 қараша № 698 Жарлығы бойынша, бұл күн қыркүйек айының соңғы жексенбісінде аталып өтіледі

Қазан

- 1 қазан** **Халықаралық қарттар күні.** БҰҰ Бас Ассамблеясы 1990 жылы 14 желтоқсанда 1 қазанды қарттар күні етіп бекітті. Бұл күні қарттардың құқығын қорғау мақсатында конференциялар, басқа да қайырымдылық шаралары өткізіледі.
- 1 қазан** **Халықаралық музыка күні.***
- 4 қазан** Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының академигі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор **Өмірзақ Махмұтұлы Сұлтанғазиннің** туғанына **85 жыл** (4.10.1936-2005)
- 9 қазан** **Дүниежүзілік пошта күні.**
- 10 қазан** Ақын **Қасым Рақымжанұлы Аманжоловтың** туғанына **110 жыл** (10.10.1911-17.01.1955).
- 10 қазан** Филология ғылымдарының докторы, профессор Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері **Тұрсын Сыдықовтың** туғанына **80 жыл** (10.10.1941)*
- 15 қазан** **Алматы қаласы кітапханалары күні** «Кітапханалар күні» заңды түрде бекітілмеген. Бұл күн Алматы қаласының әкімшілігінің бастамасымен 1999 жылдан бері Алматы қаласында 15 қазан күні өткізіліп келеді.
- 15 қазан** **Халықаралық ауыл әйелдерінің күні.** Біріккен Ұлттар Ұйымының шешімімен 2008 жылдан бері қазан айының 15-і күні аталып өтеді. БҰҰ Бас Ассамблеясының мақсаты – ауылдық елді мекендердегі әйел адамдардың тұрмыстық жағдайларын жақсарту. Бұл туралы арнайы резолюция да қабылданған.
- 15 қазан** Педагог, филология ғылымдарының докторы, профессор, әдебиет зерттеуші, **Есмағамбет Самұратұлы Ысмайловтың** туғанына **110 жыл** (15.10.1911-29.09.1966).*
- 16 қазан** 2019 жылы алғаш рет **Нан күні** (День Хлеба) мерекеленетін болды.
- 18 қазан** **Рухани келісім күні.***
- 23 қазан** **Халықаралық мектеп кітапханаларының күні.***
- 24 қазан** **Халықаралық Біріккен Ұлттар Ұйымы күні.** Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының күшіне енуінің бір жылдығы — 1945 жылғы 24 қазан күні. 1948 жылдан бастап 24 қазан Біріккен Ұлттар Ұйымы күні ретінде тойланады. Дәстүр бойынша ол әлемде Ұйымның жетістіктері мен мақсаттарына арналған мәжілістер, пікірталастар мен көрмелер ұйымдастырумен атап өтіледі.

Қазан айының бірінші дүйсенбісі – Халықаралық дәрігерлер күні. Бұл күн дүниежүзі дәрігерлерінің ынтымақ күні ретінде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұйғарымымен атап өтіледі.

Қазан айының бірінші жексенбісі - мұғалімдер күні

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 689 қаулысымен бекітілген. //ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы. – 2017. - № 53. – 343-к.*

Қараша

- 2 қараша** Қазақ халқының аса көрнекті қоғам қайраткері, ғұлама ағартушы, жаңашыл педагог, этнограф, публицист, жазушы **Ыбырай Алтынсариннің** туғанына **180 жыл** (2.11.1841-30.07.1889).*
- 2 қараша** Білім беру саласында көп жылдар еңбек еткен, қазақ мектебіне арналған оқулықтар мен әдістемелік құралдар жазған **Анастасия Федоровна Нармұхамедованың** туғанына **100 жыл** (2.11.1921). *Ол туралы орыс тіліндегі күнтізбектен қараңыз.*
- 5 қараша** Ақын, Қазақстанның халық жазушысы, филология ғылымдарының докторы, Гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі **Тұрсынхан Абдрахманованың** туғанына **100 жыл** (5.11.1921-11.10.2003).
- 5 қараша** **Күзгі демалыс** (5-13 қараша).*
- 5(17)қараша** Психолог, балалар психологиясы жайлы көптеген кітаптардың авторы **Лев Семенович Выготскийдің** туғанына **125 жыл** (5(17).11.1896-11.06.1934).
- 7 қараша** «Балдәурен» Республикалық оқу-сауықтыру орталығының құрылған күні*.
- 7 қараша** Қоғам қайраткері, заңгер Алашорда өкіметін құруға белсене қатысқан **Жақып Ақбаевтың** туғанына **145 жыл** (7.11.1876-1934)
- 7 қараша** Химия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ғылым академиясының академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылыми қайраткері, Қазақ Мемлекеттік университетінің ректоры (1986-1988), **Еділ Ерғожаұлы Ерғожиннің** туғанына **80 жыл** (7.11.1941-9.07.2020)*
- 8(19)қараша** Орыстың ақыны, ғалымы, ағартушы **Михаил Васильевич Ломоносовтың** туғанына **310 жыл** (8(19).11.1711-1765).
- 10 қараша** **55 жыл** бұрын Коммунистік партияның Орталық Комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесінің «Жалпы білім беретін орта мектептерінің жұмысын одан әрі жаңарту жөніндегі шаралар туралы» қаулысы шықты (10.11.1966).
- 10 қараша** **Дүниежүзілік жастар күні.***

- 11 қараша** Қазақ әйелдері арасынан шыққан тұңғыш биология ғылымдарының докторы, профессор **Нәйля Оразғұлқызы Базанованың** туғанына **110 жыл** (11.11.1911-1993).
- 15 қараша** Ақын, Қазақстанның халық жазушысы **Мәриям Хакімжанованың** туғанына **115 жыл** (15.11.1906-1995).
- 15 қараша** **Ұлттық валюта - теңге күні** (15.11.1993)*
- 16 қараша** Тарих ғылымдарының докторы, профессор, академик, қоғам қайраткері **Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың** туғанына **90 жыл** (16.11.1931-30.10.2002).*
- 16 қараша** **Халықаралық төзімділік (толеранттық) күні.** Бұл халықаралық күн «Төзімділік принциптері Декларациясын» ЮНЕСКО салтанатты түрде жариялаған. 1995 жылы ЮНЕСКО-ның 28-ші Бас конференциясында Декларация бекітілген. Декларацияда жарияланған «адамдар қоғамда өзінің түрімен, әл-ауқатымен, тілімен, мінез-құлқымен, өз құндылықтарымен, өзін-өзі сақтап осы қоғамда өмір сүруге құқылы». Декларация адамзатқа қауіп төнгенін анықтап бақылайды, оның төзімсіз болуына және төзімсіздікке қарсы әдіс пен бағдарламаларды ұсыныс жасайды.
- 17 қараша** **Халықаралық студенттер күні.** Бұл күн 1939 ж. 17 қарашада фашистік неміс басқыншылары атып өлтірген чех патриот студенттерін еске алуға арналған Дүниежүзілік студенттер Конгресінде 17 қарашаны патриот чех студенттерінің құрметіне Халықаралық студенттер күні деп атау бекітілді. Студенттер күні алғаш рет 1941 жылы 17 қарашада Лондонда өтті.
- 18 қараша** Жазушы **Николай Иванович Ановтың** туғанына **130 жыл** (18.11.1891-18.07.1980).
- 20 қараша** **Дүниежүзілік балалар күні.** БҰҰ Ассамблеясы 1959 жылы 20 қараша күні Балалар құқы декларациясын, ал 1989 жылы Балалар құқы Конвенциясын қабылдаған. 1954 жылы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы бүкіл әлемде балалардың аман-саулығын қамтамасыз етуге бағытталған игі іс-қимылдарға арналған балалардың бүкіләлемдік бауырластығы мен өзара түсіністігінің белгісі ретінде Дүниежүзілік балалар күнін барлық елдерде атап өтуді ұсынды.
- 26 қараша** **Дүниежүзілік ақпарат күні.** БҰҰ-ның Экономикалық және Әлеуметтік кеңестерінде бас консультативтік дәрежесі бар Халықаралық ақпарат академиясы мен Дүниежүзілік ақпараттық парламенттің бастамасымен 1994 жылдан бастап жыл сайын 26 қарашада атап өтіледі. 1992 жылы бұл күні Ақпараттандырудың алғашқы халықаралық форумы өтті. Бүгінде Дүниежүзілік ақпарат күні әлемнің көптеген мемлекеттерінде атап өтіледі.

- 29 қараша** Натуралист-жазушы **Максим Дмитриевич Зверевтің** туғанына **125 жыл** (29.11.1896-1996).
Қарашаның үшінші бейсенбісі - Халықаралық шылымқорлықтан бас тарту күні.*
- Желтоқсан**
- 1 желтоқсан** **Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні***.
- 1 желтоқсан** **Халықаралық СПИД-ке қарсы күрес күні.***
- 1 желтоқсан** Тарихшы, профессор, республикада ұлттық педагог кадрлар даярлауға үлкен үлес қосқан **Езекииль Исаакович Ривлиннің** туғанына **120 жыл** (1.12.1901-7.05.1978). *Ол туралы орыс тіліндегі күнтізбектен қараңыз.*
- 3 желтоқсан** Фольклортанушы, этнограф, мәдениет мұраларын жинаушы және зерттеуші **Әбубәкір Диваевтың** туғанына **165 жыл** (3.12.1856-5.02.1933).*
- 5 желтоқсан** Қазақ АКСР-ның КСРО құрамындағы Одақтас Республика ретінде қайта құрылуына **85 жыл** (5.12.1936).
- 5 желтоқсан** Әдебиет зерттеуші, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР-ның Еңбек сіңірген жоғары мектеп қызметкері **Тауман Салықпайұлы Амандосовтың** туғанына **100 жыл** (5.12.1921-8.7.1991)*.
- 6 желтоқсан** Көрнекті педагог, профессор **Қажым Аманғалиұлы Басымовтың** туғанына **125 жыл** (6.12.1896-18.02.1939).*
- 6 желтоқсан** Әдебиет зерттеуші, аудармашы, жазушы, филология ғылымдарының докторы **Сәйділ Омарұлы Талжановтың** туғанына **115 жыл** (6.12.1906-10.12.1972).*
- 7 желтоқсан** Химия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі, Білім министрі (1995-1997), **Мұрат Жұрыновтың** туғанына **80 жыл** (7.12.1941).*
- 9 желтоқсан** Философия ғылымдарының кандидаты, саясаттану ғылымдарының докторы, қоғам қайраткері, Білім және мәдениет министрі (1997) **Иманғали Нұрғалиұлы Тасмағамбетовтің** туғанына **65 жыл** (9.12.1956).*
- 10 желтоқсан** **Адам құқықтары күні.***
- 16 желтоқсан** **Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні.***
- 17 желтоқсан** Әдебиет зерттеуші, педагог, филология ғылымдарының докторы, профессор **Темірбек Қожакеевтің** туғанына **95 жыл** (17.12.1926-2003).*
- 20 желтоқсан** **Халықаралық адамдар ынтымақтастығы күні.** Кедейшілікті жоюмен күрес жөніндегі БҰҰ-ның бірінші онжылдығы шеңберінде Бас Ассамблея жыл сайын 20 желтоқсанда Адамдар ынтымақтастығының халықаралық күнін атап өту туралы шешім шығарды.

- 25 жұлдыз** Тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның халыққа білім беру ісіне еңбек сіңірген қайраткер **Жанұзақ Қасымбайұлы Қасымбаевтың** туғанына **80 жыл**(25.12.1941-26.02.2004).*
- 31 желтоқсан** Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасының құрылғанына **90 жыл** (1931).
Қысқы демалыс (28 желтоқсан – 11 қаңтар)*

**Айы мен күні белгісіз 2021 жылы
аталатын даталар**

- Қоғам қайраткері, білім беру үздігі, 1971-1974 жж. Қазақ КСР Оқу министрі болған **Балжан Бөлтірікованың** туғанына **100 жыл** (1921-13.05.1998).*
- Әдіскер-ғалым, бағдарламалар мен оқулықтар авторы **Шайқы Кәрібаевтың** туғанына **110 жыл** (1911-1973).*
- Ұйғыр ақыны, ұйғыр әдебиетінің негізін салушы, педагог **Омар Тоқаұлы Мұхаммадидің** туғанына **115 жыл** (1906-14.03.1931).
- Филолог, Қарағанды мектептерінде көп жылдар мұғалім болған, балалар жазушысы **Генрих Эйхлердің** туғанына **120 жыл** (1901-1953). *Ол туралы орыс тіліндегі күнтізбектен қараңыз.*
- Әдебиеттанушы, орыс тілі оқулығының авторы **Михаил Павлович Баталовтың** туғанына **120 жыл** (1901-1935). *Ол туралы орыс тіліндегі күнтізбектен қараңыз.*
- Қазақ КСР-ның еңбек сіңірген мұғалімі, «Русский язык в казахской школе» журналының бірінші редакторы **Иван Иванович Хмелевскийдің** туғанына **125 жыл** (1896-1968). *Ол туралы орыс тіліндегі күнтізбектен қараңыз.*
- Психолог-ғалым, профессор, психологиялық еңбектер мен мақалалар авторы, Алматы мемлекеттік университетінде психологиядан сабақ берген **Иосиф Лазаревич Стычинскийдің** туғанына **125 жыл** (1896-1996).* *Ол туралы орыс тіліндегі күнтізбектен қараңыз.*
- Педагог-ғалым, Қазақ КСР-ның еңбек сіңірген мұғалімі, Алматыда тұңғыш қазақ орта мектеп-интернатының ұйымдастырушысы және алғашқы директоры **Біләл Аспандияровтың** туғанына **135 жыл** (1886-18.09.1958).*
- Педагог **Әбікей Сәтбаевтың** туғанына **140 жыл** (1881-1939).*
- Ақын, публицист, ұстаз, діни қайраткер **Ғұмар (Омар) Қарашевтің** туғанына **145 жыл** (1876-12.04.1921).*
- Қоғам қайраткері, алғашқы қазақ зиялыларының бірі **Барлыбек Сыртановтың** туғанына **155 жыл** (1866-26.11.1914)

- Ақын, ағартушы, Абайдың шәкірті, өз қаржысынан медресе ашып, бала оқытқан оқымысты молда, қажы **Көкбай Жанатайұлының** туғанына **160 жыл** (1861-1925).
- Тәуіп, ишан, «Қазақ» газетін ұйымдастырушы, қоғам қайраткері, мешіт пен мектепті қатар аштырып, бала оқытқан **Ахмет ишан Оразайұлының** туғанына **160 жыл** (1861-1927).
- Орыс ғалымы, ағартушы, қазақ тарихын, мәдениетін, этнографиясын зерттеуші **Александр Ефимович Алекторовтың** туғанына **160 жыл** (1861-1918).*
- Орыстың шығыстанушысы, фольклоршы, қазақ балаларына арналған оқулықтардың авторы **Александр Васильевич Васильевтің** туғанына **160 жыл** (1861-1934). *Ол туралы орыс тіліндегі күнтізбектен қараңыз.*
- Ақын, Абайдың үлкен ұлы **Ақылбай Абайұлы Құнанбаевтың** туғанына **160 жыл** (1861-1904)
- Ғалым, ағартушы **Дмитрий Львович Ивановтың** туғанына **175 жыл** (1846-1924)
- Ақын, ағартушы **Ақмолла (Муфтахетдин) Мұхамедиярұлының** туғанына **190 жыл** (1831-1895).*
- **Үмбетей жыраудың** туғанына **315 жыл** (1706-1778).*

Қазақстан Республикасы білім саласындағы маңызды оқиғалар

- **180 жыл** бұрын Бөкей ордасында алғашқы орыс-қазақ мектебі ашылды (1841).
- Қазақ КСР халық комиссариаты кеңесінің қаулысы бойынша кәсіптік-техникалық білім беру бөлімі, республика халық комиссариатының кәсіптік-техникалық білім беру бас комитеті болып құрылғанына **100 жыл** (1921).
- Қазақстанда сауатсыздықты жою жөнінде алғашқы құрылған комиссияға **100 жыл** (1921).
- **100 жыл** бұрын Орынбор, Ташкент, Семей қалаларында 4 жылдық оқу мерзімі бар халық ағарту практикалық институттары ашылды (1921).
- **100 жыл** бұрын ағарту ісі жайлы бірінші бүкілқазақстандық конференция өтті, онда оқу мен еңбек мектебін ұйымдастыру жайлы қаралды (1921).
- Алматы медицина институтының (қазіргі С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті) құрылғанына **90 жыл** (1931).
- **75 жыл** бұрын КСРО Министрлер Кеңесі «Қолөнер, теміржол училищелері мен ФЗО мектептерінде жұмысшы резервтерін даярлау және жұмысшылардың санын көбейту туралы» қаулы қабылдады (1946).
- Қостанай қаласындағы индустриалды-педагогикалық техникумның (қазіргі кезде колледж) құрылғанына **55 жыл** (1966).
- Жезқазған педагогикалық училищесінің (қазіргі кезде колледж) құрылғанына **55 жыл** (1966).

- Есік педагогикалық училищесінің құрылғанына **55 жыл** (1966).
- Қарағанды педагогикалық училищесінің (қазіргі кезде колледж) құрылғанына **45 жыл** (1976).

АТАУЛЫ ДАТАЛАРҒА ҚЫСҚАША АНЫҚТАМА ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТЕР

Жаңа жыл

Жаңа жыл - әлемнің көптеген халықтары тойлайтын ортақ мереке. Алайда, оның шығу тарихын әр халық өзінен бастағысы келеді. Тарихи деректер Жаңа жыл мерекесінің біздің заманымызға дейінгі үшінші мыңжылдықта өмір сүрген Мессопотамия халқы арасында тойланғанын мәлім етеді. Мамандар 1 қаңтарда тойланатын Жаңа жыл мерекесінің христиандардікі емес деп уәж айтады. Өйткені, осыдан бес мың жыл бұрын мерекенің тарихы басталған кезде христиан діні болмаған да еді. Мұсылмандардың кейбірі діни сеніміне байланысты Жаңа жылды тойламайды. Сауд Арабиясында желтоқсанның 31-інен қаңтардың 1-іне қараған түні Жаңа жылды тойласа, жауапқа тартылады екен.

Ал, 1699 жылы Ресей патшасы І Петр Григориан күнтізбесін қолданысқа енгізген. Патшаның әмірімен жыл басы қаңтардың 1-і болып белгіленіп, қол астындағы елге мерекені ерекше жағдайда тойлауды бұйырады. Католик дінін ұстанатын еуропалықтар үшін Жаңа жылдың маңыздылығы 25 желтоқсанда тойланатын Рождество мерекесінен көп төмен.

Біз үшін ең қызығы, көпұлтты мерекенің әр елде әрқалай тойлануы болып отыр. Мәселен, Шотландия мен Уэлсте жылдың соңғы секундында есікті кеңірек ашып, ескі жылды «шығарып» жіберіп, Жаңа жылды «кіргізіп» алатын дәстүр бар екен. Үндістанның әр ауданында Жаңа жылды әр уақытта, қыркүйектен наурызға дейін қарсы алады. Мереке құрметіне ұшырылған көлемі өте үлкен, түрлі-түсті батпырауықты екі мерген садақпен атады. Бір оқтың басындағы оттан батпырауық жанған кезде той салтанаты басталады.

Бір қызығы, кезінде Ресейге І Петрдің жарлығымен енгізілген 1 қаңтарда аталып өтетін Жаңа жыл мейрамын көп халықтар мойындамайды да. Олар үшін 1 қаңтар әлем бойынша жаңа жыл басталатын ресми күн ғана екендігі аңғарылады.

Қазақстанда да әр жылдың бірінші қаңтарына қараған түні Жаңа Жыл мерекесі тойланады. Халқымыз осы күні мол дастархан дайындап, шыршасын құрып, отшашуын жағып, мерекелеп, Президенттің жаңажылдық құттықтауын күтіп отырады.

Төменгі сынып оқушыларына арнап «Жаңа жылдық мереке» ертеңгілік, ал жоғары сыныптар үшін «Жарқыра жалындай түс, көгілдір от!» атты жаңа жылдық кеш, «Әлемде Жаңа жылды қалай қарсы алады» деген тақырыпта

тәрбие сағатын, оқушылардың өздері жасаған жаңа жылдық костюмдерінің көрсетілімін, т.б. қызықты шаралар өткізуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Бакова Г. Жаңа жылым, қош келдің!:[жаңа жыл мерекесі] / Г. Бакова // Бала тәрбиесі. - 2016. - № 1. - 23-25 б.

Байкенова М. Жаңа жыл жарқыра!:[мерекелік кеш] / М.Байкенова, Ж.Бөкенова //Мектептегі мерекелер. – 2018. - № 2. – 32-35 б.

Досжанова Ж.Т. Қош келдің, Жаңа жыл! (5-6 сыныптың оқушыларына арналған жаңа жылдық бағдарлама) / Ж. Т. Досжанова //Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. - 2016. - № 12. - 46-48 б.

Ешимкулов Ж. Жаңа жыл ертегілері /Ж.Ешимкулов //Мектептегі мерекелер. – 2018. - № 12. – 40-43 б.

Жолмұхамбетова В. Қош келдің Жаңа жыл / В.Жолмұхамбетова // Мектептегі мерекелер. – 2018. - № 11. – 30-33 б.

Жұмғанбетова Ж. «Бала сұлтан – 2017»: [2-3 сынып оқушыларына арналған сайыс] / Ж. Жұмғанбетова //Мектеп - 45 минут. - 2017. - № 4. - 25-26 б.

Измагамбетова З. Жаңа жылдық бағдарлама /З.Измагамбетова //Мектептегі мерекелер. – 2018. - № 1. – 28-30 б.

Мұратбек Ж.М. Жаңа бақыт - жаңа нұр: [5-7 сынып оқушыларына арналған жаңа жыл кеші] / Ж. М. Мұратбек //Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. - 2015. - № 12. - 44-45 б.

Назық Б. Қыс қызығы: [қыс мезгілін сипаттау] /Б.Назық //Бала тәрбиесі. – 2018. - № 1. – 3-4 б.

Нәрекова Ж. Жасыл шырша жанында: [жаңа жылдық ертеңгілік] /Ж.Нәрекова, К.Танатова //Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2018. - № 12. – 57-60 б.

Нұрбаева Б. Жасыл шырша шақырады:[жаңа жылға арналған мереке] / Б. Нұрбаева // Ұлағат. - 2014. - № 5. - 89-94 б.

Тасбулатова С. Жаңа жыл, жарылқа: [жаңа жылдық ертеңгілік] /С.Тасбулатова //Мектептегі мерекелер. – 2018. - № 1. – 27-28 б.

Тіленбаева Қ. Жасыл шырша жанында: мерекелік кеш //Мектептегі мерекелер. – 2019. - № 12. – 32-35 б.

Утеева Д. Жасыл шырша жанында: [жаңа жылдық мереке] /Д.Утеева // Бала тәрбиесі. – 2018. - № 12. – 40-41 б.

Қаңтар Ұйғыртанушы, филология ғылымдарының докторы,
1 жұлдыз профессор **Мұратбек Кәрімұлы Хамраевтың** туғанына
85 жыл (1.01.1936-14.02.1983)

Хамраев Мұратбек Кәрімұлы 1936 жылы 1 қаңтарда Алматы қаласында дүниеге келді. 1959 жылы Ташкенттегі Орта Азия Мемлекеттік университетінің ұйғыр бөлімін үздік бітірді. Арада бір жарым жыл өткен соң кандидаттық диссертация қорғап, үш жылдан соң ғылым докторы атанды.

1963-1975 жж. Қазақ КСР Ғылым Академиясының әдебиет және өнер институтында кіші, аға ғылыми қызметкер, 1975-1976 жж. Қазақ КСР Оқу министрлігінің Педагогикалық ғылымдар ғылыми-зерттеу институты (қазіргі Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясы) директорының орынбасары, 1976-1983 жж. Өзбек КСР Оқу министрлігінің Педагогикалық ғылымдар ғылыми-зерттеу институтында директор болып қызмет істеді.

М.Хамраев 30-ға тарта кітаптың, 300-ден астам ғылыми мақаланың авторы. Олардың көпшілігінде тұңғыш рет түркі тектес халықтар әдебиеті теориясының өзекті мәселелері қозғалды, ұйғыр әдебиетінің көне дәуірден бүгінге дейінгі даму жолы сараланды, ұйғыр мәдениетінің бастау көздері мен қазіргі жай-күйі зерттелді, педагогика ғылымдарының келелі мәселелері сөз болды.

1963 жылы М.Хамраевтың «Түркі өлеңі құрылысының негіздері» атты алғашқы монографиялық зерттеуі жарық көрді.

Ол «Теория, тарих, шеберлік», «Мәңгі өлмейтін сөз», «Ұйғыр мәдениетінің гүлденуі» т.б. еңбектерін жазды.

1970 жылы оған ғылым мен техника саласы бойынша Бүкілодақтық Ленин комсомолы сыйлығы және КСРО Педагогикалық ғылымдар академиясының К.Д.Ушинский атындағы сыйлығы лауреаты атағы берілді. Еңбек қызыл Ту орденімен, «Тың жерлерді игергені үшін», «Еңбектегі ерлігі үшін» медальдарымен және КСРО Жоғарғы Кеңесінің Грамотасымен марапатталды. 1978 жылы ол КСРО педагогика ғылымдары академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Хамраев М. Ұйғыр халқи мәдәнийетиниң гуллиниши /М.Хамраев . – Алмута: Қазақстан, 1972. – 256 б.

Хамраев М. Әдәбият, мәктәп вә педагогика /М.Хамраев. - Алмута: Мектеп,1985.– 304 б.

Хамраев М.К. Әдәбият шунасли терминлариниң луғити /М.Хамраев. - Алмута: Мектеп, 1974. – 240 б.

Хамраев М. Абай көзумниң каричуги (таллапма шеирлер) шеирларни талап рәтлигучи: Филология пәнлириниң докторы М.Хамраев. - Алмута: жазушы, 1992. – 112 б.

Хамраев М.К. Бехит учун курәшкучиләр /М.Хамраев.- Алмута: Қазақстан, 1970.- 136 б.

Ұйғыр теңишмақлири: Топлигучилар /М.Әлиева, М.Хамраев, З.Қахаров. - Алмута: Жазушы, 1966. – 195 б.

Ол туралы:

Хамраев Мұратбек Кәрімұлы //Қазақ ССР. Қысқаша энциклопедия. Т.3. –Алматы, 1988. – 562 б.

Хамраев Мұрат //Қазақстан жазушылары: XX ғасыр. Анықтамалық. - Алматы: Ана тілі, 2004. – 392 б.

Исмайлов Р. Халқының сүйікті ұлы еді: [М.Хамраев жайлы] /Р.Исмайлов //Білім және еңбек. – 1988. - № 5. – 10-11 б.

Қаңтар Ақын, жазушы, педагогика ғылымдарының докторы
2 жұлдыз **Әдібай Табылдиевтың** туғанына **95 жыл** (2.01.1926).

Табылдиев Әдібай 1926 ж. 2 қаңтарда Жамбыл облысы, Тұрар Рысқұлов ауданы «Жаңа тұрмыс» ауылында дүниеге келген. 1944-1968 жж. ауыл мектептерінде пионервожатый, оқытушы, оқу ісінің меңгерушісі болды, 1948 жылы Жамбыл қаласындағы (қазіргі Тараз қаласы) Абай атындағы педагогикалық училищені бітірген. 1955 жылы Абай атындағы ҚазПИ-ді (қазіргі ҚазҰПУ) бітірген.

1950-1957 жж. мектеп директоры, 1968-1972 жж. «Қазақ совет энциклопедиясының» Бас редакциясында педагогика, тіл-әдебиет редакцияларының меңгерушісі, 1980-1995 жж. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті педагогика кафедрасының оқытушысы, доценті болып, 2005 жылдан профессор қызметін атқарып, жалпы педагогика және этностық педагогика кафедрасында этнопедагогика, педагогика және оқыту-тәрбиелеу әдістемелері бойынша дәріс берді.

2004 жылы «Қазақ этнопедагогикасының негіздері» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады. Оның ғылыми-әдістемелік еңбектері мектеп оқушылары мен жоғары оқу орындарының студенттерін тәрбиелеу және оқыту, этнопедагогикалық мәселесіне арналған.

1959 жылы жарық көрген «Бөбекке сөз» кітабынан бастап 2001 жылғы «Қайырлы таң, балалар» атты таңдамалы жинағына дейін балаларға арналған 31 кітап шығарды. Үлкендерге арналған: «Ана – жүрек», «Жырлайды жүрек», «Қой бағу оңай ма?», «Мен кімін, білесің бе?», «Жыр өмір» кітаптары жарық көрді. Көптеген ертегі пьесалары республикалық қуыршақ театрында қойылды. «Ұлттық тәрбие иірімдері», «Қазақ этнопедагогикасы», «Қазақ этнопедагогикасын оқытудың әдістемесі», «Қазақ этнопедагогикасындағы құқық тәрбиесі» атты оқу құралдары шыққан. «Әдеп әліппесі» атты оқу құралы қазақ мектептерінде жеке пән ретінде, тәрбие құралы ретінде кеңінен пайдаланылады. Ғалымның «Халық тағылымы», «Тағылым», «Қазақ этнопедагогикасының методологиясы мен мәдениеттану мәселелері» т.б. ғылыми-монографиялық еңбектерін жоғары мектеп оқушылары оқу-тәрбие ісіне пайдаланып жүр.

Ы.Алтынсарин атындағы сыйлықтың иегері болды. Қазақ КСР-і және КСРО Білім беру ісінің үздігі, Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері, бірнеше медальдар мен құрмет грамоталарының иегері.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Табылды Ә. Мектеп сахнасы: [мектеп сахнасына арнап жазылған скетчтер, пьесалар, қойылымдар, интермедиялар] / Ә.Табылды . – Алматы: Орнак, 2013. – 336 б.

Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы: оқу құралы /Ә.Табылдиев. - Алматы:Санат, 2001. – 320 б.

Табылдиев Ә. Әдеп әліппесі: 1-4 сыныпқа арналған оқу құралы /Ә.Табылдиев. - Алматы: Рауан, 1997. – 150 б.

Табылдиев Ә. Тәрбие өрнектері /Ә.Табылдиев. - Алматы: Мектеп, 1989. – 144 б.

Табылдиев Ә. Халық тағылымы: Жаңылтпаш, санамақ, жұмбақ, мақал, мәтел, терме /Ә.Табылдиев. - Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 200 б.

Табылдиев Ә. Әдеп және жантану: Ұлттық тәлім-тәрбие /Ә.Табылдиев. - Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1994. – 143 б.

Табылдиев Ә. Көңілді кештер: репертуарлық постановка, ертегі-пьесалар, инсценировкалар жинағы /Ә.Табылдиев. - Алматы: Мектеп, 1971. – 100 б.

Табылды Ә. Қайырлы таң, балалар!: таңдамалы өлеңдер жинағы /Ә.Табылдиев. - Алматы: Әл-Фараби, 2000. – 296 б.

Табылдиев Ә. Ұлттық тәрбие иірімдері /Ә.Табылдиев. - Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 91 б.

* * *

Табылды Ә. Өзіңсің елім, тірегім: [өлең] / Ә.Табылды // Алаш айнасы. – 2013. – 13 желтоқсан.

Табылды Ә. Ұлттық тіл – тәрбие құралы /Ә.Табылды //Қазақстан мұғалімі. – 2013. – 29 қараша.

Табылдиев Ә. Мектептің қазіргі жағдайы мен болашағы толғандырады /Ә.Табылдиев //Алматы ақшамы. – 1997. – 27 қазан.

Табылдиев Ә. Ұлттық педагогиканың қайнар бұлағы /Ә.Табылдиев //Отбасы және балабақша. – 1997. - № 1-3. – 44-47 б.

Табылдиев Ә. Халықтық тәрбиенің қайнар бұлағы: мектепке дейінгі педагогика/Ә.Табылдиев//Отбасы және балабақша.– 1997.- № 10-12.– 23-25 б.

Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы - ұлттық мәдениеттің негізі /Ә.Табылдиев //Қазақстан мектебі. – 1999. – №10. – 34-36 б.

Ол туралы:

Әдібай Табылдиев: Биобиблиографиялық көрсеткіш /құраст.: А.Б.Қоразова. - Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 39 б.

Әдібай Табылдиев //Ахметов Ш. Қазақ совет балалар әдебиеті. - Алматы: Мектеп, 1976. – 147-148 б.

Табылды Әдібай //Қазақстан жазушылары: XX ғасыр. Анықтамалық. - Алматы: Ана тілі. – 2004. – 296 б.

Табылдиев Әдібай //Советтік Қазақстан жазушылары: биобиблиографиялық анықтамалық. - Алматы: 1987. – 594-595 б.

Табылдиев Әдібай //Қазақ ССР. Қысқаша энциклопедия. Т.4. – Алматы, 1989. – 683 б.

Табылбиев Әдібай //Қазақ әдебиеті: Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна, 2005. – 490 б.

Панзабеков К. Әдібай Табылдиев – ғылым докторы /К.Панзабеков //Қазақстан мұғалімі. – 2004. – 15 желтоқсан.

Ақпан Қазақ поэзиясының алыбы, ұлы жыршы **Жамбыл**
16 (28) жұлдыз **Жабаевтың** туғанына **175 жыл** (1846-1945).

Жамбыл Жабаев 1846 жылы ақпан айында осы күнгі Алматы облысы Жамбыл ауданында Ыстыбай баласы Жабаның отбасында туған.

16 жасының өзінде-ақ ол қазақ даласына белгілі болды. Оның қазақ, қырғыз ақындарымен айтысы қазақтың халық ауыз әдебиетінің алтын қорына енді.

Жамбылдың балалық, жастық, бозбалалық, карттық шақтары XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас шенінде өтті. Ұлы ақынның Қазан төңкерісіне дейінгі өлең жырларында байлар мен билерді, олардың сойқандық қылықтарын әшкерелеп, жарлы-жақыбайлардың мұң-мұқтажын жырлады.

Қазақ төңкерісіне дейінгі айтыстары мен өлеңдерінің көбісі дерлік сақталмаған. Тек ұрпақтан ұрпаққа, ауыздан ауызға көшкен бөлігі ғана бізге келіп жетті.

Ж.Жабаев 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысқа белсене атсалысқан ақын. Ол өзінің өлеңдерімен халық рухын көтеріп, ел-жұртты жігерлендіруге үндеді.

1917 жылы Қазан төңкерісі болып, жаңа заман орнағанда Жамбылдың жасы 70-тен асқан болатын. Ол әр құбылысқа өлеңімен үн қосып, жаңалықтарды шалқыған шабытпен жырлады.

1919 ж. Жамбыл Жетісу ақындарының слетіне қатысты. 1934 жылғы өнер шеберлерінің I-республикалық съезінде Жамбыл өзінің шынайы халық ақыны екенін танытты, тоқсандағы ақынның тасқынды өлеңдері қазақ поэзиясын тағы бір биік шыңға көтерді. 1936 жылы Мәскеудегі қазақ көркемөнерінің декадасына қатысты. Сөйтіп, ол Бүкілодақтық ұлы импровизатор-интернационалист ақын атанды.

Ұлы Отан соғысы жылдары Жамбыл жырлары халықты жеңіске жігерлендірді. Мәселен оның «Ленинградтық өренім» өлеңі қоршаудағы қала қорғаушыларына үлкен рух, сенімді серпін берді.

Ақынның 100 және 125 жылдық мерейтойлары одақ көлемінде аталды. Жүз жасаған ұлы жыршы XX ғасырдың Гомері деген атпен халық жүрегінде мәңгі қалды. Ақынның туғанына 150 жыл толуы ЮНЕСКО шешімі бойынша әлемдік деңгейде мерекеленді.

Ақынның еңбегі жоғары бағаланып, Ленин, «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталды.

Қазақстандағы бірқатар арнаулы оқу орындары, Республикалық жасөспірімдер кітапханасы Ж.Жабаевтың есімімен аталады, сонымен қатар Қазақстанның көптеген қалалары мен селоларында Ж.Жабаевтың атындағы көше бар.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Жамбыл. Таңдамалы шығармалар: [екі томдық] /Жамбыл Жабаев; құраст. Н.Айтов ж.б. - Алматы: Ғылым

Т.1. – 1996. – 310 б.

Т.2. – 1996. – 382 б.

Жамбыл. Балаларға: Өлеңдер /Жамбыл. Алматы : Жалын, 1980. – 17 б.

Жабаев Ж. Ел қадірін біл, балам: Шығармалар, естеліктер, күнделіктер жинағы /Жамбыл /құраст. Н.Төрөкұл. - Алматы: Жалын, 1996.–542 б.

Жамбыл. Жүз жасаған жүректен. Өлеңдер /Жамбыл. - Алматы: Балауса, 1996. – 23 б.

Жамбыл. Одақ /Жамбыл. - Алматы: Жалын, 1983. – 8 б.

Жамбыл Жабаев. Өлеңдер, айтыстар, дастандар / құрастырған, алғы сөзін жазған С.Садарбаев /Жамбыл. - Алматы: Мектеп, 1989. – 144 б.

Жамбыл. Өсиет; Жалғызбын деп жүрмесін: [өлеңдер] /Жамбыл //Қазақстан мектебі. - №2 (мұқаба және 3 бет).

Жамбыл. Ұлы заң: [өлеңдер] /Жамбыл. - Алматы:Жазушы, 1983. – 96 б.

Жамбыл. Менің өмірім:[өлең] /Жамбыл //Қазақстан мектебі. – 1996. - № 2.

Ол туралы:

Дастан ата: [Ж.Жабаев туралы естеліктер]. - Алматы:Жазушы, 1989. – 416 б. (Жайсаң жандар).

Жамбыл Жабаев (1846-1945 жж..) //Қазақтар: Көпшілікке арналған 9 томдық анықтамалық. Т.2. Тарихи тұлғалар. – Алматы, 1998. - 127-128 б.

Жамбыл Жабаев //Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. Т.3. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2001. – 507-510 б.

Жамбыл Жабаев //Қазақ әдебиеті: Энциклопедия. – Алматы: Білік, 1999. – 244-245 б.

Жамбыл //Қазақстан жазушылары: XX ғасыр: Анықтамалық. – Алматы: Ана тілі, 2004. – 392 б.

Жамбыл менің жай атым... [Жамбыл туралы естеліктер] /құраст. Н.Төрөкұлов. - Алматы:Санат, 1996. – 224 б.

Жолдасбеков М. Жүз жыл жырлаған жүрек:[Ж.Жабаев творчествосын зерттеу]. - Алматы: Жазушы, 1992. – 317 б.

Жыр тәңірі:[өлеңдер жинағы] /құраст. Ғ.Қайырбеков. - Алматы: Өнер, 1996. – 158 б.

Заманының айнымас айнасы. Жамбыл Жабаев (1846-1945 жж.) //Дала даналары. – Алматы: Қазақстан даму институты, 2001. – 640 б.

Нұршайықов Ә. Жамбылға хат: Әскери естеліктер. - Алматы:Атамұра, 1996. – 143 б.

Сұртайұлы Т. Абыз ақын: Деректі хикаят:[Ж.Жабаевтың өмірі мен жырларының қалай туғаны жайында]. - Алматы: Ана тілі, 1996. – 208 б.

Төрөкұл Н. Алатау асарында жыр асырған: [жыр алыбы Жамбыл жайында ғұмырнамалық эссе] //Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым Академиясының М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты. - Алматы: Ғылым, 1996. – 319 б.

Ұлы жыршы туралы ұлағат: [Ж.Жабаев жайында] /құраст. М.Сүндетов. - Алматы: Ана тілі, 1996. – 79 б.

Ысмайылов Е. Жамбыл және халық ақындары /кұраст. Қ.Сейдеханов. - Алматы: Санат, 1996. – 239 б.

* * *

Алыбаева С. Жамбыл - жыр алыбы:[Жамбыл Жабаевтың туған күніне арналған тәрбие сағаты] / С. Алыбаева //Тәрбие жұмысы: мектепте және мектептен тыс мекемелерде. - 2013. - № 2. - 23-24 б.

Байболова Ж. Өлең сөздің даңғылы – бар қазақтың Жамбылы / Ж.Байболова //Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2006. - № 6. – 26-29 б.

Байжан К. Дүлдүл жырдың бұлбұл жыршысы. Ақын ұрпақтары Жәкеннің 165 жылдығын дүркіретіп өткізді /К. Байжан // Егемен Қазақстан. - 2011. - 1 наурыз.

Дәмдібаева Б. Ж.Жабаев: «Жаныс ақынға»:[ақынның өмірі туралы мағлұмат беру.Ақын өлеңінің мағанасын ашу] / Б. Дәмдібаева //Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл. - 2012.- № 9. - 13-б .

Әбділдаұлы О. Жүз жыл жырлаған жүрек: (28 ақпан - жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың туған күні) /О.Әбділдаұлы //Заң газеті. – 2005. – 25 ақпан.

Жамбыл және халық ақындары: [Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің профессоры Бекен Ыбырайыммен осы университетте ашылған Жамбылтану және халық ақындары ғылыми-зерттеу институты туралы] // Қазақ әдебиеті. - 2012. - 24 ақпан - 1 наурыз.

Жаналиева М. Жамбыл және бүгінгі ұрпақ: [Қызылорда қ. № 172 мектептің кітапханасында Ж.Жабаевтың жырын насихаттау туралы] М.Жаналиева //Мектептегі кітапхана. – 2006. - № 4. – 10-11 б.

Кубайдарова Ж. Ұлы Отан соғысы жылдардағы қазақ балалар әдебиеті / Ж. Кубайдарова // Қазақ тілі мен әдебиеті орта мектепте. - 2011. - № 10. - 10-12 б.

Қалижан У. Абыз: [Жамбыл Жабаевтың шығармашылығы туралы] / У. Қалижан // Жетісу. - 2012. - 3 наурыз.

Қапалбекұлы Н. Ұлылар үндестігі: [Жамбыл Жабаевтың туғанына 161 жыл толу қарсаңында] /Н.Қапалбекұлы //Президент және халық. – 2007. – 23 ақпан.

Қасқабаяев С. XX ғасырдың ұлы жырауы: [ұлы ақын Жамбыл Жабаев туралы] /С.Қасқабаяев //Егемен Қазақстан. – 2007. – 28 ақпан.

Құдайбергенова М. «Жүз жыл жырлаған жүрек»:[жыр алыбы Жамбылдың шығармашылығын оқыту] /М. Құдайбергенова // Қазақ тілі мен әдебиеті орта мектепте. - 2013. - № 4. - 24-б.

Махамбетиярова К. Ж.Жабаев: менің өмірім /К. Махамбетиярова // Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл. - 2012. - № 10. - 26-б.

Нахметова А.М. Қазақ әдебиеті (5 сынып. Ж.Жабаев) / А. М. Нахметова // Средняя школа Казахстана=Қазақстан орта мектебі. - 2012. - № 9. - 27-30 б.

Садырбайұлы С. Аты аңызға айналған алып: [Жамбыл Жабаев туралы өзге ұлт жазушыларының, қазақ қаламгерлерінің естеліктері] /С.Садырбайұлы //Егемен Қазақстан. – 2001. – 27 ақпан

Тебегенова А. Жамбыл - қазақ тұрмысының жыршысы:[Жамбыл Жабаев шығармалары] /А.Тебегенова //Ұлт тағылымы. – 2000. - № 6. – 75-80 б.

Тұрысбек Р. Өмірі өрнекті өнері өрісті: [Жамбыл-165] / Р. Тұрысбек // Егемен Қазақстан. - 2011. - 26 ақпан.

Ыбырайым Б. Жамбыл туралы бірер ауыз сөз: [Жамбыл Жабаев туралы] / Б. Ыбырайым //Мәдени мұра=Культурное наследие. - 2012. - № 6. - 44-49 б.

Ақпан 19 жұлдыз Азамат соғысының ардагері, белгілі ғалым-педагог **Шарафи Есмұханұлы Әлжановтың** туғанына **120 жыл** (19.02.1901-1937).

Әлжанов Шарафи Есмұханұлы 1901 жылы 19 ақпанда бұрынғы Көкшетау облысының Еңбекшілдер ауданында дүниеге келген.

1918 ж. Шортандыдағы бастауыш училищені бітірген. 1920 жылы Қызыл Армия қатарында, 1922 жылы Ақмола уезі атқару комитетінің төрағасының орынбасары, 1924 ж. уездік милиция бастығы, 1925 жылы Орынборда әскери мектептің оқытушысы болды. 1925 жылы Мәскеудегі әскери-педагогикалық курста оқиды, 1932 жылы сондағы Ұлттар ағарту институтының педагогика мамандығы бойынша аспирантурасын бітірді. Ол 1932-1938 жылдары Абай атындағы Қазақ педагогикалық институты педагогика кафедрасының меңгерушісі және педагогика факультетінің деканы қызметін атқарды. 1934 жылы оған профессор атағы беріледі. Осы қызметіне қоса ол Қазақ АҚСР Оқу халық комиссариатына қарасты мектеп ғылыми-зерттеу институтының директорлығына тағайындалды.

Педагог Ш.Әлжанов өзінің қысқа өмірінде жоғары білімді мамандарды әсіресе ұлт кадрларын дайындауға зор мән берді.

Сонымен қатар көптеген педагогикалық-психологиялық ғылыми еңбектердің авторы. Мәселен «Ауыл мектептерін политехникаландыру жолдары», «Ұлт мектептері қазіргі кезеңде», «Абайдың педагогика туралы көзқарасы», «Ес және есте қалдыру мәселелері», «Ой мәселелері» т.б. еңбектер жазды. Өз еңбектерінде бастауыш, орта және жоғары мектептердің Қазақстан дамуына сәйкес мақсат-міндетін, ұйымдастыру мен басқару мәселелерін ғылыми негізде қарастырды.

Ш.Әлжанов «халық жауы» деген жаламен ұсталып, КСРО Жоғары соты әскери коллегиясы жылжымалы сессиясының 10.11.1938 ж. Үкімімен атылды. КСРО Жоғары соты әскери алқасының 30.07.1959 ж. шешімімен ақталды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Әлжанов Ш. Ауыл мектептерін политехникаландыру жолдары. - Қазақстандағы ұлттық мәдениет проблемалары және ғылыми-зерттеу педагогика институтының алдындағы кезекті міндеттері. – Абайдың

педагогикалық көзқарасы /Ш.Әлжанов //Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. Т.2. (XX ғасырдың 20-жылдарынан 1995 жылға дейінгі кезең). – Алматы, 1998. – 230-235 б.

Әлжанов Ш. Ес және есте қалдыру мәселелері. Ой мәселелері. Дағдылану мәселелері /Ш.Әлжанов //Халық ағарту қызметкерлерінің білімін көтеру жайында басты материалдардың жинағы. - Қызылорда, 1936. – 88-95 б.

Әлжанов Ш. Ауыл мектептерін политехникаландыру жолдары /Ш.Әлжанов. - Қызылорда: Қазбас, 1934. – 31 б.

Әлжанов Ш. Маркс-Ленин педагогика хрестоматиясы /Ш.Әлжанов. - Қызылорда: Қазбас, 1935. 1 кітап – 114 б.; 2 кітап – 147 б.

Ол туралы:

Әлжанов Ш.Е. //Қазақ ССР: Қысқаша энциклопедия.- Т.3.- Алматы, 1988.-108 б.

Әлжанов Шарафи Есмұханұлы //Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. Т.1. Алматы, 1998. – 668 б.

Әлжанов Ш.Е. //Мадин Б. Қазақстанда совет дәуіріндегі педагогикалық ой-пікірдің дамуы. – Алматы, 1979. – 9-11 б.

Шарапи Әлжанов (1901-1938) //Калиев С. Қазақ этнопедагогикасының тарихы (Кеңестік дәуір - 1920-1999). – Алматы, 1999. – 91-94 б.

Шарапи Әлжанов (1901-1937) //Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. 2-ші том (XX ғасырдың 20-жылдарынан 1995 жылға дейінгі кезең). – Алматы, 1998. – 229-230 б.

Шарапи Әлжанов //Жарықбаев Қ. Қазақ психологиясының тарихы. – Алматы, 1996. – 131-133 б.

Әлжанов Шарафи Есмұханұлы //Қазақстандағы білім мен педагогиканың даму тарихы (VI-XX ғғ.) II бөлім. Библиографиялық әдебиеттер көрсеткіші. - Алматы: Зият Пресс, 2004. – 14-15 б.

Алтынбекова М. Көрнекті ғалым, абзал азамат: [қазақтың педагогика ғылымдары саласындағы алғашқы докторы Шарафи Әлжанов туралы] /М.Алтынбекова, Қ.Жарықбаев //Қазақстан мұғалімі. – 1968. – 18 шілде.

Жарықбаев Қ. Комиссар. Ұстаз. Профессор: [Шарафи Әлжанов туралы] /Қ.Жарықбаев //Оңтүстік Қазақстан.- 1970. – 20 наурыз.

Жарықбаев Қ. Ғибраты мол ғалым еді: [қазақ педагогикасының алғашқы профессорының бірі – Шарапи Әлжанов (1901-1938)] /Қ.Жарықбаев // Алматы ақшамы. – 2001. – 23 қазан.

Нұрланова В.С. Шарапи Әлжановтың мұраларындағы тәрбие мәселелері:[Қазақ педагогика ғылымының тұңғыш профессоры Ш.Әлжанов жайлы] / В. С. Нұрланова // Педагогика және өнер=Педагогика и искусство. - 2011. - № 5. - 14-18 б.

Наурыз Техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан
1 жұлдыз Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының және
Халықаралық инженерлік академияның академигі, ҚазМУ-
дің ректоры (1970-1986), **Өмірбек Арысланұлы**
Жолдасбековтың туғанына **90 жыл** (1.03.1931-23.07.1999)

Жолдасбеков Өмірбек Арысланұлы 1931 жылы 1 наурызда Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент ауданы (қазіргі Сайрам ауданы), Қызылсу ауылында туған. 1954 ж. М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу университетінің механика-математика факультетін бітіргеннен кейін, Шымкент қаласындағы Қазақ технология институтының математика және механика кафедрасының оқытушысы, аға оқытушы, механика факультетінің деканы болып жұмыс істеді. 1961 ж. Мәскеу тоқыма институтының аспирантурасын бітіріп, осы институттың оқытушысы болып жұмыс істеуге қалдырылды. 1962-1964 жж. Қазақ политехника институтының доценті, кафедра меңгерушісі, деканы 1970 жылға дейін оқу жұмысы жөніндегі проректоры болып қызмет атқарды.

1970-1986 жж. С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті) ректоры, 1986 жылдан - Ұлттық Ғылым академиясының механика және машинатану институтының директоры болды. 1991 ж. Ө.А.Жолдасбеков дүние жүзі мойындаған ғалым ретінде Халықаралық инженерлік академияның вице-президенті болып сайланды. 1993 ж. Ислам елдері инженерлік академиялары федерациясының вице-президенті, 1997 ж. Америка инженер-механиктер қоғамының мүшесі болып сайланды. Қазақстан Республикасы Инженерлік академиясының негізін қалап, оның тұңғыш президенті болды.

400-ден астам ғылыми еңбектің авторы, оның ішінде 18 монография, 30 оқу құралы, 120 авторлық куәлік пен шетелдік патенттің авторы. Ол машинатану жөніндегі тұңғыш қазақ терминологиясын жасады, механизмдер мен машиналар теориясы туралы және университеттер мен жоғары оқу орындары үшін теориялық механика жөнінде қазақ тілінде тұңғыш оқулықтар жазды.

Ө.А.Жолдасбеков 24 ғылым докторы және 90-нан астам ғылым кандидаттарын дайындады.

Ө.А.Жолдасбеков Қазақстанның еңбек сіңірген ғылыми қайраткері, Республика Жоғары Кеңесіне алты рет депутат болып сайланды, 1996 жылдан өмірінің соңына дейін Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, әрі ондағы Әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі комитет төрағасы болды.

Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Ленин орденімен, 2 рет Еңбек Қызыл Ту орденімен, көптеген медальдармен, оның ішінде Халықаралық және Ресейлік ғылыми-инженерлік бірлестіктердің Г.В.Шухов атындағы алтын медалімен, Халықаралық инженерлік академияның күміс медалімен марапатталған.

Механика және машинатану институтына, ҚазҰУ қалашығындағы Студенттер сарайына, университет мұражайына, сондай-ақ, Алматы және Шымкент қалаларындағы көшелерге Ө.А.Жолдасбеков есімі берілген.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Жолдасбеков Ө.А. Машиналар механизмдерінің теориясы: Мемлекеттік университеттер мен жоғары техникалық оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық /Ө.А.Жолдасбеков. - Алматы: Мектеп, 1979. - 424 б.

Жолдасбеков Ө.А. Тербелістер табиғаты /Ө.А.Жолдасбеков, Е.Рақымов. – Алматы: Қазақстан, 1980. – 112 б.

Жолдасбеков Ө.А. Теориялық механика, Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқу құралы /Ө.А.Жолдасбеков, М.Н.Сагитов. – Алматы:Рауан, 1992. – 288 б.

Жолдасбеков Ө.А. Дамудың бір кілті инженерлік ғылымда: [Инженерлік академияның қазақ бөлімінің Президенті Ө.А.Жолдасбековпен әңгіме] /әңгімелескен Б.Төлетаев //Зерде. – 1992. - № 2. – 1-4 б.

Жолдасбеков Ө. «...астарында қиянаттың барын аңғара бермейді» /Ө.Жолдасбеков //Заң газеті. – 1997. – 14 желтоқсан.

Жолдасбеков Ө. Егемендік жолындағы арпалыс /Ө.Жолдасбеков //Заң газеті. – 1996. – 4 желтоқсан.

Жолдасбеков Ө. Егемендік жолындағы тар жол, тайғақ кешу /Ө.Жолдасбеков //Егемен Қазақстан. – 1996. – 13 желтоқсан.

Жолдасбеков Ө. ХХІ ғасыр – жаңа технологиялар ғасыры: [Академик Ө.Жолдасбековпен әңгіме] /әңгімелескен М.Төлепберген //Егемен Қазақстан. – 1996. – 28 ақпан.

Жолдасбеков Ө.А. «Қиындық айтуды емес, шешуді қажет етеді»: [Қазақстан Республикасы Инженерлер академиясының президенті Ө.А.Жолдасбековпен әңгіме] /әңгімелескен Р.Үркімбаев //Егемен Қазақстан. – 1996. – 2 қараша.

Жолдасбеков Ө.А. Лайықты тұрмысты қамтамасыз ету мақсаттары – Республикалық саяси еңбек партиясы Орталық комитетінің Мәлімдемесі /Ө.А.Жолдасбеков, Б.Т.Жұмағұлов //Егемен Қазақстан. – 1997. – 8 қараша; //Заң газеті. – 1997. – 26 қараша.

Жолдасбеков Ө.А. «Мансап іздеп жүргенім жоқ»: [Қазақстан Республикасы Парламент мәжілісі Комитетінің төрағасы Ө.А.Жолдасбековпен әңгіме] /әңгімелескен Р.Ескендірова //Заман-Қазақстан. – 1997. – 11 көкек.

Жолдасбеков Ө.А. «Халықтың жағдайын ұмытпаймын»: [қоғам қайраткері, академик, депутат Ө.А.Жолдасбековпен сұхбат] /сұхбаттасқан Б.Жұмажан //Алматы ақшамы. – 1996. – 24 қаңтар.

Ол туралы:

Жолдасбеков Өмірбек Арысланұлы //Қазақ ССР. Қысқаша энциклопедия. – Т.4. – Алматы, 1989. – 664 б.

Жолдасбеков Өмірбек Арысланұлы //Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. Т.4. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2002. – 23-26 б.

Адырбеков К. «Қазақское дело»: [профессор Сәдуақас Темірбековтың Өмірбек Жолдасбеков туралы естелігі] /К.Адырбеков //Түркістан. – 2003. – 23 қазан.

Адырбекұлы К. Арыстан жүрек ағаның асқақ бейнесі (Бірінші халықаралық Жолдасбеков симпозиумы) / К. Адырбекұлы //Түркістан. - 2011. - 3 наурыз.

Адырбекұлы К. Жақсының аты өлмейді: [ғалым, академик Өмірбек Жолдасбеков туралы] / К. Адырбекұлы // Түркістан. - 2011. - 24 ақпан.

Адырбекұлы К. Ұлттық ғылымның дара жұлдызы еді: [қоғам қайраткері, академик, профессор, ұлтымыздың жоғары біліміне телегей теңіз үлес қосқан Өмірбек Арысланұлы Жолдасбековтің туғанына 85 жыл] / К. Адырбекұлы // Түркістан. - 2016. - 3 наурыз.

Аймахан Қ. «Жолдасбеков оқулары» жыл сайын өтеді: [академик Ө.А.Жолдасбековтің туғанына 70 жыл толуына орай «Механика мен машинатану мәселелері» атты Жолдасбеков оқулары өтті] /Қ.Аймахан //Алматы ақшамы. – 2001. – 6 наурыз.

Айнабеков Б. Өлмес рухты Өмірбек: [Өмірбек Арысланұлы Жолдасбеков туралы] /Б.Айнабеков //Қазақ елі. – 2003. – желтоқсан (№ 43). – 5 б.

Асанов Қ. «Академиктер аллеясы ашылса» «арыстан тұлғалы Өмірбек те сол сапта болары хақ»: [Өмірбек Жолдасбековтің ескертеіші ашылды] / Қ. Асанов //Алматы ақшамы. - 2011. - 3 наурыз.

Асанов Қ. Қайталанбас қайсар тұлға: [ғалым Өмірбек Жолдасбеков туралы] / Қ. Асанов //Айқын. - 2011. - 24 ақпан.

Асанов Қ. Әлем мойындаған академик: [ғалым, академик Өмірбек Арысланұлы Жолдасбеков туралы] / Қ. Асанов // Айқын. - 2019. - 1 наурыз

Байгуншеков Ж. ММТ бойынша қазақстандық мектептің алыбы:[Ө.А.Жолдасбеков туралы] /Ж.Байгуншеков //Алматы ақшамы. – 2000. – 1 наурыз.

Бекбосын А. «Амансың ба, айналайын»: [көрнекті ғалым, белгілі қоғам қайраткері Өмірбек Жолдасбековке – 70 жас] /А.Бекбосын //Егемен Қазақстан. –2000. – 1 наурыз.

Есдәулетқызы Х. Академик - ардақтығым:[дарынды ғалым, академик Өмірбек Арысланұлы Жолдасбеков жайлы] / Х. Есдәулетқызы //Жетісу. - 2011. - 19 ақпан.

Жапар Ү. «Ректорлардың эталонына» ескерткіш қойылды: [Өмірбек Жолдасбековтің туғаныны 80 жыл толуына қарай ескерткіш қойылды және халықаралық Өмірбек Жолдасбековтің симпозиумы ашылды] /Ү. Жапар // Айқын. - 2011. - 2 наурыз.

Жұмағұлов Б. ҚазМУ қалашығы және ғалым Өмірбек Жолдасбеков /Б.Жұмағұлов //Қазақ әдебиеті. – 2000. – 3 наурыз.

Жұмағұлов Б. Тұлғаның ғұмырлық формуласы:[Ө.А.Жолдасбеков туралы естелік] /Б.Жұмағұлов //Қазақстан ғылымы мен жоғары мектебі. – 2003. – 15 наурыз; Егемен Қазақстан. – 2003. - 1 наурыз.

Жұмағұлов Б. Заңғар: [ғалым, академик Өмірбек Арысланұлы Жолдасбеков туралы] / Б. Жұмағұлов // Егемен Қазақстан. - 2011. - 1 наурыз.

Жұмағұлов Б. Тұлпар тектес тұлға: [академик,техника ғылымдарының докторы, профессор, ұлтымыздың жоғары біліміне телегей теңіз үлес қосқан Өмірбек Арысланұлы Жолдасбековтің туғанына 85 жыл] / Б. Жұмағұлов // Егемен Қазақстан. - 2016. - 1 наурыз.

Кәкішев Т. Өмірбек өнегесі: [ғалым Өмірбек Жолдасбеков туралы] / Т. Кәкішев // Егемен Қазақстан. - 2011. - 26 ақпан.

Қаби А. Жолдасбеков өнегесі:[Әл-Фараби атындағы ҚҰУ-тінде қоғам және мемлекет қайраткері, ғылым мен білімнің ұйымдастырушысы, академик Ө.А.Жолдасбековтің 80 жылдығына орай бірінші халықаралық Жолдасбеков симпозиумы өтті] / А. Қаби //Ана тілі. - 2011. - 3-9 наурыз.

Қалдыбай М. Ректор Өмірбек Жолдасбеков (Баукең айтқан әңгіме): [Қазақ мемлекеттік университетінің ректоры болған, ғалым] / М. Қалдыбай // Түркістан. - 2014. - 29 мамыр.

Мекебайұлы А. Сағыныш сазы:[академик Ө.А.Жолдасбековтың рухымен сырласу]/А.Мекебайұлы //Түркістан. – 2000. – 3-9 наурыз.

Мұқаштегі М. «Академик Жолдасбеков»:[Жолдасбековтер жанұясы Алматы қ. әкімі В.В.Храпуновқа осы кітапты шығаруға қолдау көрсеткені үшін алғыс сезімін білдіреді] /М.Мұқаштегі //Алматы ақшамы. – 2000. – 14 қараша.

Мұтанов Ғ. Асыл мұра (Өмірбек Жолдасбековтің 85 жылдық мерейтойына арналады) / Ғ. Мұтанов //Айқын. - 2016. - 1 наурыз.

Молдахметұлы Ж. Академик есімі ел есінде: [Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде техника ғылымдарының докторы, профессор,Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Өмірбек Жолдасбековтың туғанына 85 жыл толуына арналған салтанатты іс-шара болып өтті] / Ж. Молдахметұлы // Айқын. - 2016. - 2 наурыз.

Нәрібаев К. Ғылым-ғұмыр: [ғұлама ғалым, академик Өмірбек Арысланұлы Жолдасбеков туралы] /К.Нәрібаев //Заң газеті.- 2000. - 1 наурыз.

Өмірбек Арысланұлы Жолдасбеков: [Некролог] //Қазақ әдебиеті. – 1999. – 30 шілде.

Сәбден О. ... Ол бәрінен биік тұр:[Өмірбек Жолдасбеков туралы естелік] /О.Сәбден //Жас Алаш. – 2001. – 20 наурыз.

Сүйінбай Т. Дәстүр жалғастығы: [әкелі-балалы Жолдасбековтер Америкада инженер-механиктер қоғамының мүшелері атанды] / Т.Сүйінбай //Егемен Қазақстан. - 2000. – 2 маусым.

Тәтіғұлов Ә. Ордалы ойлы азамат (Өмірбек Жолдасбеков туралы бірер сөз) / Ә. Тәтіғұлов //Ақиқат. - 2006. - №. -0-42 б.

Тұрысов Қ. Абзал аға, асыл азамат: [Өмірбек Арысланұлы Жолдасбеков туралы] /Қ.Тұрысов //Егемен Қазақстан. – 2001. – 23 ақпан.

Ыдырысов Ә. Арыс: [Өмірбек Арысланұлы Жолдасбеков туралы эссе] /Ә.Ыдырысов //Егемен Қазақстан. – 2002. – 30 қазан.

**Наурыз
3 жұлдыз** Педагог, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақтың Мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының ректоры (1968-1984), **Күләш Құнантайқызы Құнантаеваның туғанына 90 жыл (3.03.1931)**

Құнантаева Күләш Құнантайқызы 1931 жылы Шығыс Қазақстан облысының Ұлан ауданында дүниеге келді.

1952 жылы Қазақтың мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының филология факультетін бітіргеннен кейін Алматы облысының Жамбыл ауданында мұғалімдік қызмет атқарды. 1954-1956 жылдары Қазақстан ЛКСМ Алматы облыстық комитетінің секретары, 1956-1959 жылдары Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің секретары, 1959-1967 жылдары Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігінің орынбасары қызметін атқарады.

1964 ж. Қазақстанның жоғары және орта арнаулы білім министрінің орынбасары қызметін атқарды. 1967-1968 жж. Алматы шетел тілдері институтының (қазіргі Абылай хан атындағы Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті) оқу ісі жөніндегі проректоры, 1968-1984 жылдары Қазақтың мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының ректоры, ал 1984 жылдан бастап осы институттың педагогика кафедрасының профессоры, 1990 жылдан осы институттың педагогика кафедрасының меңгерушісі.

1966 жылы К.Құнантаева «Қазақстан оқушыларының кластан тыс еңбек және білім алу жөніндегі кейбір бірлестіктері» деген тақырыпта кандидаттық диссертация, 1981 ж. «Қазақстандағы (1920-1975жж.) әйелдер білімінің дамуы» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады.

1990 ж. КСРО педагогикалық ғылымдар академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланды. 1994 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі.

К.Құнантаева «Педагогика» мамандығы бойынша қазақ әйелдерінің ішінде тұңғыш докторлық диссертация қорғаған ғалым.

Еңбегі бағаланып «Халықтар достығы», «Құрмет белгісі» ордендерімен, медальдармен, Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған. 1965 жылы «Қазақстан халық ағарту ісінің үздігі», 1980 ж. «КСРО жоғары мектебінің үздігі» атанды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Құнантаева К.Қ. Білім заңғарына жол. Қазақстанда әйелдерге білім берудің дамуы /К.Құнантаева. – Алматы: Қазақстан, 1982.

Құнантаева К. Мектеп комсомол ұйымы /К.Құнантаева. - Алматы: Қазмембас, 1964. – 50 б.

Құнантаева К. Оқушыларды революциялық күрес пен еңбек дәстүрі рухында тәрбиелейік /К.Құнантаева. - Алматы: Қазақстан, 1965. – 96 б.

Құнантаева К. Қазақстан пионері /К.Құнантаева. - Алматы:Қазмембас, 1962. – 72 б.

Құнантаева К. Ар тазалығын аласартпайды: [Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының ректоры Қ.Құнантаевамен әңгіме] /әңгімелескен Г.Пірәлиева //Лениншіл жас. – 1983. – 9 желтоқсан.

Құнантаева К. Жан-жақты ықпал:[мектепке дейінгі балалар тәрбиесі жайында] /К.Құнантаева //Бастауыш мектеп. – 1986. - № 4. – 7-9 б.

Құнантаева К. Ұлы педагог:[Н.К.Крупскаяның туғанына 120 жыл] /К.Құнантаева // Қазақстан мектебі. – 1989. -№2. – 65-66 б.

Құнантаева К. Ұстаздардың ұстазы:[А.Макаренконың туғанына 100 жыл толуына орай]/К.Құнантаева //Қазақстан мектебі. – 1988. - № 6. – 18-20 б.

Құнантаева К. Әлі де актуальды:[А.С.Макаренконың тәрбие туралы ойлары] /К.Құнантаева //Бастауыш мектеп. – 1989. - № 1. – 9-12 б.

Құнантаева К. Алынбаған асу көп /К.Құнантаева //Қазақстан мектебі. – 1992. - № 9-10. – 20-23 б.

Құнантаева К. «Қазақ мектебіне негіз іздегенде»:[ақын, ғалым, ұстаз М.Жұмабаев туралы] /К.Құнантаева, И.Халитова //Қазақстан мектебі. – 1993. - № 10. – 4-7 б.

Құнантаева К. Педагог кадрлар ұясы /К.Құнантаева //Қазақстан мектебі. - 1994. - № 9.–58-61 б.

Құнантаева К. Ұстаз шеберлігінің адамгершілік бағыты /К.Құнантаева, И.Халитова //ҒПО хабаршысы, Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті. – 1994. - №17. – маусым.

Құнантаева К. Болашақ ұстаздарды шеберлікке тәрбиелеудегі сөз өнері / К.Құнантаева, И.Халитова //ҒПО хабаршысы, Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті. – 1994. - қараша.

Құнантаева К.Қ. Абай шығармалары тәрбие жұмысында:[Ү-ҮІІІ сынып] / К.Құнантаева, И.Халитова //Бастауыш мектеп. – 1996. - № 11-12. – 6-12 б.; №9-10. – 36-38 б.

Құнантаева К. Жоғары мектеп: кеше және бүгін /К.Құнантаева //Ақиқат. – 1997. - № 3. – 86-87 б.

Құнантаева К. Қазақ қыздарына білім беру хақында:[мектепте] /К.Құнантаева //Бастауыш мектеп.-1997. - № 7-8. – 23-25 б.

Құнантаева К. Халық ағарту ісін қайта құрудың кейбір мәселелері /К.Құнантаева //Бастауыш мектеп. – 1997. - № 6. – 20-21 б.

Құнантаева К. Тәрбиелік ықпалын тани білейік:[Абай шығармаларын оқыту] / К.Құнантаева, И.Халитова //Қазақстан мектебі.–1997.- № 3.–67-69 б.

Құнантайқызы К. Жастар тәрбиесінің басты бағыты /К.Құнантаева //Бастауыш мектеп. – 1998. – №1. – 6-8 б.

Құнантаева К.Қ. Қазақстанда әйелдердің білім алу мәселесі /К.Құнантаева //Бастауыш мектеп. – 1999. - № 8-9. – 4-6 б.

Құнантаева К. Президент құттықтауы - үлкен міндеттер арттырады: [Қыздар мемлекеттік педагогикалық институтына 60 жыл толды] /К.Құнантаева //Бастауыш мектеп. – 2004. - № 12. – 9 б.

Құнантайқызы К. «Лембергтің шәкірті болғанымды мақтан тұтамын»: [Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының, Ресей Федерациясы академиясының академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, педагогика ғылымының докторы, профессор Күләш Құнантайқызымен сұхбат] /сұхбатты жүргізген Сайраш Әбішқызы // Қазақстан мектебі. – 2008. - № 12. – 3-7 б.

Құнантаева К. Білім жүйесінің реформаторы. Педагогика ғылымындағы менеджер-ұстаз Асқарбек Құсайынов туралы сыр / К. Құнантаева // Президент және халық. - 2011. - 10 маусым.

Құнантаева К.Қ. «Қазақстан – 2050» стратегиясы - еліміздегі білімді дамытудың жолы / К. Қ. Құнантаева, М. К. Садықова // Бастауыш мектеп. - 2013. - № 1-2. - 3-4 б.

Құнантаева К.Қ. Абай мұрасындағы кейбір дидактикалық пікірлер / К. Қ. Құнантаева, И. Р. Халитова //Педагогика және өнер=Педагогика и искусство. - 2013. - № 5. - 44-48 б.

Ол туралы:

Құнантаева Күләш Құнантайқызы //Қазақ ССР. Қысқаша энциклопедия. Т.3. – Алматы, 1988. – 331 б.

Мадин И.Б. Қазақстанда Совет дәуіріндегі педагогикалық ой-пікірдің дамуы / И.Б.Мадин. - Алматы:Мектеп, 1949. – 126 б. (К.Құнантаева туралы 105-106 б.)

Беркімбаева Ш. Ғалым, қайраткер, ұстаз...: [ғалым Күләш Құнантайқызы туралы] / Ш. Беркімбаева // Президент және халық. - 2011. - 4 наурыз.

Ғалым әрі ұстаз: [Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, педагогика ғылымының докторы, профессор К.Құнантаева жайлы] //Бастауыш мектеп. – 1996. - № 1. – 15-16 б.

Иманбаева С.Т. Парасат мектебінің негізін салушы:[педагогикалық ғылымдардың докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Күләш Құнантайқызының мерейтойы - 85 жыл] / С. Т. Иманбаева, М. Қасымжанова // Ұлттық тәрбие. - 2016. - № 4. 15-21 б.

Қалиев С. Қазақтың академик қызы: [академик, қоғам қайраткері Күләш Құнантаеваның туғанына 80 жыл толуына орай] / С. Қалиев // Алматы ақшамы. - 2011. - 3 наурыз.

Мүсіреп Ғ. Ғалым ғибраты: [ұстаз, ғалым Күләш Құнантайқызы туралы] /Ғ.Мүсіреп // Егемен Қазақстан. – 2006. – 30 маусым.

Сманов Б. Қарапайым ұстаз... қадірлі қайраткер!: [ҚР ҰҒА-ның академигі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Күләш Құнантайқызы Құнантаева туралы] / Б. Сманов // Айқын. - 2011. - 3 наурыз (№40).

Сманова Н. Ұлтын сүйген айғайламас болар: [Мемлекеттік қыздар педагогика институтының бұрынғы ректоры, профессор Күләш Құнантайқызы Құнантаева туралы] /Н.Сманова //Егемен Қазақстан. – 2001. – 6 наурыз.

Сманова Н. Ұлағат:[қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш педагогика ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық академиясының академигі Күләш Құнантайқызы Құнантаева жайлы] / Н. Сманова // Ана тілі. - 2016. - 21-27 сәуір.

Сманова Н. Академик Күләш Құнантаева:[Педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Күләш Құнантайқызының 85 жас мерейтойы] / Н. Сманова // Педагогика және Психология. - 2016. - № 3. - 210-214 б.

Тіленбаева М. Ұстаз туралы бір үзік сыр:[Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, профессор К.Қ.Құнантаева 70 жаста] /М.Тіленбаева //Қазақстан жоғары мектебі. – 2001. - № 1. – 207 б.

Ұзақбаева С. Дарынды басшы, ұлағатты ұстаз: [Педагогика ғылымдарның докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Күләш Құнантайқызының мерейтойы] / С. Ұзақбаева // Қазақстан мектебі. - 2016. - № 9. - жапсырма бетте.

Халитова І. Ұлағатты ұстаз, қайраткер ғалым: [профессор Күләш Құнантаева туралы] /І.Халитова //Қазақстан мектебі. – 2000. - № 11-12. – 26-27 б.

Халитова І. Ұстаз-ғалым:[педагог, ғалым Күләш Құнантаева туралы] /І.Халитова //Бастауыш мектеп. – 2000. - № 10. – 12-13 б.

Халитова И. Ұлағатты ұстаз:[Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, педагогика ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық академиясының академигі Күләш Құнантайқызы Құнантаева жайлы] / И. Халитова, С. Ұзақбаева //Айқын. - 2016. - 14 маусым.

Наурыз 5 жұлдыз Педагогика ғылымдарының докторы **Мәулен Әбдікерімұлы Құдайқұловтың** туғанына **90 жыл** (5.03.1931)

Құдайқұлов Мәулен Әбдікерімұлы 1931 жылы 5 наурызда Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас ауданы Сарыбұлақ ауылында дүниеге келген.

1949-1952 жж. Оңтүстік Қазақстан облысы Алғабас ауылында бастауыш жеті жылдық және орта мектепте мұғалім болып істеді.

1960 жылы Шымкент педагогикалық институтының физика-математика факультетін бітірді. 1966 жылы кандидаттық диссертация қорғады. 1968 жылдан Абай атындағы Қазақтың педагогикалық институтында мұғалім, 1968-1974 жылдары осы институтта кафедра меңгерушісі болды, 1978 жылы докторлық диссертация қорғады, ал 1985 жылы Қазақтың мемлекеттік қыздар педагогикалық институтында оқу бөлімінің проректоры болып істеді.

М.Құдайқұлов Қазақстан мектептерін киноландыруды ұйымдастыру педагогикалық және методикалық мәселелерін зерттеумен айналысты. Ол республика мектептері мен жоғары оқу орындарында техникалық құралдарды пайдаланудың бірқатар озық тәжірибесін жинақтады, оқу киносы жайлы алғашқы оқу құралын жазып шығарды, оқу кинематографиясы жайлы тұңғыш орысша-қазақша терминологиялық сөздікті жасады.

М.Құдайқұлов мұғалімдер үшін әдістемелік құрал, педагогикалық институттар студенттеріне арнап оқу құралдары мен бағдарламалар жасады. М.Құдайқұловтың бұдан кейінгі зерттеулері келешек мұғалімдерді даярлаудың тиімді жолдары мен жүйесін ашуға бағытталды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Құдайқұлов М.Ә. Қабілеттілік. Дағды. Шеберлік /М.Ә.Құдайқұлов. – Алматы: Қазақстан, 1986. – 118 б.

Құдайқұлов М.Ә. Оқу киносының практикумы: Педагогикалық институтқа арналған оқу құралы (Қазақ ССР Жоғары және орта арнаулы білім министрлігі бекіткен) /М.Ә.Құдайқұлов. – Алматы: Мектеп, 1970. – 71 б.

Құдайқұлов М.Ә. Мектеп оушыларын оқыту мен тәрбиелеуде қазіргі заманғы техникалық құралдарды пайдалану. Лекторға көмекші құрал /М.Ә.Құдайқұлов. - Алматы, 1972.- 21 б.

Құдайқұлов М.Ә. Оқу киносы. Педагогикалық институттарға арналған оқу құралы /М.Ә.Құдайқұлов. – Алматы: Қазмембас, 1962. – 183 б.

Құдайқұлов М.Ә. Ғылым және дін аспан денелері туралы /М.Ә.Құдайқұлов. – Алматы: Қазмембас, 1962. – 71 б. (Ғылыми ағарту кітапханасы).

Құдайқұлов М. Ғылыми жүйеге келтірілсе...: [Республикалық педагогикалық оқу орындарында кәсіптік бағдарлау жұмысын жүргізетін тәрбиешілер даярлауды қолға алу] /М.Ә.Құдайқұлов // Қазақ әдебиеті. – 1986. – 25 шілде.

Құдайқұлов М.Ә. Қолданбалы педагогика мен психология жайында /М.Ә.Құдайқұлов, Қ.Жарықбаев //Социалистік Қазақстан. – 1986. – 6 маусым.

Мұғалімдерді даярлау және олардың мамандығын жетілдірудің актуальды проблемалары туралы /М.Құдайқұлов //Қазақстан мектебі. – 1971. – № 6.

Құдайқұлов М.. Мұғалімдерді даярлау тәжірибемізден /М.Ә.Құдайқұлов //Қазақстан мектебі. - 1973. – № 2.

Құдайқұлов М.Ә.. Пединститут пен мектептің байланысы /М.Құдайқұлов // Қазақстан мектебі. – 1985. – №12. – 11-14 б.

Құдайқұлов М.. Оқулық - білімнің қайнар көзі немесе дүние жүзілік деңгейде мәртебелі қаржыландыру дегеніміз не? /М.Құдайқұлов // Халық кеңесі. – 1992. – 4 желтоқсан.

Құдайқұлов М.Ә. Тіл үйренуге ынта керек /М.Құдайқұлов // Егемен Қазақстан. – 1992. – 19 желтоқсан.

Құдайқұлов М.Ә. Адамдық қасиеттің ең негізгісі не?: [мектепте, жоғары оқу орындарында білім берудің жаңа жүйе үлгісін жасау] /М.Ә.Құдайқұлов //Ақиқат. – 1993. – № 10. – 27-28 б.

Құдайқұлов М. Нарықтық педагогикаға көшейік /М.Құдайқұлов //ҒПО хабаршысы, Абай атындағы Қазақтың мемлекеттік педагогикалық университеті. - 1993. – № 3. - қараша. - 2-б.

Құдайқұлов М. Оқулықтар жасау - ғалым-педагогтар парызы /М.Құдайқұлов //Қазақстан мұғалімі. – 1993. – 10 желтоқсан.

Құдайқұлов М. Оқулыққа – мәртебелік қаржыландыру /М.Құдайқұлов //ҒПО хабаршысы, Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті. – 1994. – № 15. - қараша.

Құдайқұлов М.Ә. Бетбұрысымыз – бизнес, немесе оқушыларды кәсіпкерлікке қалай баулимыз? /М.Ә.Құдайқұлов, Д.Құдайқұлов //Қазақстан мектебі. – 1997. – № 11-12. – 42-45 б.

Құдайқұлов М.Ә. Терминдерді тілімізге дұрыс телиік/М.Құдайқұлов //Алматы ақшамы. – 1997. – 3 желтоқсан.

Құдайқұлов М.Ә. Этнопедагогикалық білім беру мақсаты /М.Ә.Құдайқұлов, Ж.Асанов // Қазақстан мектебі. – 1997. – № 1. – 43-44 б.

Құдайқұлов М. Өзінді өзің құрметте: [қазақ ұлтына қатысты жайлар /М.Құдайқұлов // Парасат. – 1998. – № 7. – 27 б.

Құдайқұлов М.Ә. Білім беру реформасын қалай жүргізу керек /М.Ә.Құдайқұлов //Егемен Қазақстан. 1998. - 25 ақпан.

Құдайқұлов М. Іздеуден жалықпаған феномен ғалым: [профессор С.Қалиұлы туралы] /М.Құдайқұлов //Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының хабаршысы=Вестник академии педагогических наук Казахстана. – 2009. - № 2. – 81-82 б.

Құдайқұлов М. Кәсіпкер тұлға тәрбиелеудің мемлекеттік тұжырымдамасын жасау қажет: [ҚазҰПУ-нің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы Мәулен Құдайқұловпен сұхбат] /сұхбаттасқан Б.Бейсенұлы / М. Құдайқұлов // Айқын. - 2010. - 30 желтоқсан (№ 242).

Құдайқұлов М. Білімді капиталға айналдыруды үйренуіміз керек / М. Құдайқұлов //Айқын. - 2010. - 28 шілде.

Құдайқұлов М. Менің ерекшелігім - үздіксіз жаңалық іздеу: [Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы Мәулен Құдайқұловпен сұхбат] /сұхбаттасқан Берік Бейсенұлы / М. Құдайқұлов // Айқын. - 2011. - 17 наурыз

Профессор Мәулен Құдайқұлов: «Болмайды...» дегенді болдыруға ұмтылумен келемін //Алматы ақшамы. - 2013. - 16 мамыр.

Ол туралы:

Құдайқұлов Мәулен Әбдікәрімұлы //Батырбеков М. Высшая школа Казахстана в лицах. Кн.2. - Алматы: Рауан, 2000. – 349 б.

Құдайқұлов Мәулен Әбдікәрімұлы //Қазақ ССР. Қысқаша энциклопедия. Т.3. – Алматы, 1988. – 331 б.

Құдайқұлов М. //Мадин И.Б. Қазақстанда совет дәуіріндегі педагогикалық ой-пікірдің дамуы. – Алматы, 1979. – 72-76 б.

Аймахан Қ. Кәдімгі Құдайқұлов: [педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәулен Құдайқұлов туралы] /Қ.Аймахан //Алматы ақшамы. – 2006. – 4 наурыз.

Аймахан Қ. Мәулен Құдайқұлов интеллектуалды ғалым атанды: [педагогика ғылымдарының докторы, ҚазҰПУ-нің профессоры] / Қ. Аймахан // Алматы ақшамы. - 2013. - 12 наурыз.

Әлімбаева Г. Мәулен Құдайқұлов (1931): [педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәулен Құдайқұлов туралы] /Г.Әлімбаева //Білім=Образование. – 2008. - № 6. – 104-105 б.

Әлімбаева Г. Мәулен Құдайқұлов (1931 ж.): [педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәулен Құдайқұлов туралы] /Г. Әлімбаева// Білім=Образование. - 2008. - № 6. - 104-105 б.

Ғұлама ғалым, қарымды қаламгер (Мәулен Әбдікәрімұлы Құдайқұлов 75 жаста) // Білім-Образование. – 2006. - № 3. – 86-87 б.

Қалдан Е. Құдайқұлов – «XXI ғасырдың көрнекті интеллектуалы»: [Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің профессоры Мәулен Құдайқұлов туралы] / Е. Қалдан // Айқын. - 2013. - 13 сәуір.

Молдабеков Ж. Өнеге өрісі, ұстаз ережесі:[педагогика ғылымының докторы, педагог-ғалым, профессор Мәулен Құдайқұловтың «Өмір-өнеге» атты кітабы туралы] /Ж.Молдабеков //Қазақстан мектебі. – 2001.- № 7. – 64 б.

Шәмшатұлы И. Ұлағатты ұстаз, парасатты ғалым: [педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәулен Әбдікәрімұлы Құдайқұлов 70 жаста] /И.Шәмшатұлы //Қазақстан жоғары мектебі.- 2001. - № 2.- 242-243 б.

Наурыз 8 жұлдыз Педагог, әдіскер, педагогика ғылымдарының кандидаты, қоғам қайраткері **Рафика Бекенқызы Нұртазинаның** туғанына **100 жыл** (8.03.1921-2.04.2013)

Нұртазина Рафика Бекенқызы 1921 жылы 8 наурызда Павлодар облысы, Павлодар ауданы Энергетика поселкесінде туған. 1951 жылы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтын бітіріп, осы жылы Алматыдағы № 12 қазақ орта мектебінің орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі, әрі оқу ісінің меңгерушісі болды, ал 1971 жылдан 1985 жылға дейін осы мектептің директоры болды. 1974 ж. «Пути активизации познавательных интересов при обучении русскому языку в казахской школе» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады.

Рафика Бекенқызының педагогикалық, әдіскерлік қызметі Алматыдағы № 12 қазақ орта мектебімен тығыз байланысты. 1984 ж. № 12 қазақ орта мектебі республикадағы ең үздік мектеп аталып, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен, 1985 ж. КСРО Халық шарушылығы жетістіктері көрмесінің қола медалімен марапатталды.

Нұртазина 40-тан астам ғылыми-методикалық еңбектердің (орыс тілінде) авторы және қазақ мектептеріндегі орыс тілі мен әдебиеті бағдарламасын құрастырушылардың бірі. Р.Нұртазина Бүкілодақтық ғылыми-методикалық конференцияларға қатысты. Бүкілодақтық мұғалімдердің 2, 3 және 4 съезінің, Қазақстан Республикасы білім қызметкерлерінің 1 съезінің делегаты болып, баяндамалар жасап отырды. КСРО Кәсіпшілер одағы 14,15 съездерінің, Қазақстан Коммунистік партиясының 13 съезінің делегаты. 1972-1978 жж. Республика Педагогикалық қоғамы кеңесінің төрайымы болып сайланды. 1981-1987 жж. КСРО және Қазақ КСР ғылыми-әдістеме кеңесінің мүшесі болды.

Р.Нұртазинаның педагогикалық еңбегі туралы көптеген мақалалар, очерктер жазылып, телефильмдер мен телехабарлар дайындалды.

Р.Нұртазинаның педагогикалық қоғамдағы істеген еңбегі жоғары бағаланып, Қазақ КСР-і мектебіне еңбек сіңірген мұғалім, Социалистік Еңбек Ері, Қазақстанның халыққа білім беру ісінің үздігі атағы берілді, КСРО Педагогикалық Ғылым Академиясы мен КСРО Оқу министрлігінің «Құрмет грамотасы», «Ленин ордені», «Құрмет Белгісі» орденімен және медальдармен марапатталды. Алматы қаласының құрметті азаматы.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Нұртазина Р.Б. Балғындар сергек боп өссе: [Алматы қ. № 12 қазақ орта мектебінің директоры Р.Б.Нұртазинаның мектептегі дене тәрбиесі жайлы әңгімесі] /сұхбат әңгіме жүргізген А.Шымырбаев //Спорт.-1981. – 1 мамыр.

Нұртазина Р.Б Бала – бауыр етің десек те...:[Қазақ КСР-іне еңбек сіңірген мұғалім Р.Б.Нұртазинамен әңгіме /әңгімелескен И.Чуприна] // Арай. – 1987. – № 4. – 29 б.

Нұртазина Р.Б. Дәрі дәйегі:[Алматы қ. № 12 мектептің орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімінің тәжірибесінен] // Коммунистік еңбек. – 1988. – 12 наурыз.

Нұртазина Р.Б Қайырымдылыққа шақырған қоңырау /Р.Б.Нұртазина // Арай. – 1987. – № 4. – 27 б.

Нұртазина Р.Б Ұстаз бақыты: [ұстаз, жаңашыл педагог Р.Нұртазинамен сұхбат /әңгімелескен Ж.Қашқынов] //Қазақстан мектебі.–1996.– № 3.–30-33 б.

Ол туралы:

Нұртазина Рафика Бекенқызы //Қазақ КСР. Қысқаша энциклопедия. – Т. 3. – Алматы, 1988. – 396 б.

Нұртазина Рафика Бекенқызы: биобиблиографиялық көрсеткіш=Нуртазина Рафика Бекеновна: биобиблиографический указатель /құраст.: А.Б.Қоразова; жауапты ред. З.А.Мансұров. - Алматы: Қазақ университеті, 2004. - 90 б.

Сүлейменова Э.Д. Нұртазина Рафика Бекенқызы: биобиблиографиялық көрсеткіш=Нуртазина Рафика Бекеновна: биобиблиографический указатель. – Алматы: Арман-ПВ,2006.- 98 с.

Рафиқа Бекенқызы Нұртазина (педагог-әдістемеші, ғалым, Қазақ КСР-нің халық ағарту үздігі (8.03.1921-2.04.2013)): [қазанама] //Алматы ақшамы. - 2013. - 4 сәуір.

Рафиха Бекенқызы Нұртазина (дарынды педагог, білікті басшы, танымал тұлға, еңбек ардагері): [қазанама] //Егемен Қазақстан. - 2013. - 3 сәуір.

Аймахан Қ. Ұстаз Рафиқа Бекенқызы Нұртазина: [ұлағатты ұстаз Р.Б.Нұртазинамен әңгіме /әңгімелескен Аймахан] //Алматы ақшамы. – 2001. – 8 наурыз.

Асқар Л. Ұлағат: [Қазақстанға еңбегі сіңген мұғалім, Еңбек Ері, педагогика ғылымдарының кандидаты Рафиқа Бекенқызы Нұртазина туралы] / Л. Асқар // Ана тілі. - 2014. - 27 ақпан - 5 наурыз.

Әбдірәсілова Б. Қос тілге дәнекер болған: [ұстаз Рафиқа Нұртазина 85-ке толып отыр] /Б.Әбдірәсілова //Білім әлемі. – 2006. – 15 наурыз.

Бекмұратұлы С. Шәкірт санасына әсер ете алу – мұғалім машықтығының кепілі: [Еңбек Ері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Рафиқа Нұртазина жайлы] /С.Бекмұратұлы //Алматы ақшамы.- 2008. – 4 ақпан

Билан Л. Ұстаздардың ұстазы: [Рафиқа Нұртазина туралы] /Л.Билан //Айқын. – 2006. – 11 наурыз.

Дүйсенбайқызы А. Ұлтжанды ұстаз: [ұстаз, ғалым, қайраткер Рафиқа Бекенқызы Нұртазина туралы] / А. Дүйсенбайқызы // Ана тілі. - 2011. - 17-30 наурыз.

Есали А. Тұзу ағаштың көлеңкесі қисық болмайды: [Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Рафиқа Нұртазинаға 85 жыл] /А.Есали // Егемен Қазақстан. – 2006. – 17 наурыз.

Ескендір Р. Ұстазға тағзым: [Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Р.Нұртазинаның 85 жылдық мерейтойын салтанатпен атап өтті] /Р.Ескендір //Алматы ақшамы. – 2006. – 14 наурыз.

Жалғасқызы Р. Сіздің әр күніңіз дастан еді:[Социалистік Еңбек Ері, Ұстаз Р.Б.Нұртазина 80 жаста] /Р.Жалғасқызы //Алматы ақшамы. – 2001. – 1 наурыз.

Жалғасова Р. Жұлдызы жанған ұстаз: [Социалистік Еңбек Ері Рафиқа Нұртазина 70 жаста] /Р.Жалғасова // Қазақстан мұғалімі. – 1991. – 1 наурыз.

Қашқынов Ж. Дидарыңыз нұр шашып тұра берсін: [Өлең. Еңбек Ері Рафиқа Нұртазинаға] /Ж.Қашқынов //Қазақстан мектебі. – 1996. – № 3. - 26 б.

Қожахметова Р. Өнегелі өмір:[Р.Б.Нұртазина жайындағы ұстаз лебізі] /Р.Қожахметова //Қазақстан мектебі. – 2001. – 28 ақпан.

Мамырдың жылы жауынындай 8 наурыз күні Рафиқа Нұртазина 90 жасқа толады //Алматы ақшамы. – 2010. – 6 наурыз.

Миразова А. Мамырдың жылы жауынындай: [ұстаз, Социалистік Еңбек Ері Рафиқа Нұртазина туралы] /А.Миразова // Алматы ақшамы. – 2010. – 6 наурыз.

Миразова А. Ақ батасынан бақытымды таптым: [ұстаз Рафиқа Бекенқызы Нұртазина туралы] / А. Миразова // Алматы ақшамы. - 2013. - 4 сәуір.

Сәкенова Р. Адамға әсер ете алу бақытына ие болған жан. Даңқты ұстаз, Социалистік Еңбек Ері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Рафиқа Нұртазинаның туғанына 85 жыл /Р.Сәкенова // Алматы ақшамы. – 2006. – 7 наурыз.

Сәкенова Р. Қанағатшылдығымен таңғалдырып еді: [ұстаз, Социалистік Еңбек Ері Рафиқа Бекенқызы Нұртазина туралы] / Р. Сәкенова // Алматы ақшамы. - 2013. - 4 сәуір.

Сейсенова А. Әзілхан Нұршайықов: «Рафиқа – қазақтың Толстойы»: [ұстаз Р.Нұртазина туралы] / А.Сейсенова // Айқын. – 2006. – 11 наурыз.

Сейсенова А. Ұстаз: [Қазақстанның білім беру саласының үздігі, Социалистік Еңбек Ері Рафиқа Бекенқызы Нұртазина туралы] /А.Сейсенова // Егемен Қазақстан. – 2010. – 21 мамыр.

Сейсенова А. Ұстаз: [Рафиқа Бекенқызы Нұртазина жайлы] /А. Сейсенова // Егемен Қазақстан. - 2010. - 21 мамыр.

Ұстаздардың ұстазы Рафиқа Нұртазина сексенге келді //Қазақстан мұғалімі. – 2001. – 28 ақпан.

Шанина Ж.Қ. Ұлы ұстаз жолымен: [ұлағатты ұстаз, Қазақстанға еңбегі сіңген мұғалім Р.Б.Нұртазина 80 жаста] /Ж.Қ.Шанина //Алматы ақшамы. – 2001. – 1 наурыз.

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні

Халықаралық әйелдер күні әлемнің көптеген елдерінде тойланады. Тіпті кейбір жерлерде ол ұлттық мереке болып табылады. Бұл күні жер бетінің әйелдері ұлтына, тіліне, этникалық жағдайына қарамастан бірігіп, өздерінің қаншалықты құрмет пен сыйға лайық екендіктерін іс жүзінде мойындатады. Түрлі экономикалық, әлеуметтік жағдайларда өмір сүріп жатқан нәзік жандар қазіргі кезде өздерінің білімімен, мәдениетімен, жасампаздығымен, мықты күш- жігерлерімен әлемді мойындатып отырғандықтары ақиқат. Олар теңдік пен бауырмалдықты, достық пен сүйіспеншілікті, бейбітшілік пен өзара түсіністікті ту етіп ұстауда.

Халықаралық әйелдер мерекесінің негізін қалағандар - Нью-Йорктегі фабрика мен мақта-мата өндірісінің жұмысшы әйелдері. Олар 1857 жылы тұңғыш рет бас көтеріп, өз құқықтарын қорғап, ереуілге шыққан болатын.

1908 жылдың 8 наурызында Нью-Йорктың социал-демократиялық көзқарастағы әйелдер ұйымы әйел теңдігі жөнінде ұран көтеріп, митингке шыққан-ды. Оған 15 мыңнан астам әйел қатысты, олар өздеріне еркектермен бірдей жағдай жасауды талап етті. Сонымен қатар, әйелдер сайлауға қатысуға құқылы екендіктерін де жеткізді.

1909 жылы Американың Социалистік партия сы әйелдер күнін жариялады. Ол 1913 жылға дейін аталып келді. 1909 жылы Копенгагенде өткен әйелдер жиынына АҚШ-тан делегаттар келді, олардың арасында

Клара Цеткин де болды. Ол Екінші Халықаралық социалист әйелдер конференциясының делегаты еді.

1910 жылы беделді неміс социалист әйелі Клара Цеткин Екінші Халықаралық конференция делегаттарына әйел теңдігі туралы күрес күнін белгілеуді ұсынды. Бұл Копенгагенде 27 тамызда жүзеге асты. Мұнда Екінші Интернационалдың 8-інші Конгресі өткен болатын.

Бірінші Халықаралық әйелдер күні Германияда, Австрияда, Данияда, Швейцарияда 1911 жылы 19 наурызда аталып өтті. Көп адам қатысқан митинг те болды. 1912 жылы ол 12 мамырда осы елдерде аталды. 1913 жылы 12 наурызда Германияның, 9 наурызда Австрия, Чехия, Венгрия, Швейцария, Голландияның әйелдері, 2 наурызда Франция мен Ресейдің әйелдері бас көтерді.

1914 жылғы 8 наурызда көптеген елдер Халықаралық әйелдер күнін атап өтті. 1975 жылдан бастап БҰҰ-ның ұйғарымымен 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні ретінде аталып өтуде.

Бұл мерекеде барлық мектептерде ұстаздарды, аналарды, қыз балаларды құттықтау, құрметтеу мақсатында көптеген іс-шаралар өтіледі. Атап айтсақ әртүрлі тақырыптағы тәрбие сағаттары, қыз сыны байқаулары және мерекелік кештер. Аналар күніне арналған «Әлемнің жарығын сыйладың сен маған...» атты мерекелік кештің өтілу барысына келсек «Сәбидің дүниеге келуі» (сахнада ана мен сәби), «Найман ана» көріністері қойылады. 8-9 сынып оқушылары аналарды өлеңдермен құттықтай отырып «Кешір ана», ару қыздарға арналған «Арулар асыл жандар...» бейнеклиптері көрсетіледі, күйлер орындалады. Сонымен қатар 8-наурыз мерекелік кешінің шығу тарихы жайлы да мағлұматтар береді. Кеш оқушылардың әдеби монтаждарымен аяқталады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Абданова А.С. Ана – өмір шуағы: [8 наурыз мерекесіне арналған ертеңгілік сценарийі] /А.С.Абданова //Мектептегі мерекелер. - 2020 - № 3. – 18-20 б.

Ақжігітова Б. Анамызды қуантайық: [8-наурыз Аналар мерекесі] /Б. Ақжігітова // Тәрбие құралы. - 2017. - № 5. - 46-49 б.

Ақылбекова Ә. Аналар - асыл қазынам: [8 наурыз мерекесіне арналған ертеңгілік] / Ә. Ақылбекова //Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. - 2017. - № 3. - 24-26 б.

Алипкалиева А. Ана – өмір шуағы //Мектептегі мерекелер. – 2018. - №1. – 31-34 б.

Әбдіқалықова Г. Әйелдер - Тәуелсіздік дәуірінің тірегі / Г. Әбдіқалықова // Егемен Қазақстан. - 2018. - 5 наурыз.

Базылбекова Н. Ана – сен өмірімнің мәнісің!: [тәрбие сағаты] /Н.Базылбекова //Мектептегі мерекелер. – 2018. - № 4. – 22-24 б.

Джусибалиева Б. «Ақ сүт берген анашым!» ертеңгілігінің сценарийі /Б. Джусибалиева //Детский сад: воспитание и обучение=Балабақша: тәрбиелеу және оқыту. - 2016. - № 9. - 42-43 б.

Дуйсенбаева А.Т. Ана - өмір шуағы: [«Ана - өмір шуағы» атты ертеңгілік] / А. Т. Дуйсенбаева //Жанұя мен мектептегі тәрбие=Воспитание в семье и школе. - 2016. - № 1. - 37-38 б.

Есболат Ж. Қызға қырық үйден тыйым:[автор өзінің «Қыз тәрбиелей отырып ұлтты тәрбиелейміз» тақырыбына арналған дебатын ұсынады] / Ж. Есболат //Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. - 2014. - № 5. - 17-19 б.

Жаксыканова Ж. Ана - бақыт, жанашыр:[8-наурыз халықаралық әйелдер күніне арналған мерекелік кештің сценарийі] / Ж. Жаксыканова, С. Мусапарова //Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. - 2016. - № 2. - 21-24 б.

Жубанышева А. Сыйынар ем, ана деген тәңірге: [8 наурыз аналар мерекесіне арналған тәрбие жұмысы] / А.Жубанышева //Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2019. - № 3. – 32-33 б.

Жұманова А. Ананың жүзі – күлімдеген күн көзі /А.Жұманова //Бала тәрбиесі. – 2018. - № 3. – 9-11 б.

Ибишева Б.Б. Ай дидарлы анашым: [8 наурыз мерекесін арналған сценарий] / Б.Б.Ибишева // Мектептегі мерекелер. – 2020. - № 3. – 34-36 б.

Казиева А. Сиынар ем, ана деген тәңірге: [мерекелік кеш] /А.Казиева // Мектептегі мерекелер. – 2018. - № 3. – 7-11 б.

Менеева А. Қыз бала қандай болу керек?: [қыз бала тәрбиесі, қыз баланы шынайы құрметтеп қастерлей білуге баулу] / А.Менеева //Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2020. - № 3. – 5-6 б.

Мизамбаева Р. Құттықтаймын, анашым: [8 наурыз аналар күніне арналған мерекелік шара] / Р. Мизамбаева, Н. Сағаталина //Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. - 2017. - № 3. - 22-24 б.

Нурбергенова А.М. Менің анам - ең тамаша жан: [8 наурыз мерекесіне арналған тәрбие сағаты] / А. М. Нурбергенова //Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. - 2017. - № 3. - 24-26 б.

Оналбаева Т. 8 наурыз - Аналар мерекесі: [ертеңгілік] / Т. Оналбаева //Сынып жетекшісі=Классный руководитель. - 2017. - № 2. - 22-24 б.

Оразмагамбетова А. Айналайын, анашым: [тәрбие сағаты] / А.Оразмагамбетова //Мектептегі мерекелер. – 2019. - №4. – 12-12 б.

Сахан Г. Аналар - асыл жандар: [8 наурыз халықаралық әйелдер күні мерекесіне арналған сынып сағаты] / Г. Сахан //Сыныптағы тәрбие. - 2017. - № 2. - 12-14 б.

Наурыз 9 жұлдыз Тіл білімі маманы, филология ғылымдарының докторы **Жамалбек Болатовтың** туғанына **90 жыл** (9.3.1931-6.8.1978)

Болатов Жамалбек 1931 жылы 9 наурызда Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Бесжылдық ауылында дүниеге келген. 1948 жылы Жамбыл педагогикалық училищесін, 1953 жылы Абай атындағы Қазақтың педагогикалық институтын (қазіргі Абай атындағы Қазақтың Ұлттың педагогикалық университеті) бітірген. 1954-1956 жж. Абай атындағы Қазақтың педагогикалық институтында оқытушы. 1956-1976 жж. ҚазКСР

Ғылым Академиясының Тіл білімі институтында кіші, аға ғылыми қызметкер.

1946-1978 жж. Абай атындағы Қазақтың педагогикалық институтында (қазіргі Абай атындағы Қазақтың Ұлттық педагогикалық университеті) қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі. 1955 жылы ҚазКСР Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі, С.Аманжоловтың жетекшілігімен «Қазақ тіліндегі есімшенің синтаксистік қызметі» деген тақырыпта кандидаттық диссертация, «Қазақ тілінің шығыс говорлар тобы» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады.

Ғылыми-зерттеу еңбектері қазақ тілінің диалектологиясы, грамматика мәселелеріне арналған. Ұзақ жылдар диалектологиялық экспедицияларда болып, жергілікті тілдік ерекшеліктерге байланысты материал жиып, көптеген мақалалар жариялады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Болатов Ж. т.б. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі / Ж.Болатов. – Алматы, 1966.

Болатов Ж. т.б. Қазақ тілінің грамматикасы. Синтаксис /Ж.Болатов. – Алматы, 1967.

Болатов Ж. т.б. Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі /Ж.Болатов. – Алматы, 1969.

Болатов Ж. Синтаксические функции причастий в казахском языке. АКД /Ж.Болатов. – Алматы, 1955.

Ол туралы:

Болатов Жамалбек // Қазақ тілі: Энциклопедия. – Алматы, 1998. – 71 б.

21 наурыз–4 сәуір – Көктемгі демалыс

Наурыздың 11-і мен 21-і аралығында «Наурыз мейрамы» мерекесіне дайындық: мектеп мұражайларының экспозицияларын жаңарту, ішкі бөлмелерді, ғимараттардың қасбеттерін (фасадтарын) безендіру, мектеп ауласын жинап, тазалау, сенбіліктер, еңбек десанттары, ағаштар мен бұталар отырғызу, талдарды әктеу, спорт ойын алаңдарын сырлау.

Көктемгі демалыс кезеңінде жұмыспен қамтуды ұйымдастыру жөніндегі дайындық жұмыстарын жүргізу: көктемгі демалыс күндеріндегі жалпымектептік іс-шаралар жоспарын, спорт залы мен компьютер сыныбының жұмыс кестесін әзірлеу, үйірмелер мен секциялардың сабақ кестелерін әзірлеу, оқушылар мен ата-аналарға арналған қабырғалықты ресімдеу. Көктемгі демалыс күндеріндегі жұмыспен қамтылу нысаны туралы ата-аналарды ата-аналар жиналыстарында, оқушыларды мектеп жиналыстарында таныстыру. Құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу жөніндегі профилактикалық іс-шаралар жүргізу: ықшамаудан бойынша рейдтерге шығу, пәтерлерге бару, мінез-құлқы девиантты оқушылармен әңгімелер өткізу.

Құқық қорғау, жол полициясы, денсаулық сақтау органдарының, төтенше жағдайлар қызметінің өкілдерімен кездесулер, судағы және жолдардағы қауіпсіздік техникасы туралы профилактикалық әңгімелер өткізу.

21 наурыз – 22 наурыз – **Наурыз мейрамы**. «Қош келдің, өз-Наурыз!», «Наурыз шапағаты», «Наурыз – жыл басы» атты ата-аналардың, педагогикалық ұжымның ардагерлерінің, мектеп қамқоршыларының қатысуымен мектепте және сыныптарда мерекелер өткізу. Қалалық және облыстық салтанаттарда және орталық алаңдардағы мерекелік концерттерге қатысу.

23 наурыз – **Достық күні**. Қазақстан халқы ассамблеясы өкілдерінің қатысуымен «Ынтымағы жарасқан елміз», «Ынтымақ пен келісім», «Халық достығы – тіл достығы», «Ақпыз, қара, сарымыз – ағайынбыз бәріміз», «Біз бәріміз әр түрліміз» атты фестивальдерін, мерекелік концерттерді, көркемөнерпаздар байқауларын өткізу.

24 наурыз – **Білімділер мен білгірлер күні**. «Білімді шығар биікке» атты үздік оқушылар слеттерін, «Әдебиеттік оқу пәнінің алғыры», «Математика білгірлері», «Болашақ биолог», «Химия біздің өмірімізде», «Білгір географтар» т.б. жалпымектептік зияткерлік викториналар, конкурстар, олимпиадалар, ғылыми жобаларды қорғауды өткізу.

25 наурыз - **Өнерпаздар күні**. Мектеп үйірмелері мен клубтарымен таныстыру, олардың бағыттарымен, және олардың жетекшілерімен танысу, «Қолөнершілер парады», «Менің үйірмем», «Біздің мектептің шеберлері», «Өнерпаз оқушылар» атты оқушылар мен мұғалімдер қолымен жасалған заттар мен бұйымдардың көрмелерін ұйымдастыру. Үйірмелерге қабылдау. Үйірмеге қатысушылардың концертін ұйымдастыру.

26 наурыз – **Отбасы күні**. Әкелердің, аналардың, ата-әжелердің қатысуымен «Ардақта ата-анаңды!», «Әкем, анам және мен – көп тілді отбасымыз», «Отбасы – адамгершіліктің алтын қазынасы», «Ана күннің шуағы», «Әжелер – отбасының берекесі» атты конкурстар, мерекелік концерттер, тақырыптық викториналар өткізу. Егіздердің қатысуымен «Біз егіздерміз» жалпымектептік, аудандық және қалалық фестивальдер, олардың әуестіктері парадын, егіздердің ең спорттық, тапқырлар, көңілді, сазды және шығармашыл жұбының шығармашылық конкурсын өткізу.

27 наурыз - **Отан күні**. «Туған елім – Қазақстан», «Мен – патриотпын», «Мемлекеттік рәміздер – ұлттық мақтанышымыз» тақырыбында ойындар, викториналар, конкурстар мен саяхаттар өткізу.

Мектеп мұражайларындағы экспозицияларды жаңарту.

Тарихи-өлкетану, көркемсурет мұражай-ларына, әдебиет және өнер мұражайларына, қала бойынша саяхатқа ұжыммен шығуды ұйымдастыру. «Мен – Қазақстан Республикасының азаматымын және қорғаушысымын» тақырыбындағы оқушылардың үкіметтік емес ұйымдар, жастар бірлестіктері өкілдерімен кездесулерін, тұрғылықты жері бойынша волонтерлік командаларын ұйымдастыру.

28 наурыз - **Әдептілік күні**. Балаларға әдепті болу деген не, өзін қалай әдепті ұстау керек, этикет деген не, сыпайы сөйлеудің мәні туралы

«Әдептілік – адам көркі», «Әдептілік – тәрбие бастауы» «Әдептілік әліппесі» «Әдеп – ең қымбат мирас» атты балалардың қатысуымен шағын көріністер дайындау.

29 наурыз – **Тапқырлар күні** «Не? Қайда? Қашан?», «Ғасыр көшбасшысы», «Білімді мыңды жығар» «Тапқырлар сайысы» жас білгірлер зияткерлік конкурсын, жалпымектептік «Эрудит» интеллектуалдық ойынын, танымдық және тақырыптық викториналар өткізу.

30 наурыз – **Спорт күні.** «Спорт – біздің досымыз», «Салауатты өмір салты – өмір мәні» «Бірінші байлық – денсаулық» жалпымектептік, аулааралық, қалалық спорттық жарыстар, «көңілді» старттар, өңірде іс басында жүрген танымал спортшыларды, жаттықтырушыларды қатыстыра отырып, спорт тақырыбына зияткерлік викториналар өткізу.

31 наурыз – **Қайырымдылық күні.** Отбасы мүшелерінің қатысуымен «Менің інім ең үздік», «Мен және менің қарындасым (сіңілім)», «Берекелі отбасымыз», «Менің отбасым – менің команدام» атты шығармашылық конкурстар өткізу. Қайырымдылық шараларын өткізу.

1 сәуір – **Күлкі күні.** Оқушылардың, мұғалімдердің және ата-аналардың арасында «Ең көңілді балалар» Көңілділер және тапқырлар клубының сайысын, мысқыл мен күлкі кештерін өткізу.

1 сәуір – **Құстар күні.** Бұл күні әртүрлі сайыстар (топтық сайыс, сурет сайысы), викториналық сұрақтар және жасанды құс ұяларын ілу жұмыстарын өткізу. «Құстар - біздің досымыз, қорғауға үлес қосыңыз!» атты мерекеге келген қонақтар мен қатысушыларға құстар жайлы әңгімелер айтылып, құстардың түрлері таныстырылады. Жақсы өнер көрсеткен балалар мақтау қағазымен марапатталып, сыйлықтар алды.

2 сәуір – **Балалар кітабы күні.** «Кітап – алтын қазына», «Отбасындағы кітап» немесе «Кітап – біздің досымыз» атты мектеп кітапханасында, басқа балалар кітапханаларында түрлі экскурсиялар, конференция сабақтар, «Отаным да, үйім де киелі мекен қазақ жері» атты кітап көрмесін және жаңа кітаптар көрмесі, кітап авторларымен кездесу ұйымдастыру.

3 сәуір – **Хайуанаттар мен жануарлар күні.** «Жаса, жұмыр жер» экологиялық акциялары мен фестивальдерін өткізу, ғылыми жобаларды қорғау, үгіт бригадаларының, суреттер, плакаттар конкурстары. Үйдің сүйікті жануарларының көрмелерін, «Хайуанаттар әлемінде», «Менің ең сенімді серігім» атты төрт аяқты достар мен олардың иелеріне арналған шығармашылық конкурстар ұйымдастыру, мүмкіндік болса, хайуанаттар бағына саяхатқа шығу.

4 сәуір – **Туған қала /ауыл/ күні.** Аула балалары мен ықшамаудан тұрғындарына арналған ашық алаңда «Менің сүйікті қалам», «Менің сүйікті ауылым» атты шағын концерттік шаралар өткізу. Аулаларда еңбек десанттарын, тазалық сенбіліктерін ұйымдастыру, қала тұрғындарына тазалықты сақтауға және аула аумақтарын көріктендіруге шақыратын парақшалар тарату.

5 сәуір – Көктемгі демалыс кезеңінде мектептен тыс жұмыспен қамтылуды **ұйымдастыру жұмысының қорытындыларын** (қатысу

рейтингі, үйірмелер және т.т. жұмысының рейтингі). Қанаттас сыныптар бойынша сынып сағаттарын, жиналыстар, көктемгі демалыс кезеңіндегі іс-шараларға белсене қатысқаны үшін марапаттар тапсыра отырып, жалпымектептік оқушылар жиындарын өткізу.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Айтжанова Ж. Бала тәрбиесіне отбасы мүшелерінің әсері //Ж. Айтжанова //Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. - 2018. - № 8. - 27-28 б.

Арынова Г.М. Әдептілік – адам көркі: [тәрбие сағаты] / Г.М.Арынова //Мектептегі мерекелер. – 2018. - № 2. – 13-14 б.

Әшімқұл А. Төрт түлік мал: [сөйлеуді дамытуға, төрт түлік малға қамқор болуға арналған ертеңгілік] / А.Әшімқұл //Мектептегі мерекелер. – 2019. - № 4. – 30-32 б.

Байсакова М. Қазақтың баласымын: [ұлы даланың тарихын, өнері мен музыкасын, тарихын білуге тәрбиелеу] /М.Байсакова //Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2020. - № 1. – 18-20 б.

Габдуллина Г. Қыз сұлу көрінеді әдебімен: [қыздарды әдептілік мен имандылыққа тәрбиелеуге арналған тәрбие сағаты] /Г.Габдуллина, Г.Каримова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2018. - № 8. – 53-57 б.

Досболов Д. Он екі мүшең сау болса - жарлымын деме: [дене шынықтыру және спортты насихаттайды] / Д. Досболов //Білім кілті=Ключ знаний. - 2017. - № 7. - 7-б.

Дәуіт О. Біздің балалар да роботтарды бағындыра бастады: [жас ғалымдар мен өнертапқыштар жайында] / О. Дәуіт // Жас Алаш. - 2018. - 26 маусым.

Егізбаева С.Е. Жасай бер, жайнай бер, Астана!: [Астананың 20 жылдық тарихы туралы] / С.Е.Егізбаева, А.Е.Байсенова, К.Е.Байсынова //Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. – 2018. - № 5. – 3-4 б.

Ерболатов Ж. «Білгір географтар» сайысы: [сыныптан тыс шара] //Ж.Ерболатов //Жалпы тарих және құқықтану мектепте, колледжде және ЖОО-да=Всеобщая история и правоведение в школе, колледже и ВУЗ-е. - 2018. - № 1-3. – 21-22 б.

Кабирова М. Кітап – сарқылмас қазына: [кітаптың адам өміріндегі маңызын түсіндіру, кітапқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында өткізілетін пікір алысу сабағы] /М.Кабирова //Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2020. - № 1. – 9-10 б.

Кусаинова А. Әлемді жақсарту үшін кітап оқы: [оқушылардың кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру, тілін дамыту кітапты құрметтеуге баулу] /А.Кусаинова, Г.Бибекова //Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2020. - № 4. – 23-25 б.

Мендыгарина К.С. Спорт – жан серігі: [спорттық эстафеталық ойындар] /К.С.Мендыгарина //Мектептегі мерекелер. – 2020. № 4. – 30-32 б.

Нурғалиева Г. Достық пен бірлік - бұл толеранттық / Г. Нурғалиева // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. - 2017. - № 5. - 17-20 б.

Обайдуллина Г. Астана – бас қала: [Астана туралы терең түсінік беру] / Г.Обайдуллина //Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар.– 2018. -№5. –19-21 б.

Сабирова Ш. Қамқор әке – бақытты жанұя: [отбасындағы әке тәрбиесі туралы] /Ш.Сабирова // Мектептегі мерекелер. – 2020. - № 4. – 22-24 б.

Сарбасова С. Халқым менің қонақжай: [қазақтың қонақ күту дәстүрін үйрету] /С.Сарбасова //Мектептегі мерекелер. - № 4. – 19-21 б.

Сәрсенғалиева Г. Отбасы құндылығы: [отбасы құндылықтарын дәріптеу, отбасы тәрбиесінің маңызын ашып көрсетуге бағытталған пікір алмасу, сұрақ жауап сабағы] / Г.Сәрсенғалиева //Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2020. - № 1. – 4-6 б.

Сланбекова К. Алғыс айту күні - шынайы алғыс пен ықыластың белгісі /К. Сланбекова //Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал. - 2017. -№3. - 62-69 б.

Тусупова А. Кім алғыр?: [оқушылардың сабақта алған білімдерін қорытындылау, топтағы оқушылар арасынан алғыр, білімді оқушыны анықтау] /А.Тусупова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2020. - № 3. – 25-26 б.

Тіленбаева Қ. Тәуелсіздік - тірегіміз, тыныштық – тілегіміз!: [тәрбие сағаты] /Қ.Тіленбаева // Мектептегі мерекелер. – 2018. - № 6. – 3-5 б.

21-23 наурыз – Наурыз мейрамы

Ежелгі жыл санағы бойынша 22 наурызда күн мен түн теңеседі. Наурыз – жылдың бірінші күні, жыл басы, көктемнің алғашқы айы. Наурыз мерекесін қазақ халқы «Армысың, Әз Наурыз», «Әз болмай, мәз болмас» деп қарсы алған.

Наурыз мейрамы – діни мереке емес. Бұл қалың қыстан аман-есен шығып, күн нұрына бөленіп, жаңа жылды қарсы алу мерекесі. Наурыз мерекесінде көріскен жандар бір-бірін құшақ жая қарсы алып, игі тілектер айтады.

1926 жылдан бастап, тоталитарлық жүйенің ықпалымен наурыз мерекесін тойлауға тыйым салынды. Көп жылдар бойы ұмытылып, сынын жоғалтқан мереке 1988 жылдан бері қайта жаңғырып, Наурыз мейрамын тойлау дәстүрі өз жалғасын тапты.

Наурыз мерекесі 1991 жылы, 15 наурызда Қазақ КСР Президентінің қаулысының негізінде мемлекеттік мәртебеге ие болды. Елбасы наурыз айының 22 жұлдызын «Наурыз мейрамы» деп жариялады. Ал 2009 жылдың 24 сәуірінде ҚР президенті Н. Ә. Назарбаев наурыз айының 21, 22, 23 күндеріне «Наурыз мейрамы» деген атақ берді.

Наурыз мейрамы қазақтың ұлттық мейрамы. Бұл мерекеге орай мектептерде көптеген іс-шаралар өтеді. «Қош келдің, әз Наурыз», «Жыл басы - Наурыз» атты мерекелік кештер, «Наурызым – мерекем, наурызым – берекем» атты және т.б. көптеген тәрбие сағаттары өтіледі. «Қош келдің, Наурыз думан» атты мерекелік кештің өтілу барысы: Мерекелік кешке бастауыш, орта буын, жоғары сынып оқушылары қатысады. Мерекелік кеш

әжелеріміздің наурыз шашуымен ашылады. Шашу шашылған соң атасалтымызға сай бата алу үшін ортаға Қыдыр ата шақырылады. Осыдан кейін мерекелік кеште шілдеhana, қырқынан шығару, ат қою, бесікке салу, тұсау кесер сияқты тағы басқа ұлттық салт-дәстүрлерімізден көріністер көрсетіледі, ән шырқалып, би биленеді. Мереке соңында ұлттық ойындардан жарыс өткізіледі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Бегманов Қ. Халқы мықтының – салты мықты. Жағда Бабалықұлымен сыр-сұхбат / Қ.Бегманов. – Алматы: Өлке, 2010. – 480 б.

Кенжеахметұлы С. Жеті қазына /С.Кенжеахметұлы . – Алматы: Ана тілі, 2002. – 136 б.

Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі және бүгіні. Мақалалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 2001. – 428 б.

Қош келдің, Наурыз! - Алматы: Өлке, 1993. – 80 б.

Нұрмаханбетова Р. Қазақстанның төл мерекелері / Р.Нұрмағанбетова. – Алматы: Аруна, 2003. – 11 б.

Нуртазина Р. Наурыз: мектеп жасындағы балаларға арналған / Р. Нуртазина, В. Пак. - Алматы: Аруна, 2001. - 11 б.

* * *

Арынова Г. Қош келдің, Наурыз!: [тәрбие сағаты] /Г.Арынова // Мектептегі мерекелер. – 2018. - № 3. – 20-22 б.

Әбенайұлы Т. Наурыз - парсыша емес, көне түркі сөзі: [наурыз тарихы туралы] / Т. Әбенайұлы //Алматы ақшамы. - 2018. - 27 наурыз.

Әбжанов Х. Бірлік пен бірегейлік салтанаты. 21 наурыз Халықаралық наурыз күні ретінде танылды / Х. Әбжанов // Алматы ақшамы. - 2018. - 21 наурыз.

Әз-Наурыз: [наурызға байланысты ұғымдар /дайындаған А.Әмірбекова] // Ана тілі. - 2019. - 20-27 наурыз. - 4 б.

Ділмағанбетова Ж. Наурыз мерекесі: [наурыз мерекесін тойлау сценарийі] /Ж.Ділмағанбетова //Мектептегі мерекелер. – 2020. -№ 4. –11-18 б.

Еркеш Қ. Ұлыстың ұлы күні - Наурыз мерекесі / Қ. Еркеш // Өзін-өзі тану KZ = Самопознание KZ . - 2019. - № 3. - 22-23 б.

Жұмагелдіқызы А. Ұмытылып бара жатқан салт-дәстүрді жаңғырту: [Наурыз мерекесіне арналған мерекелік кеш] / А. Жұмагелдіқызы // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. - 2017. - № 4. - 6-11 б.

Искакова А. Жыл басы - наурыз, мол болсын дәм-тұз: [Ұлыстың ұлы күніне арналған мерекелік кештің сценарийі] / А. Искакова //Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. - 2017. - № 1. - 43-50 б.

Искакова А.С. Еліме қуат, халқыма шуақ бер, әз Наурыз!: [сыныптан тыс жұмыс] / А. С. Искакова //Қазақ тілі мен әдебиеті. - 2019. - № 5. - 122-133 б.

Кенжегалиева А. Ұлыстың ұлы күні құтты болсын! (3-сынып) / А. Кенжегалиева //Мектеп - 45 минут. - 2016. - № 5. - 36-37 б.

Қасенова Б. Қош келдің өз-наурыз!: [Ұлыстың ұлы күніне арналған «Наурыз шапағаты» атты әдеби-саз кеші] / Б. Қасенова // Бастауыш - білім негізі. - 2017. - № 4. - 18-20 б.

Қожа М. Наурыз - қазақтың ежелгі мейрамы / М. Қожа, А. Нұржанов // Ана тілі. - 2019. - 14-19 наурыз. - 12 б.

Қожанов С. Наурыз туралы /С. Қожанов //Егемен Қазақстан. - 2019. - 21 наурыз. - 10 б.

Қыдырәлі Д. Өз-Наурыз жаңару мен жаңғырудың бастауы: [наурыз мейрамы туралы] / Д. Қыдырәлі// Егемен Қазақстан. - 2018. - 21 наурыз.

Медеубаева Ж. Наурыз келді еліме!: [наурыз мейрамы туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт-дәстүрін насихаттау] / Ж.Медеубаева //Мектептегі мерекелер. – 2020. - № 4. – 7-10 б.

Наурыз - жанға шуақ жаздың алды: [наурыз мейрамы туралы топтама материал / дайындаған Ахмет Өмірзақ]// Түркістан. - 2018. - 22 наурыз.

Оралбайұлы Ө. Нығмет айы - наурыз: [наурыз мейрамын қалай өткізу керек] / Ө. Оралбайұлы // Айқын. - 2019. - 15 наурыз.

Омарұлы Б. Ұлы күнді ұлықтау: [«Қазақ» газеті (1913 ж.) Наурыз мейрамын қалай дәріптегені хақында] /Б. Омарұлы // Егемен Қазақстан. - 2019. - 21 наурыз. - 10 б.

Оңайсынова Ә.М. Қош келдің, Наурыз: [тәрбие сағаты] /Ә. М. Оңайсынова //Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. - 2016. - № 2. - 16-18 б.

Оңғарұлы А. Наурыз - жаңғыру нышаны: [Наурыз мейрамы - ұлттық құндылықтарды жаңғырту, насихаттау мақсатында өткізілген іс-шара жайында] / А. Оңғарұлы //Мәдени мұра = Культурное наследие. - 2017. - № 2. - 8-15 б.

Санғалиева А.С. Амандыққа ақ жол болып келші, Амал!: [14 наурыз - Көрісу мерекесінің сценарийі] / А. С. Санғалиева //Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. - 2016. - № 4. - 35-36 б.

Сахан Г. Нұр себеле - Ұлыстың ұлы күні: [ашық тәрбие сағаты] /Г. Сахан //Сынып жетекшісі=Классный руководитель. - 2017. - № 2.- 25-26 б.

Смыкова Н.Б. Армысың, Өз Наурыз!: [наурыз мерекесін тойлау сценарийі] /Н.Б.Смыкова // Мектептегі мерекелер. – 2020. - № 4. – 14-18 б.

2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні

Балалар кітабы халықаралық кеңесінің бастамасы және шешімімен 1967 жылдан бастап балалардың сүйікті ертегішісі Ганс Христиан Андерсеннің туған күні, яғни 2 сәуір халықаралық балалар кітабының күні (ICBD) деп бекітілген. Жыл сайын Балалар кітабының халықаралық кеңесінің ұлттық секцияларының бірі аталған керемет мерекенің демеушісі болады және жыл сайын дәстүр бойынша әлем балаларына Жолдау және Халықаралық балалар кітабы күніне арналған плакат жазу үшін танымал жазушы мен белгілі суретшіні шақырады. Осылай әр жылы балаларға белгілі бір тақырыппен жолдау жолданады. Әрине, мұның басты мақсаты – әлем

балаларын әдебиетке жақын болуға, кітап оқуға үндеу, адам өмірінде кітаптың алар орны ерекше екенін түсіндіру, «Кітап – білім бұлағы, ал білім – өмір шырағы» екенін жеткізу.

Осы мерекеге орай оқушылармен сыныпта, мектеп кітапханаларында, басқа балалар кітапханаларында және әр түрлі саладағы кітапханаларда түрлі конференция сабақтар, пікір талас, жаңа кітаптардың көрмелерін т.б. ұйымдастыруға да болады. Мұндай шаралар оқушылардың көпшіліктің алдында өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырады, сөздік қорын, сөйлеу мәдениетін дамытады. Сонымен қатар үлкен көлемдегі кітапханаларға экскурсия ұйымдастыру олардың қажетті білімді қайдан іздеу керектігін білу мүмкіндіктерін арттырады. Мысалы «Кітап – алтын қазына» сынып сағатында кітап авторларымен кездесу өткізу, оның өмірімен шығармашылығымен байланыстырылса оқушылар үлгі болып, биік белестерге ұмтылады. «Кітап – біздің досымыз» атты конференция сабақты алсақ, ең алдымен оқушылар өздерінің оқыған кітаптарын таныстырып өтеді. Басқа балалар сұрақтар қояды. Конференция соңында жаңадан шыққан бір кітаптың тұсаукесерімен аяқтауға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Алекпаева Л.К. Кітапханалық сабақ. Кітап құрылымы. Кітапханадағы кітап түрлері / Л. К. Алекпаева //Мұғалімдерге және оқушыларға әдістеме және теория (1-4 сыныптар)=Учителям и школьникам методика и теория (1-4 классы). - 2017. - № 1. - 7-8 б.

Алишева Ж. Дана мемлекет-кітап патшалығына саяхат:[Халықаралық Балалар кітабы күніне арналған «Дана мемлекет-кітап патшалығына саяхат» атты әдеби серуен] / Ж. Алишева //Ұлағат. - 2016. - № 3. -127-133 б.

Әлипова Б. Кітап - рухани қазына: [«Кітап рухани – қазына» атты ертеңгіліктің сценарийі] / Б. Әлипова //Мектептегі өнер. - 2016. № 2. - 29-30 б.

Бабагулова Ж. Баланың кітапқа деген қызығушылығын қалыптастыру жұмысының ерекшеліктері / Ж. Бабагулова //Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту. - 2016. - № 6. - 5-7 б.

Базарбаева Б. «Кітап - білім қазынасы» сайыс-сабағы: [«Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық қорғау күніне» арналып өткен мерекелік шара] / Б. Базарбаева //Қазақстан мектебі. - 2016. - № 8. - 54-55 б.

Байжігітова А. Кітап күні:[2-сәуір «Халықаралық балалар кітабы күні» және 23-сәуір –«Дүние жүзілік кітап күні»] / А. Байжігітова // Тәрбие құралы. - 2017. - № 5. - 51-53 б.

Бектас Г. Соқпақбаевты ешкім алмастыра алмайды: [қазіргі кездегі кітапханалардағы оқырмандар, кітап оқуы, кітапқа қызығушылығы, Б.Соқпақбаевтың балаларға арналған «Менің атым Қожа» кітабы, фильмі жайында] / Г. Бектас, А. Қоныс // Айқын. - 2019. - 28 мамыр. - 6 б.

Жұмақан С.Ж. Отбасында кітап оқу дағдысы / С. Ж. Жұмақан // Оқыту - тәрбиелеу технологиясы . - 2019. - № 5. - 37-39 б.

Жұманазарова Н. Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбе: [Абайдың өмірімен оқушыларды жете таныстыра отырып, ақынның өлеңдерін, қара сөздерін мәнерлеп оқуға жаттықтыру] /Н.Жұманазарова //Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. – 2020. - № 5. – 3-6 б.

Имамбаева Д. Кітап оқу мәдениеті. Біз оны қалай түсінеміз?.: [кітапханалар мен кітап дүкендерінде кітапқа деген сұраныстар жайында] / Д. Имамбаева // Ана тілі. - 2018. - 12-18 сәуір. - 11 б.

Исенғалиева А. Балалардың кітап оқуға қызығушылығын дамыту жолдары:[мақала балалар әдебиетіне деген қызығушылықтың төмендеп бара жатқаны жайлы өзекті мәселені көтереді. Балалар әдебиеті - білімді ұрпақ тәрбиелеудің негізгі құралы ретінде әлеуметтік-мәдени және білім беру салаларының көкейкесті мәселесі деген пікірді ұстанады] / А. Исенғалиева, Е. Таукенова, Р. Таукенова //Қазақстан мектебі. - 2015. - № 11. - 40-45 б.

Кусаинова А. Әлемді жақсарту үшін кітап оқы: [оқушылардың кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру, тілін дамыту, Абай шығармаларын оқуға тарту] /А.Кусаинова, Г.Бибекова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2020. - № 4. – 23-25 б.

Қайым Қ. Ұрпақ тәрбиесінің талбесігі: [балалар әдебиеті мен балаларды кітап оқуға баулу] / Қ. Қайым // Қазақ әдебиеті. - 2018. - 29 маусым - 5 шілде. - 8 б.

Қаражанова К.Ә. Кітап - рухани байлық, жан азығы: [оқушыларды кітапхана өмірімен таныстыру] / К. Ә. Қаражанова// Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. - 2017. - № 11. - 21-22 б. б.

Қызайбаева Ұ. Білім кілті - кітапта: [тәрбие сағаты] / Ұ. Қызайбаева // Электрондық мектеп=Электронная школа. - 2016. - № 4. - 44-45 б.

Құрманқожа А. Кітап - асыл қазына: [тәрбие сағаты] / А. Құрманқожа //Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. - 2016. - № 3. - 15-17 б.

Мулдыева К.С. Мектеп кітапханасының оқырмандардың кітап оқуға қызығушылығын арттырудың жаңа әдістері / К. С. Мулдыева // Мектептегі кітапханашы=Библиотекарь в школе. - 2015. - № 2. - 5-7 б.

Сағызбаева М. Кіші жастағы оқушылардың көркем әдебиетке қызығушылығын дамыту жолдары / М. Сағызбаева // Қазақстан мектебі. - 2019. - № 5. - 60-63б.

Тасмагамбетова А. Кітап – адамзаттың асыл қазынасы (Кітапханалық сабақ): [кітаптың адам өміріндегі маңызы мен пайдасы туралы айту] /А.Тасмагамбетова //Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2020. -№ 1.

–7-8 б.

Кабирова М. Кітап – сарқылмас қазына: [білімнің кітап арқылы берілетінін, кітаптың адам өміріндегі пайдасын түсіндіретін пікір алысу] / М.Кабирова //Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2020. -№ 1. – 9-10 б.

7 сәуір - Дүниежүзілік денсаулық күні

Бүкіл дүниежүзілік денсаулық күні 1948 жылы құрылғаннан бері жыл сайын 7 сәуір күні аталып өтеді. Сол тарихи күннен бастап Дүниежүзілік денсаулық ұйымына екі жүзден аса мемлекет мүше болды. 1950 жылдан бастап денсаулық күнін өткізу дәстүрге айналды. Денсаулық күні адам өмірінде денсаулықтың маңызды екенін түсінуге және адам денсаулығын жақсарту үшін не істеу керектігін шешу мақсатында жүргізіледі.

Жыл сайын Дүниежүзілік денсаулық күні денсаулық сақтау ғаламшарының алдында тұрған жаһандық мәселелерге арналып «Ұзақ өмір сүру жолы - белсенділік», «Жүктілік – сенің өміріндегі аса маңызды оқиға», «Климаттың өзгеруінен денсаулығымызды қорғайық» деген ұрандармен өтеді.

Жас ұрпаққа адам денсаулығының қымбаттылығы, өмір сүру қажеттілігін, бағалы байлық екендігін түсіндіруде, салауатты өмір салтын ұстанып өмір сүру үшін бұл мерекенің маңызы зор. Бұл күні бастауыш сынып оқушыларына «Денсаулық – зор байлық» атты ата-аналармен бірге саяхат сабақ, «Дені сау ұрпақ – ұлт болашағы» атты дәрігерлермен жүздесу кеші, «Біз осы өмірді таңдаймыз» атты тренингтер, «Денсаулық – адамның бірінші байлығы» атты мектепішілік конференциялардың берері көп. «Денсаулық – зор байлық» атты саяхат сабақта оқушылар «Салауат», «Тазалық», «Табиғат» атты үш топқа бөлінеді. Әр топта бір-бірден ата-аналар отырады. Әр топтың алдына кішкен киіз үйлер яғни «Пікір алмасу ауылы», «Еңбек ауылы», «Мақал-мәтелдер ауылы», «Өнер ауылы», «Білім ауылы», «Денсаулық ауылы» атты бірнеше ауылдар тұрады, оларда әртүрлі тапсырмалар болады. Сабақ соңында «Жүректен жүрекке» атты бөлімде әр оқушы бір-бірлеріне жылы лебіздерін алдарындағы жатқан жүректерге жазады, бір бірлеріне береді де, «Денсаулық» ауылынан дәм татуға шақырады. Ата-аналар өз топтарындағы балаларға көмектесіп отырады.

«Денсаулық – адамның бірінші байлығы» атты мектепішілік конференциясында мектеп дәрігерлерінің және мектеп оқушыларының конференция тақырыбына сай әртүрлі баяндамалары оқылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Қазақстан Республикасы. Заң.

Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы: Қазақстан Республикасының Заңы. 2006 ж. 7 шілде № 170-III ҚРЗ /Қазақстан Республикасы. Заң //Қазақстан Парламентінің жаршысы. –2006.-№ 14. – 91-қ.

Қазақстан Республикасы. Кодекс.

Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы: Кодекс. 2009 ж. 18 қыркүйек № 193-IV ҚРЗ /Қазақстан Республикасы. Кодекс //Егемен Қазақстан. – 2009. – 29 қыркүйек.

Қазақстан Республикасы. Президент (1991-; Н.Назарбаев)

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің

2010 ж. 29 қараша № 1113 Жарлығы / Қазақстан Республикасы. Президент (1991-; Н.Назарбаев) Жарлық //Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағы. – 2011. - № 3-4. – 39-қ.

Қазақстан Республикасы. Президент (1991-; Н.Назарбаев)

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасын бекіту және «Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығына толықтыру енгізу туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 ж. 15 қаңтар № 176 жарлығы / Қазақстан Республикасы Президенті (1991-; Н.Назарбаев) Жарлық // Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағы. - 2016. - № 5-6. - 19-қ.

Қазақстан Республикасы. Үкімет.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 21 желтоқсандағы №1260 «2008-2016 жылдарға арналған «Салауатты өмір салты бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына (ҚР ПҰАЖ-ы, 2007 ж. № 47, 577-қ) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 ж. 18 ақпан № 186 қаулысы /Қазақстан Республикасы. Үкімет. Қаулы //Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағы. – 2009. - № 12. – 77-қ.

Қазақстан Республикасы. Үкімет.

2008-2016 жылдарға арналған «Салауатты өмір салты» бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 21 желтоқсан № 1260 Қаулысы /Қазақстан Республикасы. Үкімет. Қаулы //Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағы. – 2007. - № 47. – 576-қ.

* * *

Әбішева Т. Салауатты өмір салты - денсаулық кепілі / Т. Әбішева // Биология және салауаттылық негізі. - 2018. - № 4. - 14-22 б.

Далелхан Б.Д. Азаматтардың денсаулығы - қоғам байлығы: [салауатты өмір дағдысын ұстану, дұрыс тамақтану, зиянды заттардан аулақ болу] / Б. Д. Далелхан // Валеология. Салауатты өмір салты = Валеология. Здоровый образ жизни. - 2019. - № 3. - 4-6 б.

Жамашева Ә.Т. Сыныптан тыс іс-шаралар негізінде оқушылардың спорттық үйірмелерге қызығушылығын арттырып, салауатты өмір салтын қалыптастырудағы дене тәрбиесінің рөлі / Ә. Т. Жамашева // Валеология. Салауатты өмір салты = Валеология. Здоровый образ жизни. - 2019. - № 3. - 11-12 б.

Жармухамбетова А. Дұрыс тамақтану - денсаулық кепілі: [салауатты өмір салтын қалыптастыруға тәрбиелеу] / А. Жармухамбетова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. - 2019. - № 8. - 5-7 б.

Исалда З. Оқушылардың денсаулық психологиясын қалыптастырудағы музыка терапиясы / З. Исалда // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. - 2019. - № 11. - 43-46 б.

Искакова И. Дені саудың жаны да таза: [білім беру ұйымдарында саламатты өмір салтын насихаттау] / И. Искакова, А. Мұқанова // Білімді ел = Образованная страна. - 2019. - 23 сәуір. - 18 б.

Каримова В.М. Салауатты өмір салтын қалыптастыру - денсаулық кепілі / В. М. Каримова // Валеология. Салауатты өмір салты = Валеология. Здоровый образ жизни. - 2019. - № 2. - 8-10 б.

Қазбаева М. Салауатты өмір салтының қажеттілігі / М. Қазбаева // Мектептегі дене шынықтыру. - 2019. - № 3-4. - 4-5 б.

Килибаева А.С. Денсаулық - зор байлық: [тәрбие сағатында оқушыларға салауатты өмір салтын насихаттап, өз денсаулығын күте білуге, зиянды әдеттен аулақ болуға тәрбиелеу] / А. С. Килибаева // Оқу-инновациялық технологиялар = Учебно-инновационные технологии. - 2019. - № 1. - 26-28 б.

Садақбаева Г.Т. Салауатты өмір салты: [тәрбие сағаты] / Г. Т. Садақбаева // Оқыту-тәрбиелеу технологиясы. - 2018. - № 4. - 31-32 б.

Сейсенбеков Е.К. Білім алушылардың дене тәрбиесі жүйесін жүзеге асырудағы педагогикалық әдістер: [оқушылардың дене тәрбиесі, оқу үрдісі, салауатты өмір салты жайлы] / Е. К. Сейсенбеков, А. Ж. Тастанов, Е. Б. Телахынов // Педагогика және психология. - 2019. - № 1. - 205-213 б.

Сұлтанова Б.Қ. Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі: [дұрыс тамақтану мәдениетімен, әдебімен таныстыру] / Б.Қ.Сұлтанова // Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. – 2020. - № 5. – 32-34 б.

Утарбаева Г. Ұлт болашағы – дені сау ұрпақтың қолында: [денсаулық, гигиена туралы түсінік] / Г.Утарбаева // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2020. - № 3. – 2-3 б.

Шинкарецкая Л.А. «Саламатты өмір салты дағдысын тәрбиелеу» педагогикалық сағаты / Л. А. Шинкарецкая // Білім беру ұйымының әдіскері = Методист организации образования. - 2018. - № 8. - 24-31 б.

12 сәуір - Дүниежүзілік ғарышкерлер күні

1961 жылдың 12 сәуірінде таңғы сағат 9-дан 7 минут өткенде Кеңес Одағы қазақ жеріндегі Байқоңыр ғарыш айлағынан әуе кеңістігіне «**Восток**» кемесін аттандырды. Ол кемеде әлем тарихындағы орбитаны бойлай ұшқан тұңғыш ғарышкер, аға лейтенант Юрий Алексеевич Гагарин болған еді. Жерден мыңдаған шақырым алыс ұшқан оның сапары дәл сол кезең үшін рекордтық көрсеткіш болды. Сапар **1 сағат 48 минутқа** (108 минут) созылды. «Восток» кемесі 302 км биіктікте Жерді бір айналып шықты да, сағат 10-нан 55 минут өткенде, Саратов облысындағы Смеловка ауылына жақын маңға қонды. Осы аңызға айналған сапары үшін ғарышкер **Кеңес Одағы Батыры** атағын алды. Оның ерлігі бүкіл адамзат баласының сан

мындаған жылдар бойғы арман-тілегін жүзеге асырды. Осы оқиғадан кейін ғылыми-техникалық революцияға ерекше серпін беріліп, спутниктік телевидение, интернет, ауа-райын бақылау, бағдарлау секілді заманауи өмірдің игіліктеріне жол ашылды.

Осы сағаттан бастап, 12 сәуір Кеңес Одағының Жоғарғы Кеңес Төралқасының қаулысымен мемлекеттік мереке - ғарышкерлер күні болып белгіленді.

1968 жылы қарашада өткен Жалпы Халықаралық авиация федерациясының 61-конференциясының қаулысына сәйкес, дәл осы күнді Халықаралық авиация және ғарышкерлер күні ретінде атап өту туралы шешім шығарылды.

Қазақ халқының үш ұлына ғарышта болу бақыты бұйырды. Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев және Айдын Айымбетов өздеріне жүктелген міндеттерді абыроймен атқарып, Жерге аман-есен оралды

Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіров – қазақтың тұңғыш ғарышкері, Кеңес одағының батыры, Қазақстан Республикасының Халық қаһарманы. 1946 жылы Қарағанды облысының Қарқаралы ауданында өмірге келген. Ресейдегі Армавир жоғары әскери ұшқыштар училищесін, Авиация институтын бітірген. Әскери-әуе күштерінде ұшқыш, звено командирі, эскадрилья командирінің орынбасары, Мәскеудегі Тәжірибелік конструкторлық бюроның ұшқыш-сынақшысы міндеттерін атқарды. Ол реактивті ұшақтың 50-ден аса жаңа түрін сынақтан өткізді. 1990 жылы ғарышкерлер құрамына алынды. 1991 жылы 2 қазанда Байқоңырдан «Союз ТМ-13» кемесімен ғарышқа ұшты. Өзге ғарышкерлермен бірге биотехнология, металлургия, медицина салалары және Арал аймағы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Ғарыштан оралған соң Қазақстандағы ғарыштық зерттеулердің негізін қалауға, отандық Қарулы Күштердің әскери даярлығын жетілдіруге, әскери-патриоттық тәрбие жұмыстарын жолға қоюға белсене араласты.

Талғат Амангелдіұлы Мұсабаев – ғарышкер, техника ғылымдарының докторы, авиация генерал-лейтенанты, ҚР Ұлттық ғарыш агенттігінің төрағасы. 1951 жылы 7 қаңтарда Алматы облысы Жамбыл ауданының Қарғалы ауылында туған. 1974 жылы Рига азаматтық авиация инженерлері институтын бітірген. Азаматтық авиацияда ұшқыш, ұшақ командирі қызметтерін атқарған. 1991 жылдан бастап ғарышқа ұшуға даярланды. 2007 жылдың 11 сәуірі ҚР Ұлттық ғарыш агенттігінің төрағасы болып тағайындалды. 1994 жылы «Союз ТМ-19» кемесінде бірінші рет ғарышқа ұшып, онда 126 күн өткізді. Араға 4 жыл салып екінші рет ұшқанда (Союз ТМ-27) ғарышта 208 күн болған.

Айдын Ақанұлы Айымбетов – еліміздің ұшқыш-ғарышкері, ҚР Халық қаһарманы, «Отан» орденінің иегері. 1972 жылы 27 шілде күні Алматы облысы Талдықорған қаласының Өтенай ауылында дүниеге келген. 1993 жылы Армавир жоғары әскери авиациялық училищесін бітірді. Л-39, МиГ-23, МиГ-27 және Су-27 ұшақтарында ұшуды меңгерген. 2003-2009 жылдары Ресейдегі Юрий Гагарин атындағы ұшқыштар даярлау орталығында жалпы

ғарыштық дайындықтан өтті. 2009 жылдан бастап ҚР Ұлттық ғарыш агенттігінде жұмыс істейді. 2015 жылдың қыркүйегінде «Союз ТМА-18М» ғарыш кемесінің бортинженері болып, халықаралық ғарыш станциясына ұшты. Айдын Айымбетов 10 күндік сапары кезінде денсаулық сақтау саласы мен Арал және Каспий теңіздеріндегі экологиялық ахуалға қатысты зерттеулер жүргізді. Елбасының Жарлығымен Ғарыш кеңістігін игеруге сіңірген аса зор еңбегі, ғарышқа ұшу кезінде көрсеткен батырлығы мен ерлігі үшін Қазақстан Республикасының ғарышкері Айдын Ақанұлы Айымбетовке «Халық қаһарманы» атағы беріліп, айрықша ерекшелік белгісі – «Алтын жұлдыз» бен «Отан» ордені тапсырылды.

Бұл мерекеде мектептерде оқушылардың ғарыш, ғарыш айлағы және алғашқы Қазақстандық ғарышкерлер Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев, Айдын Айымбетовтың ғарыш саласындағы еңбектері туралы түсініктерін кеңейту мақсатында «Қазақстан және ғарыш» тәрбие сағатын өткізуге болады. Сабақта интерактивті тақтаны қолдану арқылы үш ғарышкердің өскен ортасы, өмір жолдары, ғарыш саласындағы жеткен жетістіктері туралы мәліметтерді слайдтармен көрсетуге болады. Сонымен қатар «Байқоңыр - Ғарыш айлағы» атты деректі фильмді көрсету, оқушылардың ғарыш туралы білімдерін дамытып, аспан әлемі туралы қызықты мәліметтерге сусындатады. Батырлық, ерлік, туған жер туралы мақал-мәтелдер айтылады. «Кім болсам екен?» атты сахналық көрініс оқушыларды ғарышкер болуға баулиды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Айымбетов А. Айдын Айымбетов: Айға ұшу - арманым: [Халық Қаһарманы, ұшқыш-ғарышкер Айдын Айымбетовпен сұхбат /жазып алған Айбек Тасқали] / А. Айымбетов // Айқын. - 2018. - 11 сәуір.

Асылбекова Ж. Ғарышты бағындырған Қазақстан: [автор өзінің өткізген «Ғарышты бағындырған Қазақстан» атты физикалық кешінің жоспарын ұсынып отыр] / Ж. Асылбекова // Математика және физика. - 2015. - № 1. - 53-54 б.

Әнуарбек Ә. Ғарыштың мініп кемесін... Қазақтың үшінші азаматы ғарышқа аттанды: [2015 ж. 2 қыркүйекте «Байқоңыр» ғарыш айлағынан «Союз ТМА-18М» ғарыш кемесі ұшты. Кеме бортында Қазақстан Республикасының ғарышкер-сынақшысы Айдын Айымбетов, ресейлік ғарышкер Сергей Волков және Данияның алғашқы астронавты Андреас Могенсен бар] / Ә. Әнуарбек // Түркістан. - 2015. - 3 қыркүйек.

Әубәкіров Т. Қазақша сөйлеуге, жазуға міндетті: [тұңғыш ғарышкер, Кеңес Одағының Батыры, «Халық қаһарманы» Тоқтар Әубәкіровпен әңгіме / сұхбаттасқан М.Жанысбай] / Т. Әубәкіров // Айқын. - 2017. - 11 қараша.

Бәкір Қ. Дербестік ғарышты игеруге жол ашты. Қазақстанның ғарыш саласы: кеше, бүгін және ертең / Қ. Бәкір // Қазақ. - 2020. - 25 ақпан.

Есиркина С.Ф. 15 жыл күткен сәтті сапар...Танымдық кеш (Халық қаһарманы, тәуелсіз Қазақстанның төл ғарышкері Айдын Айымбетов жайлы танымдық кеш) / С. Ф. Есиркина //Физика Қазақстан мектебінде=Физика в казахстанской школе. - 2016. - № 4. - 35-38 б.

Ескендір Р. «Алтын ұяға» Айдын келді: [Алматы қаласындағы № 12 мектепке Халық Қаһарманы, ғарышкер Айдын Айымбетов кездесуге келді] / Р. Ескендір // Алматы ақшамы. - 2017. - 14 қаңтар.

Жанаділов М. Айдын ғарышқа аттанды: [Қазақстан Республикасының ғарышкер-сынақшысы Айдын Айымбетов, Ресей ғарышкері Сергей Волков, Даниялық астронавт Андреас Могенсен «Союз-ТМА-18М» ғарыш кемесімен 2015 ж. 2 қыркүйекте ғарышқа аттанды] / М. Жанаділов // Президент және халық. - 2015. - 4 қыркүйек.

Жаңа ғасыр жастары ғарышты қалай зерттеп жүр?: [Астанадағы жас ғарышкерлер мектебінде «Ғарыш және балалар» шығармашылық конкурсын ұйымдастыру жайында] // Ұлан. - 2018. - 10 сәуір. - 1,3 б.

Жұртбай Т. Намыс тақырыбының оқулықтарда қамтылмаған үлгісін бейнелейтін фрагменттер: [ғарышкер Тоқтар Әубәкіров туралы] / Т. Жұртбай // Егемен Қазақстан. - 2017. - 29 мамыр (соңы. басы алдыңғы номерлерде).

Исләмбек А. Ғарыштағы кездесу: [Алматыдағы Ш.Уәлиханов атындағы № 12 мамандандырылған гимназияда тұңғыш ғарышкер, Кеңес Одағының Батыры, Қазақстанның халық қаһарманы, «Отан», «Құрмет», «Алтын жұлдыз» ордендерінің иегері, ғарышкер-ұшқыш Тоқтар Әубәкіровпен кездесу өтті] / А. Исләмбек // Айқын. - 2018. - 24 сәуір.

Кенжебаев Д. Қазақстандық ғарыштың даму тарихы және оны меңгеру мен зерттеу дереккөздері / Д. Кенжебаев // Қазақ тарихы. - 2018. - № 2. - 29-30 б.

Лебаева Б. Ғарышкерлер күніне арналған кеш / Б.Лебаева // Математика және физика. - 2014. - № 1. - 57-59 б.

Серікбаев Б. Бетпе-бет: [қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіров туралы әңгіме] / Б. Серікбаев // Егемен Қазақстан. - 2017. - 20 қаңтар.

Сүйінбай Т. Үш ғарышкер: [қазақ ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев және Айдын Айымбетов туралы] / Т. Сүйінбай // Егемен Қазақстан. - 2016. - 12 сәуір.

Шәріп А. Президент ғарышкерге «Халық қаһарманы» атағын берді: [еліміздің үшінші ғарышкері Айдын Айымбетов туралы] / А. Шәріп // Айқын. - 2015. - 15 қазан.

Сәуір Әдебиет сыншысы, ғалым, жазушы, педагог, филология
14 жұлдыз ғылымдарының докторы, профессор **Белгібай Шалабаевтың** туғанына **110 жыл** (14.04.1911-1990)

Шалабаев Белгібай 1911 жылы 14 сәуірде қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданының 5-ші ауылында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысына қатысты. Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті факультетін 1933 жылы, Ленинград университетінің аспирантурасын 1937 жылы бітірді.

1933-1934 жж. «Пионер» (қазіргі «Ұлан» газетінде редактор, 1937-1942 жж., 1944-1949 жж. Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтында декан, кафедра меңгерушісі, Қазақ КСР Ғылым Академиясының Тіл және

әдебиет институтында аға ғылыми қызметкер, 1949-1987 жж. Қазақ мемлекеттік университетінің кафедра меңгерушісі, доцент, профессор, 1987 жылдан профессор-консультант болды.

1944 жылы кандидаттық диссертация, 1970 жылы докторлық диссертация қорғады. Ғылыми зерттеу еңбектері негізінен әдебиет тарихы мәселелеріне арналған.

Б.Шалабаев халық ағарту саласындағы еңбектері үшін «Қазақ КСР-ының еңбек сіңірген мұғалімі» (1962), «Қазақ КСР-ының еңбек сіңірген ғылым қайраткері» (1985) және 1-дәрежелі «Отан соғысы», «Қызыл жұлдыз» ордендерімен және көптеген медальдармен марапатталды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Шалабаев Б. Көркем әдебиет және оны мектепте оқыту /Б.Шалабаев. - Алматы: Мектеп, 1982. – 87 б.

Шалабаев Б. Қазақ романының тууы мен қалыптасу тарихы / Б.Шалабаев. - Алматы: Мектеп, 1983. – 192 б.

Шалабаев Б. Өмірде не болмайды /Б.Шалабаев. – Алматы: Қазмемкөркемәдеб-бас, 1961. – 192 б.

Шалабаев Б. Орыс әдебиетінің алыбы Пушкин - ұлы Абайдың Ұстазы / Б.Шалабаев //Қазақ ССР Ғылым Академиясының хабарлары. Әдебиет сериясы, 1950. – № 81. – Бесінші кітап.

Шалабаев Б. Қазақтың алғашқы романы /Б.Шалабаев //Қазақтың С.М.Киров атындағы мемлекеттік университетінің ғылыми еңбектері. Т.ХІІ. 5 шығуы. – Алматы: Қазмембас, 1950. – 120-130 б.

Шалабаев Б. Сәбит Мұқановтың поэзиясы / Б.Шалабаев //Қазақ ССР Ғылым академиясының хабаршысы. –1961. – № 2. – 152-163 б.

Шалабаев Б. Қазақ эпопеясы әдебиеттік сында /Б.Шалабаев //Социалистік реализм туы астында. – Алматы, 1960. – 122- 138 б.

Шалабаев Б. Қазақ романының тууы мен қалыптасуы (Абай қарасөзі) / Б.Шалабаев. – Алматы, 1983.

Шалабаев Б. С.Көбеевтің «Қалың мал» романының тілін талдау /Б.Шалабаев //Қазақ тілінің совет дәуірінде дамуы: жоғары оқу орындарының профессорлары мен оқытушыларының, аспиранттарының ғылыми мақалалар жинағы / Қазақтың Еңбек Қызыл Ту орденді Абай атындағы педагогика институты. – Алматы, 1989. – 110-120 б.

Шалабаев Б. Текст лингвистикасы туралы: (Тіл ғылымын зерттеу) / Б.Шалабаев // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1993. – №1. – 60-63 б.

Шалабаев Б. Әдеби тіл және көркемсөз табиғаты / Б.Шалабаев //Қазақ ССР Ғылым Академиясының хабарлары. Филология сериясы. – 1988. – № 3. – 37-43 б.

Ол туралы:

Шалабаев Белгібай //Қазақ ССР. Қысқаша энциклопедия. – Т. 3. – Алматы, 1988. – 572 б.

Шалабаев Белгібай //Қазақ совет энциклопедиясы. – Т. 12. – 170-б.

Шалабаев Белгібай //Қазақстан жазушылары: ХХ ғасыр. Анықтамалық. - Алматы: Ана тілі, 2004. – 332 б.

Шалабаев Белгібай //Қазақ әдебиеті: Энциклопедия. – Алматы, 1999. – 679 б.

Сәуір Педагог, орыс-қазақ мектептерін ұйымдастырушылардың
20 жұлдыз бірі, Ы.Алтынсариннің шәкірті **Әбуғали Балғымбаевтың**
туғанына **155 жыл** (20.04.1866 - 28.01.1942).

Балғымбаев Әбуғали 1866 жылы Торғай облысында туған. Торғайдағы Ы.Алтынсарин ашқан екі кластық мектепті, Орск қаласындағы мұғалімдер мектебін бітірген.

Қостанайдағы екі кластық училищеде мұғалім, Ақтөбе уезі, Қарабұтақта екі кластық училищелердің меңгерушісі, Орынборда шыққан «Торғай облыстық ведомостары» газетінің редакторы, Орынбор округіндегі қазақ училищелерінің бастығы, 1907-1917 жылдары Торғай облыстық халық училищелерінің инспекторы болды.

1917 жылдан кейін Торғай ревкомының мүшесі, тұңғыш уездік оқу-ағарту бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды. 1936 жылдан Қазақстан Орталық музейінде библиограф болды.

Ә.Балғымбаев оқу орындарын ұйымдастыру саласында Ы.Алтынсариннен кейінгі екінші қазақ инспекторы. Өзі еңбек еткен жылдары Торғай жерінде 22 орыс-қазақ училищесін ашуға ұйытқы болды. Ауылдарда мектептер ашу, сауатсыздықты жою мәселелерімен айналысты. Мектептердегі пәндерге, сабақтың көрнекілігіне, оқуды өмірмен байланыстыруға, дене, еңбек тәрбиесіне ерекше мән берді. Өзінің еңбектерінде адамның өмір бойы оқып-үйренуі, жетіле беруі, өнер-білімді меңгеруі керектігін жазып, сол кездегі оқу-ағарту саласындағы озық тәжірибелерді насихаттады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Балғымбаев Ә. Бесіктен бейітке дейін /Ә.Балғымбаев, 1904.

Балғымбаев Ә. Торғай уезінің ауыл мектептеріндегі оқу ісін қамқорлыққа алып, оның жұмысын жақсарту шаралары /Ә.Балғымбаев, 1911.

Ол туралы:

Балғымбаев Әбдіғали (Әбуғали) //Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. – Т.2. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 1999.-108-109 б.

Балғымбаев Әбуғали (1866-1942) //Қазақ ССР. Қысқаша энциклопедия. Т.3. – Алматы, 1988. – 122 б.

Ламашев Ә. Ы.Алтынсарин және оның орыс достары мен ізбасарлары /Ә.Ламашев. – Алматы, 1988.

Сәуір Физика-математика ғылымдарының докторы, профессор,
29 жұлдыз әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің
ректоры (2001-2008), **Төлеген Әбдісағиұлы**
Қожамқұловтың туғанына **75 жыл** (29.4.1946)

Қожамқұлов Төлеген Әбдісағиұлы 1946 жылы 29 сәуірде Алматы облысы Жамбыл ауданы, Жамбыл ауылында туған.

1967 жылы Қазақтың мемлекеттік университетін (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақтың Ұлттық университеті), 1970 жылы Ленинградтағы (Санкт-Петербург) А.Ф.Иоффе атындағы физика-техникалық институтының аспирантурасын бітірген.

1970-1998 жылдары ҚазМУ-де (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақтың Ұлттық университеті) ассистент, аға оқытушы, доцент, 1989 жылдан профессор, кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарды. 1986 жылы докторлық диссертация қорғады. 1998 жылы І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің ректоры.

2001 жылдан 2008 жылға дейін әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ректоры болды.

2005 - 2012 жылдары ҚР Ұлттық ғылым академиясының вице-президенті.

Т.Қожамқұлов Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері. 300-ден аса ғылыми еңбегі, соның ішінде 3 монографиясы жарияланған.

Негізгі ғылыми еңбектері атом ядросы мен элементар бөлшектер теориясына, кванттық хрододинамикаға арналған.

Т.Қожамқұлов жарық физикасы саласында «Торланған калибрлік өрісті стохастикалық кванттау» атты жаңа ғылыми бағытты қалыптастырды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Қожамқұлов Т.Ә. Батырлықтың негізі даналықта: Тарихта Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай батырлармен қатар аталатын Шапырашты Наурызбай батырдың 300 жылдық мерейтойы қарсаңында өткізілген ғылыми-теориялық конференция материалдары /Т.Ә.Қожамқұлов //Шапырашты Наурызбай. – Алматы, 2003. – 5-9 б.

Қожамқұлов Т.Ә. Тамыры терең бәйтерек: [ҚазҰУ-нің 70 жылдығына арналған] /Т.Ә.Қожамқұлов //Қарашаңырақ. –Алматы: Атамұра, 2003. – 5-13 б.

Қожамқұлов Т.Ә. Елбасы кітабында ертеңге деген бағдар бар: [Н.Ә.Назарбаевтың «Сындарлы он жыл» кітабы жайлы] /Т.Ә.Қожамқұлов //ҚазҰУ хабаршысы. Ақпарат сер. – 2003. - № 1 (10)7 – 8-9 б.

Қожамқұлов Т.А. Кванттық механика / Т.Ә.Қожамқұлов, М.А.Жүсіпов, О.И.Имамбеков. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 358 б.

Қожамқұлов Т.Ә. Кванттық механика есептерінің жинағы: оқу құралы /Т.Ә.Қожамқұлов, О.И.Имамбеков.–Алматы:Қазақ университеті, 2006.–156 б.

Қожамқұлов Т.Ә. «Кванттық механика» пәнінің оқу-әдістемелік кешені /Т.Ә.Қожамқұлов, О.И.Имамбеков.– Алматы: Қазақ университеті,2007.– 38 б.

* * *

Қожамқұлов Т.Ә. Білімі барлар бөгелмейді: Талдықорғандағы І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің ректоры, проф. Т. Ә. Қожамқұловпен әңгіме / әңгімелескен Ә. Ысқақбай //Жетісу. - 2000. - 29 шілде

Қанаты қатайып қайта оралған қыран: физика-математика ғылымдарының докторы Т. Қожамқұловпен әңгіме / әңгімелескен А. Асылбек //Заңгер .- 2001. - № 5. - 22-25 б.

Тамыры терең бәйтерек: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ның ректоры, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері Т. Ә. Қожамқұловпен сұхбат / сұхбаттасқан Е. Жаппасұлы // Қазақ әдебиеті» - 2004. - 16 қаңтар

Кванттық механика есептерінің жинағы: оқу құралы / ҚР Білім және ғылым министрлігі. - Алматы: Қазақ университеті, 2006. - 156 б. / О. П. Имамбековпен бірге

Қожамқұлов Т.Ә. Қазақтың рухы Бетховеннің әуенінен емес, бесік жырынан басталады /Т.Ә.Қожамқұлов //Ғылым көкжиегінде: ғылыми-көпшілік жинақ. – Алматы, 2006. – 5-20 б.

Қожамқұлов Т.Ә. Элитаға барар жол = Путь в элиту /Т.Ә.Қожамқұлов. – Алматы: Нұрлы әлем, 2006. – 208 б.

Қожамқұлов Т.Ә. Тамырынан нәр алған ел алысқа ұзайды: [әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің ректоры Т.Ә.Қожамқұловпен сұхбат] /әңгімелескен М.Төлепберген / Т.Ә.Қожамқұлов // Егемен Қазақстан. – 2006. – 28 сәуір.

Қожамқұлов Т.Ә. Тәуелсіздікті тұғырландырудың қамы Саннан – Сапаға / Т.Ә.Қожамқұлов //Ана тілі. – 2008. – 14-20 ақпан.

Қожамқұлов Т. «Адамды адам ететін оның рухани байлығы»: [академик, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Т.Қожамқұлов қазіргі жоғары оқу орнынан кейінгі оқу мәселесі және ғылымның жағдайы туралы] / Т. Қожамқұлов // Заң газеті. - 2012. - 19 қаңтар.

«Адамды адам ететін оның рухани байлығы»: [академик, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері Төлеген Қожамқұловпен сұхбат] /сұхбаттасқан С. Орынбасарұлы // Заң газеті . - 2011. - №8. 19 қаңтар.

Қожамқұлов Т. Атомдар қозғалысы - таңғажайып әуенмен сыр шертеді: [ғалым, ҚР ҰҒА академигі Төлеген Әбдісағиұлы Қожамқұловпен сұхбат / Қ.Серікқызы] / Т. Қожамқұлов // Қазақ әдебиеті. - 2016. - 29 сәуір - 5 мамыр.

Ол туралы:

Қожамқұлов Төлеген Әбдісағиұлы //Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. Т.6. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2004. – 14 б.

Қожамқұлов Төлеген Әбдісағиұлы //Жетісу: Энциклопедия. – Алматы: Арыс, 2004. – 411-412 б.

Қожамқұлов Төлеген Әбдісағиұлы //Қазақстан ғылымы: Энциклопедия. Т.2. – Алматы, 2010. – 89-90б,

Қожамқұлов Төлеген Әбдісағиұлы: биобиблиографиялық көрсеткіш / құраст.: М.Е. Абишев, Ф.Б. Белисарова, Э.Ж. Скатова; жауапты ред.: М.М. Бүркімбаев, Т.С. Рамазанов, ред.: Э.Ж. Скатова. - Алматы: Казак университеті, 2016. - 101 бет.

Қожамқұлов Төлеген Әбдісағиұлы //Жетісу: Энциклопедия - Алматы, 2004. - 411-412 б.

Физик-теоретик Т.Ә.Қожамқұлов=Физик-теоретик Т.А.Кожамқұлов. – Алматы: Кітап, 2006. – 330 б.

Азамат. Кайраткер. Ғалым. Т. Ә. Қожамқұлов / ред. алқа: Е. М. Мұтанов М. Жұрынов, Т. Рамазанов ж.б. /Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ университеті, 2016. - 186 б. : сур.

Дербісәлі Ә. Ғибрат ғұмырлы ғалым / Ә. Дербісәлі //Азамат. Кайраткер. Ғалым Т. Ә. Қожамқұлов / ред. алқа: Р. М. Мұтанов, М. Жұрынов, Т. Рамазанов, ж.б. /Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. - Алматы,2016. - 151-159 б.

* * *

Аманқосова К. Белгілі кайраткер, ғалым Төлеген Әбдісағиұлы 70 жаста / К. Аманқосова // Казак университеті. – 2016 . - 4 мамыр.

Дәдебаев Ж. Ректор: ректор Т. Ә. Қожамқұлов жайлы / Ж. Дәдебаев // Менің университетім / Ж. Дәдебаев. - Алматы, 2007. - 32-37 б.

Ескендір Р. Ғалымға құрмет көрсетілді / Р. Ескендір // Алматы акшамы. 2016. - 5 мамыр.

Жұмабай М. Ректор Төлеген Қожамқұловтың сегіз қыры мен бір сыры : Қазақ ұлттық ун-тінің ректоры Т. Қожамқұлов туралы / М. Жұмабай // Ана тілі. - 2006. - 27 сәуір.

Қалижанов У. Төменнен жоғарыға өрлеген Төлеген: [физик-ғалым, физика-математика ғылымдарының докторы, ұстаз, Төлеген Әбдісағиұлы Қожамқұлов туралы] / У. Қалижанов // Егемен Қазақстан. - 2016. - 26 сәуір.

Мұтанов Р. М. Тұңғыш университет казак елінің білімі мен ғылымының алтын дінгегіне айналып отыр / Р. М. Мұтанов //Егемен Казакстан – 2014. - 16 кантар.

Омашұлы Н. Нар жолында жүк қалмайды: әл-Фараби атындағы ҚазМҰУ-нің ректоры Т. Ә. Қожамқұлов туралы / Н. Омашұлы //Ақиқат. - 2006.- № 5.- 51-53 б.

Сәуір Ғалым, сазгер, фольклоршы, музыкатанушы, педагог,
29 жұлдыз қоғам кайраткері, өнертану ғылымдарының докторы,
профессор, академик **Ахмет Қуанұлы Жұбановтың**
туғанына **115 жыл** (29.04.1906-30.05.1968).

Жұбанов Ахмет Қуанұлы 1906 жылы 29 сәуірде Ақтөбе облысы, Темір ауданында дүниеге келген. 1916 жылы үш жылдық Уркачев орыс-қырғыз училищесін бітіреді. 1920 жылдан бастап оның еңбек жолы басталады. Алғашқыда ауылдық кеңестің хатшысы қызметін атқарады. «Шамшырақ» қызыл отау үйінде меңгеруші болады. Осыдан кейін халық мұғалімі курсында оқып, Темірде, кейін Ақтөбеде ұстаздық етеді. Жастайынан музыка өнеріне бейім ол көп ұзамай Санкт-Петербургтегі М.И.Глинка атындағы музыка техникумына оқуға түсіп, соңынан Н.А.Римский-Корсаков атындағы консерваторияға түседі. 1932 ж. консерваторияны бітірісімен, өнер зерттеу академиясының музыка бөлімінің аспирантурасына түседі.

А.Жұбанов 1933 жылы Санкт-Петербургтен Алматыға шақырылып алынды. Ол 1933-1942 жж. Алматыдағы музыкалық-драмалық техникумның оқу бөлімінің меңгерушісі және қазақтың Жамбыл атындағы мемлекеттік

филармониясының директоры және көркемдік жағын ұйымдастырушысы болды. 1934 ж. Қазақ мемлекеттік Құрманғазы атындағы академиялық ұлт-аспаптар оркестрінің ұйымдастырушысы, алғашқы дирижеры, көркемдік жетекшісі болды.

А.Жұбанов 1944 жылдан өмірінің соңғы күніне дейін Алматыдағы Құрманғазы атындағы Мемлекеттік консерваторияның ректоры болды.

1942 ж. жарық көрген «Қазақтың халық композиторларының өмірі мен творчествосы» аталатын еңбегінде Жұбанов қазақ халқының бір ғасырлық музыкалық мәдениетінің тарихын жүйелеп шықты. Осы кітабы үшін 1945 жылы А.Жұбановқа өнертану ғылымының докторы атағы диссертация қорғамай-ақ берілді. 1946 жылдан академик. Ол Қазақстанда музыкалық мамандар даярлауда ұзақ жылдар бойы үздіксіз еңбек етті.

А.Жұбанов қазақ халқының қазіргі заманғы кәсіби музыкасының негізін қалаған аға буын сазгерлердің бірі. Ол ұлттық өнер мамандарын тәрбиелеу ісіне де үлкен үлес қосты. Қазақстандағы музыкалық педагогиканың іргетасын қалаған ғұлама ғалым.

А.Жұбанов «Музыка әліппесін» шығарды. «Қазақ халық композиторлары», «Ғасырлар пернесі», «Замана бұлбұлдары» атты монографиялық еңбектердің авторы. Өзі қайтыс болғаннан кейін жарық көрген «Ән-күй сапары», «Өскен өнер» кітаптары - қазақ музыкасының әр түрлі кезеңдерін қамтитын іргелі зерттеулер.

Ахмет Қуанұлы Жұбанов Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Ленин орденімен, т.б. ордендермен, медальдермен марапатталған. Алматы қаласындағы көшелердің біріне, Республикалық музыкалық мектеп-интернатқа Жұбанов есімі берілген. Алматыда ол тұрған үйдің қабырғасына ескерткіш тақта орнатылған.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Жұбанов А. Жастар, музыканы оқындар! / А.Жұбанов //Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. - Т.2. – Алматы: Рауан,1998.- 282-283 б.

Жұбанов А. Эстетикалық тәрбие және музыкалық ағарту мәселелері. Эстетикалық тәрбиенің басты саласы / А.Жұбанов //Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы.- Т.2. – Алматы: Рауан,1998.- 284-286 б.

Жұбанов А. Жас буынға эстетикалық тәрбие берейік / А.Жұбанов //Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы.- Т.2.– Алматы: Рауан,1998.- 286 б.

Жұбанов А. Мұқан Төлебаев: очерк. / А.Жұбанов - Алматы: Қазмембас, 1963.-44 б.

Жұбанов А.Қ. Ән-күй сапары /А.Жұбанов. - Алматы: Ғылым,1976. – 478 б.

Жұбанов А. Құрманғазы күйлері қалай шыққан? /А.Жұбанов.- Алматы: Өнер, 1993. – 40 б.

Жұбанов А. Ғасырлар пернесі: Қазақстанның халық сазгерлерінің өмірі мен шығармашылығы туралы очерктер /А.Жұбанов.- Алматы: Дайк-Пресс, 2002.- 326 б.

Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. - өңд., толықт. 2 бас. /А.Жұбанов. - Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 440 б.

Ол туралы:

Ахмет Жұбанов (1906-1968) //Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы.- Т.2. Алматы: Рауан,1998.- 281-282 б.

Ахмет Жұбанов: қазақ халқының ұлы перзенті, академик, өнертану докторы, сазгер, белгілі қоғам қайраткері Ахмет Қуанұлы Жұбановтың (1906-1968жж.) туғанына 100 жыл толуына арналады. – Алматы: Атамұра, 2006. – 476 б.

Ахмет Жұбанов /құраст. Н.С.Кетегенова, А.Қ.Омарова. – Алматы: Өнер, 2006. – 200 б.

Жұбанов Ахмет Қуанұлы //Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. – Т.4. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2002. – 55-56 б.

Брусиловский Е.Г. Дүйім дүлдүлдер /Е.Г.Брусиловский /қазақ тіліне аударған С.Байжанов. - Алматы: Ана тілі.- 1995.-223 б. А.Жұбанов туралы 14-28 б.

Ғасырлар пернесінің жыршысы: академик, композитор А.Қ.Жұбановтың 100 жылдығына арналған республикалық ғылыми конференция материалдары бойынша /жауапты шығарушылар: Р.Т.Компақова, И.И.Магай, Е.Д.Дүйсенбаев т.б. – Ақтөбе, 2006. – 114 б.

Ғизатов Б. Академик Ахмет Жұбанов /Б.Ғизатов. – Алматы, 1972.

Жұмалиев Қ. Ахмет Жұбанов /Қ.Жұмалиев. – Алматы, 1966.

Рсалдин Ж. Ахмет Жұбанов /Ж.Рсалдин. – Алматы, 1966.

1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күні

Қазақстан халқының бірлігі күні - Қазақстанда жыл сайын тойланатын мереке. Мереке 1996 жылдан бастап тойланады. 1995 жылдың 18 қазанында Қазақстан президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтің жарлығы бойынша 1 мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні деп жарияланды.

Бұл күн мемлекеттік мейрам болып табылады және Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығына сәйкес 1996 жылдан бастап атап өтіліп келеді. 140-тан астам ұлт өкілі тұратын Қазақстан үшін бұл мереке дәстүрлі де маңызды мейрамдардың біріне айналды. Себебі Тәуелсіз Қазақстанның басты жетістіктерінің бірі - оны мекен еткен халықтардың арасындағы келісім мен еліміздегі тыныштық.

Осы күні еліміздің барлық өңірлерінде театрландырылған қойылымдар, мерекелік концерттер, фестивальдар мен көпшілік шерулер өтеді.

Бұл күнді еліміздің басты мерекесіне айналдыру идеясына Мемлекет басшысы Н. Назарбаев бастамашылық жасаған болатын. Көптеген ұлттардың ортақ шаңырағына айналған Қазақстан бейбітшілік пен келісім арқылы әлемге үлгілік жолды нұсқап келеді. Әйтсе де, ұлтаралық келісім мен дінаралық татулықтың алтын бесігін тербету аяқ астынан туындаған немесе қазақ даласында өздігінен пайда болған дүние еместігі бесенеден белгілі. Ел иесі, жер иесі саналатын қазақ халқы алмағайып замандарда шартараптан бас

сауғалаған, тағдыр тәлкегімен босып келген басқа жұртты бауырына басты. Өзінің тоз-тозы шыққанына қарамастан, басқаның қайғысына да ортақтығын танытты. Кеңестік жүйе қыспағымен қазақ даласын паналаған бөтен жұрт осында мәңгілік тұрақтап қалды. Тәуелсіздік тұсында да қырықжамаудай болған ұлттық құрамдағы осы ерекшелікті негізге алғандар «жаңадан пайда болуы ықтимал үлкен қақтығыстар алаңы» ретінде қазақ даласын меңзеген еді. Алайда, қазақ халқының даналығы, кеңдігі мен сыйластығы этностық тегіне, әлеуметтік, діни және де шығу тегіне қарамай, жаңа мемлекеттің барша азаматының ұйысуына себепші болды.

Көпұлтты Қазақстан халқының татулықпен, бірлікпен өмір сүріп жатқаны жайлы танымдық ойларын дамытып, барлық ұлттардың бір-бірін құрметтей білуге тәрбиелеу мақсатында «Ынтымағы жарасқан Қазақстан» атты тәрбие сағатын өткізуге болады. Тәрбие сағатында нақыл сөздерді, көгершінді, шарларды, жалаушаларды көрнекілік ретінде қолданады. Сабак екі бөлімнен тұрады: 1-бөлім - әдеби монтаж. 2- бөлімде оқушылар әр ұлт өкілдерінің салт-дәстүрлері, ұлттық киімдері мен ұлттық тағамдарын көрсетеді және әр түрлі ұлттың биін билеп, әндерін орындайды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Ахмет К. Ассамблеяның ел білмейтін міндеті көп: [Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі туралы] / К. Ахмет // Айқын. - 2018. - 27 сәуір.

Әбдібек С. Бірлік пен келісім айшықталған күн: [1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күні] / С. Әбдібек //Егемен Қазақстан. - 2018. - 3 мамыр.

Әбілқайырова Н.Н. Ынтымағы жарасқан Қазақстан: [1 мамыр Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған ертеңгілік] / Н. Н. Әбілқайырова, С. С. Түсіпқалиева //Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. - 2016. - № 7. - 20-21 б.

Бабаш Б. Корейлер қазақтарға ескерткіш қойды: [«Қазақ халқына мың алғыс!» деген сөз жазылған ескерткіш Атырау облысы Махамбет ауданы Бейбарыс ауылында бой көтерді] / Б. Бабаш //Егемен Қазақстан. - 2017. - 6 қараша.

Жанділдин Ж. Бойтұмардай сақтайтын мереке 1 мамыр: [1 мамыр Қазақстан халқының бірлігі күні] / Ж. Жанділдин //Айқын. - 2014. - 1 мамыр.

Жұмаділдаева Н. Ел бірлігі - мемлекеттілік негізі: [1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күні] / Н. Жұмаділдаева //Егемен Қазақстан. - 2018. - 26 сәуір.

Иманова Л.Т. Достық - біздің тірегіміз: [Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған кеш] / Л. Т. Иманова // Тәрбие сағаты. - 2014. - № 3. -11-12 б.

Калимова С.Е. Татулық – достықтың киелі бесігі: [1 мамыр – ынтымақ күніне арналған мерекелік іс-шара] / С.Е.Калимова //Мектептегі мерекелер. – 2017. - № 3. – 7-8 б.

Қазақстан - татулық пен бірліктің ордасы: [«1-мамыр - Қазақстан халқы бірлігі күні» мерекесіне арналған тәрбие сағаты] //Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. - 2016. - № 11. - 16-18 б.

Қалиева Р. Ұлт бірлігі - ұлы байтақ: [1 мамыр - Қазақстан халқы бірлігі күніне арналған тәрбие сағаты] / Р. Қалиева //Мектептегі өнер. - 2016. - № 3. - 25-б.

Қойбасарова Н. Қазақстан халықтарының ассамблеясына - 20 жыл: [тәрбие сағаты] / Н. Қойбасарова //Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал. - 2015. - № 10. - 58-63 б.

Менькова Н.Ф. 1 мамыр - Қазақстан халықтарының бірлігі күні / Н. Ф. Менькова //Сынып жетекшісінің анықтамалығы=Справочник классного руководителя. - 2016. - № 3. - 45-47 б.

Мусабекова А. Қазақстан халқының ұлттық құрамы / А. Мусабекова // Қазіргі мектеп. - 2016. - № 1. - 22-23 б.

Мухамбеткалиева Т.С. Ынтымақ, бірлік, келісім - ең басты байлық ел үшін: [Қазақстан Республикасының халықтар достығына арналған тәрбие сағаты] / Т. С. Мухамбеткалиева, Ж. Т. Мамбетова //Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. - 2016. - № 11. - 7-10 б.

Накибаева К. Қысқа мерзімді жоспар:[Қазақстандағы халық саны мен құрылымы] / К. Накибаева //География және табиғат. - 2016. - № 1. - 27-30 б.

Нурғалиева Г. Достық пен бірлік - бұл толеранттық / Г. Нурғалиева // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. - 2017. - № 5. - 17-20 б.

Нұрымбетова Н.Ә. Бірлік – береке бастауы: [1 мамыр мерекесі туралы түсініктеме беру] / Н.Ә.Нұрымбетова //Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. – 2020. - № 5. -7-9 б.

Омарова М.С. Көпұлтты Қазақстан - татулық мекені:[Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған «Көпұлтты Қазақстан - татулық мекені» атты тәрбие сағаты] / М. С. Омарова //Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. - 2015. - № 8. - 8-10 б.

Сенбаева Ж. Татулық - достықтың киелі бесігі: [1-мамыр Қазақстан халқы бірлігі күні] / Ж. Сенбаева //Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. - 2016. - № 7. - 21-23 б.

Сетербаева А. «Ынтымағы жарасқан, туған өлкем – Қазақстан»: [1 мамыр Қазақстан Республикасын мекендеген ұлттар мен ұлыстар достығы және бірлігіне арналған салтанатты ашық тәрбие сағаты] / А. Сетербаева //Тәрбие құралы. - 2017. - № 3. - 35-37 б.

Сугирбаева М.С. Қазақстандағы ұлттар мен ұлыстар тарихы: [автор өзінің «Қазақстандағы ұлттар мен ұлыстар тарихы» атты танымдық сабағын ұсынады] / М. С. Сугирбаева //Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. - 2015. - № 6. - 4-5 б.

Сүгірбаева М. Қазақстандағы ұлттар мен ұлыстар тарихы: [«Қазақстандағы ұлттар мен ұлыстар тарихы» атты танымдық сабақ] / М. Сүгірбаева //Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал. - 2015. - № 5. - 61-65 б.

Тимощенко Ю. Бірліктің бірегей үлгісі: [1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күні] / Ю. Тимощенко // Егемен Қазақстан. - 2018. - 27 сәуір.

Тұғырымыз - тұрақтылық, таңдауымыз - тағаттылық: [1 мамыр Қазақстан халқының бірлігі күні облыстарда өткізілген мерекелік шаралардан репортаж] //Егемен Қазақстан. - 2017. - 2 мамыр.

Түймебаев Ж. Елбасы және Ассамблея: Татулық пен келісім жолы: [Қазақстан халқы Ассамблеясының XXVIII сессиясы туралы] / Ж. Түймебаев // Егемен Қазақстан. - 2019. - 29 сәуір.

Умирбекова Д.Ә. «Бірлігіміз жарасқан, тәуелсіз ел – Қазақстан»: [1-мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күніне арналған тәрбие сағаты] / Д. Ә. Умирбекова //Бастауыш мектеп. - 2016. - № 11-12. - 67-69 б.

Мамыр 1 жұлдыз Қазақ тілі маманы, қазақ тілі әдістемесінің негізін салушылардың бірі, педагог, филология ғылымдарының кандидаты **Сейіл Сарықұлұлы Жиенбаевтың** туғанына **125 жыл** (1.05.1896-5.05.1945)

Жиенбаев Сейіл Сарықұлұлы 1896 жылы 1 мамырда бұрынғы Орал облысы Бөрте ауданы Жайық аулында дүниеге келді.

Ол 1912 жылы Бөртедегі 2 сыныптық училищені бітіріп, одан кейін Орынбор қаласындағы мұғалімдер даярлайтын оқу орнын бітіріп, мұғалім болып істеуге жолдама алады. 1917-1921 жылдары Ақбұлақ уезінің Талды болысының Сазды ауылында мұғалім болды. 1921-1928 жылдар аралығында Орынбор қаласындағы қазақ мектебінде, әскери мектепте, өлкелік кеңес-партия, үлгі-тәжірибе мектебінде және оқытушылар институтында, педтехникумдарда қызмет атқарды. 1928 жылы Алматыға келіп, оқытушылық, ұстаздық қызметін әрі қарай жалғастырып, Қазақтың педагогикалық институтында сырттан оқиды. 1929 жылы Қазақстан Оқу комиссариатының аппаратына ғылыми қызметкер болып ауысады. 1931-1939 жылдары Алматыдағы ауыл шаруашылық, ұлт мәдениеті институттарында және КСРО Ғылым академиясының қазақ филиалында ғылыми қызметкер болып еңбек етеді, 1938-1942 жылдары Қазақ КСРО Оқу комиссариаты жанындағы ғылыми зерттеу институтында, Абай атындағы педагогикалық институтта оқытушылық қызметте болады. 1942 жылы С.Жиенбаев КСРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалының Тіл, әдебиет және тарих институтының сектор меңгерушісі болып тағайындалады. 1942 жылы кандидаттық диссертация қорғап, Мәскеудегі Тіл және ойлау институты Ғылыми кеңесінің мүшесі болып сайланады.

С.Жиенбаев - қазақ тілі программасы мен көптеген оқулықтардың авторы да болған әдіскер ғалым. С.Жиенбаев – зерттеуші ғалым ғана емес, мұғалімдерді тәрбиелейтін «ұстаздың ұстазы», нағыз педагог болған.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Жиенбаев С. Бастауыш мектепте кітап оқыту методикасы /С.Жиенбаев . – Алматы: Қазмембас, 1939. – 36 б.

Жиенбаев С. Грамматикалық таблицалар /С.Жиенбаев. - Алматы: Қазбірмем-бас, 1942.

Жиенбаев С. Жаттығу. Емле мен тіл дамытудан I-II кластарға арналған жаттығулар жиынтығы.- 4-бас. /С.Жиенбаев - Алматы: Қазбірмембас, 1946. – 76 б.

Жиенбаев С. т.б. Қазақ тілі: Учебное пособие для самостоятельно изучающих. – 4-бас. /С.Жиенбаев – Алматы: Мектеп, 1966. – 199 б.

Жиенбаев С. т.б. Қазақ тілі: Учебник казахского языка для русской школы для VI-VII класса.- 8-е изд. /С.Жиенбаев - Алма-Ата: Казучпедгиз.- 1950.-148 б.

Жиенбаев С. Қазақ тілі. Учебник казахского языка для взрослых/С.Жиенбаев. – Алма-Ата: Казогиз, 1947. – 129 б.

Жиенбаев С. Қазақ тілінің методикасы: [орта мектеп оқушыларына және педагогикалық училище студенттеріне көмекші құрал].– 2-бас. /С.Жиенбаев. – Алматы: Қазбірмембас, 1946. – 116 б. (Қазақ КСР Оқу министрлігі. Мектептердің ғылыми-зерттеу институты).

Жиенбаев С. Аударманың тілі туралы /С.Жиенбаев // Қазақ ССР Ғылым Академиясының хабарлары. Филологиялық серия, 1946. – 4 шығуы.– 30-36 б.

Жиенбаев С. Мазмұндама: Орта мектептерде, рабфак, техникумдарда педучилищелерде мазмұндамаға арналған мақалалар жинағы /С.Жиенбаев. – Алматы: Қазмембас, 1940. – 63 б.

Жиенбаев С. Үлкендерге ана тілін оқытудың методикасы.– 2-бас. /С.Жиенбаев - Қызылорда: Қазбас, 1936. – 48 б. (Қазақстан Халық Ағарту комиссариаты).

Жиенбаев С. Үлкендерге ана тілін оқытудың методикасы /С.Жиенбаев - Қызылорда: Қазбас, 1936. – 48 б. (Қазақстан Халық Ағарту комиссариаты).

Жиенбаев С. Грамматика талдауыш: Орта мектептің V класына арналған /С.Жиенбаев. – Алматы: Қазмембас, 1936. – 60 б.

Жиенбаев С. Орысша-қазақша сөздік: Орта мектепке арналған құрал /С.Жиенбаев, Ш.Қоқымбаев. – Алматы: Қазбірмембас, 1945. – 276 б.

Жиенбаев С. Жаңалық: (Колхоз мектептері үшін әліппе) /С.Жиенбаев, Ш.Қоқымбаев. – Алматы: Қазбас, 1932. – 79 б.

Ол туралы:

Сейіл Жиенбаев (1896-1945) //Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. – Т. 2. /Құраст. Қ.Жарықбаев., С.Қалиев. – Алматы, 1998. –197-б.

Жиенбаев Сейіл Сарықұлұлы //Қазақ ССР. Қысқаша энциклопедия. 4-том. – Алматы, 1989. – 663 б.

Жиенбаев Сейіл Сарықұлұлы //Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. Т.3. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2001.- 685-686 б.

Жиенбаев Сейіл Сарықұлұлы //Қазақ тілі: Энциклопедия. - Алматы, 1998. – 143 б.

Жиенбаев Сейіл //Сарыбаев Ш.Ш., Сарыбаев Қ.Ш. Қазақ тілі білімі әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші. – 6-шы бөлім. – Алматы, 1994. – 17, 43, 52, 191, 199, 207 беттерде.

Ұйықбаев И. С.С.Жиенбаев /И.Ұйықбаев // Қазақ тілі методикасының библиографиялық көрсеткіші. – Алматы, 1965. – 20-36 б.

Есенов Қ. Ғалым мерейі:[Сейіл Жиенбаев туралы] /Қ.Есенов //Қазақстан мұғалімі. – 1987. – 16 қазан.

Кәтембаева Б. Методист-ғалым:[Сейіл Сарықұлұлы Жиенбаев туралы] /Б.Кәтембаева //Қазақстан мұғалімі. – 1986. – 1 мамыр.

Сарғожин Р. Ғалымға арналды /Р.Сарғожин //Қазақ әдебиеті. – 1986. – 22 тамыз (Қазақ КСР Ғылым Академиясы Тіл білімі институтында өткен С.Жиенбаевтың 90 жылдығына арналған мәжіліс туралы).

Ысқақов А. Ірі ғалым-методист: [С.Жиенбаевтың еңбектері жайлы] /А.Ысқақов, Б.Кәтембаева // Қазақстан мектебі. – 1980.- № 6. – 74-76 б.

**Мамыр
1 жұлдыз** Физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ғылым Академиясының академигі **Орынбек Ахметбекұлы Жәутіковтың** туғанына **110 жыл** (1.05.1911-15.05.1989).

Жәутіков Орынбек Ахметбекұлы 1911 жылы 1 мамырында Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы, Қызыларай ауылында дүниеге келген.

1934 жылы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық университетінің физика-математика факультетін бітірген. 1934-1951 жж. Қазақ мемлекеттік педагогика университетінде ассистент, аға оқытушы, физика-математика факультетінің деканы, ректордың ғылыми жұмысы жөніндегі орынбасары, доцент, математика анализ кафедрасының меңгерушісі, 1951-1965 жж. Қазақ КСР Ғылым Академиясының математика және механика институты директорының орынбасары, ал 1965 жылдан осы институтта лаборатория және бөлім меңгерушісі. 1961 жылы «Дифференциалдық теңдеулердің шексіз жүйелерін зерттеу» тақырыбына докторлық диссертация қорғаған, сол жылы ғылым докторы болды және профессор атағын алды. Қазақ КСР Ғылым Академиясы О.А.Жәутіковты академик етіп сайлады. 1970-1986 жж. Қазақ КСР Ғылым Академиясының Президиумының мүшесі, 1972-1985 жылы Қазақ КСР Ғылым Академиясының академик хатшысы болды.

Республикалық физика-математика мектебін ашуға ұйтқы болғандардың бірі – О.А.Жәутіков болды. Бұл мектеп 1968 жылы ашылды. Ол О.А.Жәутіков атындағы оқу ордасы.

Орынбек Ахметбекұлы Жәутіков өмірінің көп жылын ғылымға арнады. Артында ұрпағына мол ғылыми мұра қалдырған, қазақ тілінің толыққанды математикалық тілінің қалыптасуына зор үлес қосқан академик үлкен ғылыммен айналыса жүріп, ұстаздықтан да қол үзген жоқ. Ол мектеп мұғалімдері мен оқушылары үшін арнап жазған оқу кұралдардың, оқулықтардың авторы. Сонымен қатар 200-ге тарта ғылыми еңбектері, монографиясы, ғылыми-көпшілікке арналған кітаптары мен мақалалары жарық көрді.

О.Жәутіковтың еңбегі жоғары бағаланып «Қазақ КСР-ының ғылымға еңбек сіңірген қайраткері», Республика мемлекеттік сыйлығының лауреаты

атағы беріліп және «Октябрь Революциясы орденімен», екі рет «Құрмет Белгісі» орденімен және медальдармен марапатталды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Жәутіков О.А. Орыс халқының ұлы математигі Александр Михайлович Ляпунов /О.А.Жәутіков. – Алматы: Қазақ КСР Ғылым Академиясының баспасы, 1950. – 26 б.

Жәутіков О.А. Математика және оның дамуы /О.А.Жәутіков. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым Академиясының баспасы, 1951. – 84 б. (Қазақ КСР Ғылым Академиясының көпшілікке ғылым-білім тарату сериясы).

Жәутіков О.А. Жай дифференциалдық теңдеулер /О.А.Жәутіков. – Алматы, 1952 (Қазақ ССР Оқу министрлігі. Мұғалімдерді сырттан оқыту ғылыми-методикалық кабинеті). – 2 бөлім. – 92 б.

Жәутіков О.А. Орыс математикасының атақты ғалымдары: (Қысқаша биографиялық очерктер) /О.А.Жәутіков. – Алматы:Қазмембас,1956. – 248 б.

Жәутіков О.А. Математиканың анализ курсы. Педагогикалық институттардың физика, математика факультеттеріне арналған оқулық /О.А.Жәутіков. – Алматы: Қазмемоқупедбас, 1958. – 784 б.

Жәутіков О.А. Жәй санаудан машиналық математикаға жету: Математиканың даму тарихынан /О.А.Жәутіков. – Алматы: Қазмембас, 1959. – 271 б.

Жәутіков О.А. Математиканың даму тарихы: Ерте заманнан XVI ғасырға дейін /О.А.Жәутіков. – Алматы: Мектеп, 1967. – 331 б.

Жәутіков О.А. Комплекс сандар және олардың практикалық маңызы: Мұғалімдерге көмекші құрал/О.А.Жәутіков. – Алматы: Мектеп, 1969. – 136 б.

Жәутіков О.А. Жоғары математика. Кіріспе: Мұғалімдерге арналған құрал /О.А.Жәутіков. – Алматы: Мектеп, 1984. – 215 б.

Жәутіков О.А. Дифференциалдық теңдеулердің қолданылуы туралы әңгіме /О.А.Жәутіков. – Алматы: Ғылым, 1986. – 149 б.

Жәутіков О.А. Болашақ алдындағы жауаптылық/О.А.Жәутіков //Лениншіл жас. – 1986. – 3 шілде.

Жәутіков О.А. Жуықтап есептеу әдістері.– Алматы: Рауан, 1992. – 244 б.

Жәутіков О.А. Кубтық теңдеудің нақты жуық түрлерін жылжыту әдісімен табу / О. А. Жәутіков // ФизМат. - 2011. - №5-6. - 5-11 б.

Ол туралы:

Жәутіков Орынбек Ахметбекұлы //Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. – Т.3. - Алматы:«Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы,2001.– 622-623 б.

Жәутіков Орынбек Ахметбекұлы //Қазақ ССР. Қысқаша энциклопедия. – Т. 3. – Алматы, 1988. – 235 б.

Жәутіков Орынбек Ахметбекұлы // Қазақстан ғылымы:Энциклопедия. Т.1. – Алматы, 2009. – 426 б.

Әнуарбек Ә. Жәутіков олимпиадасының жеңімпаздары: [XII рет өткізілген Жәутіков атындағы халықаралық олимпиадасының жеңімпаздары] / Ә. Әнуарбек // Түркістан. - 2016. - 21 қаңтар.

Ескендір Р. Жәутіков мектебі 35-ке келді: [О. Жәутіков атындағы дарынды балаларға арналған Республикалық мамандандырылған физика-математика орта мектеп интернатының ашылғанына биыл 35 жыл толып отыр] / Р. Ескендір // Алматы ақшамы. - 2007. - 23 қазан.

Ескендір Р. Жүйріктердің жұлдызы жанды (Халықаралық Жәутіков олимпиадасына -10 жыл) / Р. Ескендір // Алматы ақшамы. - 2014. - 21 қаңтар.

Ескендір Р. Алматыда алған алтынның салмағы ауыр:[XII рет өткізіліп отырған Жәутіков атындағы халықаралық олимпиадасының қортындысы] / Р. Ескендір // Алматы ақшамы. - 2016. - 21 қаңтар.

Есмағамбетова М. Үздік мектеп: [Назарбаев ниверситетінің соңғы үш жылдағы көрсеткіші бойынша О.Жәутіков атындағы РФМШ Қазақстанның «Ең үздік» мектебі болып отыр] / М. Есмағамбетова // Егемен Қазақстан. - 2014. - 3 маусым.

Нұрсұлтанов Қ. Қазақ математикасының хан тәңірі:[тұңғыш қазақтан шыққан физика-математика ғылымдарының докторы, әйгілі ұстаз О.А.Жәутіков туралы] /Қ.Нұрсұлтанов //Алтын Орда. – 2001. – 13 шілде.

Нұрсұлтанов Қ. Тума талант иесі: [академик О.А.Жәутіковтың туғанына 90 жыл] /Қ.Нұрсұлтанов //Информатика. Физика. Математика. – 2001. - № 4. – 52-55 б.

Попов Ю. Академиктің хаттары: [математик ғалым О.А.Жәутіковті еске алу] / Ю.Попов //Орталық Қазақстан. – 1992. – 29 сәуір.

Жаңбырбаев Б. Ұстаз тұлғасы: [академик О.А.Жәутіковтың 80 жылдығына орай] /Б.Жаңбырбаев // Қазақстан мұғалімі. – 1991. – 24 мамыр.

Қайым Қ. Қиялы ұшқыр ғұлама ғалым: [академик О.А.Жәутіковтың туғанына 85 жыл] /Қ.Қайым // Информатика. Физика. Математика. – 1996. – №5. – 74-75 б.

Мамыр 5 жұлдыз Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент әдіскер-ғалым **Бувихан Алахунованың** туғанына **90 жыл** (5.05.1931-16.03.2013)

Алахунова Бувихан 1931 жылы 5 мамырда Алматы облысы, Ұйғыр ауданындағы Үлкен Ақсу ауылында туған. 1952 жылы Абай атындағы педагогикалық институтының (қазіргі Алматы мемлекеттік университеті) қазақ тілі мен әдебиеті факультетін бітіріп ауыл мектебінде мұғалім болып істеді.

1958 жылы Қазақ КСР Оқу ағарту министрлігінің бұйрығымен ұйғыр тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі бөлімінде ғылыми қызметкер болып ауыстырылды. 1971 жылы «Ұйғыр әдебиетін оқыту әдістемесі» мамандығы бойынша «Ұйғыр орта мектебінде Умар Мұхамеді өмірі мен шығармашылығын оқу» тақырыбына кандидаттық диссертация қорғады. Педагогика ғылымы саласындағы ұйғыр халқының тұңғыш ғалымы.

1958 жылдан еңбек демалысына шыққанға дейін Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің Ы.Алтынсарин атындағы педагогика

ғылымдары ғылыми-зерттеу институтында (қазіргі Қазақтың Білім Академиясы) кіші ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер, тақырып жетекшісі, ұйғыр мектебінде ұйғыр тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі лабораториясының меңгерушісі болып істеді. Республикадағы ұйғыр мектептері үшін оқулықтар мен оқу-әдістеме құралдарының авторы болып табылады. Қазіргі уақытта Ұйғыр мәдени орталығында әйелдер кеңесінің төрайымы болып қызмет істейді.

Ол жалпы білім беретін ұйғыр мектептеріне арналған ұйғыр тілі мен әдебиеті жөніндегі жаңа бірегей бағдарлама жасады. Оның басшылығымен мектепте ұйғыр тілін оқыту бағдарламасы әзірленді.

Облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының курстарында, ұйғыр мектептерінде ұйғыр тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі жөнінде үнемі дәрістер оқыды, конференциялар мен семинарларда баяндама жасады.

Ұйғыр тілі лабораториясын басқарған жылдары педагог мамандар әзірлеу жұмысын жүргізді. Бүгінде Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясының ұйғыр тілі мен әдебиеті лабораториясы Алахунова Бувиханның есімімен аталады.

Халық ағарту ісі мен педагогика ғылымын дамытудағы көп жылғы қызметі үшін «Еңбектегі ерлігі үшін», «В.И.Лениннің 100 жылдығы қарсаңында ерен еңбегі үшін», «Ы.Алтынсарин атындағы», «Еңбек ардагері», «Қазақ ССР халыққа білім беру ісінің үздігі», «КСРО халық ағарту ісінің үздігі» белгілерімен, КСРО халық ағарту министрлігінің жоғары мектеп пен ғылыми мекемелер қызметкерлері кәсіподағы Орталық комитетінің Құрмет грамотасы және Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен марапатталды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Алахунова Б. Нәсни хат 2. / Б.Алахунова. - Алматы: Рауан, 1996. – 32 б.

Әлахунова Б. Нәсни хат 3. / Б.Әлахунова. - Алматы: Рауан, 1994. – 32 б.

Әлахунова Б. Елипбә: Башланғуч мәктәпнің биринчи синипи үчүн дәрислик /Б.Әлахунова, А.Шәмиева. -Алмута:Рауан,1994.– 95 б.

Әлахунова Б. Елипбә: Төрт жилиқ башланғуч мәктәпнің биринчи синипи үчун дәрислик. – 5 нәшри. /Б.Әлахунова, А.Шәмиева – Алматы: Рауан, 1992. – 96 б.

Алахунова Б. Толық шешімін табады / Б.Алахунова // Қазақстан мектебі. – 1986. – № 10. – 14-15 б.

Алахунова Б. Ұйғыр мектептерінде Абай шығармаларының оқытылуы / Б.Алахунова // Қазақстан мұғалімі. – 1995. – 19 шілде.

Алахунова Б. Бувихан Алахунова: «...Қазақша сөйле, Қазақша амандас, қазақша ән сал...»: [белгілі ғалым, танымал педагог Б.Алахуновамен сұхбат] /сұхбаттасқан Д.Нұрмұхамбет —Алматы ақшамы. – 2002. – 14 желтоқсан.

Ол туралы:

Аюпов Ш. Ана бақыты: [әдіскер ғалым, ұйғыр мектептеріне арналған оқулықтар мен ғылыми мақалалардың авторы Бувихан Алахунова туралы] / Ш. Аюпов // Егемен Қазақстан. - 2011. - 7 мамыр.

Аюпов Ш. Бүвихан апаның бақыты: [ұстаз-ғалым Бүвихан Алахунова туралы] / Ш. Аюпов // Жетісу. - 2011. - 7 мамыр.

Келес М. Бүбіхан апаның бақыты. Педагогика ғылымдарының ұйғыр халқынан шыққан тұңғыш кандидаты, ғалым-ұстаз Бүбіхан Алахуновамен сұхбат /М.Келес // Қазақстан әйелдері. – 2006. - № 5. – 8-9 б.

7 мамыр -

Отан қорғаушылар күні

1991 жылы 25 қазанда Қазақстан Президентінің Жарлығымен Қазақ КСР-ң мемлекеттік қорғаныс комитеті құрылды. Кейін республиканың қорғаныс мәселелерін толық түрде жеке шешуге көшуіне байланысты қорғаныс комитеті Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі болып қайта құрылды. 1992 жылдың 7 мамырында тәуелсіз елдің заңдық құқықтарының негіздеріне және тәуелсіз мемлекеттер достығына қатысушы мемлекеттер арасындағы қол жеткен келісімдерге байланысты ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығы шықты. Бұл Жарлық бойынша, Қазақстан аумағына орналасқан Қарулы Күштер өздерінің мүліктерімен қоса, республиканың қарауына өтті. Жоғарғы Бас Қолбасшы ретінде Қарулы Күштерді басқаруды Президент өз мойнына алды. Елбасынан басқа қорғаныс ісімен тікелей шұғылданатын алғашқы Қорғаныс министрі болып генерал-полковник С.Нұрмағанбетов тағайындалды. Бұл күн Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің құрылған күні болып құрылғандықтан «7 мамыр Отан қорғаушылар күні» деп жарияланды.

Аталған жылы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен үш жүйелі штаб - жаяу әскерлер, әуе қорғанысы күштері мен әскери-теңіз күштерінің бас штабтары бекітілді. Аэроұтқыр күштерге Жоғарғы Бас қолбасшының резерві құзыры берілді. 2001 жылдан Қазақстан 4 әскери - Орталық, Оңтүстік, Батыс және Шығыс округке бөлінді.

Бүгінгі күні Қазақстан өз азаматтарының әскери қызмет атқаруының жағдайы мен тәртібін дербес анықтайды, өз аумағында әскерлердің, қару-жарақтың және техниканың орналасу мәселесін шешеді. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне жалпы мақсаттағы күштер, әуе-қорғаныс күштері, мемлекеттік шекараны қорғау күштері және де ұлттық гвардия мен ішкі әскерлер кіреді. Өз кезегіне қарай, қарулы күштер түрлі бөлімдерден және әр түрлі құрамалар мен арнайы әскерлерден тұрады.

Мектептерде бұл мереке қарсаңында көптеген іс-шаралар өтеді. Оқушыларды Қазақстан Қарулы Күштерімен таныстырып, олардың қандай түрлері бар екенін түсіндіру мақсатында әр сыныпта тәрбие сағатын өткізу керек. Сонымен бірге осы күнге лайықты басқа да шаралар ұйымдастыруға болады. Атап айтсақ, 5-8 сынып оқушылары арасында «Қауіпсіз дөңгелек» атты әскери-спорттық жарыстар болса, 9-11 сыныптар арасында «Саптық байқау» жарыстары өтеді. Сонымен қатар патриоттық әндерден мектепішілік байқау ұйымдастыруға болады. 9-11 сынып оқушыларының «Саптық байқау» жарыстарында оқушылар әскери киімдер киіп, өздерінің ұрандарын және

патриоттық әнді сап түзей жүріп айтып шығады. Одан кейін әртүрлі әскери жаттығулардан жарыстарға қатысады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Базар Ж. Қарулы Күштер - ел қорғаны: [7 мамыр - Отан қорғаушылар күні] / Ж. Базар // Егемен Қазақстан. - 2018. - 5 мамыр.

Балқыбекова Б.П. «Отан қорғау - азаматтық борышың»: [7 мамыр Ұландар күніне арналған кеш] / Б. П. Балқыбекова // Қазақ тілі Қазақстан мектебінде=Казахский язык в казахстанской школе. - 2013. - № 4. - 48-49 б.

Бекеужина Б. Мен өз елімнің патриотымын: [оқушыларды Отанды сүйе, өз елін, тегін тарихын білуге тәрбиелеу] / Б. Бекеужина // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. - 2017. - № 9. - 17-19 б.

Берсугурова Г. «Жігіт сұлтаны» байқауы: [жігіттерді батырлыққа, тапқырлыққа, өз Отанын қорғай білуге тәрбиелеу] / Г. Берсугурова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. - 2020. - № 4. - 34-36 б.

Елғонова С. Жастар арасында патриотизмді қалыптастыру мен жетілдірудің жолдары / С. Елғонова, С. А. Естемкулов // Бастауыш мектеп. - 2017. - №1-2. - 30-31 б.

Есенғалиев Ж. Отаншылдыққа баулу балалар ұйымы арқылы жүргізілді / Ж. Есенғалиев // Егемен Қазақстан. - 2017. - 18 қаңтар.

Жакупакынов Б.Б. XX ғасырдың соңына қарай қалыптасқан әскери-патриоттық тәрбиенің теориялық-әдіснамалық негіздерін жандандыру мәселесі / Б. Б. Жакупакынов, К. А. Кулатаев // Педагогика мәселелері=Вопросы педагогики. - 2017. - № 1. - 33-39 б.

Кунапина К.К. Егемен елдің жастарын отаншылдық рухта тәрбиелеу / К. К. Кунапина, А. Б. Отарбаева // Алматы ұстазы=Учитель Алматы. - 2017. - № 1. - 8-12 б.

Қабиев П.Ф. Ерлікке тағзым ету - ұрпақ парызы: [автор өзінің «Ерлікке тағзым ету - ұрпақ парызы» атты Ерлік сабағын ұсынады] / П. Ф. Қабиев // Алғашқы әскери дайындық. Өмір қауіпсіздігі негіздері=Начальная военная подготовка. Основы безопасности жизнедеятельности. - 2015. - № 4. - 8-12 б.

Қарасаева Р. Бауыржан - байтақ елдің өр намысы: [атты әлем халқына аңыз болып тараған қазақ елінің ақиық қыраны Бауыржан Момышұлы туралы] / Р. Қарасаева // Тәрбие құралы. - 2016. - № 2. 12-18 б.

Қуатова А. Айбын мен намыс. Қазақстан Президенті –Қазақстан Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қарағанды облысы «Спасск» оқу-жаттығу орталығында өткен V «Айбын» республикалық әскери-патриоттық жастар жиынының ашылуына қатысты / А.Қуатова // Ана тілі. – 2019. – 20-26 маусым

Лепесова А. Алашқа ант бергендер. Қазақстан Қарулы Күштеріне - 25 жыл (7 мамыр - Отан қорғаушылар күні) / А. Лепесова // Түркістан. - 2017. - 4 мамыр.

Лепесова А. Ерлердің ісі бітер ме... : [7 мамыр – Отан қорғаушылар күні] // Түркістан. – 2020. – 7 мамыр.

Малгаждарова А.О. Болашақ жас ұлан: [7 мамыр - Қазақстан Отан қорғаушылар күніне арналған ертеңгілік] / А. О. Малгаждарова // Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. - 2016. - № 6. - 15-16 б.

Маликова К.Д. «Өшпес ерлікке мәңгі тағзым».(Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылған күніне арналған Ауған соғысы ардагерлерімен кездесу) / К. Д. Маликова //Қазақстан мектебіндегі басқарушы =Администратор в казахской школе. - 2016. - № 1. - 50-52 б.

Мұратбек Ж.М. Жас сарбаз - 2017: [8-11 сынып ер балалар арасында өтетін «Жас сарбаз – 2017» байқауы жайлы] / Ж. М. Мұратбек // Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. - 2017. - № 2.- 44-47 б.

Оспанқұлов Е.Е. Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің жарғылары туралы ұғым / Е. Е. Оспанқұлов //Алғашқы әскери дайындық. Өмір қауіпсіздігі негіздері=Начальная военная подготовка. Основы безопасности жизнедеятельности. - 2016. - № 1. - 5-6 б.

Сугирбеков Т. Отанымызды қорғау ісі - Қазақстан Республикасының бүкіл халқының ардақты парызы. / Т. Сугирбеков //Мектептегі дене шынықтыру. - 2017. - № 2. - 32-34 б.

Таласов М. Отан қорғаушыларды тәрбиелеудің озық үлгісі: [Қарулы Күштердің тәрбиешілері институтына 25 жыл толуына орай] / М. Таласов // Егемен Қазақстан. - 2018. - 23 қаңтар. - 4 б.

Шиланов Ж. «Жігіттің сұлтаны» сайысы / Ж. Шиланов //Сынып жетекшісі=Классный руководитель. - 2017. - № 1. - 24-26 б.

9 мамыр - Жеңіс күні

1941—1945-жылдар аралығындағы Ұлы Отан соғысына 35 млн. адам, соның ішінде 1,5 млн. қазақстандық қатысты. Бұл республика халқының 18 бен 50 жас аралығындағы ересектердің 70 пайызы. Ұрыстардың алғы шебінде Қазақстаннан жіберілген 23 бірлестік, 50 шақты полктар мен батальондар шайқасты. Қазақстандықтар Мәскеу мен Ленинградты жанын қия қорғап, Украина мен Беларусьті, Прибалтика мен Молдованы азат етуге атсалысты, Берлин шабуылына қатысты.

Ондаған мың қазақстандық ерен еңбегі мен ерліктері үшін марапатталса, бес жүзден астам адам Кеңес Одағының Батыры атанды, төрт адам бұл атаққа екі мәрте ие болды, 142 адам Даңқ орденінің толық жинағының иегері атанды.

Ұлы Отан соғысындағы Қазақстандықтардың ерен ерлігімен таныстыру, адамгершілік қасиеттерді бойларына сіңіру, Отансүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында мектеп қабырғасында көптеген мерекелік шаралар өтіледі. Солардың бірі «Ер есімі – ел есінде» атты тәрбие сағатын өткізуге болады. Тәрбие сағатының көрнекілігі: интерактивті тақта, сыныпты гүлмен, шармен, жалаулармен безендіруге болады. Барысы: 1.Жеңіс күніне арналған өлеңдер мен қанатты сөздер. 2. Ұлы Отан соғысына қатысқан қазақ батырларының ерлігі және жеңіс туралы әндер айтылып, билер биленеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Бұлқышев Б. Адамзатқа хат.Шығармалар жинағы. Ұлы Отан соғысы жеңісіне 60 жыл /Б.Бұлқышев. – Алматы: Санат, 2005. -208 б.

Жұмағалиев Б. Қазақтар Ленинград майданында / Б.Жұмағалиев. – Астана: Елорда, 2005. – 184 б.

Көлбаев Т. Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін! /Т.Көлбаев. - Алматы: Асыл сөз, 2015. – 384 б.

Қазақ жауынгері Ұлы Отан соғысы майданында (тарихи–кұжаттық зерттеу). – Алматы:Өнер, 2010. – 640 б.

Қайсенов Қ. Жау тылында /Қ.Қайсенов. – Алматы: Санат, 2005. – 288 б.

Момышұлы Б. Соғыс қателікті кешірмейді /Б.Момышұлы. - Алматы: Өнер, 2009. – 304 б.

Момышұлы Б. Алыстан сәлем жолдаймын /Б.Момышұлы. – Алматы: Өнер, 2010. – 200 б.

Сейітов С. Майдангер көзімен /С.Сейітов. – Алматы: Санат, 2005. – 208 б.

* * *

Айбекова А. Шығыстың қос жұлдызы - Мәншүк пен Әлия:[салтанатты кештің сценарийі] / А. Айбекова //Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. - 2016. - № 2. -20-22 б.

Абдрасилова Б.А. Қаһарман батыр ұстаздар (Ұлы жеңіске - 70 жыл) / Б. А. Абдрасилова //Білім берудегі менеджмент=Менеджмент в образовании. - 2015. - № 1. - 116-119 б.

Алпартегі Ж. «Марсқа» қатысқан қазақ бригадасы: [Ржев қаласының маңында соғысқан бригададағы қазақ жауынгерлерінің ерлігі туралы] / Ж.Алпартегі // Айқын. – 2014. – 1 мамыр

Аупбаев Ж. «Қара қабылан». Соғыс кезінде немістер барлаушы Мұхамеджан Бәйтеневті осылай деп атап кетіп еді. /Ж. Аупбаев // Егемен Қазақстан. - 2015. - 22 сәуір.

Аупбаев Ж. Ресейдегі қазақ батырлары: [Ұлы Отан соғысына қатысқан ресейлік қазақтар туралы] / Ж. Аупбаев //Егемен Қазақстан. - 2015. - 21 қаңтар; 22 қаңтар.

Ахметова Ф. Отан үшін от кешкен – ару қыздар: [Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен батыр қыздар Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Хиуаз Доспанова, Рахила Ералина, Әкима Ақжолбаева туралы сахналық көрініс] / Ф.Ахметова //Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. – 2014. - № 5. – 4-7 б.

Әбдірайымова А. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы әйелдердің ерлігі /А. Әбдірайымова, А.Өтешова (Утешова) //Қазақ тарихы. - 2019. - № 9. - 35-38 б.

Әбішева Т. Майдандағы қазақ арулары:[Ұлы Отан соғысына тарихи деректер бойынша Қазақстаннан 5183 қыз-келіншек аттанған. Ерлік көрсеткен батыр қыздарымыз, Хиуаз Доспанова, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Шәрипа Тұрымбетова, Халима Өзбақанова туралы] / Т. Әбішева // Президент және халық. - 2015. - 27 наурыз.

Баймұханбетова Ж.К. «Ұлы жеңіс жаңғырығы»: патриоттық әндер байқауы: [бастауыш сыныптар арасында өткізілген патриоттық әндер] / Ж. К. Баймұханбетова // Жанұя мен мектептегі тәрбие=Воспитание в семье и школе. - 2016. - № 4. - 34-36 б.

Байтұрсынұлы Д. Ерлік ескірмейді немесе қараша - Панфилов дивизиясының адамзатқа даңқы шыққан ай / Д. Байтұрсынұлы // Ана тілі. - 2019. - 28 қараша-4 желтоқсан.

Бегелдинова О. Аспан әміршісі: [ұшқыш Талғат Бегелдинов туралы] / О. Бегелдинова // Айқын. - 2018. - 4 мамыр.

Домбай Н. «Ана аты бәрінен қымбат»: [Ұлы Отан соғысының батыры, Халық Қаһарманы Хиуаз Доспанова туралы баласы Ерболат Әміров әңгімелейді] / Н. Домбай // Ана тілі. - 2015. - 5-11 наурыз.

Жағыпарұлы Ж. Қазақ қыранының қайталанбас қаһармандығы: [Ұлы Отан соғысында жаудың танк колоннасына қарсы «отты таран» жасап, ерлікпен қаза тапқанына 75 жыл толған қазақтың қаһарман ұлы, ұшқыш Нұркен Әбдіровтың ерлігі туралы] / Ж. Жағыпарұлы, М.Кәрім // Егемен Қазақстан. - 2018. - 20 ақпан.

Жаналиева А. Халықтың қаһарман перзенті – Бауыржан Момышұлы / А. Жаналиева, М.Маделимова // Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. – 2020. - № 5. – 15-19 б.

Жеңіс күні: [Ұлы Отан Соғысы туралы іс-шара] // Сынып жетекшісінің анықтамалығы=Справочник классного руководителя. - 2017. - № 3. - 33-38 б.

Жолмұхамбетова В. Жеңістің рухы биік, даңқы мәңгі: [Ұлы Жеңістің 72 жылдығына орай әскери-патриоттық әндер кеші] / В. Жолмұхамбетова // Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал. - 2017. - № 5. - 53-56 б.

Жұмағалиева Ж. Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында / Ж. Жұмағалиева // Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал. - 2016. - № 1. - 40-44 б.

Жұмағұл С. Елім деп өткен ер Баукең (Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлының туғанына 110 жыл) / С. Жұмағұл // Қазақ әдебиеті. - 2020. - 8 мамыр.

Исляшев А. Ұлы Отан соғысы батырлары ерлігін дәріптей отырып оқушыларды жаңа қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу / А. Исляшев // Алғашқы әскери дайындық. Өмір қауіпсіздігі негіздері=Начальная военная подготовка. Основы безопасности жизнедеятельности. - 2015. - № 5-6. - 2-3 б.

Көлбаев Т. Сұрапыл жылдар жаңғырығы: [Ұлы Отан соғысындағы ерлік көрсеткен қазақстандықтар және соғыс жылдарындағы Қазақстан] / Т. Көлбаев // Ана тілі. - 2015. - 29 қаңтар - 3 ақпан.

Кусаинова Г.Б. Ұлы дала қаһарманы, халық ұстазы Құмаш Нұрғалиұлы атамыздың 90-жылдығына арналған әдеби шара / Г. Б. Кусаинова, А. Т. Нургазинова // Психологическая наука и образование. - 2016. - № 6. - 16-18 б.

Құлияс Т. Даңқы жер жарған: [Ұлы Отан соғысының батыры Рахымжан Қошқарбаев туралы] / Т. Құлияс // Астана ақшамы. - 2014. - 25 ақпан.

Қыдырәлі Д. Батыр Бауыржан және Алаш аңсары: [Бауыржан Момышұлы туралы] / Д. Қыдырәлі // Егемен Қазақстан. - 2020. - 22 мамыр.

Лушникова Н. Қарғалының қарлығашы Зияда Досбергенова: [Ұлы Отан соғысында ерлігімен танылған, II дәрежелі Ұлы Отан соғысы ордені қаза болғаннан кейін берілген] / Н. Лушникова // Егемен Қазақстан. - 2015. - 7 мамыр.

Мекенбаева З. Жеңіс мерекесі: [Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған кеш] / З. Мекенбаева // Сыныптағы тәрбие. - 2015. - № 1. - 22-23 б. б.

Мусабаева К.А. Олар жеңіспен оралды (Ұлы жеңістің 70 жылдығына арналған кеш) / К. А. Мусабаева // Мектептегі кітапхана=Школьная библиотека. - 2015. - № 1. - 35-36 б.

Мұқышева А. Жеңіс күні: [Жеңіс күніне арналған қойылым] / А. Мұқышева // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. - 2016. - № 5. - 20-22 б.

Мұхамеди Н.Қ. Ұрпақтар ұмытпайтын Ұлы Жеңіс: [«Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды» атты тәрбие сағаты] / Н. Қ. Мұхамеди // Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. - 2016. - № 4. - 14-15 б.

Оразбаев Қ. Момышұлының біз ескермеген қырлары: [Бауыржан Момышұлының соғыс тактикасы туралы] / Қ.Оразбаев // Қазақ әдебиеті. - 2015. - 10 сәуір.

Рәш М. Бресті қорғаған қазақ: [Брест қамалын қорғаған, Украина жерін азат еткен, соғыстан кейін көп жылдар Қазақ ұлттық университетінің профессоры болған, даңқты майдангер Ғаббас Жұматұлы туралы] / М. Рәш // Ана тілі. - 2015. - 19-25 ақпан.

Сейітқали Д. Тылдағы Ақмола: [Ұлы Отан соғысы жылдары Ақмола өңірінің халқы майдан үшін аянбай еңбек еткен] / Д. Сейітқали // Астана ақшамы. - 2015. - 21 ақпан.

Сұлтанғалиева Г.Т. Отты жылдар шежіресі: [Ұлы Отан соғысы туралы] / Г.Т.Сұлтанғалиева // Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. - 2020. - 10-14 б.

Тантакова А.И. Ұрпақтарға ұран болған - Ұлы Жеңіс!: [Ұлы Отан соғысына арналған кеш] / А. И. Тантакова // Мектеп кітапханашысы жұмыс әдістемелігі = Школьный библиотекарь: методика работы. - 2019. - № 5-6. - 18-20 б.

Темірханов О. Рейхстагқа ту тіккен Рақымжан Қошқарбаев есімін өзі өмірден өткенше басқарған қонақ үй төбесіне көтерсек / О. Темірханов // Алматы ақшамы. - 2015. - 19 ақпан.

Төрежан Қ. Рейхстаг қалай құлады?: [Рейхстагқа бірінші болып ту тіккен батыр Рақымжан Қошқарбаев және басқа да ту тіккен жауынгерлер М.Егоров, М.Кантария, Г.Булатов, А.Берест т.б. туралы] / Қ. Төрежан // Айқын. - 2015. - 9 мамыр.

Тұрғанбайқызы Г. Генерал Жексенбаевты қалай ұлықтасақ та жарасады: [Кеңес Одағы кезінде қазақтан екі генерал шыққан, біріншісі Сабыр Рақымов, екіншісі Шәкір Жексенбаев] / Г. Тұрғанбайқызы // Айқын. - 2015. - 23 сәуір.

Хасан С. Қазақтың батыр қызы: [Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен қаһарман қазақ қыздарының бірі - бөлім командирі, сержант, радист Зоя Досбергенова туралы] / С. Хасан //Айқын. - 2015. - 18 наурыз.

Шакибаева А.С. Біз Жеңістің ұрпақтарымыз: [«Біз Жеңістің ұрпақтарымыз» атты кеш] / А. С. Шакибаева //Тәрбие жұмысы: мектепте және мектептен тыс мекемелерде. - 2015. - № 1. - 5-8 б.

Шарахымбай Б. «Дала тажалдары» туралы шындық немесе түркітектес сұрмергендер хақында: [Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен мергендер туралы] / Б. Шарахымбай //Түркістан. - 2015. - 7 мамыр.

Шертекова С. Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысының шешуші шайқастарына қатысуы / С. Шертекова //Білім кілті=Ключ знаний. - 2014. - № 10. - 30-31 б.

Шоқанова Г.Ж. Батыр ата Бауыржан: [Ұлы Жеңістің 70 жылдығына және аты аңызға айналған халық батыры Бауыржан Момышұлының туғанына арналған тәрбие сағаты] / Г. Ж. Шоқанова //Тәрбие жұмысы: мектепте және мектептен тыс мекемелерде. - 2015. - № 1. - 8-10 б.

Ысқақов Ә.И. Қаһарман қайсар қыздар: [Жеңістің 70 жылдығына байланысты ауызша журнал] / Ә. И. Ысқақов //Мектептегі кітапханашы =Библиотекарь в школе. - 2015. - № 2. - 12-14 б.

15 мамыр - Халықаралық отбасы күні

Бұл атаулы күн 1993 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының қарарымен бекітілген еді. Бұл күн әртүрлі мемлекеттердің қауымдастығының назарын отбасының көптеген проблемаларына аударту үшін белгіленген болатын. Адам өмірі отбасынан басталады, адам отбасынан азамат болып қалыптасады. Отбасы - махаббат, құрмет, береке мен сүйіспеншіліктің көзі, соның негізінде кез келген өркениетті қоғам құрылады, онсыз адам өмір сүре алмайды. Отбасының дәулеттілігі - мемлекет дамуы мен прогресінің өлшемі.

Отбасы күнінде мұғалімдер оқушылардың отбасы жарастығы, татулығы мен отбасы мүшелеріне сүйіспеншілік сезімін арттыру мақсатында «Отбасы жарастығы» атты тақырыпта тәрбие сағатын өткізуге болады. Мұғалім оқушылардың отбасы жарастығы мен татулығы және ол арқылы адамдар қандай табыстарға жете алатындығы туралы түсініктерін дамыта түсу үшін «Ойланайық, пікірлесейік» айдарымен берілген сұрақтар бойынша әңгімелесу әдісін жүргізеді. Мұғалім әңгімелесу барысында оқушылардың түйген ойларын «Отбасы татулығы» атты аңыз әңгімемен жалғастырады. Жаңа ақпарат отбасы туралы оқушы білімдерін нығайта түседі. Содан соң «Сахналау» айдарымен берілген тапсырмаларды рөлдермен орындату арқылы отбасындағы үлкен мен кішінің бір-біріне ізет-құрметін, қарым-қатынасын айқындай түседі. Сабақта әртүрлі ойындар да ойнатуға болады. Мыс: «Айналайын, толғанайын!» ойынында мұғалім оқушылардың ортаға кезекпен шығып, үлкен адамдардың өздерін еркелетіп, жақсы көріп айтатын сөздерін солардың дауыс ырғағына салып айтуды ұйымдастырады.

«Назар аударыңыз» айдарымен берілген қорытындылау оқушылардың отбасы жарастығы мен сыйластығы туралы білімдерін бекітіп, сабақтан алған білімдерін бір ойға тоғыстырады. Оқушылар осы сабақтан алған әсерлерін «Әкем-әнім» әнін айтумен жалғастырып, мұғалім сабақты аяқтайды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Абдрахманова К. Отбасындағы бала тәрбиесі / К. Абдрахманова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. - 2020. - № 2. - 24-25 б.

Айтжанова Ж. Бала тәрбиесіне отбасы мүшелерінің әсері / Ж. Айтжанова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. - 2018. - № 8. - 27-28 б.

Әуезханов Ә.Ә. Отбасы - тәрбие бастауы / Ә. Ә. Әуезханов // Қызықты психология. - 2020. - № 1. - 3-4 б.

Бақыт Ж. Ұлттық тәрбие негізі отбасындағы тәрбиеден бастау алады / Ж. Бақыт // Ұлттық тәрбие. - 2017. - № 2. - 67-70 б.

Бекенбаева А. Әке, ана - үш-ақ әріп, тіршілік, үш әріптен үлбірейді гүл шығып: [«Отбасы күні» мерекесі] / А. Бекенбаева // Бала тәрбиесі. - 2016. - № 9. - 4-6 б.

Дабылова А. Отбасы – тәрбие бастауы: [сұрақ-жауап, пікірлесу түрінде өтетін тәрбие жұмысы] / А. Дабылова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2017. - № 4. – 22-24 б.

Дәуітова Н. Балам бақытты болсын десеңіз.: [отбасындағы бала тәрбиесі] / Н. Дәуітова // Республика ұстаздары. - 2020. - № 1-2. - 1,6 б.

Дыбысбаева Т.Ж. «Менің бақытты отбасым» ата-аналар арасында дөңгелек үстелі: [отбасы тәрбиесіндегі ата-аналардың балаға тәрбиелік ықпалы] / Т. Ж. Дыбысбаева // Қызықты психология. - 2018. - № 4. - 10-12 б.

Есқазиева Д.Е. «Отбасым - алтын ұям» ашық тәрбие сағаты / Д. Е. Есқазиева // Мектеп - 45 минут. - 2018. - № 4. - 34-35 б.

Жасөспірімнің жан дүниесін тану. Өтпелі жастан қалай өту керек, отбасылық ережелердің тиімділігі неде? // Қазақстан әйелдері. - 2020. - № 2. - 14-15 б.

Жолтаева К.Ж. Отбасы мәртебесінің қоғамдағы рөлін арттыру мәселелері / К. Ж. Жолтаева // Педагогика және Психология. - 2016. - № 3. - 201- 204 б.

Избулатова Г.И. Отбасында баланы жақсы қасиеттерге тәрбиелеу / Г. И. Избулатова // Мектеп директорының орынбасары: оқу-тәрбие жұмысы. - 2016. - № 2. - 12-б

Иманалиева Г. Бала тәрбиесіне отбасының ықпалы / Г. Иманалиева // Воспитание школьника=Оқушы тәрбиесі. - 2016. - № 7. - 4-6 б.

Кукенова А. Ата-аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігі / А. Кукенова // Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану=Социальная педагогика и самопознание. - 2016. - № 5-6. - 29-30 б.

Кулиева Р.У. Киелі жеті сан: [отбасындағы тәрбие] / Р. У. Кулиева // Білім кілті=Ключ знаний. - 2016. - № 12. - 41-43 б.

Қаймоллаева Е. Менің отбасым: [оқушыларды сүйіспеншілікке, сыйластыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу] / Е. Қаймоллаева // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. - 2018. - № 6. - 28-30 б.

Қазықбаева Г.М. Толеранттық тәрбие отбасынан басталады /Г. М. Қазықбаева // Білім - жаңа бағдар. - 2016. - № 5. - 44-б.

Қуандықова А. Киелі киіз үйдің шаңырағы: [«Киелі киіз үйдің шаңырағы» атты ашық тәрбие сағаты] / А. Қуандықова //Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. - 2016. - № 11. - 36-37 б.

Қойайдарова Ү. Отбасылық тәрбиедегі этникалық мәдени құндылықтарға тәрбиелеу / Ү. Қойайдарова //Қазақ тілі Қазақстан мектебінде=Казахский язык в казахстанской школе. - 2017. - № 1. - 38-40 б.

Қосназарова С.Д. Қазақ отбасындағы патриоттық тәрбиенің ролі және оның бүгінгі қоғамдағы мәні / С. Д. Қосназарова // Педагогика және өнер = Педагогика и искусство. - 2018. - № 3. - 24-28 б.

Кошмагамбетова К.К. Отбасында баланы психологиялық дамуға баулу / К. К. Кошмагамбетова // Қызықты психология. - 2018. - № 7-8. - 21-22 б.

Молдағалиева Л. Отбасындағы бала тәрбиесі / Л. Молдағалиева // Педагогика мәселелері=Вопросы педагогики. - 2017. - № 1. - 65-б.

Мұратханова Р. Жалпыадамзаттық құндылықтар - бақытты отбасы құрудың кепілі: [Баку қаласында «Отбасы - адамзат мәдениетінің ошағы» тақырыбында XVII халықаралық педагогикалық оқуларының өтуі] / Р. Мұратханова // Қазақстан мектебі. - 2018. - № 6. - 15-18 б.

Назарова М. Отбасы мен мектеп: [бала тәрбиесіндегі отбасы мен мектептің ролі туралы] / М.Назарова //Бала тәрбиесі. – 2019. - № 2. – 31-33 б.

Нұрмағанбетова Г. Шаңырағым-шаттығым: [отбасындағы ынтымақтың, бірлік пен берекенің тығыз болуы мақсатында ұйымдастырылған тәрбие сағаты] / Г. Нұрмағанбетова //Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. - 2016. - № 5. - 25-29 б.

Ошақбаева Қ. Отбасында ұлтымыздың тәрбиесіне баулу / Қ. Ошақбаева // Ұлттық тәрбие. - 2017. - № 2. - 75-77 б.

Өмірзақова Ж.Ә. Бала тәрбиесіндегі ата-ананың ролі / Ж. Ә. Өмірзақова // Қызықты психология. - 2020. - № 2. - 29-30 б.

Рабаева А.Ж. «Отбасы - тәрбиенің бастауы» /А. Ж. Рабаева //Средняя школа Казахстана=Қазақстан орта мектебі. - 2016. - № 3-4. - 65-66 б.

Рысқалиева А. Отбасы - алтын дiңгек:[тәрбие сағаты] / А. Рысқалиева //Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. - 2016. - № 11. - 25-27 б.

Сарсенғалиева Г. Әдепті біз баламыз, ән де айта аламыз: [оқушыларды әдептілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу сағаты] //Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2017. - № 3. -42-44 б.

Сарсенғалиева Г. Отбасы құндылығы: [отбасы тәрбиесінің мән-маңызы, отбасы құндылықтарын дәріптеу] / Г. Сарсенғалиева // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. - 2020. - № 1. - 4-6 б.

Сейдуалиева А.Н. Отбасы - оқыту мен тәрбие жұмысындағы мектептің одақтасы / А. Н. Сейдуалиева // Бастауыш мектеп. - 2017. - № 3. - 42-44 б.

Сейсенбаева Ж.А. Ұлықты ұл, қылықты қыз тәрбиелегіңіз келсе немесе бүгінгі бала тәрбиесіне қажетті кеңестер /Ж. А. Сейсенбаева //Ұлттық тәрбие. - 2016. - № 4. - 26-29 б.

Смайлова Қ.Қ. Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас / Қ. Қ. Смайлова //Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану = Социальная педагогика и самопознание. - 2018. - № 3. - 10-11 б.

Сыпатаева Ш.С. Шаңырағым - шаттығым: [7-8 сыныпта өткелі отырған «Шаңырағым – шаттығым» атты ашық тәрбие сағаты] / Ш. С. Сыпатаева //Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. - 2016. - № 1. - 23-24 б.

Тлебаева Д.А. «Отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастық жұмыстарын жүргізу бойынша психологиялық тәжірибелері» (авторлық бағдарлама) / Д. А. Тлебаева //Дарын. - 2016. - № 3. - 45-48 б.

Тургумбекова Г.Е. «Менің отбасым - менің байлығым» / Г. Е. Тургумбекова //Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану = Социальная педагогика и самопознание. - 2018. - № 2. - 20-21 б.

Шағырбаева А. Тәрбиенің тамаша мектебі - отбасы / А. Шағырбаева // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. - 2018. - № 6. - 26-28 б.

Мамыр 20 жұлдыз Филология ғылымдарының кандидаты, профессор, неміс тілі оқулықтарының авторы **Мұхтар Ғалиұлы Арыновтың** туғанына **85 жыл** (20.05.1936-10.09.1995).

Арынов Мұхтар Ғалиұлы 1936 жылы 20 мамырда Алматы облысы Ақсу ауданының Ақсу ауылында дүниеге келген. 1957 ж. Алматы мемлекеттік педагогикалық шет тілдер институтын (қазіргі Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті) бітірген. Осы институтта оқытушы, кафедра меңгерушісі, Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының проректоры болып қызмет істеді.

1981-1983 жж. Білім министрлігінің бөлім меңгерушісі болды. 1983 жылдан өмірінің соңына дейін Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университетінің ректоры болды.

М.Арыновтың «Неміс тілінің қысқаша грамматикасы», «Неміс тілі грамматикасы (морфология)» оқулықтары тіл білімі ғылымындағы елеулі табыс ретінде бағаланды. 60-қа жуық ғылыми, ғылыми-көпшілік және публицистикалық еңбектер, жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар мен оқу құралдарының авторы.

М.Арынов ұлт мәдениетін өркендетуге елеулі үлес қосты. 1989 ж. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының құрылуына ұйытқы болды. Ақтөбе облысындағы «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы болып, ұлт тілінде оқытатын мектептердің ашылуына көп күш-жігер жұмсады. Арыновтың ұйымдастыруымен «Ақтөбе өңіріндегі білім беру жүйесінің дамуы» мұражайы, Абай мұражайы ашылды. Ол қазақ тіл білімінің тұңғыш профессоры Қ.Жұбановтың 90 жылдығына орай республикалық ғылыми-

теориялық конференция ұйымдастырып, «Жұбанов тағылымы» оқуларын жыл сайын өткізуді дәстүрге айналдырды. Қ.Жұбановтың мұражайы мен зертханасын ашуға басшылық етті.

М. Арыновтың жазған «Бес анық» кітабы - қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымын зерделеуге арналған алғашқы еңбектердің бірі болды. Сонымен қатар ол Есет, Көтібар батырлардың, күйші Қазанғаптың тарихи-архитектуралық кешендерінің бой көтеруіне ұйтқы болды. Әйтеке бидің, Кердері Әбубәкірдің шығармашылығын зерттеуге елеулі үлес қосты. Арынов – белгілі қоғам қайраткері. Ол ҚР Жоғарғы Кеңесінің депутаты ретінде тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Конституциясының, «Тілдер туралы», «Жоғары білім туралы» заңдарының қабылдау мен талдау жұмысына қатысты.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Арынов М.Ф. Неміс тілі грамматикасы. Морфология /М.Ф.Арын. - Алматы:Мектеп, 1986. – 200 б.

Арынов М.Ф. Неміс тілінің қысқаша грамматикасы /М.Ф.Арын. - Алматы:Мектеп, 1971.

Арынов М.Ф. Бес анық. Тәрбие туралы толғамдар /М.Ф.Арын. – Алматы: Арыс, 1996.- 118 б.

Ол туралы:

Арынов Мұхтар Ғалиұлы //Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. Т.1. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы. – 1998. – 465 б.

Арынов Мұхтар Ғалиұлы //Қазақ тілі: Энциклопедия /бас ред. Е.М.Арын – Алматы, 1998. – 32 б.

Арынов Мұхтар Ғалиұлы (20.5.1936-10.9.1995) //Қазақ әдебиеті: Энциклопедиялық анықтамалық. –Алматы: Аруна, 2005. – 49-50 б.

Арынов Мұхтар Ғалиұлы //Қазақстан ғылымы: Энциклопедия. Т.1. – Алматы, 2009. – 129-130 б.

Арын Мұхтар. 28 кітап /бас. ред. Е.Арын. – Павлодар: Эко, 2003. – 220 б. (Рухнама)

Асқар И. Ақтөбе үшін Мұхтар Арынның өз орны бар: [филология ғылымдарының кандидаты, профессор М.Арын туралы] /И.Асқар //Ана тілі. – 2006. – 18 мамыр.

Күлімбет М. Арындар әулеті – дарындар әулеті. Ағайынды егіздер, ғылым докторлары Ерлан және Нұрлан Арындармен сыр-сұхбат /М.Күлімбет //Ақиқат. – 1998. - № 4. – 44-52 б.

Мұхтар Арын - азамат, ағартушы, ғалым: профессор М.Арынның 60 жылдығына арналған ғылыми-практикалық конференция және салтанатты ғылыми кеңестің материалдары. – Ақтөбе-Алматы: 1996. - 94 б.

Нар қазақ. Ұлағатты ұстаз, профессор Мұхтар Арын туралы естеліктер. - Алматы: Арыс, 1996. – 270 б.

Сәрсембина Б. Ақтөбеліктер Мұхтар Арынды еске алды: [филология ғылымдарының кандидаты, профессор Мұхтар Арынның 70 жылдығын атап өтті] /Б.Сәрсембина //Жас Алаш. – 2006. – 18 мамыр.

Мамыр 23 жұлдыз Филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің ректоры (1992-1997), **Әділ Құрманжанұлы Ахметовтың** туғанына **80 жыл** (23.5.1941)

Ахметов Әділ Құрманжанұлы 1941 жылы 23 мамырда Алматы облысы Райымбек ауданы Нарынқол ауылында дүниеге келген.

1958 жылы орта мектепті, 1963 жылы Алматы шетел тілдері институтының (қазіргі Абылай хан атындағы халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті) ағылшын тілі факультетін бітірген.

1963-1970 жж. аталған институтта оқытушы, аға оқытушы, 1970-1973 жж. осында аспирант. 1973-1990 жылдары осы институтта деканның орынбасары, декан, оқу ісі жөніндегі проректор, 1990-1992 жылдары Алматы қалалық әкімшілігінің қызметкері бола жүріп, Аризона штатындағы (АҚШ) Гуссон қаласында уәкілдік қызметте болды. 1992-1997 жж. – институт ректоры.

Ол басқарған жылдары институттың мәртебесі көтеріліп, Қазақ мемлекеттік әлем тілдері, кейін Абылай хан атындағы Қазақ мемлекеттік халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті ретінде қайта құрылды.

1996 жылы «Түркі тілдеріндегі табу және эвфемизмдер» тақырыбында докторлық диссертация қорғады. Негізгі ғылыми еңбектері түркі тілдеріндегі, оның ішінде қазақ тіліндегі табу мен эвфемизмге арналған.

1997 жылы профессор атағы беріліп, Халықаралық жоғары мектеп академиясының және Қазақстан Республикасы Жоғары мектеп академиясының академигі атанды.

1997-1998 жж. Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет, денсаулық сақтау министрлігінің білім беру комитетінің төрағасы болды.

1999-2000 жылдары Қазақстан Сыртқы істер министрінің 1-орынбасары, Қазақстан Республикасының Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама корольдігіндегі, Ирландиядағы, Норвегия, Швеция корольдіктеріндегі төтенше және өкілетті елшісі қызметтерін атқарды. 2001-2005 жылдары Алматыдағы Қазақстан-Британ техникалық университетінің ректоры, 2005-2007 жылдары осы университеттің халықаралық қатынастар проректоры болды.

2007 жылдан бері Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, қазіргі кезде Парламент Сенатының Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің хатшысы.

Ә.Қ.Ахметов «Ерен еңбегі үшін» «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл», «Астананың 10 жылдығы», «Астана» медальдарымен, «Құрмет» орденімен, «Педагогикалық қызмет саласына сіңірген еңбегі үшін» Б. Алтынсарин атындағы төс белгімен марапатталып, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағын алды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Ахметов Ә.Қ. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер (салыстырмалы лингвистикалық зерделеу). ДДА /А.Қ.Ахметов. – Алматы, 1995.

Ахметов Ә.Қ. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. Монография /А.Қ.Ахметов. – Алматы, 1995.

Ахметов Ә.Қ. Азия – Берингия – Америка немесе америкалық «үндістердің» азиялық тегі /Ә.Ахметов. – Алматы: Шартарап, 2003. – 96 б.

Ахметов Ә. Мұсылмандарды кемсіту мен шеттету. Бұл үдерістердің ЕҚЫҰ аумағындағы себеп-салдары мен оларды еңсерудің түйінді жолдары /Ә.Ахметов //Егемен Қазақстан. – 2010. – 21 сәуір.

Ахметов Ә. Британияда өткен парламент сайлауының ерекшеліктері мен нәтижелері /Ә.Ахметов // Егемен Қазақстан. – 2010. – 15 мамыр.

Ахметов Ә. Әділ Ахметов: Қазақстанның тез дамып, өркениетті елдерден асып түсетініне күмәнім жоқ /Ә.Ахметов //Айқын. 2004. – 27 шілде.

Ахметов Ә. Бәсекеге қабілетті экономика ел әлеуетін арттырады /Ә.Ахметов //Егемен Қазақстан. – 2004. – 17 тамыз.

Ахметов Ә. Ақысына емес, ақылына қарай: [Қазақстан-Британ техникалық университеті туралы] / Ә.Ахметов // Егемен Қазақстан. – 2003. – 14 қаңтар.

Ахметов Ә. Америкалық «Үндіс» - түркіге туыс: [Қазақстан-Британ техникалық университетінің ректоры Ә.Ахметовпен сұхбат] /әңгімелескен Н.Саматұлы //Ана тілі. – 2003. – 31 шілде.

Ахметов Ә. Ұлттың рухын биіктеткен: [Қазақстан-Британ техникалық университетінде Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауын талқылау туралы] /Ә.Ахметов //Егемен Қазақстан. -2003. – 25 сәуір.

Ахметов Ә. Қазақ тіліне қанжар сілтеп жатыр! / Бельгер Г., Осипов В., Ахметов Ә. //Қазақ әдебиеті. – 2002. – 25 қазан.

Ахметов Ә. Қазақ қашан өз мұнайының қожасы бола алады?: [Қазақстан-Британ техникалық университетінің ректоры Ә.Ахметовпен сұхбат] /сұхбаттасқан Ә.Б.Қаба //Жас Алаш. – 2002. – 9 шілде.

Ахметов Ә. «Қазақ жастары техникалық кәсіпке қырын қарайды деген бекер бірақ, біз озық технологияны тез игермесек, көштен қалып қоямыз»: [Қазақстан-Британ техникалық университетінің ректоры Ә.Ахметовпен сұхбат] /сұхбаттасқан М.Төлепбергелен //Егемен Қазақстан. – 2002. – 14 мамыр

Ол туралы:

Ахметов Әділ Құрманжанұлы //Жетісу: Энциклопедия. – Алматы: Арыс, 2004. – 150-151 б.

Ахметов Әділ Құрманжанұлы //Қазақ тілі: Энциклопедия. – Алматы, 1998. – 40 б.

Ахметов Әділ Құрманжанұлы //Қазақстан ғылымы: Энциклопедия. Т.1. – Алматы, 2009. – 146 б.

Нұрғожаев Ж. Азамат асқан асулар: [ғалым. аудармашы, дипломат Әділ Құрманжанұлы Ахметов туралы] / Ж. Нұрғожаев // Жетісу. - 2011. - 28 мамыр.

Сұлтанов Қ. Азамат. Ғалым. Дипломат: [зерттеуші-ғалым, ұстаз, дипломат Әділ Құрманжанұлы Ахметов туралы] / Қ. Сұлтанов // Егемен Қазақстан. - 2016. - 20 сәуір.

25 мамыр - Соңғы қоңырау

Соңғы қоңырау – оқуды тәмамдайтын оқушылардың дәстүрлі мерекесі. Мектептерде соңғы қоңыраулар мамырдың соңында өткізіледі. Бұл кезде оқу аяқталады, ал бітіру емтихандары әлі басталмайды. Соңғы қоңырау мектеп оқушылары үшін оқу жылының аяқталуын білдірсе, мектеп бітірушілер үшін соңғы қоңырау бүкіл сабақтарымен, үзілістерімен және бақылау сабақтарымен, үй тапсырмаларымен бірге көпжылдық оқу процесінің аяқталуын білдіреді.

Соңғы қоңырау – оқушыларға, мектеп бітірушілерге, мұғалімдер мен ата-аналарға арналған үлкен жалпымектептік мереке. Салтанатты рәсім қонақтардың, директордың, алғашқы ұстаздың, ата-аналардың, мұғалімдердің сөздерін, бірінші сынып оқушыларының құттықтауларын, тілектерін қамтиды.

Салтанатты мерекеге қыздар мектеп киімін, кей жағдайда – ақ блузка мен қара, көк түсті белдемше киеді. Жеткіншектер бұл күні дәстүрлі костюм киеді.

Соңғы қоңырауға дәстүр бойынша мектеп бітіруші жасөспірімдер мен қыздар киімнің үстіне көгілдір түсті «Жас түлек» деген жазуы бар таспа тағады, ал киімдеріне кейде кішкентай қоңыраушалар, немесе қоңыраушалар түріндегі белгілер бекітіп алады. Мектепті үздік бітіріп, «Алтын белгіге» үміткер түлектер «Алтын белгі» деген жазуы бар таспа тағады.

Мерекелеу кезінде символдық тұрғыда сабақтың басталғанын не аяқталғанын білдіретін мектеп қоңырауын бейнелейтін қоңыраушаны сыңғырлатады. Бұл ретте әдетте қоңыраушаны түлектің иығына мінген бірінші сынып оқушысы ұл немесе қыз бала сыңғырлатады. Көбіне түлектер аспанға әуе шарларын жібереді, алғашқы мектеп вальсін билейді. Мереке әдетте концерттік бағдарламамен аяқталады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Акашаева Л. Алтын ұя – мектебім: [соңғы қоңырау] / Л.Акашаева //Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. – 2020. - № 6. – 17-18 б.

Аққайыр Ж. Жалында, талма, жас түлек!: [2018 жылы 147 мың оқушы мектеп бітіреді] / Ж.Аққайыр // Айқын. – 2018. – 26 мамыр

Асанова К. Соңғы қоңырау!: [«Қош бол, алтын ұя мектебім» атты салтанатты жиын] / К. Асанова // Сынып жетекшісі=Классный руководитель. - 2014. - № 23. -10-14 б.; Сыныптағы тәрбие. - 2014. - № 2. - 14-17 б.

Анаш Д. Соңғы қоңырау сыңғыры: [2018 жылғы соңғы қоңыраумен құттықтау] /Д.Анаш // Егемен Қазақстан. – 2018. - 28 мамыр

Әбіш Т. Нұрлан Ноғаев: Мектеппен қоштасу қалтаға салмақ салмауға тиіс: [Атырау облысы мектептерінде соңғы қоңырау салтанатты шараны қарапайым өткізу жайында] / Т. Әбіш //Президент және халық. - 2018. - 27 көкек. - 3 б.

Баильдинова Қ.Т. Ұшырса ұямыз, қалайша қиямыз!: [спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты түлектерінің соңғы қоңырауы] /Қ.Т.Баильдинова // Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. – 2020. - № 4. – 27-30 б.

Бүркітбаева М.Ж. Сыңғырла, күміс қоңырау: [соңғы қоңырау өткізу сценарийі] /М.Ж.Бүркітбаева // Бала тәрбиесі. – 2020. - № 5. – 16-22 б.

Ескендір Р. Ақжол, жас түлек!: [Алматы қ. № 59 мектепте «Күміс қоңырау» атты мектеп бітіруші түлектерге арналған соңғы қоңырау мерекесі өтті] /Р.Ескендір //Алматы ақшамы. – 2020. – 4 маусым

Ескендір Р. Көңілде көп арман: [төтенше жағдай кезінде де соңғы қоңырау өткізіп, түлектерін шығарып салған Алматы қаласының мектептері туралы] / Р.Ескендір //Алматы ақшамы. – 2020. – 6 маусым

Жолаушина С.Э. Бастауышпен қоштасу ертеңгілігі / С. Э. Жолаушина, А. Ж. Жалмұқанова //Внеклассная работа в школах Казахстана=Қазақстан мектептеріндегі сыныптан тыс жұмыс. - 2015. - № 6. - 15-17 б.

Жүсіп Н. Мектеп бітірушілер және мейірім: [мектепті бітірушілердің соңғы қоңырауды өткізу шаралары жайында] / Н. Жүсіп // Айқын. - 2019. - 18 мамыр. - 1 б.

Искакова М. Соғыл, соңғы қоңырау! /М.Искакова //Мектептегі мерекелер. – 2018. - № 6. – 10-13 б.

Казиева А.А. Сыңғырла, соңғы қоңырау: [соңғы қоңырау мерекесін өткізу сценарийі] /А.А.Казиева //Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. – 2020. - № 4. – 25-27 б.

Кенжебекова С.Т. Сыңғырла, соңғы қоңырау. Сценарий /С. Т. Кенжебекова // Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. - 2015. - № 11. - 38-40 б.

Мәмет С. Сыңғырлы, соңғы қоңырау!: [2017 жылғы оқу жылында 3 миллионға таяу оқушы сабақтарын аяқтады, олардың 136269-ы мектеп бітіретін түлектер] / С.Мәмет // Егемен Қазақстан. – 2017. – 26 мамыр

Мерей М. Сағың сынбасын, жас түлек!: [25 мамыр – соңғы қоңырау салтанаты алдында түлектерге сәттілік тілеу] / М.Мерей // Жас Алаш. –2018. 24 мамыр.

Олжабаева С. Сыңғырла, соңғы қоңырау / С. Олжабаева // Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. - 2017. - № 5. - 27-29 б.

Әнуарбек Ә. Соңғы қоңыраудың сыңғыры. Биыл елімізде 146 мың оқушы алтын ұясынан түлеп ұшпақ / Ә.Әнуарбек // Түркістан. - 2018. – 24 мамыр

Сүлеймен Г. Сыңғырла, соңғы қоңырау / Г. Сүлеймен //Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. - 2017. - № 5. - 55-60 б.

Сыңғырла, соңғы қоңырау: [соңғы қоңырау өткізудің сценарийі] / С. Жарболина т.б. //Оқыту-тәрбиелеу технологиясы. - 2018. - № 2. - 55-57 б.

Үкібаева Ж.Х. Қош сүйікті мектеп, сазды әуен: [соңғы қоңырау салтанаты] /Ж.Х.Үкібаева // Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. – 2020. - № 6. – 15-16 б.

Ырғызбаева А. «Сыңғырла, соңғы қоңырау» (салтанатты жиынның жалпы жобасы) / А. Ырғызбаева //Тәрбие құралы. - 2015. - № 2. - 14-15 б.

Мамыр 27 жұлдыз Педагогика ғылымдарының докторы, профессор **Григорий Абрамович Умановтың туғанына 90 жыл** (27.05.1931).

Уманов Григорий Абрамович 1931 жылы 27 мамырда Мәскеу қаласында дүниеге келген. 1954 жылы Қазақтың Мемлекеттік университетін (қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақтың Ұлттық университеті) бітірген. 1954-1964 жж. Алматы қаласындағы арнаулы мектептің мұғалімі және директоры болды. 1965 жылдан Қазақтың педагогикалық институтында (қазіргі Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университеті) аға оқытушы, профессор болды, ал 1975 жылдан 20 жыл бойы осы институттың педагогика кафедрасының меңгерушісі болып қызмет атқарды. 1995 жылдан бері еңбек демалысына шыққанша «Престиж» мектебінің директоры болды.

Ғылыми-зерттеу жұмыстары оқушыларды еңбекке баулу және тәрбиеге көндіруге, қиын балаларды еңбекке тарту мәселелеріне арналған.

Г.А.Умановтың жұртшылыққа кең тарап, танымал болған еңбектерінің бірі – «Қазақстандағы кәсіптік-техникалық білім беруді дамытудың педагогикалық проблемалары» атты монографиясы, 1968 жылы басылып шыққан бұл еңбек «Профессионально-техническое образование» журналы мен «Трудовые резервы», «Учитель Казахстана» т.б. газеттерде жарияланды.

1972 жылы Г.А.Умановтың «Кәсіптік-техникалық оқу орындарындағы тәрбие жұмысы» деп аталатын әдістемелік құралы шықты. Бұл методикалық құралды мұғалімдердің білімін жетілдіру институттары мен кәсіптік білім беретін оқу орындарының педагогтары өз жұмыстарында кеңінен қолдануда.

Григорий Абрамович өзінің «Оқушылармен дербес жүргізілетін тәрбие жұмыстарының мәселелері» деген кітабында орта білім беретін мектеп оқушыларын еңбекке тәрбиелеудің күрделі мәселелерін қарастырады.

Г.А.Уманов еңбегінің жеке тарауы қиын балаларды түзетудің теориясы мен практикасына арналған. Еңбекте сонымен бірге кәсіптік-техникалық училищелердің келешегі дейтін мәселе де сөз болады.

Григорий Абрамович Уманов Қазақтың педагогикалық институтында (қазіргі Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университет) 40 жылдай сабақ берді, осы университеттің жетекші профессорларының бірі. Қазіргі уақытта зейнетке шықса да, өзі негізін салған «Престиж» мектебінің оқу мен тәрбие жұмыстарына атсалысып, мектептің тыныс-тіршілігінен тыс қалмай, өз көмегін көрсетуде.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Уманов Г.А. Бала бақыты /Г.А.Уманов, В.А.Парфенов /ауд. Ж.Ертілесов. – Алматы: Жалын, 1979. – 192 б.

Уманов Г.А. Мектептегі бетбұрысты кім жасайды /Г.А.Уманов //Социалистік Қазақстан. – 1987. – 8 тамыз.

Уманов Г.А. Болашақ бүгіннен басталады: [Абай атындағы Қазақ педагогика институты тәжірибесінен] /Г.А.Уманов // Қазақстан коммунисті. – 1986. – № 8. – 89-91 б.

Уманов Г.А. Біз оны сағынамыз: [бұрынғы оқу министрі Ә.І.Сембаев жайында] /Г.А.Уманов // Қазақстан мектебі. – 1996. – № 3. – 13-б.

Уманов Г.А. Мектеп реформасы. Ойлар, тәжірибелер /Г.А.Уманов // Қазақстан әйелдері. – 1986. – № 1. – 10-11 б.

Уманов Г.А. Педагогикалық көрегендік /Г.А.Уманов //Социалистік Қазақстан. – 1989. – 26 ақпан.

Уманов Г.А. Өз балаңызды білесіз бе?: [жас ұрпақ тәрбиесіндегі ата-ана ролі туралы] /Г.А.Уманов //Социалистік Қазақстан. – 1988. – 16 ақпан.

Уманов Г.А. Н.К.Крупская өскелең ұрпақтың тәрбиесі жайында /Г.А.Уманов, Т.Н.Искакова //Қазақстан мектебі. – 1979. – № 12. – 15-18 б.

Ол туралы:

Уманов Григорий Абрамович //Қазақ ССР. Қысқаша энциклопедия. – Т. 3. – Алматы, 1988. – 540 б.

Уманов Григорий Абрамович //Қазақстан ғылымы: Энциклопедия. Т.2. – Алматы, 2010. – 401 б.

Мадин И.Б. Қазақстандағы Совет дәуіріндегі педагогикалық ой-пікірдің дамуы / И.Б.Мадин. – Алматы: Мектеп, 1979. – 126 б. (Г.А.Уманов туралы 108-110-б.)

Керімов Л. Ғалым-ұстаз, қайраткер, асыл азамат: [педагогика ғылымдарының докторы, профессор Уманов Григорий Абрамович - 70 жаста] /Л.Керімов //Қазақстан мектебі. – 2001. - № 5. – 3 б.

Құнантаева К. Ғалым-педагог (Григорий Абрамович Уманов 70 жаста) /К.Құнантаева // Бастауыш мектеп. – 2001. - № 6. – 59 б.

Мамыр 30 жұлдыз Педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Педагогикалық ғылымдар академиясының президенті **Асқарбек Қабыкенұлы Құсайыновтың** туғанына **70 жыл** (30.05.1951).

Құсайынов Асқарбек Қабыкенұлы 1951 жылы 30 мамырда Семей облысы (қазіргі Шығыс Қазақстан облысы) Абыралы ауданы Қайнар селосында дүниеге келген. 1973 жылы Қазақ политехникалық институтын (қазіргі Қ.И.Сатпаев атындағы Ұлттық техникалық университеті) бітіріп, 1973-1974 жж. осы институтта аға лаборант, кіші ғылыми қызметкер болып істеді.

1973-1975 жж. Алматы энергетикалық институтының аспирантурасында оқыды. 1976-1979 жж. Германия демократиялық республикасының Ильменау қаласындағы Жоғары техникалық мектептің аспирантурасын бітіргеннен кейін, 1979-1991 жж. Алматы энергетикалық институтында аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі болды.

А.Қ.Құсайынов 1991-1997 жж. Қазақстан Республикасының Білім министрлігінде Келешек даму және білім берудің жаңа технологиялары, Білім беруді дамыту стратегиясы басқармаларының бастығы, Жоғары оқу орындары, колледждер мен облыстық білім басқармаларын инспектілеу департаментінің директоры, Жоғары білім және ғылым бас басқармасы бастығының орынбасары қызметін атқарды.

1997-1998 жж. «Қазақ энциклопедиясы» бас редакторының бірінші орынбасары, 1998-2001 «Рауан» баспасының директоры болды. 2001-2003 жж. Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың Білім академиясының президенті болды. 2004 жылдан бастап Қазақстанның Педагогикалық Ғылымдар Академиясының президенті.

Қазақстан Республикасының білім беру үздігі, Қазақстан Республикасы журналистер одағының мүшесі, 1979 ж. Германия Федеративтік республикасының доктор-инженері атағын алды, 1998 жылдан бастап Жаратылыстану Академиясының мүшесі.

А.Қ.Құсайынов 20 монографияның, 11 оқулық пен оқу құралдарының, 5 кітаптың, 6 Мемлекеттік стандарттың, 11 түсіндірмелі және терминологиялық сөздіктің, 150-ге жуық ғылыми мақаланың және жарияланым көрген 140 мақаланың авторы.

А.Қ.Құсайынов «Ерен еңбегі үшін», «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» медальдарымен, Қазақстан Республикасы Білім беру министрлігінің «Ғылым дамуына қосқан үлесі үшін» төс белгісімен, «Мәдениет қайраткері» құрмет белгісімен марапатталған. Қазақстан ғалымдары арасында алғаш болып педагогика ғылымы аясында Ресей Үкіметінің Константин Ушинский атындағы медалімен марапатталған.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Құсайынов А.Қ. Ғажайып нұр /А.Қ.Құсайынов. - Алматы: Жалын, 1991. - 40 б.

Құсайынов А.Қ. Электр техникасы мен электр энергетикасы терминдерінің терминологиялық сөздігі = Русско-казахский терминологический словарь по электротехнике и электроэнергетике /А.Қ.Құсайынов. - Алматы: РИК, 1993. – 128 б.

Құсайынов А.Қ. Энергетикалық мамандыққа кіріспе: Оқулық /А.Қ.Құсайынов. - Алматы: Білім, 1994. – 208 б.

Құсайынов А.Қ. (соавтор). Электр техникасы мен электр энергетикасы терминдерінің орысша-қазақша түсіндірме сөздігі = Русско-казахский толковый словарь по электротехнике и электроэнергетике/А.Қ.Құсайынов. - Алматы: Санат, 1994. – 256 б.

Құсайынов А.Қ. (соавтор) Салыстырмалы педагогика = Сравнительная педагогика: Учебник для вузов/А.Қ.Құсайынов. - Алматы: Рауан. – 1998. – 176 б.

Құсайынов А.Қ. Оқулықтану. Өзекті мәселелері /А.Қ.Құсайынов, Ұ.Ә.Асыллов. - Алматы: Рауан, 2000. – 144 б.

Құсайынов А.Қ. Заман талабы /А.Қ.Құсайынов.- Астана: Елорда, 2001. – 264 б.

Құсайынов А.Қ. Педагогика мен психология салаларында қорғалған диссертациялар = Диссертации, защищенные в области педагогики и психологии: Анықтамалық-талдама шолу /А.Қ.Құсайынов. - Алматы: ROND, 2003. -168 б.

Құсайынов А.Қ. (соавтор) Оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар сапасы мониторингін жүргізудің нұсқауы/А.Қ.Құсайынов. - Алматы: ҚБА, 2003. – 96 б.

Құсайынов А.Қ. (соавтор) Біз өз балаларымызды білеміз бе? = Знаем ли мы своих детей?/А.Қ.Құсайынов - Алматы: ROND, 2004. – 200 б.

* * *

Құсайынов А.Қ. Сөз сырын сөздіктерден ізде/А.Қ.Құсайынов //Ана тілі. – 2001. – 1 ақпан.

Құсайынов А.Қ. Көздегеніміз көптің игілігі /А.Қ.Құсайынов //Егемен Қазақстан. – 2001. – 29 мамыр.

Құсайынов А.Қ. Келешек – кемел білімде /А.Қ.Құсайынов //Жас Алаш. – 2001. – 2 маусым.

Құсайынов А.Қ. Он екі жылдық оқу: салыстырмалы көзқарас. (Германия елінің тәжірибесінен) /А.Қ.Құсайынов //Егемен Қазақстан. – 2001. – 24 тамыз.

Құсайынов А.Қ. Білім және реформа /А.Қ.Құсайынов //Егемен Қазақстан. – 2002. – 24 сәуір.

Құсайынов А.Қ. Оқулық - білім қазығы /А.Қ.Құсайынов //Қазақ әдебиеті. – 2002. – 30 тамыз.

Құсайынов А.Қ. Мемлекеттік білім беру стандарты - білім негізі //Қазақстан мұғалімі /А.Қ.Құсайынов. – 2002. – 1 қыркүйек.

Құсайынов А.Қ. Ұстаз биігі. Қазіргі заман мұғалімінің кәсіби шеберлігі туралы толғаныс /А.Қ.Құсайынов // Егемен Қазақстан. – 2002. – 30 тамыз.

Құсайынов А.Қ. Білім беруді дамыту бағыттары /А.Қ.Құсайынов //Заман Қазақстан. – 2002. – 4 қазан.

Құсайынов А.Қ. Қазақ ұлт мектебі – адамзаттық мәдениет пен этномәдениеттің өзара бірлігінде дамиды /А.Қ.Құсайынов //Егемен Қазақстан. – 2003. – 22 сәуір.

Құсайынов А.Қ. Ұлттық мектеп - ол қандай?/А.Қ.Құсайынов //Қазақ әдебиеті. – 2003. – 5 желтоқсан.

Құсайынов А.Қ. Оқулық жасау оңай емес/А.Қ.Құсайынов //Алматы ақшамы. – 2003. – 19 маусым.

Құсайынов А. Қазақ ұлт мектебі адамзаттық мәдениет пен этномәдениеттің өзара бірлігінде дамиды /А.Қ.Құсайынов //Егемен Қазақстан. – 2003. – 22 ақпан

Құсайынов А.Қ. Уақыт талабы не дейді? /А.Қ.Құсайынов //Егемен Қазақстан. 2004. - 11 сәуір.

Құсайынов А.Қ. Меніңше, өте асығыстық /А.Қ.Құсайынов //Ана тілі. – 2004. – 13 мамыр.

Құсайынов А. Бүгінгі мақсат - ұлттық тәрбие /А.Қ.Құсайынов //Қазақ әдебиеті. – 2005. – 14 қаңтар.

Құсайынов А.Қ. Бүгінгі ата-ананың әлеуметтік портреті /А.Қ.Құсайынов //Қала мен дала. – 2005. – 11 ақпан.

Құсайынов А. Білім алды - тәрбие: [тамыз кеңесі қарсаңында] /А. Құсайынов // Егемен Қазақстан. - 2006. - 16 тамыз.

Құсайынов А.Қ. Профессор С.Қалиев – тәрбиелік ойлар тағылымының шынайы жанашыры /А.Құсайынов //Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының Хабаршысы=Вестник академии педагогических наук Казахстана. – 2009. - № 2. – 83-84 б.

Құсайынов А. Ел ертеңі - бүгінгі мектепте, ендеше, неге қарап отырмыз?: [Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының президенті Асқарбек Құсайыновпен әңгіме] /сұхбаттасқан Ермек Исаев / А. Құсайынов //Айқын. - 2009. - 26 тамыз.

Құсайынов А. «Аса маңызды әкімшілік шешімдер ғылыми негізге сүйеніп қабылдануы керек»: [педагогика ғылымдары академиясының президенті Асқарбек Құсайыновпен әңгіме] /әңгімелескен Т.Смағұлқызы / А. Құсайынов // Заң газеті. - 2010. - 27 мамыр.

Құсайынов А. Тіл - елдігіміздің негізі: [Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының президенті, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Асқарбек Құсайынов] / А. Құсайынов // Егемен Қазақстан. - 2010. - 15 қазан.

Құсайынов А. Жапон мектептерінің тағылымы / А. Құсайынов // Жалын. - 2011. - № 8. - 2-9 б.

Құсайынов А. Білім сапасына жүйелі сараптама: [Қазақстан ПҒА-ның президенті, Ресей білім академиясының шетелдік мүшесі Асқарбек Құсайыновпен қазіргі білім сапасы туралы] / А. Құсайынов // Айқын. - 2012. - 26 қаңтар.

Құсайынов А. Әлі де ізгілікті іздеп келем...: [қоғам және мемлекет қайраткері, ұстаз Шәмша Көпбайқызы Беркімбаеваның «Әлі де ізгілікті іздеп келем...» деген кітабы туралы] / А. Құсайынов //Айқын. - 2012. - 15 наурыз.

Құсайынов А. Білім берудегі «Жапониялық керемет» және Қазақстандағы орта білім жағдайы /А.Құсайынов //Мәдени мұра=Культурное наследие. – 2010. - № 2. – 10-19 б.

Құсайынов А. Білім сапасына жүйелі сараптама: [Қазақстандағы білім және оқулық сапасы туралы Қазақстан ПҒА-ның президенті, Ресей білім академиясының шетелдік мүшесі Асқарбек Құсайыновтың сараптамасы] / А. Құсайынов //Айқын. - 2012. - №16. - 26 қаңтар.

Құсайынов А. Нәрібаевтың нәрлі ұсынысы неге ескерілмейді?: [ұстаз, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, академик Көпжасар Нәрібаевтың Қазақстан білімі туралы ой толғамдары] / А. Құсайынов // Айқын. - 2013. - 23 мамыр.

Құсайынов А. Дана ұстаз, дарынды ғалым: [педагог, профессор, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының академигі Немеребай Нұрахметов туралы] / А. Құсайынов // Президент және халық. - 2013. - 20 қыркүйек.

Құсайынов А. Салыстырмалы педагогика сабақтары: [ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының президенті, академик Асқарбек Құсайыновпен білім беру саласының бүгінгі көкейтесті проблемалары жайлы сұқбат] /сұқбаттасқан Серікжан Қажиді / А. Құсайынов // Президент және халық. - 2014. - 29 тамыз.

Құсайынов А. Орта білім саласының маңызы / А. Құсайынов //Қазақ әдебиеті. - 2017. - 18 тамыз.

Құсайынов А. Орта білім сапасын көтерудің кешендік бағдарламасын жасау қажет / А. Құсайынов //Ақиқат. - 2017. - № 9. - 24-36 б.

Құсайынов А. Жаңа сөздік жасау - заман талабы: [академик, Педагогикалық ғылымдар академиясының президенті Асқарбек Құсайынов латын әліпбиін қоғамдық қолданысқа енгізу туралы] / А. Құсайынов // Ана тілі. - 2018. - 4-16 мамыр.

Құсайынов А. Ұлттық болмысқа берік ұрпақ тәрбиелеу керек: [педагогикалық ғылымдар академиясының президентінің жолдауға пікірі] / А. Құсайынов // Түркістан. - 2018. - 11 қаңтар. – 3 б.

Ол туралы:

Құсайынов Асқарбек Қабыкенұлы //Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. – Т.6. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2004. – 144 б.

Құсайынов Асқарбек Қабыкенұлы //Қазақстан ғылымы: Энциклопедия. Т.2. – Алматы, 2010. – 113 б.

Бектас Г. Білімдегі дағдарыс: қайтсек шешімін табамыз?:[ғалым, академик Асқарбек Құсайынов осы сауалдарға жауап іздейді. Ол өзінің «Орта білім беру жүйесіндегі дағдарыс: шығу жолдары» атты еңбегінде осы мәселелерді жан-жақты талдап беруде] /Г. Бектас //Айқын. - 2016. - 16 тамыз.

Жұмажанова Т. Алғашқы елеулі еңбек: [А.Құсайынов пен Ұ.Асылыовтың «Оқулықтану. Өзекті мәселелері» атты кітабы туралы] /Т.Жұмажанова //Қазақстан жоғары мектебі. – 2000. - № 6. – 171-172 б.

Жұртбай Т. Оқымысты: [профессор Асқарбек Қабыкенұлы Құсайынов туралы] / Т. Жұртбай // Егемен Қазақстан. - 2011. - 8 маусым.

Қазақстандық ғалымның Ресейдегі мәртебесі: [ТМД және Балтық елдерімен жұмыс жасау үшін Ғылыми кеңес төрағасының орынбасары болып Ресей білім академиясының шетелдік мүшесі, педагогика ғылымының докторы, профессор, Қазақстан педагогика ғылымдары академиясының академигі Құсайынов Асқарбек Қабыкенұлы сайланды] // Қазақстан мектебі. - 2016. - № 1. - 23-б.

Қайранбаев Қ. Мектеп баспасының бастамалары. Асқарбек Құсайыновқа «Оқулық авторларының мектебін» ашқаны үшін оқырмандар атынан алғыс айтылды /Қ.Қайранбаев //Жетісу.- 2001. – 17 ақпан.

Қажи С. Салыстырмалы педагогика сабақтары: [Педагогикалық Ғылымдар Академиясының президенті, академик Асқарбек Құсайыновпен сұхбат] / С. Қажи // Президент және халық. - 2014. - 29 тамыз.

Қалиұлы С. Жасынан ғылым барын ескерген академик Асқарбек Құсайынов өзіндік соқпағын таба білді / С. Қалиұлы //Алматы ақшамы. - 2011. - 4 маусым.

Құнантаева К. Білім жүйесінің реформаторы. Педагогика ғылымындағы менеджер-ұстаз Асқарбек Құсайынов туралы сыр /К. Құнантаева // Президент және халық. - 2011. - 10 маусым.

Мінсіз білім сауатты жазылған оқулыққа да байланысты. А.Құсайынов Ұ.Асыллов «Оқулықтану. Өзекті мәселелері» //Егемен Қазақстан. – 2000. – 3 қараша.

Нәби Ы. Мәртебелі ғалым: [педагогика ғылымдарының докторы, профессор Асқарбек Құсайынов жайлы] / Ы. Нәби, А. Болатбаева // Айқын. - 2011. - 19 мамыр.

Нұрахметов Н. Оқулықты жазу үшін тану керек: [А.Құсайынов пен Ұ.Асылловтың «Оқулықтану. Өзекті мәселелері» монографиялық еңбегіне пікір] /Н.Нұрахметов //Қазақстан мектебі. – 2001. - № 1. – 51-53 б.

Сейдімбек А. Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылған еңбек. Асқарбек Құсайыновтың жетекшілігімен дайындалған 31 томнан тұратын қазақша-орысша және орысша-қазақша салалық ғылыми терминологиялық сөздіктер сериялы туралы /А.Сейдімбек, Ш.Білал //Егемен Қазақстан. – 2001. – 2 маусым.

Сейсенұлы Д. Азамат ауылын ұмытпайды: [Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының президенті, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Германияның доктор инженері Асқарбек Қабыкенұлы Құсайынов туралы] / Д.Сейсенұлы //Егемен Қазақстан. – 2009. – 14 шілде.

Сүйінкина П. Қазіргі қазақ педагогикасының көшбасшысы:[бұл мақалада қазақ педагогикасының көшбасшысы ғалым-педагог Асқарбек Қабыкенұлы Құсайынов туралы] / П. Сүйінкина //Қазақстан мектебі. - 2015. - № 10. - 49-52 б.

Тобаяқов Б. Оқулық танытушы Асқарбек Құсайынов туралы /Б.Тобаяқов //Алматы ақшамы. – 2001. – 29 мамыр.

Тоқашбаев М. Асқарбектің асулары: [педагогика ғылымдарының докторы, профессор Асқарбек Құсайынов жайлы] / М. Тоқашбаев // Президент және халық. - 2011. - 20 мамыр.

31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 5 сәуірдегі № 3443 Жарлығына сәйкес 31 мамыр - саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні ұлттық тарихты зерделеу, ұрпақтар сабақтастығы, жалпыұлттық келісім, халықтық бірлікті нығайтуға бағытталған.

Бұл күні ең алдымен, 1937 жылы жазықсыздан-жазықсыз атылып кеткен алаш ардақтыларын еске аламыз. Зерттеушілердің деректері бойынша, 1921 жылдан 1954 жылға дейін бұрынғы Кеңес Одағында сотталғандардың жалпы саны 3 миллион 777 мың болса, олардың ішінде 642 мың адамға ең жоғары жаза қолдану үкімі шығарылған. Қазақстанда саяси себептер бойынша 100 мың адам сотталған, 25 мыңнан астам адам ату жазасына кесілген.

Халықтың ұлттық, азаматтық және мемлекеттік сана-сезімдерінің қалыптасуындағы алғашқы қазақ демократтарының тарихи рөлін көрсетуге талпыну мақсатында «31 мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне» орай «Алаш арыстары» тәрбие сағатын өткізуге болады. Тәрбие сағатының жоспарына Алаш қозғалысының әлеуметтік салдары, Алашорда бағдарламасы мен мақсаттары және алаш азаматтары жайлы оқушылардың баяндамаларын кіргізуге болады. Оқушылардың «Алаш» партиясының көрнекті қайраткерлерінің өмір жолы, еңбектері туралы жинаған материалдарынан көрмелер ұйымдастыруға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Аллаберген Д. Алғашқы редактор да атылып кеткен еді: [Семейде шыққан «Жұмысшы» газетінің алғашқы редакторы Мақсұт Тайшыбаев туралы және басқа да репрессияға ұшыраған азаматтар туралы] / Д. Аллаберген // Айқын. - 2020. - 30 мамыр

Алаш туын көтергендер: [2017 жылы Алаш қозғалысына 100 жыл] // Президент және халық. - 2017. - 13 қаңтар.

Арын Е. Алаш - тәуелсіздік бастауы: [Алашорда қозғалысының құрылуы туралы] / Е. Арин // Айқын. - 2017. - 19 тамыз.

Ахмет Б. «Алаш Орда және ұлт-азаттық идеясы». Ғылым ордасында Алаш Орданың 100 жылдығына орай республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті / Б. Ахмет // Алматы ақшамы. - 2017. - 17 қазан.

Әбдәкімұлы М. «Жылантақыр» жұты және зұлматтың жалғасуы. 1917-1937 жылдары қазақ жері бүкіл тарихында көрмеген қырғынға куә болды / М. Әбдәкімұлы // Түркістан. - 2014. - 29 мамыр.

Әбдәкімұлы М. Тозақ жылдар. 1931-33 жылдардағы ашаршылық екі жарым миллион қазақты опат етті / М. Әбдәкімұлы // Түркістан. - 2014. - 1 мамыр.

Әбікенова К. Қазақстандағы саяси репрессиялау салдары / К. Әбікенова // Қазақ тарихы. - 2017. - № 9. - 10-11 б.

Әкебаев Б. Қолдан жасалған қасірет: [1930-31 жылдардағы ашаршылық туралы] / Б. Әкебаев // Ана тілі. - 2017. - 10-15 наурыз.

Әнесұлы Ж. Қуғынмен басталып, азаппен аяқталған ғұмыр: 31 мамыр - саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні / Ж. Әнесұлы // Ана тілі. - 2016. - 26 мамыр - 1 маусым.

Әнесұлы Ж. Алаш туын көтергендер: [Алаш қозғалысына 100 жыл] / Ж. Әнесұлы // Президент және халық. - 2017. - 20 қаңтар.

Әнуарбек Ә. Алаштың туы астында арыстарымыз жанкешті күрескерліктің үлгісін көрсетті: [Алашорда 100 жыл] / Ә. Әнуарбек // Түркістан. - 2017. - 19 қазан.

Байсалбаева Г.Ж. Халық ағарту комиссары - Темірбек Жүргенов / Г. Ж. Байсалбаева // Білім берудегі менеджмент = Менеджмент в образовании. - 2017. - № 4. - 144-147 б.

Бек К. Нәубет: [31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні] / К. Бек // Жас Алаш. - 2020. - 29 мамыр.

Бектас Г. Алаш - қазақтың темірқазығы: [2017 жылы - Алаш қозғалысының 100 жылдығы] / Г. Бектас // Айқын. - 2017. - 21 қаңтар.

Бектібаева Л. Ғасырлар тоғысындағы тұлға: [ҚР Білім және ғылым министрлігінің Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасында өткен педагог, мемлекет және қоғам қайраткері Аспандияр Кенжиннің туғанына 130 жыл толуына арналған еске алу кеші туралы] / Л. Бектібаева // Қазақстан мектебі. - 2018. - № 2. - 30-32 б.

Жұртбай Т. Соңғы маусым: [Қазақстандағы ашаршылық кезіндегі Алаш зиялыларының қайраткерлігі] / Т. Жұртбай // Қазақ әдебиеті. - 2017. - 15 желтоқсан

Жүз жыл бұрын және бүгін: [кеңестік кезеңдегі қазақ даласындағы ашаршылық туралы ой бөліскен ғалымдар М.Қойгелдиев, Т.Жұртбай, Д.Қатранұлы] / дайындаған Гүлім Нұрланқызы // Қазақ әдебиеті. - 2017. - 19 мамыр.

Жүнісбеков Б. АЛЖИР-дегі азапты жылдар: [31 мамыр - саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні] / Б. Жүнісбеков // Президент және халық. - 2014. - 30 мамыр.

Замана зұлматы. Ашаршылық кезеңдері бөлек қаралуы тиіс: [31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай ғалымдар, жазушылар, журналистер, қоғам қайраткерлері қатысқан онлайн дөңгелек үстел өтті] // Егемен Қазақстан. - 2020. - 1 маусым.

Қамзабекұлы Д. Жүз жыл бұрынғы оқиғаның сабағы: [Алаш партиясының құрылғанына 100 жыл / әзірлеген Қарагөз Сімәділ] / Д. Қамзабекұлы // Қазақ әдебиеті. - 2017. - 3 ақпан.

Қарабасов Ж. Нәубет: [Қазақстандағы ашаршылық] / Ж. Қарабасов // Ана тілі. - 2015. - 28 мамыр - 3 маусым.

Қозыбаев М. Голощекин және Қазақстан: [1925-1933 жылдары Қазақстанның бірінші хатшысы болған кездегі елдегі ауыр жағдай туралы] / М. Қозыбаев // АйҚАП. - 2014. - № 1. - 71-89 б.

Қойгелді М. Реформаторлар буыны: [Алаш қайраткерлері туралы] / М. Қойгелді // Егемен Қазақстан. - 2016. - 30 қыркүйек.

Қойшыбаев Б. Алашордашылар және саяси қуғын-сүргін. Алаш қозғалысына 100 жыл / Б. Қойшыбаев //Президент және халық. - 2017. - 20 қазан.

Қойшыбаев Б. Ашаршылық құрбандарына мәңгі борыштымыз: [1930 жылдардағы ашаршылық туралы] / Б.Қойшыбаев //Жас Алаш. – 2018. – 31 мамыр.

Қойшыбаев Б. 30-жылдардағы ашаршылық: себептері, салдары / Б. Қойшыбаев //Алматы ақшамы. - 2018. - 31 мамыр.

Қозыбақова Ф. Тұрар Рысқұлов және аштықпен күрес / Ф. Қозыбақова, Б.Тілеп (Тілепі) //Қазақ тарихы. - 2019. - № 1. - 29-30 б.

Құлыяс Т. Көзден аққан қанды жас: [1937 жылы ашылған «Алжир» әйелдер лагерінде болып, 1938 жылы атылған педагог, ғалым Шахзада Шонанова туралы] / Т. Құлыяс //Қазақстан әйелдері. - 2014. - №4. - 6-9 б.

Құрманбаева А. Тау тұлғалары биіктей түскен Алаш арыстарын ұлықтау - ұлттығымыздың кепілі: [«Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметінің 100 жылдығына орай] / А. Құрманбаева //Түркістан. - 2017. - 30 қараша.

Мұхатова О.Х. Қазақстандағы ашаршылықтың себептері мен зардаптары /О. Х. Мұхатова //Тарих Қазақстан мектебінде=История в казахстанской школе. - 2017. - № 4-5. - 10-19 б.

Омарбеков Т. Қазақтың аштан қырылуының негізгі басты себебі - дәстүрлі мал шаруашылығының күйреуі: [1931-1933 жылдардағы ашаршылық] / Т. Омарбеков //Аңыз адам. - 2013. - № 4. - 10-14 б.

Омарбеков Т. Ашаршылық ақиқаты бұрмаланбасын. 1931-1933 жылдардағы ашаршылық қарсаңында қазақ халқы қанша еді? / Т. Омарбеков // Түркістан. - 2015. - 28 мамыр.

Рысдәулет М. Жазықсыз жапа шеккендер: [31 мамыр - саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні] / М. Рысдәулет //Ана тілі. - 2014. - 29 мамыр - 4 маусым.

Сәрсенбай Қ. Қасіретті түсіне алмағаннан қасиет те күтуге болмайды. Бұл күнді «Ұлттық аза тұту күні» деп жарияласа болмас па?: [31 мамыр - Саяси қуған сүргін құрбандарын еске алу күні] / Қ. Сәрсенбай // Алматы ақшамы. - 2020. - 30 мамыр.

Сүндетұлы Қ. Қуғын-сүргін құрбандары: [30 жылдардың қуғын-сүргін құрбандары, Батыс Қазақстан облысында қызмет еткен Халел Досмұхамедұлы, Төлепкерей Өтеулиев, Серікқали Жақыпов, Шияп Қожахметов туралы] / Қ. Сүндетұлы //Ана тілі. - 2018. - 8-14 ақпан.

Тарихтағы қасіретті қасиеттеу - парыз: [саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай ғалым, әдебиеттанушы, саясаттанушы, тарихшы, философ мамандармен өткізілген әңгіме] //Қазақ әдебиеті. - 2014. - 30 мамыр - 5 маусым.

Тәтімов М. Ұлттық трагедия алдында қазақтардың саны 4 миллион 850 мыңға жетіп жығылса, ашаршылық шығыны - 2 миллион 22 мың: [ашаршылық туралы] / М. Тәтімов //Аңыз адам. - 2013. - № 4. - 19-21 б.

Тұрсын Х. Қасіреттен қасиет іздеген: [саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні] / Х. Тұрсын, К.Беркімбаев // Алматы ақшамы. - 2018. - 31 мамыр

Хасан С. СЛОН сорлатқан қазақтар: [СЛОН - Соловецкий лагерь особого назначения деп аталған Ресейдің Архангельск облысындағы Соловки аралдарындағы лагерде болған қазақтар] / С. Хасан // Айқын. - 2017. - 8 сәуір.

Хасан С. Қазақ байлары қалай қуғындалды?: [1928 жылғы кәмпеске туралы] / С. Хасан // Айқын. - 2020. - 30 мамыр.

«Ұлы нәубетке» кінәлі кім?: [Қазақстандағы ашаршылық және қуғын-сүргін] / дайындаған С.Әмірбекұлы, Н.Сұлтан // Айқын. - 2015. - 30 мамыр.

Шәріп А. Депортация - Ұлы дала қасіреті: [31 мамыр - қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні] / А. Шәріп // Айқын. - 2020. - 30 мамыр.

1 маусым - Халықаралық балаларды қорғау күні

Бүкіл әлемде 1-ші маусым Балаларды қорғау күні ретінде аталып өтіп, ескі халықаралық мейрамдардың бірінен саналады. Оны өткізу жөнінде шешім 1949 жылдың қараша айында Халықаралық демократиялық әйелдер федерациясының арнайы сессиясында қабылданды. Алғашқы халықаралық балаларды қорғау күні 1950 жылы өткізілді БҰҰ аталған бастаманы дер кезінде қолдап, балалардың өмірін, құқығын, денсаулығын қорғауды өз қызметінің басты бағыттарының біріне айналдырды.

Балаларды қорғау күні мереке ғана емес, сонымен қатар, болашаққа бағдар жасайтын маңызды шараның бірі. Адамзаттың алдында тұрған зор міндет - болашақ ұрпақтың бақытты өмірін қалыптастыру. Айтулы мерекеде елімізде балаларға арналған концерттік бағдарламалар, түрлі сахналық қойылымдар ұйымдастырылады. Көрсетілетін барлық шаралар тек балалар үшін. Барлығы жарасымды. Саябақтар да мереке күні балаларды ерекше ілтипатпен құшақ жая қарсы алады. Саябақтың дәл ортасында орналасқан су бұрқақ, балалар ойнайтын алаңқай, су шашылып, тазаланған жасыл аллеялар мен сырланған орындықтар халықтың тынысын ашқандай әсер қалдырады. Осындай таза аудан бейнесімен сәбидің таза күлкісімен үндескен саябақтағы мерекеде балаларға қайырымдылық қорының ұйымдастырған «тәтті үстелден» тегін тәттілер және сыйлықтар жиынтығы таратылады. Осы мерекеде өнерлі балалардың өнерін тамашалап, спорт жарыстарын өткізіп, асфальтқа «Менің бақытты балалық шағым» деген тақырыпта сурет салудан жарыстар өткізіледі. Дегенмен бұл атаулы күн балалардың көңілін көтеретін мереке ғана емес, қоғамда балалардың құқықтарының сақталуы мен оларға тиісті жағдай жасау қажеттігін еске түсіретіндігімен де маңызды. Бүгінде елімізде 18 жасқа дейінгі жасөспірімдердің саны 3 миллионнан асады. Мемлекет халықтың осы бір бөлігіне баса назар аудару үшін, елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 1994- жылы балалар құқығы туралы конвенцияға қол қойды.

Осы мерекеде балаларға Конвенцияда қарастырылған құқықтары жөнінде түсіндіру мақсатында мектепте түрлі көпшілік жұмыстар өткізуге

болады: бастауыш сынып оқушыларына «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» атты Ы.Алтынсаринның әңгімелері бойынша ертеңгілік, орта буын оқушыларына «Сен және сенің құқықтарың» атты сұрақ-жауап кеші, жоғары сынып оқушыларына «Адам және заң» атты ішкі істер органы, заң қызметкерлерімен әңгіме, сұрақ-жауап, видеосюжеттер арқылы кездесу кешін өткізуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Конкурс тиімді педагогикалық және басқару тәжірибесін анықтау, қорыту және тарату, педагогтар мен орта білім беру ұйымдары басшыларының кәсіби және жеке тұлғалық өсуін ынталандыру, Қазақстан Республикасының орта білім беру жүйесінің даму үрдісін анықтау мақсатында өткізіледі.

«Үздік педагог атағы» меншік нысандарына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, педагогикалық қызметте жоғары жетістіктері бар мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту, бастауыш, негізгі және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогикалық қызметкерлеріне беріледі.

Қазақстанда білім беру және ғылым қызметкерлерінің 3 съезі өткізілді.

Қазақстан Республикасы білім беру қызметкерлерінің I Съезі 1998 жылы 3-5 желтоқсан күндері Алматы қаласында өткізілді. Съезд ұлттық және жалпыадамзаттық құндылық және елде өтіп жатқан білім беру реформасы жағдайында ғылым мен тәжірибенің жетістіктері негізінде жеке тұлғаның қалыптасу, даму және кәсіби шыңдалуының көкейкесті мәселелерін талдауға арналды.

Қазақстан Республикасы білім беру және ғылым қызметкерлерінің II Съезі 2001 жылы 2-3 ақпан күндері Алматы қаласында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10-жылдығына, сонымен қатар еңбек нарқы жағдайында кәсіби бәсекелестікке қабілетті мамандар даярлау мақсатында білім сапасын көтеру, жеке тұлғаның қызығушылығына, қабілетіне және білім алу қажетіне және мемлекеттік тілді игеруіне сәйкес білім беруді дифференциялау мәселелеріне арналып өткізілді.

Қазақстан Республикасы білім беру және ғылым қызметкерлерінің III Съезі 2004 жылы 12 қазан күні Астана қаласында өтті. Съезд білім беруді дамытудың 2010 жылға дейінгі Мемлекеттік бағдарламасын талқылауға арналды.

Съездің негізгі мақсаты – қоғамдық-саяси өмірдегі ғылыми-педагогикалық зиялы қауым рөлінің артуын, оның білім беру және ғылым саласында өскелең ұрпақты белсенді азаматтық ұстаным және Қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеудегі ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауын орындауға белсенді қатысуын жүзеге асыру.

Сонымен бірге 2011 жылдан бері бірнеше пән мұғалімдері съездері өткізілді. 2011 жылдың 11-12 мамыр күндері Астана қаласында Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті базасында **математика пәні мұғалімдерінің I Съезі** болып өтті.

2012 жылдың 27-28 маусым күндері Өскемен қаласында Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті

базасында химия және биология пәні мұғалімдерінің I Съезі болып өтті.

2013 ж. 16-17 мамырда Білім және ғылым министрлігі Астанада филология пәні мұғалімдерінің I Съезін өткізді.

Мұғалім - тек ғылымдарға үйретуші емес, сондай-ақ рухани игіліктер мен адамгершілік ізгі ниеттерді оқушылар бойына сіңіруші де. Ұстаздар айрықша азаматтық парыз - жас ұрпақты тәрбиелеу міндетін атқарады. Олардың білімі мен тәжірибесі, дәстүрлер сабақтастығы мен жаңашылдығы әрбір мектептің негізі боп қаланған.

Мектеп қабырғасынан әлдеқашан алыстап кетсе де, бойында жылуы бар әрбір парасатты азамат әліп үйретіп, білім теңізіне жетелеген ұстаздары мен балалық шағының талай қызықты күндеріне куә болған алтын ұя – мектебін әрдайым үлкен сағынышпен, құрметпен еске алып отырады.

Қазан айының алғашқы аптасында республика көлемінде тойланатын ерекше мереке - ұстаздар күні. Осы күні төменгі сынып оқушылығына арнап «Ұстазым менің» атты ертеңгілік, «Ұстаздық – ұлы іс», «Ұлағатты ұстазым» атты тәрбие сағаты, «Ұстаз – ұлы тұлға» атты кітап көрмесін өткізуге болады. Оқушылардың күшімен мұғалімдерге арналған әдеби-сазды, концерттік бағдарламалар, «Мұғалімдер балы» ұйымдастырылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Қазақстан Республикасы. Заң.

Педагог мәртебесі туралы : Қазақстан Республикасының Заңы. № 293-ҮІ ҚРЗ 2019 ж. 27 желтоқсан / Қазақстан Республикасы. Заң // Егемен Қазақстан. - 2019. - 31 желтоқсан; Білімді ел=Образованная страна. - 2020. - 14 января.

Қазақстан Республикасы. Заң.

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне педагог мәртебесі, оқушы мен мұғалімге жүктемені төмендету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы : Қазақстан Республикасының Заңы № 294-ҮІ ҚРЗ 2019 ж. 27 желтоқсан / Қазақстан Республикасы. Заң // Егемен Қазақстан. - 2019. - 31 желтоқсан.

Қазақстан Республикасы. Үкімет.

«Орта білім беретін үздік ұйым» грантын беру тәртібін және оның мөлшерін белгілей отырып, оны беруге арналған конкурсты өткізу қағидаларын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы №393 қаулысы /Қазақстан Республикасы. Үкімет. Қаулы //Егемен Қазақстан. - 2012. №152-156. – 14 сәуір.

Қазақстан Республикасы. Үкімет.

«Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 сәуірдегі №394 қаулысы /Қазақстан Республикасы. Үкімет. Қаулы //Егемен Қазақстан. - 2012. №152-156. – 14 сәуір.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі.

Қазақстан Республикасы Филологтарының съезін ұйымдастыру және өткізу туралы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2013 ж. 1 наурыздағы № 73 бұйрығы /Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі. Бұйрық //12 жылдық білім беру=12-летнее образование. 2013. - № 1. – 4 б.; № 2. – 4 б.

* * *

Алимбекова Г.Б. Ұстаз мәртебесі - халық мәртебесі / Г. Б. Алимбекова // Вестник образования. - 2018. - № 6. - 3-7 б.

Байділдаева М. Мұғалім қызметінің мәні - ізгілікте / М. Байділдаева // Бала тәрбиесі. - 2016. - № 3. - 13-14 б.

Балықбаев Т. Педагог мәртебесі артады: [педагог мәртебесі заңының қабылдануы, ұстаздар құқығы, әлеуметтік қорғалуы жайында] / Т. Балықбаев // Алматы ақшамы. - 2020. - 28 қаңтар. - 4 б.

Балықбаев Т. Мұғалім - қоғамның алтын қоры: [мұғалімдер мерекесіне орай] /Т. Балықбаев //Егемен Қазақстан. - 2019. - 4 қазан. - 9 б.

Волошенко Н.И. «Жас сынып жетекшісі» бағдарламасы /Н. И. Волошенко //Сынып жетекшісінің анықтамалығы=Справочник классного руководителя. - 2015. - № 11. - 8-12 б.

Ергешбаева Ш.Н. Педагогтердің кәсіби өсуі - білім беру сапасын көтерудің басты шарты / Ш. Н. Ергешбаева // Білім берудегі менеджмент = Менеджмент в образовании. - 2019. - № 2. - 24-27 б.

Жекмұрзаева Л. Мектеп - білім тірегі, ұстаз оның жүрегі: [ұстаздар күніне арналған сабақ] / Л. Жекмұрзаева //Бала тәрбиесі. - 2016. - № 10. - 6-7 б.

Ибраева Л.Б. Оқушы, мұғалім – ізденіске ынтымақтастықпен / Л.Б.Ибраева // Қызықты психология. – 2017.- № 6. – 3 б.

Карагонысова Г. Ұлттық құндылықты қалыптастыруда сынып жетекшісінің ролі: [педагогикалық сағат] / Г.Карагонысова //Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2016. - № 7. – 53-55 б.

Қасимова Қ.Е. Кәсіптік білім беруде жаңа формациядағы мұғалім ролі / Қ. Е. Қасимова // Вестник образования. - 2018. - № 1. - 6-9 б.

Мәмет С. Мұғалім беделін қайтсек көтереміз? /С. Мәмет // Егемен Қазақстан. - 2017. - 3 сәуір.

Медина Г.М. Қалдырған ізін мәңгілік: [ұстаздар күніне арналған кеш] //Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. – 2017. - № 3. – 14-15 б.

Мұғалім мәртебесін көтеру ұсынылды: [Сенатта өткен жиында «Орта білім беру жүйесінің жай күйі, проблемалары және заңнамалық реттеу перспективалары» тақырыбын арқау еткен] //Айқын. - 2017. - 26 қыркүйек.

Мұсанова А.З. Бала тәрбиесіндегі сынып жетекшісінің ролі / А. З. Мұсанова //Педагогика және оқушы психологиясы. - 2016. - № 5. - 6-7 б.

Өтебаева Р.К. Сынып жетекшісінің жұмысы /Р. К. Өтебаева //Сынып жетекшісінің анықтамалығы=Справочник классного руководителя. - 2016. - № 10. - 1922 б.

Романқұл С.К. Құзыреттілік - болашақ мұғалімнің кәсіби маңызды сапасы / С. К. Романқұл // Вестник образования. - 2020. - № 2. - 11-13 б.

Сағындықова А.А. Бала тәрбиесінде мектеп, мұғалім және ата-ананың рөлі / А. А. Сағындықова // Вестник образования. - 2016. - № 5. - 31-32 б.

Сағындықова Г. Ұстаз - мектептің жүрегі: [ұстаздар мерекесіне арналған «Ұстаз - мектептің жүрегі» атты кештің сценарийі] /Г. Сағындықова // Қазақ тілі мен әдебиеті. - 2016. - № 12. - 96-99 б.

Таушаева Р. Ұстаз - ұлы есім: [ұстаздар күніне арналған «Ұстаз - ұлы есім» атты кештің сценарийі] / Р. Таушаева //Тәрбие құралы. - 2016. - № 3. - 56-57 б.

Тулегенова Д. Ұстаз, аты биік әрі мәңгілік: [мұғалімдер күніне арналған кештің сценарийі] / Д. Тулегенова //Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. - 2016. - № 8. - 23-26 б.

Шәмшидинова К. Мұғалім - рухани әлемді жаңғыртушы: [мұғалімнің дүниетанымы, зияткерлік құзыреті, мәртебесі жайында] / К. Шәмшидинова //Білімді ел=Образованная страна. - 2019. - 5 қараша. - 9 б.

Қазан Филология ғылымдарының докторы, профессор,
10 жұлдыз Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері **Тұрсын Сыдықовтың** туғанына **80 жыл** (10.10.1941)

Сыдықов Тұрсын 1941 жылы 10 қазанда Алматы облысы Сарқан ауданының Бақалы (Киров) ауылында туған. 1965 жылы Абай атындағы Қазақтың педагогикалық институтының (қазіргі Абай атындағы Қазақтың Ұлттық педагогикалық университеті) тарих-филология факультетін бітірген. 1965-1968 жылдары Ақсу ауданында 8 жылдық мектептің оқу ісінің меңгерушісі, 1968-1969 жылдары Талдықорған облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында кабинет меңгерушісі, 1969-1975 жылдары Қапал ауданы Көшкентал орта мектебі оқу ісінің меңгерушісі, аудандық партия комитетінде нұсқаушы, мектеп директоры болды. 1975-1978 жылдары Абай атындағы Қазақтың педагогикалық институтының аспирантурасында (қазіргі Абай атындағы Қазақтың Ұлттық педагогикалық университеті) оқыды.

1978-2002 жылдары Абай атындағы Алматы Мемлекеттік университетінде (қазіргі Абай атындағы Қазақтың Ұлттық педагогикалық университеті) ұстаздық етіп, ассистенттен профессор дәрежесіне дейін көтеріліп, жауапты қызметтерді атқарды. 1978 жылы кандидаттық, 1997

жылы «Қазақ тарихи романы» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады. Негізгі ғылыми жұмыстары – қазақ тарихи романдары және қазақ әдебиетін оқыту мәселелеріне арналған.

2002 жылдан І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі болды. Қазір «Ілиястану» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі.

Оның «Мұрат пен», «Қазақ тарихи романы», «Қазақ тарихи романының көркемдік тілі», «Өңінде тұлпар мінгендер», «Талант тағлымы», «Ізгілік сабағы» атты кітаптары жарық көрген. Профессор С. Мақпыровпен бірігіп колледжге арналған екі бөлімнен тұратын «Қазақ әдебиеті» оқулықтарын жазды, «Қазақ әдебиеті» хрестоматиясын шығарды. 700-ден астам ғылыми-зерттеу мақалалардың, 3 монографияның авторы.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Сыдықов Т. Мұрат пен міндет: Монография /Т.Сыдықов. – Алматы, 1987.

Сыдықов Т. Қазақ тарихи романы: Монография /Т.Сыдықов. – Алматы, 1996.

Сыдықов Т. Қазақ әдебиеті: Кәсіптік арнаулы оқу орындарына арналған оқулық / Т.Сыдықов, С.Мақпыров. – Алматы, 1996

Сыдықов Т. Қазақ әдебиеті: Кәсіптік арнаулы оқу орындарына арналған хрестоматия /Т.Сыдықов. – Алматы, 1999

Сыдықов Т. Қазақ тарихи романының көркемдік тілі: Жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы /Т.Сыдықов. – Алматы, 1998.

Сыдықов Т. Қазақ тарихи романы: /Т.Сыдықов. – Алматы, 2003.

Ол туралы:

Сыдықов Тұрсын //Жетісу: Энциклопедия. –Алматы: Арыс, 2004. – 552 б.

Сыдықов Тұрсын //Қазақ әдебиеті: Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна, 2005. – 486-487 б.

Сыдықов Тұрсын //Қазақ әдебиеті: Энциклопедия.– Алматы, 1999. – 609 б.

Сыдықов Тұрсын //Қазақстан ғылымы: Энциклопедия. – Алматы, 2010. – 337 б.

Қазан Педагог, филология ғылымдарының докторы,
15 жұлдыз профессор әдебиет зерттеуші, сыншы **Есмағамбет Самұратұлы Ысмайловтың** туғанына **110 жыл** (15.10.1911-29.09.1966).

Ысмайлов Есмағамбет Самұратұлы 1911 жылы 15 қазанда Көкшетау облысы Еңбекшілдер ауданындағы «Шоқтас» деген жерде дүниеге келген. 1921-1926 жылдары ауыл мектебінде, 1926-1930 жылдары Қызылжардағы балалар үйінде, 1930-1934 жылдары Қазақтың

педагогикалық институтында (қазіргі Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университет) оқып, білім алған.

Оқу бітірген соң Қазақстан өлкелік Орталық Атқару комитетінің жанындағы Ұлт мәдениеті ғылыми-зерттеу институтында жұмыс істеуге қалдырылған. 1934-1938 жылдары «Қазақстан большевигі» (қазіргі «Ақиқат») журналында жауапты хатшы болып қызмет атқарады. 1939-1966 жылдары Қазақстан коммунистік журналистика институтында, Қазақтың Мемлекеттік қыздар педагогикалық институтында, Қазақтың Мемлекеттік университетінде доцент, профессор, Қазақ КСР Ғылым Академиясының Тіл және әдебиет институтының директоры, әдебиет және өнер институтының бөлім меңгерушісі болды. 1957 жылы филология ғылымының докторы, 1958 жылы Қазақ КСР Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі, 1961 ж. «Қазақ КСР-ның еңбек сіңірген ғылым қайраткері» атағын алды.

Еңбегі бағаланып «Құрмет белгісі» орденімен және бірнеше медальдармен марапатталды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Ысмайлов Е. Ақын және революция: [С.Сейфуллиннің творчестволық өмірі мен революциялық поэзиясы туралы] /Е.Ысмайлов. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым Академиясының баспасы. – 1964. – 344 б. (Қазақ КСР Ғылым Академиясы М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты).

Ысмайлов Е. Ақындық өмір: [Жамбылдың өмірі мен творчествосы жайында] /Е.Ысмайлов.- Алматы: Жазушы, 1966. – 142 б.

Ысмайлов Е. Әдебиет жайлы ойлар: (ақындық өнер мен ақындар туралы) /Е.Ысмайлов. – Алматы: Жазушы, 1968. – 318 б.

Ысмайлов Е. Жамбыл және халық ақындары /құраст. К.Сейдеханов. – Алматы: Санат, 1996. – 239 б.

Ысмайлов Е. Жаңа белеске: [сын, зерттеу мақалалар жинағы.] /Е.Ысмайлов. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас., 1962. – 288 б.

Ысмайлов Е. Сәкен Сейфуллин (өмірі мен творчествосы): Орта мектептің X класына арналған көмекші құрал. Өңделіп, толықтырылып 3 бас. /Е.Ысмайлов. - Алматы: Қазмемоқупедбас., 1962. – 64 б.

Ысмайлов Е. Сын мен шығарма. Мақалалар жинағы /Е.Ысмайлов. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас., 1966. – 379 б.

Ол туралы:

Ысмайлов Есмағамбет Самұратұлы //ҚСЭ. – Алматы, 1978. -Т. 12.- 354-355 б.

Ысмайлов Есмағамбет Самұратұлы //Қазақ ССР. Қысқаша энциклопедия. – Т. 3. – Алматы, 1988. – 590 б.

Жұмағұл С. Емен сынды иілмеген Есаған: [сыншы, ғалым Е.Ысмайлов туралы сөз] /С.Жұмағұл, Ж.Смағұл //Түркістан. – 1997. – 28 мамыр -3 маусым.

Кәкішев Т. Талантқа тар қапас жоқ: [сыншы, ғалым Е.С. Ысмайлов туралы] /Т.Кәкішев // Фемида. – 1997. – № 8. – 27-34 б.

Нұрпейіс Н. Өнегелі де өміршең достық: [М.Әуезов пен Е.Ысмайлов достығы] /Н.Нұрпейіс //Ақиқат. – 1997. – № 11. – 87-88 б.

Нұрпейісов Н. Әдебиеттанудағы ақтаңдақтар: [көрнекті әдебиетші Е.Ысмайлов жайында] /Н.Нұрпейісов // Қазақ әдебиеті. – 1991. – 30 маусым.

Нұрпейісов Н.Ж. Дүрбелеңді дәуір зерттеушісі: [Е.Ысмайлов – ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетін зерттеуші] /Н.Нұрпейісов //Қазақстан Республикасы Ғылым Министрлігі-Ғылым Академиясының хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. – 1997. – № 3. – 59-61.

Нұрпейісов Н. Қажырлы да қарымды ғалым: [Е.С.Ысмайлов туралы] /Н.Нұрпейісов //Ақиқат. – 1997. – № 8. – 90-93 б.

18 қазан – рухани келісім күні

Халықаралық Рухани келісім күні алғаш рет 1992 жылғы 18 қазанда өткізілді. Содан бері бұл күн Қазақстандағы әлеуметтік маңызды күндердің бірі. Алғаш рет осы толеранттық мереке Мәскеуде болуы керек еді, бірақ КСРО құлап, сондай-ақ одан кейінгі оқиғаларға байланысты болған жоқ. 1995 жылы ЮНЕСКО Қазақстанның тәжірибесін ескере отырып, толеранттық қағидаларының Декларациясын қабылдады. Бүгінде рухани келісім күнін Еуропаның көптеген елдері, сондай-ақ Ресей мен Үндістан мерекелейді. Ұлтымыз бен діни сенімге қарамастан барлығымызды біріктіретін осы күн — қоғамдағы тұрақтылық пен келісім күні. Сондықтан да бірлік пен қайырымдылық, жақсылық пен гүлдену мерекесі ретінде атап өтіледі.

Оқушыларға қазіргі қоғамдағы мәдениетке, өркениетке қарсы ұйымдар, олардың кері әсері туралы ақпарат беру, жастардың бойында экстремистік көзқарастар мен іс-әрекеттерге қарсы тұру қасиеттерін қалыптастыру және рухани құндылықтарды арттыру мақсатында «Теріс діни ағымдар – заңсыз уағыз» атты ток-шоу өткізуге болады. I-ші - Ұйымдастыру бөлімінде қатысушыларды орналастырып, таныстырылады. II - Ой толғау бөлімінде оқушылардың теріс бағыттағы діни ағымдар туралы қандай мағлұматтармен танысқысы келетіндігі жөнінде сауалнама жүргізіледі. III -Руханият бөлімінде оқушылардың пікірлері тыңдалады. IV- «Адаспа, абайла!» тақырыбында теріс бағыттағы діни ағымдардың іс-әрекеттері мен мақсат-мүдделеріне тоқталып оқушылар пікірлерін білу. V- «Дін және уақыт» қорытынды бөлімінде балалардың «Көкірегіңе түйіп жүр!» атты айдармен дін қызметкерлерінің баяндамасын тыңдатуға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Абдешева С. Адамгершілікке тәрбиелеуде - еңбектің рөлі: [адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу] / С. Абдешева, У. Қаражігітова

// Вестник образования. - 2019. - № 2. - 8-9 б.

Аманжолов С.М. Рухани адамгершілік тәрбие тұлға негізі / С. М. Аманжолов // Колледж және кәсіптік бағдар. - 2017. - № 2. - 8-9 б.

Арыстанова Ш. Білім беру сферасын руханилық және ізгілік бағытында жаңартудың қажеттілігі: [рухани-адамгершілік білім берудің маңыздылығы] / Ш. Арыстанова // Бастауыш мектеп. - 2020. - № 1-2. - 10-12 б.

Беймуратова М. А. Кітапхана және жалпы адами құндылық негізінде жастарды рухани тәрбиелеу / М. А. Беймуратова // Қазақ тілі Қазақстан мектебінде=Казахский язык в казахстанской школе. - 2017. - № 1. - 36-38 б.

Бейсенова Б.Р. Педагогикалық оқыту үрдісінде оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің ғылыми-әдіснамалық негіздері / Б. Р. Бейсенова // Вестник образования. - 2019. - № 5. - 14-18 б.

Даулетбекова З. Адамгершілік - рухани тәрбиенің негізі / З. Даулетбекова // Өзін-өзі тану = Самопознание. - 2020. - № 1. - 4-6 б.

Ермуханова М. Рухани-адамгершілік өзін-өзі танудың негізі / М. Ермуханова // Өзін-өзі тану=Самопознание KZ. - 2017. - № 7. - 8-9 б.

Жасағанбергенова Б.И. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы - мектептегі рухани-адамгершілік тәрбие негізі / Б. И. Жасағанбергенова // Білім=Образование. - 2016. - № 2. - 34-37 б.

Жұмабекова Ф. Рухани тәрбие тағылымы: [жастарға терең білім берумен қатар рухани тәрбие беру жайлы] / Ф. Жұмабекова // Білімді Ел=Образованная страна. - 2017. - 28 наурыз.

Муханова Ә.М. «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын жүзеге асырудағы шаттық және сүйіспеншілік шеңберінің маңыздылығы / Ә. М. Муханова // Өзін-өзі тану KZ = Самопознание KZ. - 2020. - № 3. - 7-8 б.

Мыңбаева Ә.Қ. XX-XXI ғасырлардағы адамгершілік білім беру және дамыту теориясы / Ә. Қ. Мыңбаева, П. О. Изтаева, А. А. Карабутова // Вестник АПН Казахстана. - 2020. - № 1. - 55-62 б.

Нұрылла Ә.Ш. Отбасындағы рухани-адамгершілік тәрбие / Ә. Ш. Нұрылла // Ашық сабақ. Факультативті сабақтар = Открытый урок. Факультативные работы. - 2019. - № 11-12. - 11-13 б.

Рысбекова Б. Тұлғаны рухани-адамгершілікке тәрбиелеудегі мұғалімнің рөлі / Б. Рысбекова // Мектептегі психология = Психология в школе. - 2019. - № 12. - 29-31 б.

Такенова К. Рухани-адамгершілік тәрбие мен құндылықтарды білім мазмұнына енгізу тәсілдері / К. Такенова // Кәсіптік мектеп=Профессиональная школа. - 2016. - № 2-3. - 12-13 б.

Торгаева Э.А. Бүгінгі жасөспірімдердің рухани-адамгершілік тәрбиесі / Э. А. Торгаева //Современное образование в школе, колледже и ВУЗ-е. - 2016. - № 2. - 6-7 б.

23 қазан – Халықаралық мектеп кітапханалары күні

Халықаралық мектеп кітапханаларының күні (International School Library Day) қазан айының төртінші дүйсенбісінде аталып жүр. Мектеп кітапханаларының халықаралық күні 1999 жылдан бастап ЮНЕСКО-ның бастамасымен атап өтіледі. Мерекені алғаш рет Мектеп кітапханалары халықаралық қауымдастығының президенті Бланш Вуллз жария етті.

2005 жылы мерекенің ресми мәртебесін аталмыш ұйымның жаңа Президенті Питер Дженко қуаттады.

2008 жылы іс-шара жаңа деңгейге шықты - қаңтар айында жоба үйлестірушісі Рик Малхолланд Мектеп кітапханаларының халықаралық күні - халықаралық айлыққа айналатындығын жария етті. Осы жылдың қазан айында «Сіздің мектеп кітапханаңыздағы - сауаттылық және білім алу» ұранымен Мектеп кітапханаларының алғашқы айлығы өтті.

Акция қатысушылары мектеп кітапханаларына арналған іс-шараларды өткізу үшін кез келген күнді тандай алады. Кейбіреулер бір күнмен не аптамен шектелмей, бір ай бойы кітап жинау сынды ұзақ мерзімді іс-шаралар жариялап отырады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Абуева Н.С. Кітапханаға саяхат: [бастауыш сынып оқушыларына мектеп кітапханасы туралы түсінік беру] /Н.С.Абуева //Мектептегі кітапхана-Библиотека в школе. – 2014. - № 1. – 2-3 б.

Алекпаева Л.К. Кітапханалық сабақ. Кітап құрылымы. Кітапханадағы кітап түрлері / Л. К. Алекпаева //Мұғалімдерге және оқушыларға әдістеме және теория (1-4 сыныптар)=Учителям и школьникам методика и теория (1-4 классы). - 2017. - № 1. - 7-8 б.

Амренова М. Заманауи мектеп кітапханасы қандай болуы қажет? / М. Амренова, Л. Боранбай //Білімді Ел=Образованная страна. - 2017. - 28 наурыз.

Аюпова Л.А. Балаларымызды қайткенде кітап оқуға баулимыз /Л.А.Аюпова //Мерейлі ұстаз. – 2014. – 28 ақпан -1 наурыз

Бадакова И.М. Мектеп кітапханашысына қойылатын біліктілік талаптары / И. М. Бадакова, А. А. Нұрланбаева //Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы=Справочник руководителя образовательного учреждения. - 2014. - № 8. - 43-45 б.

Бадакова И.М. Білім мазмұнын жаңарту жағдайындағы мектеп кітапханасындағы инновациялық іс-тәжірибелер / И. М. Бадакова // Педагог. - 2017. - № 4. - 7-10 б.

Бимағамбетова М. Мектеп кітапханасы - оқырманға білім мен тәрбие беру орны / М. Бимағамбетова // Қазақстан мектебі. - 2019. - № 9. - 50-52 б.

Габдолова З. Кітап – ақылшы досың: [оқушылардың кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында өткізілетін тәрбие жұмысы] //Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2017. - № 4. – 33-34 б. б.

Грицинина И.В. Мектеп кітапханашыларының біліктілігін арттыру / И. В. Грицинина //Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы=Справочник руководителя образовательного учреждения. - 2014. - № 4. - 67-38 б.

Дусупова Н.Ж. Мектеп кітапханасына оқырмандар тарту - басты міндет / Н. Ж. Дусупова // Мектеп кітапханашысы. - 2016. - № 5-6. - 14-16 б.

Елеусізова Ә.М. Мектеп кітапханасы - маңызды әлеуметтік мәдени институт / Ә. М. Елеусізова // Мектептегі кітапханашы = Библиотекарь в школе. - 2018. - № 11-12. - 38-40 б.

Есенбаева А.Қ. Оқушыларға патриоттық тәрбие беруде кітапхананың атқаратын ролі / А. Қ. Есенбаева //Мектеп кітапханашысы. - 2016. - № 5-6. - 12-13 б.

Жамалханова Л. «Кітап қалай пайда болған?»: [кітаптың қалай дайындалатыны туралы, кітапқа деген қызығушылықты арттыру, кітапты күтіп ұстауға үйрету мақсатында мектеп кітапханасында өткізілетін тәрбие сағаты] /Л.Жамалханова //Тәрбие сағаты. – 2014. - № 2. – 62-63 б.

Зараухаева Р.М. Кітапхана - зияткерлердің шығармашылық орталығы: [мектеп кітапханасының жұмысының өзгерістері туралы] / Р. М. Зараухаева // Открытая школа. - 2016. - № 5. - 24-25 б.

Зосимова М.В. Кітапхана жұмысын ұйымдастыру: [мектеп кітапханасының мақсаты мен міндеттері] / М. В. Зосимова // Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы = Справочник руководителя образовательного учреждения. - 2019. - № 8. - 16-24 б.

Ибраева Б. Мектеп кітапханашысы - ақпараттық бапкер / Б. Ибраева // Мектептегі кітапхана=Школьная библиотека. - 2017. - № 3. - 4-6 б.

Идрескалиева У.Б. Кітапхана - асыл қазына:[мектеп кітапханасының жұмыстары жайлы] / У. Б. Идрескалиева //Оқыту-тәрбиелеу технологиясы. - 2016. - № 4. - 53-57 б.

Изтлеуова Г.С. Мектеп кітапханасы - мектептің жүрегі, ажырамас бөлігі / Г. С. Изтлеуова, Б. Н. Меделханова, Д. Т. Кайранова //Оқу - инновациялық технологиялар = Учебно-инновационные технологии. - 2020. - № 1. - 5-6 б.

Иманбекова К.Ж. Жастардың толеранттық көзқарасын қалыптастырудағы кітапхананың тәрбиелік жұмыстары //Кітап және кітапхана. – 2017. - № 2. – 38-41

Кабиrowa М. Кітап – сарқылмас қазына /М.Кабиrowa // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2020. - № 1. – 9-11 б.

Кебекбаева Б. Шығармашылық мүмкіндік және оны арттырудағы кітапхананың рөлі / Б. Кебекбаева //Қазақстан мектебі.- 2013. - № 6. - 43-45 б.

Муратова Г.К. Мектеп, отбасы, кітапхана. Баланы кітап оқуға баулудағы ынтымақтастық шекарасы / Г. К. Муратова //Мектеп – 45 минут. – 2016. - № 9. – 5-6 б.

Ниярова Ж.Ш. Мектеп кітапханасын автоматтандыру - кітапхана жұмысының тиімділігін арттыру / Ж. Ш. Ниярова //Мектеп кітапханашысы жұмыс әдістемелігі = Школьный библиотекарь: методика работы. - 2019. - № 5-6. - 8-9 б.; Мектептегі кітапхана = Библиотекарь в школе. - 2019. - № 5-6. - 9-11 б.

Нурғалиева З.К. Мектеп кітапханасы - сапалы білімнің сенімді кепілі / З. К. Нурғалиева // Мектеп кітапханашысы. - 2016. - № 5-6. - 9-12 б.

Рысмағамбетова Р.Ж. Назарбаев зияткерлік мектебінің заманауи әдіс-тәсілдері - кітап оқуға насихат жолы / Р. Ж. Рысмағамбетова //Мектеп кітапханашысы жұмыс әдістемелігі = Школьный библиотекарь: методика работы. - 2019. - № 5-6. - 12-13 б.; Мектептегі кітапхана = Библиотекарь в школе. - 2019. - № 5-6. - 13-14 б.

Тасмағамбетова А. Кітап адамзаттың асыл қазынасы (Кітапханалық сабақ) /А.Тасмағамбетова //Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2020. - № 1. – 7-8 б.

Шыңғысхан Ж. Мектеп кітапханашысының мәртебесі, кәсіптік-техникалық білім мәселесі, Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің әлеуметтік жағдайы... / Ж. Шыңғысхан // Қазақ. - 2020. - 25 ақпан. - 15 б.

Қараша Қазақ халқының аса көрнекті қоғам қайраткері, ғұлама
2 жұлдыз ағартушы, жаңашыл педагог, этнограф, публицист-жазушы **Ыбырай Алтынсариннің** туғанына **180 жыл** (2.11.1841-30.07.1889).

Алтынсарин Ыбырай 1841 жылы 2 қарашада Торғай даласында (қазіргі Қостанай облысы, Затобол ауданында) дүниеге келді.

Ы.Алтынсарин 1857 жылы Орынбордағы қазақ балалары үшін ашылған жеті жылдық орыс-қазақ мектебін бітіргеннен кейін алғашқыда туған ауылында писарь, ал одан кейін Орынбор облыстық басқармасында тілмаш, Торғай уезінде орыс-қазақ мектептерінде мұғалім болып істеді. 1879 жылдан өмірінің соңғы күніне дейін Торғай губерниясында мектеп инспекторы болды.

Ы.Алтынсарин өз заманының педагогикалық озық ой-пікірін қазақ даласында тұңғыш рет белсенді насихаттаушы. Қазақ жастарын көптеп оқыту арқылы қазақ қоғамына орыс халқының озық мәдениетінің келе бастауына негіз жасауды көздеді. Ол ашқан халықтық мектептер өз кезінің шын мәніндегі өнер-білім мәдениет орталығы қызметін атқарды.

Ы.Алтынсарин – алғаш қазақ тілінде кітап жазып, оны көзі тірісінде жарыққа шығарған бірінші қазақ азаматы. Оның 1879 жылы баспа көрген «Қазақ хрестоматиясы» - қазақ тіліндегі тұңғыш әліппе, тұңғыш оқулық. Алайда ол тек өз шеңберіндегі ғана оқулық емес, бүкіл халық қажетіне жараған оқулық болды. «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» оқулығын жазып шығарады. Оған оқушыларға орыс жазушыларының балаларға арналған шағын шығармаларымен қоса, өзі жазған қысқа дидактикалық өлең, әңгімелерін енгізеді. Онда балаларды адал, шыншыл, еңбек сүйгіш, өнегелі, өнерлі болуға шақырады, ұрлық-зорлық, жатып ішер жалқаулық сияқты жат мінездерден аулақ болуды уағыздайды.

Қазақ қыздарына білім беру ісін тұңғыш көтеруші де, оларға арнап мектеп-интернат ашқан да Ы.Алтынсарин болды. Оны халық «Ұстаздардың ұстазы» деп атайды.

Қазақстандағы бірқатар арнаулы орта оқу орындарына оның есімі берілді, Қазақ ССР Министрлер Советінің 1983 ж. қаулысы бойынша оқу-ағарту саласындағы ерекше еңбегі үшін Ы.Алтынсарин атындағы медаль белгіленген, Қазақтың Білім Академиясы Ы.Алтынсарин есімімен аталады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар /Ы.Алтынсарин. – Алматы: Ғылым, 1994. – 288 б.

Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық мұралары: (Қазақ КСР Халыққа білім беру министрлігі, Ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық ғылымдар ғылыми-зерттеу институты) /құраст. С.Қалиев т.б. – Алматы: Рауан, 1991. – 197 б.

Алтынсарин Ы. Бір уыс мақта: Әңгімелер мен мысалдар /Ы.Алтынсарин. – Алматы: Жалын, 1990. – 37 б.

Алтынсарин Ы. Мұсылманшылықтың тұтқасы. Шариат-улислам /дайынд.: А.Сейдімбеков. – Алматы: Қазақстан, ТПО Қаламгер, 1991. - 80 б.

Алтынсарин Ы. Өнер-білім бар жұрттар: Өлеңдер, әңгімелер, очерктер, хаттар мен естеліктер: [орта және жоғары класс оқушылары үшін] /Ы.Алтынсарин /құраст., алғы сөзін жазған С.Мақпыров. – Алматы: Жалын, 1991. – 238 б.

Алтынсарин Ы. Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш; Қанағат; Өке мен бала: әңгімелер /Ы.Алтынсарин // Ақ желкен. – 1993. – № 2. – 22 б.

Алтынсарин Ы. Таза бұлақ: Әңгіме, ертегі /Ы.Алтынсарин. – Алматы: Жалын, 1985. – 20 б.

Алтынсарин Ы. Таза бұлақ: Өлеңдер, әңгімелер, хаттар, очерктер /Ы.Алтынсарин. – Алматы: Жазушы, 1988. – 230 б.

Алтынсарин Ы. Сөз басы; Кел балалар оқылық; Өнер білім бар жұрттар; Жаз; Өзен: (Өлеңдер). Қыпшақ Сейітқұл; Бай баласы мен жарлы баласы: (Әңгімелер) /Ы.Алтынсарин // XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары. – Алматы, 1962. – 217-226 б.

Алтынсарин Ы. Иман турасында /Ы.Алтынсарин //Алдаспан.- 1998. - № 1. - 26-27 б.

*Алтынсарин Ы.*Қазақ қасіреті: [Ы.Алтынсариннің «Қазақ қасіреті» атты қолжазбасы] /Ы.Алтынсарин // Қазақ әдебиеті. – 1999. – 29 қазан.

Алтынсарин Ы. «Мал дәулеттің байлығы...» (Өлең) /Ы.Алтынсарин // Қаржы-қаражат. – 1995. – № 9. – 3 б.

Ол туралы:

«Ы.Алтынсариннің тәлім-тәрбиелік мұрасы және қазіргі мектеп мәселелері» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияның баяндамалары мен хабарламаларының тезистері (Ы.Алтынсариннің туғанына 150 жыл толуына) //Қазақ ССР Халыққа білім беру министрлігі. Қазақ ССР Халыққа білім беру және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағы Орталық Комитеті, Ы.Алтынсарин атындағы педагогика ғылымдарының ғылыми-зерттеу институты, Қазақ КСР педагогика қоғамының республикалық кеңесі, Қостанай обл., Халыққа білім беру басқармасы. – Алматы: Рауан, 1991. – 143 б.

Ыбырай Алтынсарин тағылымы: Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер / құраст.: М.Жармұхамедов. – Алматы: Жазушы, 1991.–384 б.

Дербісалин Ә. Ыбырай Алтынсарин /Ә.Дербісалин //Сөз зергерлері. – Алматы, 1966. – 234-349 б.

Дербісалин Ә. Ыбырай Алтынсарин: [өмірі мен қызметі туралы] /Ә.Дербісалин. – Алматы: Қазақстан, 1966. – 227 б.

Қалиев С. Ы.Алтынсариннің педагогикалық көзқарастары /С.Қалиев //Қазақ халқының тәлім-тәрбие тарихынан. – Алматы, 1992. – 161-174 б.

Ұлы ұстаздан ұлағат: ағартушы педагог Ы.Алтынсариннің туғанына 160 жыл толуына арналған Республикалық ғылыми-әдіснамалық семинар-кеңестің материалдары. 4 қазан 2001 ж. /құраст. С.Қалиев. – Алматы, 2001. – 57 б.

Ыбырай Алтынсариннің қазақтың ұлттық жазба әдеби тілінің дамуындағы орны мен ролі //Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XX-XIX ғасырлар). – Алматы, 1993. – 271-276 б.

Ыбырай Алтынсарин – жаңалық жаршысы //Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері (Ерте дәуірден XIX ғасырдың аяғына дейін). – Алматы, 1967. – 317-343 б.

* * *

Абдреймова К.А. Көне дәуір ғұламаларының еңбектеріндегі ізгілік идеясының көрінісі / К. А. Абдреймова // Білім=Образование. - 2011. - № 3. - 58-62 б.

Абетаева Н. Ы.Алтынсарин «Қыпшақ Сейтқұл» /Н. Абетаева // Мұғалім. - 2013. - № 3. - 21-23 б.

Абишева Н. Ыбырай Алтынсарин шығармалары /Н. Абишева // Сыныптағы тәрбие. - 2013. - № 2. - 9-б.

Атығайқызы Ш. Дала қоңырауы : Ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин салдырған мектептің тәлімі мен тағылымы туралы ой («Егемен Қазақстан» № 358-359,2011):[Ы.Алтынсарин - туғанына 170 жыл] / Ш. Атығайқызы //Таптым,таптым! -Эврика! - 2011. - № 9-10. - 3-6 б.

Ахметова Г.А. Ы.Алтынсарин. Қарабатыр: [ойната отырып оқыту] / Г. А. Ахметова //Әдебиет Қазақстан мектебінде=Литература в казахстанской школе. - 2013. - № 4. - 29-31 б.

Әбілқасымов Б. Абай мен Ыбырай арасындағы сабақтастық /Б.Әбілқасымов //Абай. – 1995. -№ 3. – 68–69 б.

Әбдірәсілова Б. Қазақтың тұңғыш ғартушысы:[қазақ педагогикасының негізін салушы Ыбырай Алтынсарин жайлы] / Б. Әбдірәсілова // Қазақстан мектебі. - 2014. - № 6. - 16-18 б.

Бәкір Ә. Ыбырай жолы. Алғашқы кәсіби ағартушы Ыбырай Алтынсарин туралы / Ә. Бәкір // Түркістан . - 2012. - №17. - 26 сәуір.

Бидашова Ш.О. Ыбырай Алтынсарин еңбектеріндегі ағарту және тәрбие мәселесі / Ш. О. Бидашова //Педагогика және өнер=Педагогика и искусство. - 2013. - № 1. - 31-36 б.

Ғалиева Б.Ж. Дарынды балаларға қазақ тілін сапалы оқытуда Ы. Алтынсариннің қазақ балаларына орыс тілін оқытуда пайдаланған оңтайлы әдістерін басшылыққа алу / Б. Ж. Ғалиева //12 жылдық білім беру = 12-летнее образование. - 2011. -№4. - 12-17 б.

Дәулетова Н. Алтынсариннің арманы еді (Ы.Алтынсариннің кітапхана құру туралы арманы) / Н.Дәулетова //Жұлдыз. – 1993. –№ 12.– 199– 201 б.

Жанжігітова С. Ыбырай Алтынсарин - ағартушы, педагог / С. Жанжігітова // Қазақ тарихы:ғылыми-әдістемелік журнал. - 2013.- № 3. - 41-б.

Жарықбаев Қ. Ы.Алтынсарин (1841-1889) психологиялық көзқарастары (туылғанына 170 жыл толуына орай) / Қ. Жарықбаев // Мектептегі психология=Психология в школе. - 2011. - №10. - 3-7 б.

Жұмақұлова Н. Білімдіге жол ашық:[Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ұйымдастыруымен еліміздің бес облысында республикалық «Ы.Алтынсарин 2014» пәндік олимпиадасы өткізілді] / Н. Жұмақұлова // Президент және халық. - 2014. - 7 наурыз.

Жұмалиев Қ. Ыбырай Алтынсарин - тұңғыш қазақ педагогы / Қ. Жұмалиев // Аңыз адам. - 2013. - № 17- қыркүйек.

Жұмашева М. Ыбырай Алтынсарин: [Ы.Алтынсарин - туғанына 170 жыл] / М. Жұмашева// Таптым,таптым! -Эврика!. - 2011. - № 9-10. - 6-8 б.

Жүсіпова Г. Ыбырай Алтынсарин әңгімелерінің тәрбиелік мәні / Г. Жүсіпова //Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде=Казахский язык и литература в русской школе. - 2011. - №6. - 46-53 б.

Игісінова А.Ш. Ы.Алтынсарин мен А.Байтұрсыновтың педагогикасы - инновациялық идеялардың негізі / А. Ш. Игісінова, Ы. С. Келінбердиева // Открытая школа. - 2019. - № 6. - 15-16 б.

Ижанов З. Алтынсарин - білікті заңгер /З.Ижанов //Ақиқат. - 1996. – № 12. – 8-91 б.

Кенжеғалиева С. Ы.Алтынсариннің таңдамалы мұраларын физика сабағында қолдану / С. Кенжеғалиева // Физика және астрономия. - 2013. - № 1-2. - 54-56 б.

Қаласова У.Ж. Даланың дара ұстазы: [Ыбырай Алтынсарин жайлы өткізген жарыс сабағы туралы] / У. Ж. Қаласова // Мұғалім. kz Қазақ тілі және әдебиет. - 2013. - № 2. - 16-18 б.

Қасиева А. Әдептілік - тәрбиенің бастауы (Ыбырай Алтынсариннің шығармалары негізінде өткізілген өнеге сағаты) 7 сынып / А. Қасиева // Әдіскер мұғалім=Учитель-методист. - 2011. - № 4. - 11-12 б.

Қосанов Б. Ыбырай әдістемелік - математикалық ғылым тарихында негізгі тұлғалардың бірі болды:[математиканың терминдері ең алғаш қазақ тіліне Ы.Алтынсариннің еңбектері арқылы енді] / Б. Қосанов //Аңыз адам. - 2013. - № 17- қыркүйек. -13-15 б.

Құрманова Ж.С. Ы.Алтынсариннің педагогикалық мұрасын ұлттық құндылықтар негізінде оқыту / Ж. С. Құрманова // Открытая школа. - 2018. - № 7. - 49-51 б.

Мұқатов Н. Дала қоңырауы. (Ұлы ұстаз мұражайы ұрпаққа ұлағат ұсынады) / Н. Мұқатов // Егемен Қазақстан. - 2013.- 21 ақпан.

Мұқатов Н. Ұлттың ұлы ұстазы: [ағартушы, педагог, ақын, жазушы Ы.Алтынсарин туралы] / Н. Мұқатов // Қазақ әдебиеті. - 2012. - №33. - 10-16 тамыз.

Муратова А.К. Ы.Алтынсариннің ағартушылық қызметі, шығармашылығы жайында / А. К. Муратова //Бастауыш мектеп. - 2019. - № 10-11. - 62-63 б.

Мырзахметова Н. Олимпиадаға қатысуға шақырамыз: [Ы.Алтынсариннің 170 жылдығына арналған «Ы.Алтынсарин-2012» пәндік олимпиадасы] / Н. Мырзахметова //Атамекен . - 2012. - №2. - 25 қаңтар.

Нуфтиева А. Ыбырай Алтынсарин - педагог, ағартушы, қоғам қайраткері (8-сынып) / А. Нуфтиева // Білім - жаңа бағдар. - 2017. - № 4. - 21-22 б.

Сабден Г.С. Ана тілі (3-сынып) / Г. С. Сабден // Бастауыш мектеп. - 2011. - № 9. - 25-б.

Сайпилова А. «Білім - байрағым мен ұраным»: [автор өзінің қазақ халқының ұлы ұстазы Ыбырай Алтынсариннің 171 жылдығына арнаған 5-8 сыныптарға арсында ойын, сайыс сабағын ұсынады] = РҒПК / А. Сайпилова // XXI ғасыр мектебі. - 2013. - № 2. - 6-8 б; // Мұғалім. - 2013. - № 4. - 6-7 б.

Сайпилова А. Ы.Алтынсариннің ағартушылық жолындағы әдістемелік көзқарасы / А. Сайпилова //Сынып жетекшісі=Классный руководитель. - 2013. - № 1. - 14-15 б.

Сәрсенова Ж. Қазақ ағартушылардың көзқарасы: [ағарту ісіне Шоқан, Ыбырай, Абай көзқарасы] /Ж.Сәрсенова //Ұлағат. – 1999. - № 3. – 3–7 б.

Сержанова Г. Ыбырай Алтынсарин - ағартушы, педагог / Г. Сержанова // Қазақ тарихы. - 2013. № 2. - 51 б.

Смағұлова Ж.А. Ы.Алтынсариннің «Дүние қалай етсең табылады?» әңгімесі (5-сынып) / Ж. А. Смағұлова // Қазақ тілі мен әдебиеті қазақ, орыс сыныптарында. - 2013. - № 2. - 43-44 б.

Сұлтанова Н.К. Алғашқы ұстаз, алғашқы дана бабам: [алғашқы ұстаз, ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсаринге арналған сценарий] / Н. К. Сұлтанова // Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. - 2013. - № 10. - 5-7 б.

Сүйінкина П. Ыбырай – білім саласының саңлағы: [Ыбырай Алтынсариннің туғанына 160 жыл] /П.Сүйінкина //Қазақстан мектебі.– 2001.- № 7.- 65 -б.

Сүйінкина П. Алтынсаринді асқақтату - алты алашқа аманат / П. Сүйінкина// Қазақстан мектебі. - 2012. - №2. - 48-52 б.

Сүйінкина П. Ы.Алтынсарин хаттары - баға жетпес қазына / П. Сүйінкина // Қазақстан мектебі. - 2013. - № 3. - 13-15 б.

Сыдықов Ә. Алтынсарин - бастауыш класс мұғалімі: [Ы.Алтынсариннің ұстаздық және ағартушы ғұламалығы жайында] / Ә.Сыдықов //Білім. – 2000. - № 1. – 57-б.

Табылды Ә. Қазақ халқының ұлы педагогі Алтынсариннің ұлттық педагогикалық еңбектері / Ә. Табылды //Ұлттық тәрбие. - 2014. - №3.- 23-25 б.

Тауықбаева Б. Білім беруді ізгілендіруде Ыбырай мұрасының маңызы /Б.Тауықбаева //Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2002. - № 4.- 8-11 б.

Төлегенова Р. Қазақ ойшылдары мен ағартушылардың философиялық-педагогикалық мұраларының тәрбиелік маңызы /Р. Төлегенова // Тәрбие құралы. - 2012. - № 6. - С.3-5.

Тұрғынбаева Б. Ыбырай қазақ балаларына арнап қазақ тіліндегі тұңғыш оқу құралы – «Қазақ хрестоматиясын» жазды / Б. Тұрғынбаева // Аңыз адам. - 2013. - № 17- қыркүйек.- 10-12 б.

Ұғыбаева Г.Ә. Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық қызметі / Г. Ә. Ұғыбаева //Мектеп директорының орынбасары.- 2013.-№ 2.- 14-15 б.

Хасенова С. Кітаби тіл үлгілерінің Ы.Алтынсариннен кейінгі кездегі көрінісі /С.Хасенова //Қазақ тілі мен әдебиеті. - 1997. - № 9-10. - 50-65 б.

Шағырбаева М.Д. Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұралары / М. Д. Шағырбаева // Открытая школа. - 2014. - № 4. - 15-21 б.

Шәмшатұлы И. XIX ғасырдағы қазақ даласының қоңырауы: [Ыбырай Алтынсарин жайлы] /И.Шәмшатұлы //Алматы ақшамы. – 2001.– 10 қараша.

Шугурова К. Ы.Алтынсарин - балалар әдебиетінің атасы, педагог әрі қоғам қайраткері / К. Шугурова, К. Смадияр //Қазақстан мектебі. - 2014. - № 3. - 12-13 б.

Ы.Алтынсариннің педагогикалық қызметі
// Дарын. - 2013. - № 1. - 3-5 б.

Ыбырай Алтынсарин (1841-1889): [бұл басылым түгелімен Ы.Алтынсаринге арналған] // Аңыз адам. Жұлдыздар отбасы. - 2013. - №17.

Іргебаева Н. Ыбырайдың ұрпақтары байдың тұқымы ретінде қудаланған / Н. Іргебаева // Аңыз адам. - 2013. - № 17- қыркүйек. -7-9 б.

Қараша 7 жұлдыз Химия ғылымдарының докторы, профессор Қазақстан Ғылым академиясының академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылыми қайраткері, әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің ректоры (1986-1988), **Еділ Ерғожиннің туғанына 80 жыл** (7.11.1941-9.07.2020)

Ерғожин Еділ 1941 жылы 7 қарашада Талдықорған облысы (қазіргі Алматы облысы), Ескелді ауданы, Екпінді ауылында дүниеге келген. 1963 жылы Қазақтың мемлекеттік университетін (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақтың Ұлттық университеті) бітірген.

1962-1980 жылдары Қазақстан Ғылым академиясының Химия ғылымдары институтында аға лаборант, аспирант, кіші, аға ғылыми қызметкер, лаборатория меңгерушісі болды.

1980-1983 жж. Қазақтың мемлекеттік университетінің жоғары молекулалық қосылыстар химиясы кафедрасының меңгерушісі, химия факультетінің деканы, 1983-1986 жылдары ҚазМУ-дің бірінші проректоры, 1986-1988 жж. ректоры болды.

Е.Ерғожин 1988-1994 жж. Химия ғылымдары институтының директоры, сонымен қоса 1994-1995 жж. Қазақстан Ғылым академиясының вице-президенті қызметтерін атқарған.

1999 ж. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім (қазіргі білім және ғылым) вице-министрі болып қызмет ете жүріп, 2007 жылға дейін Ә.Бектұров атындағы Химия ғылымдары институтының директоры болды. Қазіргі уақытта «Ә.Бектұров атындағы химия ғылымдары институты» АҚ президенті.

Е.Ерғожин жоғары молекулалық қосылыстар химиясы саласындағы ғалым, осы салада жаңа теориялық және тәжірибелік маңызы зор жаңалықтар ашты. Қазақстандағы ион алмасу химиясы мен мембраналық технология,

тотығып-тотықсызданғыш және краун қосылыстардың негізінде полимерлер алу және зерттеу саласындағы ғылыми мектептің негізін қалаушы.

Е.Ерғожин көптеген Халықаралық симпозиумдар мен конференциялардың төрағасы және мүшесі болып, баяндамалар жасады. Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» заңының, «Ғылым» мемлекеттік бағдарламасының жобасын жасау тобының жетекшісі болды.

Е.Ерғожиннің есімі Қазақстанның Алтын Құрмет кітабына жазылып, 1991 жылы КСРО Ғылым академиясының С.И.Вавилов атындағы медалімен, 1995 жылы Халықаралық әл-Хорезми атындағы ғылыми фестивальдің Алтын медалімен, 2001 жылы «Барыс» алтын омырау белгісімен, 2002 жылы Ресей мен Францияның ғылым саласындағы Алтын медальдарымен, «Наполеон» Алтын медалімен, 2003 жылы «Парасат» орденімен марапатталып, 2000 ж. «Алтын адам – Жыл Адамы» және меценаттар клубының платиналы «Тарлан» сыйлықтарын алды. 2003 жылы Символикалық «Ғылым маршалы» атағы берілді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Ерғожин Е. Тау тұлғалы қайраткер: [Елбасы Н.Назарбаев туралы] /Е. Ерғожин //Егемен Қазақстан. 2010. – 18 маусым.

Ерғожин Е. Академик Еділ Ерғожин: «Ғылымы дамымаған ел толыққанды мемлекет болып қалыптаса алмайды» /Е.Ерғожин //Жас Алаш. – 2005. – 15 қараша.

Ерғожин Е. Еділ Ерғожин: Елбасының Нұсқауын дұрыс орындасақ, Қазақстан ғылымы ұтатын болады: [химия ғылымдарының докторы, ҰҒА академигі Е.Ерғожинмен сұхбат] /әңгімелескен Ж.Жанділдина //Айқын. – 2010. – 3 ақпан.

Ерғожа Е. Білім беру саласындағы реформалар /Е.Ерғожа // Алтын ғасыр. – 2003. – 18 шілде.

Ерғожин Е. Елбасымыз инновациялық бағдарламаны жаңа сапалық деңгейге көтерді: [химия ғылымдарының докторы, профессор ҰҒА академигі, Ә.Бектұров атындағы «Химия ғылымдары институты» АҚ президенті Еділ Ерғожинмен сұхбат] /әңгімелескен Таңшолпан Бекболат / Е. Ерғожин //Айқын. - 2010. - 9 қараша.

Ерғожин Е. Елбасы «Ақылды экономика» құру ісін жалғастырады: [қазіргі экономикалық жағдайлар туралы] / Е. Ерғожин //Айқын. - 2012. - 31 наурыз.

Ерғожин Е. Тәуелсіздік және отандық ғылым / Е. Ерғожин //Мәдени мұра=Культурное наследие. - 2012. - № 2. - 11-14 б.

Ол туралы:

Еділ Ерғожаұлы Ерғожин =Едил Ерғожаевич Ерғожин: материалы к библиографии ученых Казахстана /бас. ред. Б.А.Жубанов. – Алматы, 2007. – 280 б.: сур.

Ерғожин Еділ //Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. Т.3. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2001. – 389-390 б.

Ерғожин Еділ //Жетісу: Энциклопедия. – Алматы: Арыс, 2004. – 262 б.

Ерғожин Еділ //Қазақстан ғылымы: Энциклопедия. Т.1. – Алматы, 2009. – 387 б.

Баяндин Қ. Ғылым тарланы. Ғұмырнамалық хикаят. – Алматы: Білім, 2001. – 316 б. Химия ғылымдарының докторы, профессор, академик Еділ Ерғожаұлы Ерғожин туралы.

Күзгі демалыс **5 қараша – 13 қараша**

15 қазан мен 4 қараша аралығында дайындық жұмыстарын жүргізу: күзгі демалыс күндеріндегі жалпымектептік іс-шаралар жоспарын, спорт залы мен компьютер сыныбының жұмыс кестесін, үйірмелер мен секциялардың сабақ кестелерін әзірлеу, оқушылар мен ата-аналарға арналған қабырға стендін рәсімдеу. Ата-аналарды ата-аналар жиналыстарында, оқушыларды мектеп жиналыстарында күзгі демалыс күндеріндегі жұмыспен қамтылу нысанымен таныстыру. Құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу жөніндегі профилактикалық іс-шаралар жүргізу: ықшамаудан бойынша рейдтерге шығу, пәтерлерге бару, мінез-құлқы девиантты оқушылармен әңгімелер өткізу.

Құқық қорғау, жол полициясы, денсаулық сақтау органдарының, төтенше жағдайлар қызметінің өкілдерімен кездесулер.

5 қараша – **Қазақстан күні**. Бастауыш және орта сатылы оқушылар үшін Мемлекеттік рәміздерге, Қазақстан тарихына арналған «Тәуелсіздік тірегім», «Мемлекеттік рәміздер – ұлттық мақтаныш», «Ата заңым - ардағым», «Мемлекеттік рәміздер тарихы», «Қазақстан теңгесі» тақырыбында іс-шаралар циклын (танымдық және тақырыптық конкурстар, викториналар мен әңгімелер) өткізу.

6 қараша – **Жас ұлан күні**. «Мен – Қазақстан Республикасының азаматымын және қорғаушысымын» тақырыбындағы оқушылардың үкіметтік емес ұйымдар, жастар бірлестіктері өкілдерімен «Жас Ұлан» республикалық қозғалысының көшбасшыларымен «Жас Ұлан» - Қазақстанның келешегінен үміт және үлес», интернационалист жауынгерлермен кездесулерін, тұрғылықты жері бойынша волонтерлық командаларын ұйымдастыру. Осы тақырыпта суреттер, плакаттар конкурстарын, ғылыми жобаларды, әскери-патриоттық эстафеталар, сап және ән байқауларын, «Туға қарай түзел!» ту топтарының конкурстарын өткізу. «Сынып/мектеп әнұраны», «Сынып/мектеп жәдігері», «Сынып/мектеп досы», «Біздің ардагерлер» фестивальдерін, мектеп әнұранының үздік мәтіні мен әуеніне шығармашылық конкурстар өткізу.

7 қараша – **Спорт күні**. Көпшілік спорт шараларын (жарыстарды, чемпионаттарды, денсаулық фестивальдерін, спартакиадалар), таза ауадағы қозғалысты ойындар мен серуендер) ұйымдастыру. Балаларға арналған шебер-сыныптар ұйымдастыра отырып, өңірдің табысты және танымал спортшыларымен кездесулер өткізу. «Спорт және біз», «Денің сау болсын десен», «Біздің чемпиондар», «Азиада жеңімпаздары» зияткерлік викториналарын өткізу.

8 қараша – **Менің қалам / менің ауылым күні**. Мектеп мұражайларындағы экспозицияларды жаңарту. Тарихи-өлкетану, көркемсурет мұражайларына, әдебиет және өнер мұражайларына, қала бойынша саяхатқа ұжыммен шығуды ұйымдастыру. «Біздің қаланың көшелері», «Қаламыздың (ауылымыздың) танымал адамдары», «Өлкеміздің тамаша адамдарының өмірі» және т.б. шығармалар мен эсселер конкурсы.

«Сүйкімді орындар», «Біздің көршілер», «Менің қалам», «Менің ауылым» тақырыбындағы суреттер, плакаттар мен газеттер конкурсы.

9 қараша – **Жастар күні**. Халықаралық жастар демократиялық қозғалысының көшбасшыларымен кездесулер ұйымдастыру, «Жастар салауатты өмір салты үшін!», «Жастар нашақорлыққа қарсы!», «Бірлігіміз жарасқан», «Бейбітшілік пен достық үшін!» акцияларын өткізу.

10 қараша – **Ашық есік күні - Түлектер күні**. Түлектер кеші. Түлектермен кездесу кештерін, педагогикалық еңбек ардагерлерімен, мектеп достарымен, шефтерімен, ата-аналарымен «Шын жүректен» атты кездесулер өткізу.

11 қараша- **Көркемөнер күні**. Көркемөнер циклын: концерттер, гала-концерттер, қызықты адамдармен шығармашылық кештерін, орамдарды, КТК-ларды, «Таланттар парады», «Сәттілік сәті», «Алтын күз», «Күзгі бал», «Күз аруы» конкурстарын, «Біздің кішкентай әртістер», «Біз өнерпаз жастармыз» концерттік бағдарламасын өткізу.

12 қараша – **Мәдениет күні**. Кино, театр және кітапханаларға бару. Қалалық, облыстық театрлардың тұсаукесерлері мен спектакльдеріне бару. Мектеп пен сынып өмірі туралы өзіндік бейнефильмдер жасау конкурсы. Мектеп, қалалық және ауылдық кітапханалардағы кітап көрмелері шолуы, облыстың ақын-жазушыларымен әдеби кештер мен кездесулер өткізу.

13 қараша - **Күзгі демалыс кезеңінде мектептен тыс жұмыспен қамтылуды ұйымдастыру жұмысының қорытындыларын шығару** (қатысу рейтингі, үйірмелер және т.т. жұмысының рейтингі). Қанаттас сыныптар бойынша сынып сағаттарын, жиналыстар, күзгі демалыс кезеңіндегі іс-шараларға белсене қатысқаны үшін марапаттар тапсыра отырып, жалпымектептік оқушылар жиындарын өткізу.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Абитжанова Л.А. «Спорт – біздің досымыз»: [эстафеталық жарыс] / Л.А.Абитжанова //Тәрбие сағаты. – 2014. - № 2. – 49 б.

Әбілқайырова Н. Ынтымағы жарасқан Қазақстан: [тәрбие сағаты] /Н.Әбілқайырова, С. Түсіпқалиева //Мектептегі мерекелер. – 2017. - № 7. – 10-11 б.

Бақтиярұлы М. Отанымыздың жүрегі: [Ел ордасы Астана күні туралы] / М. Бақтиярұлы // Егемен Қазақстан. - 2016. - 6 шілде.

Бектемирова Г.Ж. Салауатты өмір салты деген не? / Г. Ж. Бектемирова // Валеология. Салауатты өмір салты = Валеология. Здоровый образ жизни . - 2019. - № 4. - 16-17 б.

Бидайшиева Б.Б. Өзінді өзің қорға! «Немесе СЕН, ол және ЕСІРТКІ мен СПИД»:[тәрбие сағаты] / Б. Б. Бидайшиева //Валеология. Салауатты өмір салты=Здоровый образ жизни. - 2015. - № 1. - 23-24 б.

Дені саудың - жаны сау: [жас ұрпаққа денсаулықтың негізі қимыл, спорт, дұрыс тамақтану, таза ауада демалу екендігін тәрбие сағатында ұғындыру] //Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. - 2019. - № 3. - 30-32 б.

Нүкиева Б. «Тәуелсіз Қазақстан - Мәңгілік ел»: [тәуелсіздік күніне арналған кеш] / Б. Нүкиева, Г.Нұрғалиева және т.б. // Сыныптағы тәрбие. - 2017. - № 1. - 22-24 б.

Нүсіпұлы Е. Тәуелсіздік тағылымы: [Тәуелсіздіктің маңызы неде? деген сауалнамаға жауап] / Е. Нүсіпұлы // Түркістан. - 2019. - 12 желтоқсан. - 1-2 б.

Нысанбаев Ә. Тәуелсіздік алғанда ел ерекше сезімде жүрді: [16 желтоқсан - тәуелсіздік күні] / Ә. Нысанбаев // Айқын. - 2017. - 16 желтоқсан.

Оспанбетова Б.А. «Желтоқсан - тәуелсіздігіміздің бастауы»: [Желтоқсан көтерілісіне арналған тәрбие сағаты] / Б. А. Оспанбетова // Бастауыш мектеп. - 2016. - № 11-12. - 74-75 б.

Өндірбай Н.М. Қуатты Қазақстан - қуатты аймақ:[тәуелсіздік күніне арналған тәрбие сағаты] / Н. М. Өндірбай // Тарих Қазақстан мектебінде=История в казахстанской школе. - 2017. - № 1. - 37-44 б.

Сәденова А. Намыс найзағайы: [Желтоқсан оқиғасының 30 жылдығына, Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына арналған «Намыс найзағайы» атты кештің сценарийі] / А. Сәденова //Бала тәрбиесі. - 2016. - № 12. - 15-17 б.

Сенкибаева Р. Тәуелсіз елдің балаларымыз:[Тәуелсіздік күніне арналған ертеңгілік] / Р. Сенкибаева //Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. - 2016. - № 1. - 9-10 б.

Талдыбай Т.Е. Тәуелсіз ел Ұланы: [Қазақстанның тәуелсіздік күніне арналған «Тәуелсіз ел Ұланы» атты кештің сценарийі] / Т. Е. Талдыбай // Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. - 2016. - № 11. - 18-20 б.

Үлбекова А. «Тәуелсіздік тарихы - ел тарихы»: [тәуелсіздік күніне арналған тәрбие сағаты] / А. Үлбекова //Тәрбие құралы. – 2017. - № 3. - 20-22 б.

Шашаев Ә. Тәуелсіздіктің тарихи шежіресі / Ә. Шашаев // Алматы ақшамы. - 2019. - 14 желтоқсан. - 6-7 б.

Желтоқсан 17 жұлдыз Әдебиет зерттеуші, педагог, филология ғылымдарының докторы, профессор **Темірбек Қожакеевтің** туғанына **95 жыл** (17.12.1926-29.12.2003)

Қожакеев Темірбек 1926 жылы 17 желтоқсанда Жамбыл облысы, Мерке ауданындағы Ойтал селосында дүниеге келген.

1953 жылы Қазақтың Мемлекеттік университетін бітірді. 1953 жылдан өмірінің соңына дейін осы университетте оқытушы, доцент, профессор, журналистика факультеті мерзімді баспасөз кафедрасының меңгерушісі, факультет деканы қызметтерін атқарды.

Т.Қожакеев «Қазақ сатирасы» тақырыбында докторлық диссертация қорғады. Қазақ сатирасының тарихы мен оның жанрлық-көркемдік ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан зерттеді.

Темірбек Қожакеев Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері. Қазақстан жоғары мектебі ғылым академиясының құрметті академигі.

Темірбек Қожакеев педагогика саласында ғана емес, ғылыми-зерттеу саласында да еңбек етті. Қазақ сатирасының тарихы, қазақ әдебиеті мен баспасөзінің тарихы, теориясы жөнінде мыңға тарта мақала мен көркем-публицистикалық очерк, фельетондардың, отызға жуық монографиялар мен оқулық кітаптардың авторы. Еңбегі жоғары бағаланып, «Құрмет Белгісі» орденімен және медальдармен марапатталған, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының иегері.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Қожакеев Т. Көк сеңгірлер: [1937-1938, 1950 жж. қуғын-сүргінге ұшыраған, Ұлы Отан соғыс жылдарында ерлікпен қаза тапқандар жайында] / Т.Қожакеев. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 271 б.

Кенжебаев Б., Қожакеев Т. Қазақ совет баспасөзі тарихынан: (Сырттан оқитын студенттерге көмекші құрал) / Б.Кенжебаев, Т.Қожакеев. – Алматы, 1962. – 62 б.

Қожакеев Т. Сара сөздің сардарлары: [1920-1930 жж. жазықсыз жазаға тартылып, жапа шеккен көрнекті қазақ журналистерінің өмір жолы жайында] / Т.Қожакеев. – Алматы: Санат, 1995. – 167 б.

Қожакеев Т. Сатира негіздері: жоғары оқу орындарына арналған оқулық / Т.Қожакеев. – Алматы: Санат, 1996. – 464 б.

Қожакеев Т. Үркіншілік: [повесть пен деректі әңгімелер] / Т.Қожакеев. – Алматы: Мерей, 1996. – 158 б.

Қожакеев Т. Фельетон мәселелері (сырттан оқитын студенттер үшін көмекші құрал) / Т.Қожакеев. – Алматы, 1962. – 52 б. (Қазақтың С.М.Киров атындағы мемлекеттік университеті журналистика кафедрасы).

Қожакеев Т. Ағартушы қайраткер / Т.Қожакеев // Қазақстан мұғалімі. – 1996. – 27 сәуір.

Қожакеев Т. Асылқожа Құрманбайұлы кім? /Т.Қожакеев //Сұхбат. – 1996. – 9-10 мамыр (Ағартушы А.Құрманбайұлы туралы).

Қожакеев Т. Жамбыл – сатирик /Т.Қожакеев //Егемен Қазақстан. – 1996. – 5 маусым.

Қожакеев Т. Жамбыл – сатирик /Т.Қожакеев //ҚазМУ хабаршысы. Филология сер. – 1996. – № 5. – 28-36 б.

Қожакеев Т. Журналистер одағының орнығуы / Т.Қожакеев // Егемен Қазақстан. – 1996. – 19 наурыз.

Қожакеев Т. Қайсар қаламгер: «Ақиқаттың» алғашқы редакторы А.Асылбеков туралы бір үзік сыр / Т.Қожакеев //Ақиқат. – 1996. – № 2. – 72-76 б.

Қожакеев Т. «Қызыл Қазақстан» 1920 жылдарда / Т.Қожакеев //Ақиқат. – 1996. – № 7. – 76-78 б.

Қожакеев Т. Мұхтар Әуезов сатира саласында/ Т.Қожакеев //Жұлдыз. – 1997. – № 9. – 23-31 б.

Қожакеев Т. Соғыс құрбаны сөйлейді / Т.Қожакеев //Қазақ батырлары. – 2000. – ғ 3. – 7 б.

Қожакеев Т. Улы сия, ащы тіл: [М.Әуезов Абай сатирасы туралы] / Т.Қожакеев //Абай. – 1997. – № 2-3. – 69-74 б.

Ол туралы:

Қожакеев Темірбек //Қазақстан жазушылары: XX ғасыр. Анықтамалық. - Алматы: Ана тілі, 2004. – 185-186 б.

Қожакеев Темірбек //Қазақ әдебиеті: Энциклопедия. – Алматы, 1999. – 417 б.

Қожакеев Темірбек // Қазақстан ғылымы: Энциклопедия. Т.2. – Алматы, 2010. – 89 б.

Тұғырлы тұлға: [Қазақтың мемлекеттік университетінің деканы, журналист, әдебиетші, сыншы, ғалым-ұстаз Т.Қожакеев туралы] /құраст. Қ.Олжай. – Алматы: Атамұра, 1996. – 192 б.

Қазақстан Республикасы. Үкімет. Қаулы.

Жамбыл облысы «Меркі ауданы әкімдігінің білім бөлімінің № 39 орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Темірбек Қожакеевтің есімін беру туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 11 ақпандағы № 56 Қаулысы / Қазақстан Республикасы. Үкімет. Қаулы. //Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағы=Собрание актов Президента Республики Казахстан и Правительства Республики Казахстан. - 2015. - № 7 - 30-қ.

Қожакеев Темірбек: [некролог] //Егемен Қазақстан. – 2003. – 30 желтоқсан; //Қазақ әдебиеті. – 2004. – 9 қаңтар.

Адырбекұлы К. «Казахское дело»: Профессор Темірбек Қожакеев / К.Адырбекұлы //Түркістан. – 2004. – 23 қыркүйек.

Айтбайұлы Т. Теперіш: [журналист-жазушы Т.Қожакеев жайында] /Т.Айтбайұлы //Арай. – 1996. – № 4-5. – 28-29 б.

Баялиева Д. Әдіскер әлемінің әйдігі: [әл-Фараби атындағы Қазақтың мемлекеттік ұлттық университетінің профессоры, ұстаз-ғалым Темірбек Қожакеев туралы] /Д.Баялиева // Қазақстан мұғалімі. - 1996. – 5 маусым.

Бейісқұлов Т. Қайсар да арлы азамат: [ұлағатты ұстаз, ғылым докторы Темірбек Қожакеев туралы] / Т.Бейісқұлов //Ақиқат. - 1996. - № 6. – 50-54 б.

Әбдиманұлы Ө. Тәлімі терең текті тұлға:[Темірбек Қожакеев жайлы] /Ө.Әбдиманұлы //Алматы ақшамы. – 2004. – 18 қараша.

Жақып Б. Қайталанбас нар тұлға: [журналист, ұстаз Темірбек Қожакеев туралы] / Б. Жақып //Айқын. - 2015. - 27 мамыр.

Жақыпов Б. Сан шәкіртін тамсандырған Темекен... [өлең. Профессор Темірбек Қожакеевке] /Б.Жақыпов //Қазақстан мұғалімі. – 1996. – 5 маусым.

Қалқа Н. Ұлағатты ұстаз, күрескер тұлға:[ұлағатты ұстаз, филология ғылымдарының докторы Темірбек Қожакеев туралы] / Н. Қалқа // Егемен Қазақстан. - 2015. - 13 қаңтар.

Құл-Мұхаммед М. Ұстаз: [ұстаз, ғалым Темірбек Қожакеев туралы] /М.Құл-Мұхаммед //Қазақ әдебиеті. – 2004. – 19 қараша.

Нәрібаев К. Темірбек тағдыры: [Қазақ мемлекеттік университетінде ұзақ жылдар қызмет еткен, профессор Темірбек Қожакеев туралы] / К. Нәрібаев // Қазақ әдебиеті. - 2014. - 30 мамыр.

Омарұлы Б. Қожакеев құбылысы. Талайға таныс тұлға қазаққа несімен қымбат?: [жазушы, журналист Темірбек Қожакеев туралы] /Б.Омарұлы //Ана тілі. – 2008. – 25 желтоқсан-7 қаңтар

Рәш М. Тау тұлғалы Темірбек (ұлағатты ұстаз, ғұлама ғалым, көрнекті сатирик Темірбек Қожакеев туралы) /М. Рәш //Ақиқат. - 2011.- № 12.-59-62 б.

Сабыржанұлы Ж. Біз білетін Темекен: [Т.Қожакеев туралы] /Ж.Сабыржанұлы //Егемен Қазақстан. – 2004. – 4 ақпан.

Тәшімбай Ғ. Темірдей тәртіп орнатқан Темірбек: [ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Темірбек Қожакеев туралы] / Ғ. Тәшімбай //Алматы ақшамы. - 2015. - 17 қаңтар.

Желтоқсан 25 жұлдыз Тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның халыққа білім беру ісіне еңбек сіңірген қайраткер **Жанұзақ Қасымбайұлы Қасымбаевтың** туғанына **80 жыл** (25.12.1941-26.02.2004)

Қасымбаев Жанұзақ Қасымбайұлы 1941 жылы 25 желтоқсанда Шығыс Қазақстан (бұрынғы Семей) облысы Аягөз ауданы Баршатас ауылында туған.

1965 ж. Қазақ Мемлекеттік университетін (қазіргі эль-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті) бітірген. 1965-1967 жж. Талғар қаласындағы А.С.Пушкин атындағы орта мектепте мұғалім, 1967 жылдан Қазақтың педагогикалық институтында (қазіргі Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университет) тарих кафедрасында ассистент, аға оқытушы, доцент болды, 1982 ж. бастап Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі болды, өмірінің соңына дейін осы университетте қызмет етті. 1991 жылдан осы университетте Отан тарихынан ғылым кандидаттарын даярлайтын арнайы кеңестің төрағасы болды.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарының басты бағыттары: ХҮІІІ-ХХ ғасырдың бас кезіндегі Қазақстан қалаларының қазақ ауылдарымен және іргелес елдермен қарым-қатынастары, Орта Азия елдеріндегі саяси және сауда байланыстары, қазақ жерін Ресей империясының отарлауы, ХҮІІІ-ХІХ ғасырларда қазақтан шыққан саяси және әскери қайраткерлер, т.б. Осы салада көптеген ғылыми монографиялары жарық көрді.

1970 жылы «Семей қаласының тарихы (1718-1917жж.)» тақырыбына кандидаттық диссертация, 1983 жылы «Шығыс Қазақстан қалаларының қазақ ауылымен, орыс шаруа мекендерімен және іргелес мемлекеттермен қарым-қатынастардың орталықтары ретінде дамуы (ХҮІІІ ғ. 20 жылдары – 1917 ж.)» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады.

Ол еліміз тәуелсіздік алған соң төл тарихымыздың ақтандақ тұстарындағы күрделі тақырыптарға батыл барып, айтулы хандар мен сұлтандардың, әйгілі батырлар мен билердің өмірін заман талабына сай жаңаша жазды.

1993 жылдан бастап «Қазақ тарихы» журналының белсенді авторы болып, қазақ мемлекетінің қалыптасу тарихына, жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихын оқытуға арналған мақалалар жазды.

Ж.Қасымбаев «Парасат» орденімен, «Халық ағарту ісінің үздігі» белгісімен, марапатталған. Алматы мемлекеттік университетінің (қазіргі Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университет) 70 жылдығына арналған конкурстың жеңімпазы болып, бірінші ақшалай сыйлықтың иегері болған. Қазақстанның халық ағарту ісіне еңбек сіңірген қайраткер.

Ж.Қасымбаевтың еңбектері орыс тілінде жазылған, олармен 2021 жылға арналған орыс тіліндегі күнтізбектен таныса аласыздар.

Ол туралы:

Қасымбаев Жанұзақ Қасымбайұлы //Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. - Т.5. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы. – 664 б.

Қасымбаев Жанұзақ // Қазақстан ғылымы: Энциклопедия. Т.2. – Алматы, 2010. – 85 б.

Қасымбаев Жанұзақ: [некролог] //Қазақ тарихы. – 2004. - № 2.-158 б.

Мамырайымов С. Жасампаз ғалым (Ж.Қасымбаевтың ғылыми-ұйымдастырушылық және қоғамдық жұмыстары туралы) /С.Мамырайымов //Қазақ тарихы. – 2006. - № 5. – 68-73 б.

Мамырайымов С. Жанұзақ Қасымбаев: [тарихшы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Жанұзақ Қасымбайұлы Қасымбаев туралы] / С.Мамырайымов // Қазақ тарихы. – 2009. - № 2. – 23-26 б.

Нүрпейіс Т. Тарлан тарихшы: [көрнекті ғалым, ұлағатты ұстаз Жанұзақ Қасымбайұлы жайлы] / Т. Нүрпейіс // Айқын. - 2014. - 21 қаңтар.

Қысқы демалыс

28 желтоқсан – 11 қаңтар

2 қарашадан 28 желтоқсанға дейін жаңа жылды қарсы алуға дайындық: мектеп құжаттамаларын әзірлеу (бұйрықтар, нұсқаулар журналы, хаттамалар, педагогикалық кеңес, әкімшілік кеңестер материалдары), жаңажылдық таңертеңгіліктер мен кештер кестелерін әзірлеу, мұғалімдерден, ата-аналар мен оқушылардан құрылған шығармашылық топтың сценарийді әзірлеу жұмысы, репетициялар өткізу, шырша орнату, шыршаға ілінетін әшекейлер мен ойыншықтарды дайындау, ішкі бөлмелерді, ғимараттың қасбетін (фасадын) безендіру.

Қысқы демалыс кезеңінде жұмыспен қамтуды ұйымдастыру жөніндегі дайындық жұмыстарын жүргізу: қысқы демалыс күндеріндегі жалпымектептік іс-шаралар жоспарын, спорт залы мен компьютер сыныбының жұмыс кестесін, үйірмелер мен секциялардың сабақ кестелерін әзірлеу, оқушылар мен ата-аналарға арналған қабырғалықты рәсімдеу. Ата-аналарды ата-аналар жиналыстарында, оқушыларды мектеп жиналыстарында қысқы демалыс күндеріндегі жұмыспен қамтылу нысанымен таныстыру. Құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын алу жөніндегі профилактикалық іс-шаралар жүргізу: ықшамаудан бойынша рейдтерге шығу, пәтерлерге бару, мінез-құлқы девиантты оқушылармен әңгімелер өткізу. Құтқару қызметтерінің, құқық қорғау, жол полициясы, денсаулық сақтау органдарының, төтенше жағдайлар қызметінің өкілдерімен кездесулер.

28, 29, 30 желтоқсан – **Жаңа жылдық таңертеңгіліктер мен кештер.** Жаңажылдық шырша жанындағы «Аяз атада қонақта», «Жаңажылдық ертегі», «Сиқырлы орманда» мерекелік-көңіл көтеру шаралары. Мерекелік концерттер, дискотека кештері немесе жаңажылдық киімдер таныстырылатын бал маскарадтар.

31 желтоқсан – **Спорттық ойындар күні.** Қысқы мектеп олимпиадалық ойындары. Спорттық ойындар, таза ауадағы «Көңілді», «Аязды», «Қарлы» старттар, қозғалысты ойындар, шаңғылармен, конькилермен жарыстар, «Жас мәнерлеп сырғанаушы» конкурстарын өткізу.

Аяз аталар парадтарына, орталық алаңдардағы карнавалдық шерулер мен көпшілік серуендерге қатысу.

1 қаңтар – **Көңілділер мен тапқырлар күні**. Ең күшті, сабырлы, ең дәл, аса тапқыр жеткіншекті анықтауға арналған балалар мен жасөспірімдер арасындағы жалпымектептік және сыныптық конкурстарды (акт залында және таза ауада) өткізу.

2 қаңтар – **Тілдер күні**. Республика халқының бірлігі, тілдер фестивальдерін өткізу. Оқушыларды Қазақстан халқы ассамблеясының, ұлттық жаңғыру мектептерінің өкілдерімен кездесулерін ұйымдастыру, Қазақстанды мекендеген халықтардың мәдениетімен, тарихымен танысу. Жергілікті емес ұлт оқушылары арасында қазақ тілінің білгірлері байқауын ұйымдастыру.

3 қаңтар – **Қайырымдылық күні**. Оқушылар күшімен балалар үйлерінде, мектеп интернаттарда, жаңажылдық қайырымдылық шағын кештер, спектакльдер, мерекелік концерттер өткізу.

4 қаңтар – **Қызықты кітап күні**. «Кітап – рухани қазына!» атты қалалық және ауылдық кітапханаларда, мектеп кітапханаларында әдеби-танымдық және поэзиялық кештер, әдеби сайыстар ұйымдастыру. Өлке әдебиеті тарихы жөнінде зияткерлік викториналар мен конкурстар. Кітапханалардың ескі кітаптарын «емдеуге» қолғабыс ету. Өңірдің әдебиетшілерімен, ақын-жазушыларымен кездесулер.

5 қаңтар – **Өнерлі балалар күні**. Таза ауада «Қар сағатын»: үздік мұз пішіндер, қар қамалдар, қар ойындарын, қозғалмалы ойындар, шанамен сырғанау, төбеден сырғанау конкурсын немесе мектеп ішінде үздік сурет, үздік қолөнер бұйымын жасау жарысын ұйымдастыру және өткізу.

6 қаңтар – **Достар күні**. «Менің досым», «Менің сүйікті фотосуретім», «Бірлігіміз жарасқан», «Біргеміз, берік іргеміз», «Мектеп достығы» атты сынып ұжымдарындағы шығармашылық іс-шаралар: дос туралы тақпақ, өлеңдер оқу, досқа арнап өз өнерлерін көрсету.

7 қаңтар – **Адам құқықтары күні**. Сөзсайыс турнирлерін, пікірталастарды өткізу. Төменгі сынып оқушылары үшін «Менің құқықтарым» таңертеңгілігін, орта және жоғарғы сыныптарда «Мемлекеттің Ата заңы» тақырыбында сұхбаттар өткізген жөн. Билік органдары өкілдерімен «Заң және біз» кездесу кешін, «Мен және Заң» құқық білгірлері конкурсын өткізу. Жұмыста Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексін пайдалану.

8 қаңтар – **Шеберлер күні**. Жоғарғы сынып оқушыларына арналған әртүрлі шебер-сыныптар, семинар-практикумдар, слеттер, форумдар, саммиттер, құрылтайлар өткізу. Қоғамдық балалар-жасөспірімдер ұйымына салтанатты қабылдау. Тілек білдіргендер үшін тұлғалық және көшбасшылық қабілеттерді дамыту жөніндегі психологиялық тренингтер өткізу. Балалар мен жеткіншектерді жастар қозғалыстарының, үкіметтік емес ұйымдардың көшбасшыларымен және балалар қозғалыстарының белсенділерімен кездесулер.

9 қаңтар - **Волонтерлер күні.** «Қарттар – алтын қазынам», Соғыс және еңбек ардагерлеріне, тыл еңбеккерлеріне, жалғызбасты және қарт тұрғындарға, мектеп мұғалімдеріне, көпбалалы отбасыларға, мүгедек балаларға және мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған күтпеген қайырымдылық волонтерлік істерді өткізу.

10 қаңтар - **Шахматшылар күні.** Шахмат пен шашкиден немесе тоғызқұмалақтан клубаралық, жалпымектептік, аулааралық ойындар, достық ойындар мен чемпионаттар өткізу.

11 қаңтар - Қысқы демалыс кезеңінде мектептен тыс жұмыспен қамтылуды ұйымдастыру **жұмысының қорытындыларын шығару** (қатысу рейтингі, үйірмелер және т.т. жұмысының рейтингі). Қанаттас сыныптар бойынша сынып сағаттарын, жиналыстар, қысқы демалыс кезеңіндегі іс-шараларға белсене қатысқаны үшін марапаттар тапсыра отырып, жалпымектептік оқушылар жиындарын өткізу.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Айдарқызы А. Волонтер дейтін бір топ бар: [төтенше жағдай кезіндегі еріктілердің атқарған қызметі] / А. Айдарқызы //Айқын. - 2020. - 10 маусым. - 4 б.

Әлішбаева И. Жүзден жүйрік: [тілге байланысты 4 сыныпқа арналған топтық сайыс] /И.Әлішбаева //Мектептегі сценарийлер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. – 2020. - № 6. – 21-24 б.

Баймұханбетова Ж.К. «Ұлы жеңіс жаңғырығы»: патриоттық әндер байқауы: [бастауыш сыныптар арасында өткізілген патриоттық әндер] / Ж. К. Баймұханбетова //Жанұя мен мектептегі тәрбие=Воспитание в семье и школе. - 2016. - № 4. - 34-36 б.

Байұзақов А. Еріктілер - патриоттар!: [қазақстандағы волонтерлер жайында] / А. Байұзақов // Ана тілі. - 2020. - 30 қаңтар - 5 ақпан. - 2 б.

Балгабаева Ж.Ж. Сөз тапқанға қолқа жоқ: [Қазақстан халықтарының тілдер күніне арналған сайыс] / Ж. Ж. Балгабаева //Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. - 2017. - № 4. - 15-17 б.

Дарменова Б. Сен достықты қалай түсінесің?: [достық туралы тәрбие сағаты] / Б. Дарменова //Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. - 2016. - № 1. - 27-29 б.

Дәулеткелдиева С. Өз құқығыңды білесің бе?: [құқықтық мәдениетті меңгерту және нақты білім беру] / С. Дәулеткелдиева // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. - 2017. - № 8. - 32-34 б.

Досболов Д. Он екі мүшең сау болса - жарлымын деме: [дене шынықтыру және спортты насихаттайды] / Д. Досболов //Білім кілті=Ключ знаний. - 2017. - № 7. - 7-б.

Досжанова Ж.Т. Қош келдің, Жаңа жыл! (5-6 сыныптың оқушыларына арналған жаңа жылдық бағдарлама) / Ж. Т. Досжанова //Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. - 2016. - № 12. - 46-48 б.

Жданкина Е.В. «Жігіт сұлтаны» байқау / Е. В. Жданкина //Қазақ тілі Қазақстан мектебінде=Казахский язык в казахстанской школе. - 2017.- № 2. - 35-36 б.

Ибишева Б. Ай дидарлы анашым: тәрбие сағаты /Б.Ибишева //Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. – 2020. - № 3. – 34-37 б.

Каленова М.М. Ана - өмірдің шуағы: [8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне арналған сынып сағаты] / М. М. Каленова //Оқу-инновациялық технологиялар=Учебно-инновационные технологии. - 2016. - № 6. - 55-56 б.

Калиева М.С. Көңілді тапқыштар клубы: [топтық сайыс түрінде өтетін көңілді тапқыштар клубы ойыны туралы] /М.С.Калиева //Мектептегі мерекелер. – 2017. - № 6. – 26-28 б.

Кушербаева М.Ж. Мейірімділік, шыншылдық, қайырымдылық жолымен: [тәрбие сағаты] //Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. – 2017. - № 3. – 35-36 б.

Қожағұлова Г.Қ. Шарықтап шыңға ұмтылған Қазақстан!: [Қазақстандық елжандылыққа баулу мақсатындағы өткізілетін тәрбие сағаты] //Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. – 2017. - № 3. – 3-5 б.

Құлмағанбетова Б. Ана тілі аруы: [Қазақстан Республикасы халықтарының Тілдер мерекесіне арналған «Ана тілі аруы» атты байқауы] / Б. Құлмағанбетова // Қазақ тілі мен әдебиеті. - 2016. - № 11. - 134-138 б.

Қыдырмолдина А. Салт-дәстүрім асылқазынам!: [халқымыздың салт-дәстүрі туралы өткізілген тәрбие сағаты] / А. Қыдырмолдина //Сынып жетекшісі=Классный руководитель. - 2017. - № 1. - 12-15 б.

Менеева А. Қыз бала қандай болу керек?: тәрбие сағаты /А.Менеева // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2020. - № 3. – 5-6 б.

Мурзекенова Ж.Ш. Үштілділік - заман талабы / Ж. Ш. Мурзекенова, М. Т. Белденбаева // Білім берудегі менеджмент = Менеджмент в образовании. - 2019. - № 4. - 69-72 б.

Муфтахова М. Ұлттық ойын – салауатты өмір салты //Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2017. - № 3. -10-13 б.

Мухамбеткалиева Т.С. Ынтымақ, бірлік, келісім - ең басты байлық ел үшін: [Қазақстан Республикасының халықтар достығына арналған тәрбие сағаты] / Т. С. Мухамбеткалиева, Ж. Т. Мамбетова //Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. - 2016. - № 11. - 7-10 б.

Мұқаметқали М. Серпін сыйлаған студенттер сайысы: [ЖОО-ының студенттер арасындағы спорт сайысының өтуі] / М. Мұқаметқали // Білімді ел = Образованная страна. - 2020. - 17 наурыз. - 13 б.

Мырзаханқызы Д. Үш тілді меңгеру - заман талабы. № 110 мектеп-гимназияда химия, физика, информатика пәндері ағылшын тілінде оқытылады: [Алматы қаласы] / Д. Мырзаханқызы // Алматы ақшамы. - 2020. - 4 ақпан. - 8 б.

Надирбаева Б. Менің Отаным - Қазақстан: [Отанға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу мақсатында командалық ойын] / Б.Надирбаева //Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2018. - № 3. – 13-16 б.

Рамазанов А.М. Мектеп көшбасшысы: [«Мектеп көшбасшысы» атты интеллектуалдық ойын] / А. М. Рамазанов //Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. - 2017. - № 9. - 14-18 б. б.

Талдыбаева Д. Ару қыздар байқауы: [сайыс] / Д. Талдыбаева //Сынып жетекшісі=Классный руководитель. - 2016. - № 5.- 21-22 б.

Тасмагамбетова А. Кітап – адамзаттың асыл қазынасы (Кітапханалық сабақ) /А.Тасмагамбетова // Мектептегі тыс жұмыстар. – 2020. - №1. – 7-8 б.

Тулеушиева Г. Өз құқығыңды білгенің - дұрыс өмір сүргенің: [«Өз құқығыңды білгенің - дұрыс өмір сүргенің» атты сайыс] / Г. Тулеушиева // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. - 2017. - № 5. - 25-26 б.

Шиланов Ж. «Жігіттің сұлтаны» сайысы / Ж. Шиланов //Сынып жетекшісі=Классный руководитель. - 2017. - № 1.

АЙЫ МЕН КҮНІ БЕЛГІСІЗ 2021 ЖЫЛЫ АТАЛАТЫН ДАТАЛАР

Қоғам қайраткері, білім беру ісінің үздігі, Қазақ КСР Оқу министрі (1971-1974), **Балжан Бөлтірікованың** туғанына **100 жыл** (1921-13.05.1998).

Бөлтірікова Балжан 1921 жылы Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қасық ауылында туған. 1937 жылы Алматы мұғалімдер институтына оқуға түсіп, оны 1941 жылы Сталиндік стипендиат болып бітіреді. Бұдан кейін білім алуын одан әрі жалғастырады. 1943 жылы Абай атындағы Қазақтың педагогикалық институтын бітіргеннен кейін Алматы қаласы мен облысының мектептерінде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, Алматы қаласындағы № 12 орта мектептің директоры болды.

1949-1955 жж. Қазақ КСР Бастауыш және орта мектеп қызметкерлері кәсіподағы орталық комитетінің төрайымы қызметінде істеді. 1956-1966жж. Қазақ КСР Әлеуметтік қамсыздандыру министрі қызметін атқарды. 1966-1971 жж. Республика Министрлер кеңесінің төрағасының орынбасары және сыртқы істер министрі қызметінде болды. Ал 1971-1974 жж. Қазақ КСР Оқу министрі болды. 1974 жылдан 1980 жылға дейін Қазақ КСР кәсіптік-техникалық білім беру жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының орынбасары болды. 1980 жылдан Одақтық дәрежедегі дербес зейнеткер.

Б.Бөлтірікова білім беруді дамыту ісіне, Қазақстанның педагогикалық ғылымын қалыптастыруға зор үлес қосты. Қазақстан тарихында әйелдер арасынан шыққан тұңғыш Сыртқы істер министрі, БҰҰ Бас Ассамблеясы жұмысына қатысқан бірінші қазақ қызы еді. Еліне сіңірген еңбегі жоғары бағаланып, үш орденмен, көптеген медальдармен марапатталды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Бөлтірікова Б. Қазақстан мектебі тоғызыншы бесжылдықта / Б.Бөлтірікова. – Алматы: Мектеп, 1972. – 43 б.

Бөлтірікова Б. . Бір өзі әрі ақын, әрі күйші: [Б.Атыханұлы жайында] /Б.Бөлтірікова //Алматы ақшамы. – 1997. – 12 мамыр.

Бөлтірікова Б. Жалпыға бірдей орта білім беру - өмір талабы /Б.Бөлтірікова //Қазақстан коммунисті. – 1973. – № 4. – 18-22 б.

Бөлтірікова Б. Жалпы білімнің жаңа асқарлары: [КПСС XXIV съезі шешімдері іс жүзінде]/Б.Бөлтірікова // Қазақстан мектебі. – 1971. –№ 10. –8-15 б.

Бөлтірікова Б. Жаңа жылмен, құрметті жолдастар: [бастауыш білім беру жұмысын ұйымдастыруда жаңа міндеттер жайында] /Б.Бөлтірікова // Бастауыш мектеп. – 1973. – № 1. – 3-5 б.

Ол туралы:

Бөлтірікова Балжан //Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. Т.2. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 1999. - 407-408 б.

Балжан Бөлтірікованы есте қалдыру туралы: [Алматы әкімі В.Храпунов шешім қабылдады] //Алматы ақшамы. – 2000. – 28 қаңтар.

Бөлтірікова Балжан: [Некролог] //Егемен Қазақстан. – 1998. – 13 мамыр.

Беркінбаев О. Қазақтан шыққан тұңғыш дипломат әйел - Балжан Бөлтірікова / О. Беркінбаев// Түркістан. - 2019. - 1 тамыз.

Есенәлиев М. Жердің көркі - гүл, елдің көркі - қыз: [еліміздің сыртқы саясатын нығайтуға өз үлесін қосқан қазақ қыздары Б.Бөлтірікова, А.Х.Арыстанбекова, К.Шериязданқызы, М.Жарбосынова, Ф.Шамжанова, Ф.Қонаева, Ж.Әмірхановалар жайында] /М.Есенәлиев //Егемен Қазақстан. – 1998. – 3 наурыз.

Қыдырұлы Б. Балжан апай: [белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Балжан Бөлтірікова жайлы ықылас сөз] /Б.Қыдырұлы //Қазақстан әйелдері. – 1997. – № 3. – 16 б.

Мамырбеков Н. Қазақтың алғашқы дипломат қызы: [Абай атындағы ҚазҰПУ-да қазақ әйелдері ішінен бірінші сыртқы істер министрі болған, кейін Оқу-ағарту министрі болған Балжан Бөлтіріковаға арналған "Ел үмітін ақтаған қазақ қызы" атты кездесу өтті] / Н. Мамырбеков // Айқын. - 2018. - 18 сәуір.

Оспанбай А. Қазақ дипломатиясының ханшайымы. Балжан Бөлтірікқызының туғанына 95 жыл толуына орай: [1966-1971 жылдары Қазақ КСР министрлер Кеңесінің төрағасының орынбасары және осы жылдары қазақтан шыққан тұңғыш әйел Сыртқы істер министрі болған, 1971-1974 жылдары Ағарту министрі болған] / А. Оспанбай // Түркістан. - 2016. - 1 желтоқсан.

Шілдебайұлы З. Білім нәрі немесе қайраткер ұстаз Балжан Бөлтірікқызы туралы сыр /З.Шілдебайұлы //Егемен Қазақстан. – 1996. – 19 қараша.

Ыдырысов Е. Қазақ дипломатиясының ханшайымы: [қазақтың тұңғыш әйел Сыртқы істер министрі болған Балжан Бөлтірікова туралы] / Е. Ыдырысов // Егемен Қазақстан. - 2016. - 15 қараша.

Әдіскер-ғалым, бағдарламалар мен оқулықтар авторы
Шайқы Кәрібаевтың туғанына **110 жыл** (1911-1973).

Кәрібаев Шайқы өзінің ұстаздық жолын 1928 жылы Ақмоладағы жеті жылдық мектеп мұғалімі қызметінен бастады, онан кейін Қарағанды қаласында ана тілі мен әдебиет мұғалімі болып жұмыс істеді, ал 1932 ж. Шайқы Кәрібаев Петропавл педагогикалық училищесіне оқытушылық қызметке жіберілді. 1936-1958 жылдары Педагогикалық ғылымдардың Б.Алтынсарин атындағы ғылыми-зерттеу институтында (қазіргі Б.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясы) қазақ әдебиетін оқыту методикасы секторының меңгерушісі болып жұмыс істеді. 1958-1973 жылдары Абай атындағы қазақ мемлекеттік педагогикалық институтында (қазіргі Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университет) сабақ берді.

Республикада қазақ әдебиетін мектепте оқыту методикасының ғылым ретінде қалыптасып, дамуы Ш.Кәрібаев есімімен тікелей байланысты. 4-10 сыныптар бойынша қазақ әдебиетінің қазіргі бағдарламасының ірге тасын қалаушылардың бірі болды, осы бағдарламаларда тұңғыш рет ол өзінің дидактикалық, әрі әдістемелік ойын жүзеге асырды.

Ш.Кәрібаев 5-7 сыныптарға арналған әдебиет оқулығы кітаптарының авторы. Өзінің әдістемелік ойларын ол 1941 ж. жарық көрген «Әдебиеттік оқу» кітабында жүзеге асырды. қазір бұл кітап мұғалімдерге қолдан түспес қойын кітаптарының бірі. Мұнда қазақ әдебиетін оқытудың теориялық және практикалық деңгейдегі өзекті проблемалары сөз болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Кәрібаев Ш. Әдебиеттік оқу кітабы (5-7 кл. арналған) /Ш.Кәрібаев. - Алматы: ҚМБ, 1940.

Кәрібаев Ш. Мәнерлеп оқытуды үйрету жолдары /Ш.Кәрібаев //Халық мұғалімі. – 1951. №7.

Кәрібаев Ш. Ауыз әдебиеті үлгілерін оқытудың тәлімдік мәні /Ш.Кәрібаев //Халық мұғалімі. – 1947. -№ 3.

Кәрібаев Ш. М.Ж.Көпеевтің творчествосы және ауыз әдебиеті /Ш.Кәрібаев //Халық мұғалімі. – 1961. - № 4.

Кәрібаев Ш. Әдебиеттік оқу /Ш.Кәрібаев //Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. (XX ғасырдың 20 жылдарынан 1995 жылға дейінгі кезең). – Алматы, 1998. – 317-318 б.

Ол туралы:

Шайқы Кәрібаев (1911-1973) //Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы.Т.2. (XX ғасырдың 20 жылдарынан 1995 жылға дейінгі кезең). – Алматы, 1998. – 316 б.

Психолог ғалым, профессор **Иосиф Лазаревич
Стычинскийдің** туғанына **125 жыл** (1896-24.06.1969).

Стычинский Иосиф Лазаревич 1896 жылы туған. 1919 жылы Саратов университетінің медицина факультетін бітірген соң жүйке аурулары кафедрасының әуелі ординаторы, кейіннен доценті қызметін атқарды. 1921-1926 жылдары Халық ағарту институтында, университетте психологиядан сабақ береді. 1931 жылдан Саратов медициналық институтының кафедра меңгерушісі, ал 1935 жылдан профессоры. 1944-1949 жж. Алматыдағы «Ана мен баланы қорғау» ғылыми-зерттеу институтының директоры. 1950-1969 жылдары Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының профессоры, психология кафедрасының меңгерушісі, 1958-1962 жылдары Қазақстан психологтар қоғамының төрағасы. Ол көптеген еңбектер мен мақалалардың авторы. Олардың кейбірі: «Бөбектердің психологиясын зерттеу», «Психика мен жүйке саласын зерттеу», «Сөйлеу кемістігін топтастыру туралы», «Ойлау мен сөйлеу», «Педагогикалық психологияның бүгінгі таңдағы міндеттері» т.б. И.Л.Стычинский республика үшін ғылыми кадрлар даярлау ісіне елеулі үлес қосқан ғалымдардың бірі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Стычинский И.Л. Еңбек және еңбек психологиясы (үзінді) / И.Л.Стычинский //Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы:XX ғасырдың 20 жылдарынан 1995 жылға дейінгі кезең. Т.2. - Алматы: Рауан, 1998. – 193 б.

Стычинский И.Л. Қазақстанда педагогикалық психологияның дамуы / И.Л.Стычинский //Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы:XX ғасырдың 20 жылдарынан 1995 жылға дейінгі кезең. Т.2.-Алматы: Рауан, 1998.– 194-197 б.

Ол туралы:

Иосиф Лазаревич Стычинский //Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы:XX ғасырдың 20 жылдарынан 1995 жылға дейінгі кезең. Т.2. - Алматы: Рауан, 1998. – 192 б.

Педагог-ғалым, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мұғалімі, Алматыда тұңғыш қазақ орта мектеп-интернатының ұйымдастырушысы және алғашқы директоры **Біләл Аспандияровтың** туғанына **135 жыл** (1886-18.09.1958).

Аспандияров Біләл 1886 жылы Қостанай облысы Қарабалық ауданында туған. Қостанайдағы Ы.Алтынсарин ұйымдастырған екі кластық мектепті және Орынбордың мұғалімдер семинариясын бітірген. Еңбек жолын ауыл мұғалімдігінен бастап, Қостанай педагогикалық техникумын ұйымдастырды және оның меңгерушісі болды. Одан кейін Жетісу губерниялық оқу бөлімінің меңгерушісі. Алматыдағы тұңғыш қазақ орта мектеп-интернатының ұйымдастырушысы және алғашқы директоры, кейін ағарту институтының, жоғары оқу орындарының оқытушысы, Қазақ КСР Ғылым Академиясының Ш.Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институтының аға ғылыми қызметкері (1930-1958). 1946 ж. шыққан «Орысша-қазақша сөздік», 1959-1961 жж. шыққан «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» авторлары

мен құрастырушыларының бірі. «Құрмет Белгісі» орденімен және медальдармен марапатталған.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Аспандияров Б. Бөкей ордасының құрылуы және күйреуі. – Алматы, 1947.

Ол туралы:

Аспандияров Біләл //Қазақ ССР. Қысқаша энциклопедия. Т.3. – Алматы, 1988. – 88 б.

Аспандияров Біләл //Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. Т.1. – Алматы, 1998. – 481 б.

Педагог **Әбікей Сәтбаевтың** туғанына **140 жыл** (1881-1939).

Сәтбаев Әбікей Павлодар облысы, Баянауыл ауданында туған. 1905 жылы Омбы қаласындағы мұғалімдер семинариясын бітіріп, Баянауылдағы орыс-қазақ мектебінде мұғалім болды. Павлодардағы екі кластық орыс-қазақ училищесінде сабақ беріп, осы училищеде алты жыл директор болған, кейіннен Семей қаласындағы облыстық Земство басқармасының оқу бөлімін, мұндағы губерниялық оқу бөліміндегі қазақ мектептері бөлімін басқарып, әрі осы қаладағы мұғалімдер семинариясында сабақ берді. Семейде тұңғыш ашылған қазақ педагогикалық техникумының директоры, 1928-1931 жылдары Омбы қаласындағы рабфактың мұғалімі, одан кейінгі кездерінде қазіргі Бішкек қаласындағы (Қырғызстан) педагогикалық институтында оқытушы болды.

Ә.Сәтбаев жаңа құрыла бастаған қазақ мектебінің оқу-тәрбие жұмыстарын бір жүйеге түсіруге бар білім, тәжірибесін сарқа жұмсап, өз шығармаларында мұғалім еңбегінің мәні оқушыларды еңбекке баулу сияқты мәселелер көтереді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Сәтбаев Ә. Оқытушы деген кім? (үзінді); Ағарту жолында не шара қолдануымыз керек (үзінді) // Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы (XX ғасырдың 20 жылдарынан 1995 жылға дейінгі кезең).–Алматы, 1998.– 76-77 б.

Ол туралы:

Сәтбаев Әбікей (1881-1939) //Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. (XX ғасырдың 20 жылдарынан 1995 жылға дейінгі кезең). – Алматы, 1998. – 75 б.

Сәтбаев Әбікей //Қазақстандағы білім мен педагогиканың даму тарихы (VI-XX ғғ.) II бөлім. Библиографиялық әдебиеттер көрсеткіші. - Алматы: Зият Пресс, 2004. – 82 б.

Жанаева Ш.А. Семейдің мұғалімдер семинариясы және Сәтбаевтар әулетінің үш өкілі: [Қаныш Имантайұлы Сәтбаев, оның немере ағасы Әбікей Зейінұлы Сәтбаев, Қаныш Сәтбаевтың әйелі Таисия Алексеевна Кошкина] / Ш. А. Жанаева // Қазақ әдебиеті. - 2009. - 10 сәуір.

Ақын, публицист, ұстаз, діни қайраткер **Ғұмар (Омар)**

Қарашевтың туғанына **145 жыл** (1876-12.04.1921).

Қарашев Ғұмар (Омар) 1876 жылы (кейбір деректерде 1875 жыл деп берілген) бұрынғы Бөкей ордасы Қырыққұдық деген жерде туған. Әкесінен жастай жетім қалып, ағаларының көмегімен мұсылманша оқиды. Зерек шәкірт имандылық жолына бет бұрып, мүрид те болған. Казталовка ауданының Тіленші деген жерінде указной молда болып, медреседе дәріс береді, онда жәдидше сабақ жүргізеді. Осы кездері білімдар ақын Шәңгерей Бөкеевпен танысып, оның қамқорлығымен, ел аузынан жинаған әдеби мұраларды құрастырып, «Шайыр», «Көксілдер» атты екі жинақ жариялайды.

1911 ж. «Бала тұлпар», «Қарлығаш», «Тумыш», 1914 ж. «Аға тұлпар», 1918 ж. «Тұрымтай» деп аталатын бес поэзиялық, 1910 ж шыққан «Ойға келген пікірлерім», 1911 ж. «Өрнек», 1913 ж. «Бәдел хажы» дейтін үш зерттеу кітабы жарық көрген.

Ғұмар қазақ, орыс тілдерінде шыққан «Қазақстан» (1911-1913) газеті мен «Айқап» (1911-1913) журналының тұрақты авторларының бірі болған. «Мұғалім» (1919) журналын шығаруға қосқан үлесі мен ондағы ғылыми еңбектері өз алдына бір төбе.

Ол «Педагогика» атты еңбегінде жұртты Аристотель, Сократ, Ж.Ж.Руссоның тәлімдік идеяларымен таныстырады. Оқыту, тәрбие жұмысының тарихи негіздеріне көз жүгірте отырып, бұларды байыппен жүргізу қажеттілігіне назар аударады.

Оның өлеңдері тап қайшылығының шиеленісуін, шектен тыс қанаушылық пен теңсіздікті, халық санасының ояна бастауын, мәдени дамуды шыншылдықпен бейнелейді, сонымен қатар халықты өнер, білімге шақырады.

Ғұмар Қараш шығармалары мектеп оқулықтарында, орыс тілінде 1958 ж. жарық көрген «Қазақ поэзиясының антологиясы», 1978 ж. шыққан «Қазақстан ақындары» және қазақ тілінде 1994 ж. жарық көрген «Замана» жинағында және мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған

ӘДЕБИЕТТЕР:

Қарашев Ғұмар (Омар). Педагогика //Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. – Т. 2. /құраст. Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. – Алматы, 1998. – 61-66 б.

Қараш Ғұмар. Орақтың жырлағаны; Қара батырдың толғағаны; Орақтың толғағаны; Қылышын мақтап быр сыбаға қылғаны; Орақ-Мамай; Есбол деген бір бидің Мамай ауырып жатқанда айтқаны; Мамай сөйлейді сонда; Орақ батыр айтады: [өлеңдер] //Ақиқат. – 1996. – № 2. – 84-86 б.

Қараш Ғ. Сырым; Түн қараңғы, бұлт қалың; Достым: [өлеңдер] // Абай. – 1996. – № 3. – 33 б.

Ол туралы:

Ғұмар Қараш (1875-12.04.1921) //Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. Т.3. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2001.-110 б.

Ғұмар (Омар) Қарашев (1876-1921) //Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. – Т. 2. – Алматы,1998. – 60-61 б.

Қарашев Ғұмар (Омар) //Қазақстандағы білім мен педагогиканың даму тарихы (VI-XX ғғ.) I бөлім. Библиографиялық әдебиеттер көрсеткіші. - Алматы: Зият Пресс, 2004. – 27-28 б.

Әзмұқанова А. Мұсылман мектептерінде: [XX ғасырдың басындағы оқыту мәселесі: А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, Ғ.Қарашев еңбектері бойынша] / А.Әзмұқанова // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1996. – № 4. - 86-95 б.

Жұмағұл С. Ғасырына өң берген Ғұмар Қараш: [ақын Ғ.Қараштың 120 жылдығына орай] /С.Жұмағұл // Орталық Қазақстан. – 1996. – 27 тамыз.

Исмаилов А. Қазақтың азаттығын аңсаған:[Ғұмар Қарашев туралы] /А.Исмаилов //Ұлағат. – 2000. - № 6. – 24-27 б.

Керім Ш. Ислам әлемінің Ғұмары: [үлкен ақын, халықты өнер мен ғылымға үндеген азамат Ғ.Қараш туралы] /Ш.Керім // Парасат. 1997. – № 6. – 71-72 б.

Сейітұлы Т. Елім деп еңіреген ерлер: [ақын Ш.Бөкеев пен Ғ.Қарашевтар туралы] /Т.Сейітұлы // Алматы ақшамы. – 1997. – 20 қазан.

Созақбаев С. Ғұмар Қарашев - ғалым-педагог /С.Созақбаев // Қазақстан мектебі. – 1991. – № 10. – 75-76 б.

Тәжімұратов М. Ғұмар Қараш және оның «Педагогика» кітабы / М.Тәжімұратов //Қазақстан мектебі. – 1993. – № 3. – 51-56 б.

Тәжімұрат М. «Сөзі түпсіз қараңғыға көз болған»: [ақын Ғ.Қараш жайында] /М.Тәжімұрат// Абай. – 1996. – 34-39 б.

Шканова Б. Ғұмар Қараш - ғұлама дарын (ақын) /Б.Шканова // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1997. – № 11-12. –69-72 б.

Ысмайылов А. Ғұмар Қарашевтың өмірі мен қызметі /А.Ысмайылов //Қазақ тарихы. – 2003. - № 6. – 23-25 б.

Орыс ориенталист ғалымы, ағартушы, қазақ тарихын, мәдениетін, этнографиясын зерттеуші, **Александр Ефимович Алекторовтың** туғанына **160 жыл** (1861-1918).

Алекторов Александр Ефимович Орынбор педагогикалық институтын бітірген. 1882 ж. Торғайға келгеннен бастап, халық ағарту саласында қызмет істеген. Бөкей ордасында, Ақмола, Семей, Гурьев (қазіргі Атырау) облыстарында халық училищелерінің директоры, инспекторы бола жүріп, қазақ халқының тарихы, тұрмыс-салты, ауыз әдебиеті, тілі жөнінде көптеген зерттеу, жинау жұмыстарын жүргізген. Барлығы 100 ден аса еңбек жазып қалдырған. 1896 ж. ел аузынан «Қобыланды» жырын жазып алған. Аса құнды еңбектерінің бірі – «Қырғыздар туралы кітаптар, журналдар мен газеттердегі мақалалар мен хабарлардың көрсеткіші» (1900).

Ол туралы:

Алекторов Александр Ефимович //Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. Т.1. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 1998. – 266 б.

Алекторов Александр Ефимович //Қазақ ССР. Қысқаша энциклопедия. Т.3. - Алматы, 1988. – 66 б.

Алекторов Александр Ефимович //Қазақ тілі: Энциклопедия. Алматы:Қазақстан даму институты, 1998. – 16 б.

Алекторов Александр Ефимович //Абай: Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 1995. – 79 б.

Байқадамова Г. А.Е.Алекторов және қазақ зиялылары / Г. Байқадамова // Ақиқат. - 2010. - № 11. - 103-106 б.

Башқұрт-қазақ ақыны, ағартушы **Ақмолла Мұхамедияровтың** туғанына **190 жыл** (1831-1895).

Ақмолла (лақап аты, шын аты жөні Мұфтахетдин Камалетдинұлы Мұхамедияров 1831 жылы қазіргі Башқортостан Республикасының Уфа губерниясының Белебай уезіндегі Тоқсанбай ауылында туған. Әкесі Мұхамедияр башқұрт қызына үйленіп, қайын жұртында қалып қойған қазақ. Жеті жасында әкесі өліп жетім қалып, өгей әкесі Камалетдиннің қолында тәрбиеленіп, соның асыраған баласы болып кетеді.

1863 ж. Стерлитамак қаласындағы медресені бітіріп, Орынбор, Троицк қалаларында оқуын жалғастырады. Троицк қаласының маңында Қарабалық ауылында бала оқытады. Ел ішінде зор беделге ие болған Ақмолла дала шонжарларының халыққа жасаған қиянатын өткір өлеңмен әшкерелейді. Халық оны «Ақмолла» атандырып жібереді. Ақмолланың сынына ұшыраған жергілікті әкімдер оны жалған жаламен соттатады. Тұтқыннан босағаннан кейін Қостанай, Қызылжар, Көкшетау қазақтарының арасында бала оқытады.

Ақын шығармаларында қазақ елінің тұрмысы, салт-санасы, әдет-ғұрып, оқу-өнері жайы, адамның мінез-құлқы әр қырынан сөз болады. Ол қазақ даласының сұлу табиғатын, халық өмірінің түрлі жақтарын философиялық тошылаулар арқылы шебер көрсетеді. Ақмолланың «Түрмеде жатып жазғандарында» жастарға тәлім боларлықтай ғибратты ойлар көптеп кездеседі.

Ақынның бірсыпыра өлеңдері 1904 ж. «Ақмолла» деген атпен, біршама толық жинағы 1907 ж. «Мәшһүр шайыр Ақмолланың өлеңдері» деген атпен жарық көрді. 1935 ж. С.Сейфуллин Ақмолла өлеңдерін құрастырып, «Ақмолла» деген атпен жеке кітап етіп шығарды. 1981 ж. Ақмолланың туғанына 150 жыл толуы салтанатпен мерекеленді. Мәскеуде оның өмірі мен шығармашылығына арналған жұртшылық өкілдерінің жиналысы өткізілді. 1986 ж.ақын өлеңдері «Күндер мен түндер» деген атпен қазақ тілінде басылды. Ақын кісі қолынан қаза тапқан. Миас қаласының зиратында жерленген. Ақынның туған ауылында мемлекеттік мұражайы жұмыс істейді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Мәшһүр шағыр Ақмолланың өлеңдері. – Казан, 1907.

Ақмулла эфенденең иншиад итдеки мәнзуматы. – Казан, 1904.

Ақмолла Мұхамедиярұлы. Жыр толғаулар (үзінділер) //Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. – Алматы, 1994. – 163-164 б.

Ақмолла Мұхамедиярұлы. Ақмолланың түрмеде жатып жазғаны; Ақмолланың Есенгелдінің еліне жазғаны; Өзіме; Көктем; Жаз; Күз; Топырақ (Жыраулар) /Ақмолла Мұхамедиярұлы //Бес ғасыр жырлайды. – Алматы, 1984.- Т. 1. –125-165 б., Алматы, 1989. – Т. 2. – 336-352 б.

Ол туралы:

Ақмолла (Мұфтахетдин Камалетдинұлы Мұхамедияров) //Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. Т.1. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы. – 1998. – 197-198 б.

Ақмолла //Қазақ ССР. Қысқаша энциклопедия. – Т. 4. – Алматы, 1989. – 106-107 б.

Ақмолла Мұхамедиярұлы (1831-1895) //Қазақтың ой-пікір антологиясы: [VI ғасырдан XX ғасырдың басына дейінгі кезең]. – Т. 1. – Алматы, 1994. – 162-164 б.

Ақмолла Мұхамедиярұлы (1831-1895) // Бес ғасыр жырлайды. – Т. 1. – Алматы, 1989. – 335 б.

Ақмолла Мұхамедиярұлы //Қазақстандағы білім мен педагогиканың даму тарихы (VI-XX ғғ.) I бөлім. Библиографиялық әдебиеттер көрсеткіші. - Алматы: Зият Пресс, 2004. – 27-28 б.

Кенжебаев Б. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары. – Алматы, 1958.

Үмбетей жыраудың туғанына 315 жыл (1706-1778 жж.)

Үмбетей Тілеуұлы қазіргі Ақмола облысының Ерейментау ауданында туған. Әйгілі Бөгенбай батырдың сенімді серігі. Жалынды жорық жырауы. Жырау шығармаларының бір тобы («Бәкеге», «Жауқашарға», «Бұқарға», «Бекболат биге») әлеуметтік әділдік, адамгершілік мәселелерін арқау етсе, енді бір тобы Бөгенбай батырдың ерлікке толы өмірін суреттеуге арналған («Бөгенбай өліміне», «Бөгенбай өлімін Абылай ханға естірту», т.б.). Оның «Жантай батыр» дастаны мен Абылай хан туралы жырларында қазақ халқының қалмақтарға қарсы күресі баяндалады.

Үмбетей шығармашылығында өз халқына деген сүйіспеншілік, Отан қорғау, патриоттық сезім тақырыптары арқау болған. Ол әйгілі қазақ батырларының ерлігі туралы көп жыр жазған, осы арқылы халыққа ортақ жауға тойтарыс беру үшін бірігудің маңызды екенін ұғындыра жүрген. Жырау шығармаларында философиялық, психологиялық тұжырымдар жиі кездеседі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Үмбетей жырау. Толғаулар (үзінділер) /Үмбетей жырау //Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. – Алматы, 1994. – 147-б.

Үмбетей. Бәкеге; Жауқашарға; Бұқарға; Бекболат биге; Бөгембай өліміне; Бөгембай өлімін Абылай ханға естірту /Үмбетей //Бес ғасыр жырлайды. – Т. 1. – Алматы, 1984. – 82-90 б.

Үмбетейден: [толғаулар] /Үмбетей //Шешендік шиырлары (шешендік сөздер, нақылдар мен толғаулар жинағы). – Алматы, 1993. – 215 б.

Үмбетей. «Уа, Алатаудай Ақшадан...»: [толғау] /Үмбетей //Қазақ тарихы. – 1994. – № 5. – 32-б.

Үмбетей жырау. [өлең] /Үмбетей //Ақиқат. – 1995. – № 12. (мұқабаның 3 беті).

Ол туралы:

Үмбетей Тілеуұлы //Қазақ ССР. Қысқаша энциклопедия. Т.4. Алматы, 1989. – 602 б.

Үмбетей жырау (1706-1778) //Бес ғасыр жырлайды. – Т. 1. – Алматы, 1984. – 81-б.

Үмбетей жырау (1706-1778) //Дау шешеді дана сөз. – Алматы, 1996. – 53-54 б.

Үмбетей жырау //Қазақтар. Көпшілікке арналған тоғыз томдық анықтамалық. – Т. 2.Тарихи тұлғалар. – Алматы, 1998.- 88 б.

Үмбетей Тілеуұлы //Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті (XV-XVIII ғғ.): Зерттеулер. Алматы, 1983. – 262-275 б.

Үмбетей жырау //Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы (VI ғасырдан XX ғ. басына дейінгі кезең). Т. 1. – Алматы, 1994. – 147б.

Үмбетей жырау //Қазақстандағы білім мен педагогиканың даму тарихы (VI-XX ғғ.) I бөлім. Библиографиялық әдебиеттер көрсеткіші. - Алматы: Зият Пресс, 2004. – 27-28 б.

Үмбетей Тілеуұлы (1706-1778) // Тарихи тұлғалар.Танымдық көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілік оқырмандарға арналған. -Алматы: Алматыкітап, 2011. – 153-154 б.

Дүйсенбаев Е. Үмбетей Тілеуұлы: [XVIII ғ. өмір сүрген ақынның жырлары туралы] /Е.Дүйсенбаев //Заман Қазақстан. - 1995. – 26 мамыр. – 7 б.

Күмісбаев О. Үмбетей жырау: [XVIII ғ. өмір сүрген ақын, батыр Ү.Тілеуұлы туралы] /О.Күмісбаев // Халық кеңесі. - 1992. – 30 қазан.

Шәкен Т. Арқаның ақиық жырауы: [Үмбетей Тілеуұлы] / Т. Шәкен // Мәдени мұра. - 2010. - № 5. - 61-65 б.

КҮНТІЗБЕКТЕ АТАЛҒАН ЕСІМДЕРДІҢ АЛФАВИТТІК КӨРСЕТКІШІ

| А, Ә | | | |
|--|-----------|--|-----------|
| Абдрахманова Т. | – 16 | Балахметов Қ.Б. | – 12,120 |
| Ағарту ісі жайлы бірінші конференция | – 20 | Балғымбаев Ә. | – 8,63 |
| Адам құқықтары күні | – 18, 233 | «Балдәурен» орталығы | – 16,202 |
| Айдаров Ғ. | – 11, 118 | Басин В.Я. | – 3 |
| Ақбаев Ж. | – 16 | «Бастауыш және орта мектеп туралы» қаулы | – 14 |
| Ақмолла Мұхамедиярұлы | – 20,254 | Басымов Қ.А. | – 18,222 |
| Ақылбай Абайұлы | – 20 | Баталов М.П. | – 19 |
| Алахунова Б. | – 9,75 | Болатов Ж. | – 5,46 |
| Алғыс айту күні | – 4 | Бөкей ордасындағы орыс-қазақ мектебі | – 20 |
| Алексеевко Н.В. | – 11 | Бөкейханов Ә.Н. | – 6 |
| Алекторов А.Е. | – 20,253 | Бөлтірікова Б. | – 19,247 |
| Алматы қ. кітапханалар күні | – 15 | Бүкіләлемдік кітап және авторлық құқық күні | – 8 |
| Алматы медицина институты | – 20 | Білім күні | – 14, 163 |
| Алтынсарин Ы. | – 16,191 | В,Ғ | |
| Амандосов Т.С. | – 18,220 | Васильев А.В. | – 20 |
| Аманжолов Қ.Р. | – 15 | Выготский Л.С. | – 16 |
| Ана күні | – 14 | Ғылым қызметкерлері күні | – 7 |
| Анов Н.И. | – 17 | Д | |
| Аравин Ю.П. | – 7 | Диваев Ә. | – 18,218 |
| Арғынов Х.Қ. | – 11,116 | Дүниежүзілік ақпарат күні | – 17 |
| Арынов М.Ғ. | – 10,86 | Дүниежүзілік балалар күні | – 17 |
| Аспандияров Б. | – 19, 250 | Дүниежүзілік баспасөз күні | – 9 |
| Астана күні | – 12,124 | Дүниежүзілік бейбітшілік күні | – 14,175 |
